No one doubts the fact that the acquisition of knowledge is particularly in need of living contemplation, in observation. Audiovisual tools successfully solve this problem. They introduce into the classroom, to the lesson, the actual material reflecting the real world around nature, life, science. They turn the language from abstraction into a living medium of communication. They give not only the teacher, but also the students the opportunity to create and fantasize, to model mutual communication in the lesson, making it active and interesting.

Electronic media, such as a computer and an interactive whiteboard, are now becoming increasingly important in the teaching and education of students. The use of video is very effective in the formation of a communicative culture of students. The video materials not only present students with live speech of native speakers, but also immerse them in a situation in which they get

acquainted with the language of facial expressions and gestures, the style of relationships and the realities of the country of the language being studied [1].

The video in the lesson represents the language in a living context. It connects the lesson with the real world and shows the language in action. This is a learning tool that enriches the materials already available in the teacher's arsenal. The video, among other things, can help overcome the language cultural barrier when learning a language.

A simple fact: a student will never learn to understand English speech unless he perseveres in training. He needs to listen, as native speakers say, and he needs to learn to understand them. If he dreams of owning English as his own, there is simply no choice.

The method Video-English is based on this principle - to listen and understand. The student learns from the constantly updated database of video clips pronounced by native speakers - in interviews, news releases, speeches, short excerpts from films. When conducting video lessons, it is necessary to observe the basic approaches and principles of their conduct, in particular, the criteria for selecting materials for the video lesson.

1. Video materials can be divided into the following groups:

- production training videos; - musical and promotional video clips;
- full-length feature films and television series;
- additional materials accompanying feature films on DVD, including advertising trailers;
- video recordings of various performances;
- video programs for studying certain aspects of the language [2].

2. Requirements for language:

a) the language must be up-to-date, in accordance with the requirements and norms of the literary language, from those areas most often encountered by the learner (however, in many cases this choice is determined by the lesson's task);

b) it is necessary to have natural pauses between statements;

c) jargon expressions and exclamations should be sufficiently short and not too difficult to understand;

d) the text should not be overloaded with new words, expressions and unfamiliar gestures [3].

The plan for the video tutorial includes the following steps:

1. Preparation (Before viewing)

a) a preliminary discussion is held, during which the vocabulary is repeated, close to the subject matter of the film, and the students' interest in the topic is stimulated;

b) creative work, during which you can give students the opportunity to offer film titles themselves, use problem situations related to the topic under discussion. You can ask students to make predictions about what the video story will be;

c) work with new vocabulary, during which students are given new words on this topic.

2. View

At viewing it is possible to carry out following kinds of works:

a) checking the predictions made by the students before they are viewed;

b) information search. After the first viewing, students are offered exercises to find information, and the plot is viewed again, by segments or entirely, depending on the level of the class and the objectives of the lesson;

c) work with a separate segment. This stage of work provides the greatest opportunities for the formation of elements of a communicative culture. In addition, at this stage, the basic skills of deciphering the text are tested, which is an important aspect of listening. Students view a particular segment of the video story and perform one or more of the exercises described below.

Sometimes you can remove the image so that only the sound remains. The plot is played in parts and students are asked questions, who said where the action was, what the heroes did, where they went, what they talked about, etc. When they have collected all possible information, they look again, already with the image and check their interpretation.

3. After viewing.

At this stage of the video tutorial, students can be offered the following tasks:

1. Tests on a complete understanding of the content seen the movie (answers to questions on the content of the proposed statements to choose right and wrong in relation to the content of the film, to offer students a summary of the text with errors and ask pupils to find and fix the discrepancies.)

2. Creative tasks, echoing the content of the scanned film. (to make a mini-project on this topic, write a letter to an English friend on the topic, etc.) [4].

The use of video is a unique means of teaching English at all stages of language learning at college. The effectiveness of the use of video materials in English classes was proved by our students in practice. During the pedagogical practice in secondary school in 6 "B" class, we widely used video materials for calendar-and-mathematical planning for 6 classes. The video materials we selected consist of videos on various topics.

During the session, the video materials served as a visual aid and addition to the basic textbook for the sixth grades.

Video materials were used both at the stage of introducing new lexical units, and on fixing vocabulary on the topic and grammatical structures of The Past Simple Passive, Modal verb, To be going to, Past Simple Regular. Irregular verbs, Preposition of transport, Future Simple Comparative and Superlative Adjectives, Present Perfect Tense.

When studying the topic "Secondary Education", we watched the video Secondary Education in UK. Viewing this video not only broadened the knowledge of students about education in Britain but also developed listening skills. After viewing, an exercise was proposed that contained correct and false suggestions. The duration of this video was 7 minutes, where there were also interviews of the students themselves, they told the pros and cons of education in Britain. All this aroused interest among the students, also for more exact understanding of the video were with English subtitles. At each lesson we distributed words that will be found in the video of the next lesson. Therefore, while watching the video, many students did not have problems with understanding the video, they even after viewing could in English tell the main meaning of the video and moreover during the exercise they did not have problems with understanding and translation.

We also used many other videos for each topic, we tried to find those video materials that corresponded to the theme and grammar of the lesson. We prepared exercises in the form of handouts for each video. Most of the videos had materials that contribute to the development of regional knowledge.

In conclusion, one can say that the undoubtedly the best result can be achieved through the use of audiovisual sources, and, first of all, through video materials. To understand the specific behavior of native speakers, you need to see them, as well as the environment in which the act of communication takes place (shop, metro, airport, classroom, theater, etc.). The fact is that the specifics of the situation has a significant effect on the behavior of the communicating people. In addition, the video allows you to get acquainted with the characteristics of the country and people's lives in it. The use of video promotes the formation of phonemic hearing learners, a better understanding of the perceived material and stronger its memorization, imitation inclusion mechanism, improve the emotional attitude of students to the perceived educational material, activating the visual, auditory and speech motor analyzer systems trainee in the perception of speech from the video. Therefore, all possible applications of audiovisual sources should be used.

Also with the development of technology there are many audiovisual aids, which allows us to widely use the audiovisual method in teaching.

The list of the used literature:

1. Azimov, E.G. Internet materials at English lessons / E.G.Azimov // Foreign languages at school. - 2001. - №6. - P. 19-21.

2. Barmenkova, O.I. Video work in the system of teaching foreign speech / O.I. Barmenkova // Foreign languages at school. - 1999. - № 3. - P. 20-25.

3. Verisokin, Yu.I. Video films as a means of motivating students in teaching foreign languages / Yu.I. Verisokin // Foreign languages at school. - 2003. - №5. - P. 31-35.

БАЛА МІНЕЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Белгібаева Г.Қ., Мұратқызы П.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі бүгінгі күн талабы – білім, білік, дағдыларды меңгертумен қатар, бала бойына мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру арқылы оның жеке тұлға ретінде жан-жақты үйлесімді дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізе білуіне, шығармашылық қабілетін толық жүзеге асыруына ықпал ете отырып, өз халқының білімді ұрпағын қалыптастыруға жағдай жасау. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім берудің басты міндеті баланың мінез-құлқын дұрыс қалыптастыру болып табылатындығы атап айтылған [1].

Ұлы Абай атамыз айтқан екен: «... адамның мінезін өзгертуге болмайды деген адамның тілін кесер едім» – деп, ендеше қай балада болмасын мінездің жақсы жақтарын қалыптастыруға болады. Оқуда, еңбекте табысты болу, адамдармен жақсы қарым-қатынас орнату – бұл барлық баланың қолынан келетін іс екенін бәріміз білеміз. Ал бұл өз кезегінде баланың барлық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, ата-ананың тәрбие үдерісін және оның өмірін дұрыс ұйымдастыра білу іскерлігіне тікелей байланысты болмақ.

Мінез жеке адамның өзіне тән қылық әрекетінде, тіл қатынасында тұрақты қалыптасатын дара ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінез негізінде жеке адамның моральдық – еріктік қасиеттері жатады. Мінез адам бойында туа пайда болмаса да, нерв жүйесінің тітіркенуі, адамның табиғи жаратылысы, тәрбие үдерісіндегі ерекшеліктер арқылы қалыптасатыны байқалады. Мінез адамның өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де қажет.

Адам мінезінің қалыптасуы қоғамдық болмыспен, әлеуметтік ортамен (мектеп, балалар мекемелері, оқу, өндіріс ұжымы, қоғамдық ұйымдар, т. б.) тығыз байланысты. Осы айтылғандар мінездің дамуы үшін шешуші роль атқарады. Мінез өзгермейтін тума қасиет емес, ол өмір бойы дамып, жетіліп, қалыптасады. Мәселен, ешбір бала туысынан еңбек сүйгіш не жалқау, тәртіпті, не ұстамсыз болып тумайды. Оның мінезі, ұзақ жылғы өмір сүру барысында, өмірдің сан алуан ағымына қарай тәрбие үдерісінің ықпалымен өзгеріске түсіп отырады. Адамның сыртқы ортамен жасайтын қарым-қатынасы белсенді әрекет болып табылады. Мінез-құлықты сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асыруға болады. Адамның нақтылы іс-әрекеті оның мінез бітістері қалыптасуында шешуші рөл атқарады [2].

Мектепке дейінгі балалық шақтың жас кезеңдік және психологиялық ерекшеліктерімен қатар, оның өзіне ғана тән жеке даралық қасиеттері де болады, яғни олардың әрқайсысы қайталанбайтын даралық. Әр бала өзінің мінез-құлқын басқару тәсілімен, сыртқы әлеммен байланыс орнату іскерлігімен, эмоциялық көңіл-күйін көрсете білу қабілетімен ерекшеленеді.

И.П.Павлов адамның мінез бітістерін жоғары нерв қызметінің тума типтермен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша нерв байланысының өзіндік «құйындысы» деп түсіндірді. Ол дегеніміз «адамның мінез құлқының бейнесі нерв жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты емес, организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға тәрбие, үйрету жұмыстарына да байланысты. Сондай-ақ, екінші белгі беру жүйесі де ықпал етеді».

Отбасы – адам баласының дүниеге келгенінде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп, ер жететін, тәрбие алатын аса қажетті әрі қасиетті алтын бесігі. Адамзат ұрпағына отбасы

беретін аса құнды ықпал мен әсерді өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмайды. Бала отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды үйренеді, адамгершілік әліппесін: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты, аса құнды тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Сондықтан, баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптасып, көрініс табуы ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты.

Балаларға ең бірінші ата-аналарының көңіл-күйі ықпал жасайды. Егер үлкендер көңілді, жылы жүзді, салмақты болса, бала да соны қабылдайды. Әсіресе, баланың мінез-құлқына отбасындағы эмоциялық атмосфера, үлкендердің қарым-қатынас стилі ерекше әсер етеді. Балалар үнемі үлкендерге қарап әрекет етеді. Балаларда үлкендердің көңіл-күйін танып-білетін ерекше бір қабілет бар және олар оны өзіне тез қабылдап алады және үлкендердің өздеріне деген қарым-қатынасын тез аңғарады.

Егер баланы дұрыс тәрбиелесе, ол мінез-құлық мәдениетінің қарапайым ережелерін білетін болады. Бала тентек қылық көрсетсе, оған дәрекілікпен тиым салмай, әдеппен тоқтату керек. Жақсы болуға талпыну барлық балаға тән. Бала өзінің жақсы екендігіне сенеді. Ал үлкен адам оның осы сенімін қолдауы керек, сенім адамның көңілі көтерілуіне әсер етеді. Үлкен адамнан өз әрекеттеріне тиесілі бағаны есту – бала үшін аса пайдалы болмақ. Баланың дұрыс жасаған қылықтарын (тәртіпті ұл немесе жақсы аға, нағыз дос, жақсы көмекші, әдепті және т.б.) дұрыс бағалап, қолдасақ, онда «мен жақсымын» ұғымы ол үшін маңызды болады.

Үйреншікті іс-әрекеттің бір тәсілі – еліктеу, сондай болсам екен деп ниет білдіру. Бала өзіне ұнаған адамның қимыл-қозғалысына, іс-әрекетіне еліктейтін болса, онда сол кісінің бала мінезіне, ішкі жан дүниесіне әсерін тигізіп, мінез ерекшеліктерінің жақсы жақтарын қалыптастыруға ықпал еткені. Адам мінезіне еліктеу оның іс-әрекетіндегі үлгілі жағы болса ғана пайдаға асады [3].

Кішкентай балалар еліктеуге бейім келеді. Бала өзін қоршаған ортаның тіліменсөйлейді – олардың ойын айтады, қимыл-қозғалыстарын қайталайды, олардың қылықтарына еліктейді. Әсіресе, бұл балалар ойынынан айқын көрінеді. Егер бала үлкендердің іс-әрекетінен үлгілі мінез-құлықты көріп еліктесе, онда бұл оны оңды тәрбиелеуге көмектеседі. Баланың бұл ерекшелігі үнемі жағымсыз жағдайдың себебі бола бермейді, бірақ ол бір нәрсеге аса сенімді: үлкендер не істесе де бәрі жақсы. Еліктеудің арқасында бала тез есейгісі келеді.

Педагог К.Д.Ушинский бала мінезінің дамуы мен қалыптасуын жаңа отырғызылып, көктей бастаған ағаш көшетімен салыстырып, көктеп келе жатқан ағашқа тырнақ дағымен із салса, ол өсе келе шорланып, буынданып кетеді дейді. Сондықтан, бала мінезін тәрбиелу – әрі нәзік, әрі игі мақсатты іс. Адамның мінезі – оның бүкіл өмір бойғы іс-әрекеттері мен қылықтарына, өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты қалыптасып отыратын психологиялық даралық қасиет.

Екі және үш жастағы баланың қырсықтығы табиғи қажеттілігі (су ішкісі келеді, тамақ ішкісі келеді, ұйықтағысы келеді) қанағаттандырылмағанда, қолайсыздықты сезінгенде (суық, ыстық, аяқ киімі тар, киімі кең және т.б.) көрініс береді. Бірақ мұны қырсықтық деп түсінбеу керек, ересектер балаға қолайсыз жағдайды жойса болғаны, бәрі орнына келеді. Егер мұндай кезде балаға дауыс көтерсек, бұл қырсықтықтың пайда болуының алғы шарты болады. Көпшілік жағдайда баладағы қырсықтықты жүйке жүйесіндегі ауытқумен байланыстырады (невроз). Бала тек қана айғайлап жыламаумен шектелмей, қолындағы ойыншықтарын үлкендерге қарай лақтырғанда, оны расында да күйгелектік, ашуланшақтық деп қабылдаймыз. Мұндай кезде баланы дәрігерге көрсету керек. Бала қырсықтығының ашық көрінуі – бұл баланың өз дегеніне жету жолы.

Балалар қырсық, қыңыр болып тумайды және бұл балалардың жасына тән ерекшеліктер де емес. Мұны мінезбен ғана түсіндіруге болмайды, себебі, жоғарыда айтқанымыздай, мінез

бала бойына туа берілмейді, ол адамның бүкіл өмірі барысында қалыптасады. Қырсық бала теріс тәрбиеден қалыптасады.

Табандылықты кейде қырсықтықпен шатастырамыз. Бұлар баланың іс-әрекеттеріндеаса ұқсас. Бірақ, оларды шатастыруға болмайды, қырсықтық – баланың мінез-құлқының жағымсыз жағы. Табандылық – ойлаған мақсатына жетудің тәсілі. Бұл – жақсы қасиет, ата-ана оны білуі керек. Баланың бастаған ісін қалай болғанда да аяқтауына мүмкіндік беру керек, олай етпегенде, ондағы мақсаттылық өшіп қалуы әбден мүмкін.

Қырсықтық – шектен тыс ерке балаларға тән қылық. Ол үлкен адам балаларға үнемі «бүйтпе», «олай істеме» және тағы басқа тиым сөздерді жиі қолданғанда көрініс береді. Бұл жағдайдағы баланың қырсықтығы – оған деген теріс қарым-қатынастың нәтижесі, яғни шамадан тыс «тәрбиелік шаралардан» өзін қорғау тәрізді көрінеді.

Баланың абырой, намыс сезімін дамытуда, оны әрекетіне орай көтермелеудің маңызы айтарлықтай. «Сен үлкен болдың» деген жылы сөз балалардың жағымды қылықтарын көрсетуіне мүмкіндік береді, белсенді әрекеттерін күшейте түседі. «Мен үлкенмін», яғни мен бәрін білемін, істей аламын. «Мен үлкенмін», яғни кішкентайларға, үлкендерге көмектесуім керек. «Мен үлкенмін», яғни мен күштімін, әлсіздерге көмектесуім керек. «Мен үлкенмін», яғни кішкентайларға үлгімін. Осылай балаға жылы сөйлей отырып, оны тәрбиелеу үлкен жетістікке әкеледі [4].

Балалардың мінезін қалыптастыру әдістерін бірнеше топқа бөлуге болады. Осындай әдістердің бірі – баланың санасына әсер ету, яғни сөзбен ұғындыру. Сөзбен ұғындыру арқылы балалардың дүниетанымы мен сенімін, талғамын, жүйелі ойлай алуын қалыптастыру мүмкіндігі зор. Баланың санасына әсер ету арқылы оның бойында түсіну, шыдамдылық таныту, қатесін мойындау және «мен» концепциясы дұрыс қалыптасқандығын көруге болады. Балаларға ертегі кітаптарды оқып беру, тәрбиелік мәні бар мультфильмдер көрсету, газет-журналдардағы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқына, іс-әрекетіне сипаттама жасап, балалармен бірге талдау, тағы басқа құралдарды пайдаланып отыру – мінез тәрбиесі үшін таптырмайтын құралдар қатарына жатады.

А.С.Макаренконың бала мінезін қалыптастырудағы шеберлігі мен озық әдістерін пайдалана білу әр тәрбиешіден шығармашылық еңбекті талап етеді. Ұжымшылдық сезім төрт-бес жасар балада дами қоймайды. Балалар «біз»деудің орнына «мен» деп айтқанды жақсы көреді. Балаларға «біздікі» деген ұғымды үйретудің өзі тәрбиешінің үлкен шеберлігін қажет етеді. Мұндайда тәрбиеші барлық нәрселердің жалпы жұртқа ортақтығына баса назар аударады. Мәселен, балалардың тұратын үйі, мектеп, емхана, қоғамдық көлік, тағы басқа нәрселер бәрімізге ортақ екендігін айтып түсіндіреді. Балабақша айналасына басқа балалармен бірлесіп гүл егетін болса, енді оны «біздің гүліміз» деп үйрету қажет. Осындай алғашқы тәрбиелік істер қайталана берсе, біртіндеп баланың мінез бітісі қалыптасады. Бала мінезі кертартпа, еркелік, қыңырлық секілді өзімшілдік әдеттерден арылып, көпшіл болуға, ұжымшылдыққа қарай бейімделеді.

Бала мінезін қалыптастыруда оның теріс істері мен қылықтарын дер кезінде көріп, олардың дұрыс еместігін әйгілеп, қажет болса, ретіне қарай оған түрлі жаза қолданып отырған да дұрыс. Жазалаудағы негізгі мақсат – теріс жолға түскен баланы қайтадан жақсы қасиеттерге тәрбиелеу. Бұл әдістің маңызы да осында. Жазалауды да мадақтау сияқты ептілікпен, ерекше байсалдылықпен қолдану қажет. Ересек топ балалары өздерінің тәртіпсіз істерінен ұялатын, жапа шегіп, қапаланатын дәрежеге жете бастайды. Мұндайда кінәсі үшін әділ жазалау оны қатты ойландырып, мінез-құлқын өзгертуге себепші болады. Бала тек кінәсіне сәйкес жазаланғанда жоғарыда айтылған көңіл-күйлерді басынан кешіреді. Бала орынсыз жазғырылса, бұл оның мінез тәрбиесіне кері әсер етеді. Егер осындай жағдай қайталана берсе, ол қоғамнан түңіліп, әділеттік, шындық деген ұғымдарға жөнді мән бермейді [5].

Балалардың мінез бітістерінің қалыптасуында дене шынықтыру жаттығулары мен тұрақты күнережесінің де тигізетін пайдасы мол. Дене шынықтыру жаттығулары балаларды ерлік пен батылдыққа, табандылық пен өз күштеріне сене білуге тәрбиелейді. Жүзу, жүгіру,

жарысу, секіру, жаяу жүру, тағы басқалары балалардың мақсатқа ұмтылушылығын, жүректілігін, шыдамдылығын, өзін-өзі меңгере алу қабілетін, бір сөзбен айтқанда, дене күшіне түсетін барлық қиыншылықтарды жеңе білу шеберлігін қалыптастырады және аса қиын жағдайларда да шыдамдылық көрсетуге, төзе білуге машықтандырады.

Ойымызды қорытындылай келе айтпағымыз, «Мінез – жанның айнасы» болса, бойымыздағы мінезді қалыптастырудың қайнар көзі, түп төркіні отбасындағы тәрбиеде жатыр. Адамдар әдетте сырт көзге әдемі көрініп, жат қылық пен қыңыр мінезін іште сақтайды. Адамның жақсы адам екендігін көрсететін мінез. Сондықтан, болашақ ұрпақтың жақсы болып өсуіне ең бірінші мінездің дұрыс қалыптасып, бала бойында көрініс табуы және оны қалыптастыратын тұлғаның біліктілігі мен шеберлігі үлкен маңызға ие. Бала мінезін тәрбиелеу мен қалыптастыру тәрбиешінің жаңашылдығы мен шығармашылығын үнемі қажет ететін, қажымай әрекет етпейінше, тиісті нәтиже шықпайтын өте жауапты жұмыс болып табылады. Тұлға өзін тәрбиелеген сайын мінезі мен мәдениет деңгейі, яғни қоғамнан алатын бағасы жоғарылай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, №20, 2016.
2. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. Алматы, 2003.
3. Жарықбаев Қ. Жан тану негіздері. Алматы, 2002.
4. Айбалов Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу. Алматы, 2001.
5. Жұманбаева Қ. // Жаңа әдіс-тәсілдермен баланың мінезін қалыптастыру. / Бастауыш мектеп.- №4, 2003.

АТА-АНАЛАРМЕН БІРІККЕН ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Сарбасова А. А.

№16 «Алтынай» балабақшасы КМҚК Қарағанды қаласы

Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, әр баланы қайталанбас жеке тұлға ретінде қабылдап, оның жан-жақты дамуын зерттей отырып, оқытып-тәрбиелеу сол баланы ата-анасының қатысуынсыз іске аспайтындығы бәрімізге мәлім. Осындай күрделі, жауапкершілігі мол міндеттерді іске асыруда ата-аналардың рөлі зор. Бала алғашқы тәрбие негізін отбасынан алады. Отбасы ұлттық тәрбие себуші субстанция. Осыған орай ата-аналармен біріккен жұмыс мынадай негізгі ұстанымдармен құрылады: бірлік; жүйелілік, әр балаға және әр отбасына жекелей тұрғыдан қарау, ата-аналардың бір-біріне сенімі мен өзара көмегі.

Ата-аналармен топтық жиналыстар өткізу.

Мақсаты: Топтық әлеуметтік жағдайымен таныстыра отырып, бала дамуына байланысты заттық – дамытушы ортаны құруға атсалысуға жұмылдыру. Топ балаларының жетістіктерімен ата-аналарды ақпараттандыру. Сонымен қоса топтық түрлі мәселелерін шешу қарастырылады.

Ата-аналар конференциясы. Конференцияда түрлі жағдаяттарды моделдеу арқылы белгілі бір тақырып бойынша ата-аналарға балабақша-бөбекжайдың тыныс-тіршілігін таныстыруға мүмкіндік туады.

Ата-аналармен дөңгелек үстел. Дөңгелек үстел еркін ашық әңгімелесіге бағытталған. Бұл ата-аналардың ашылып әңгімелесулеріне мүмкіндік береді. Тақырыптар тәрбиешінің қалауымен немесе ата-аналардың сұранысымен талдануы мүмкін.


Тренингтер. Ата-аналар мен бала арасындағы жақындықты қалыптастыру. Қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Педагогикалық әңгімелер кеші. Кеш баланы таңертең балабақша-бөбекжайға әкелгенде және үйге алып қайтқанда тәрбиешінің ата-анамен әңгімелесуінен бастау алады. Тәрбиеші оларға бала тәрбиесіне қатысты бағдар көрсетеді, өз ойын айтып, ата-ана ойын тыңдайды. Бұл әңгімені жалпылай өткізуге де болады.

Көрнекі-насихаттық жұмыстар. Бәрімізге таныс хабарландыру, дәрігер бұрышы, ас мәзірі тағы сол сияқты. Көрнекі ақпараттар ата-аналарға өте шығармашылықпен қараған жөн. Осыған орай мынандай қызықты жұмыстарды жүргізуге болады. «Бз кішкентай болғанда» - ата-аналардың өз балаларының сәби кезі жайындағы қысқаша әңгімелері.

«Мен үйренген нәрсе» - әр баланың жетістігі туралы тәрбиеші тарапынан жасалатын ақпарат; «Бала тілімен» - балалардың тосып айтқан қызықты әңгімелері; «Мен не туралы ойлаймын» - баланың қандай да бір адамға, құбылысқа байланысты айтқан қызықты ойларының жазбасы. Ата-аналармен жүргізілетін қарым-қатынас түрлері: жазбалар, күнделіктер, балалардың қатысуымен және олар жоқ кезде өткізілетін әңгімелер, отбасылық кездесулер. Баланың ой өрісін жан-жақты тәрбиесін дамытуда балабақшаның ата-анаға тигізер көмегі мол.

«Ата-аналармен біріккен жұмыс бағыттары» сызбасына сүйенеді. Осы көрсетілген бағыттарды мақсат-мідеттері төмендегі жұмыс түрлері негізінде жүзеге асырылады. Олар: Ата-аналарды балабақша-бөбекжайымен таныстыру, топтық жиналыстар өткізу. Ата-аналар конйеренциясы, дөнгелек үстел, тренингтер, педагогикалық кеңеске қатыстыру, педагогикалық әңгімелер кеші. Көрнекі – насихаттық жұмыстар. Ата-аналармен жүргізілетін қарым-қатынас түрлері: жазбалар, күнделіктер, балалардың қатысуымен және олар жоқ кезде өткізілетін әңгімелер, отбасылық кездесулер, семинарлар.



Осы жерде тоқтала кететін жайыт, ол жас маманға осы аталған іс-шаралардың бір-бірінен қандай айырмашылық бар және олар іс-әрекетте қаншалықты тиімді екендігін түсіндіре отырып, өз іс – тәжірибесінде еркін қолдана алу дәрежесіне жеткізу. Әрине бір қарағанда аталмыш шаралардың барлығы бір тектес секілді, өйткені сайып келгенде қандай жұмыс түрі болмасын қорытындысында ата-аналарды іс-шараларға қатыстыра отырып, олардың психологиялық-педагогикалық білім деңгейлерін көтеру. Десекте біз педагог-тәрбиешілер жұмыс түрлерінің бір-бірінен несімен ерекшеленетінін білуге міндеттіміз білім-білік деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

Ата-аналарды балабақша-бөбеймен таныстыру. Мұндай таныстыру жұмысы бір рет жыл басында жүргізіледі.

Мақсаты: Ата-аналарды өз балаларының білім және тәрбие алатын ортасымен таныстыру. Яғни, сол ортаның материалдық-техникалық баасымен және оқу-әдістемелік қамтамасыздану дәрежесімен, педагогикалық ұжыммен, қосымша мамандармен таныстыру арқылы олардың оң көзқарастарын қалыптастыру. Достық қарым-қатынас құру.

«Сенім» қарым-қатынас дәптері – ата-аналармен бала тәрбиесінде кездесетін қиыншылықтарды бөлісетін арнайы дәптер. Бұл сұрақтарға ата-аналар да, тәрбиешілер де өз ойларын жазбаша білдіреді. Сонымен қатар ойын – сабақтар мен мерекелік ертіңгілікке арналған балалардың тақпақтары, әндері жазылады. Жұмыстың бұл түрі ата-анамен тығыз және қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Семинарлар. Ата-аналар өздері жеке немесе тәрбиешімен бірлескен түрде белгілі бір тақырып бойынша талқылау жұмыстарын жүргізеді. Басқа да ата-аналарға өз беттерінше мәселені шешу жолдарын тауып, ат салысуларын еркін түрде жүзеге асыра алады. Балаларының қызығушылықтары мен белсенділіктерін ескереді. Отбасындағы өз баласының іс-әрекеті, мәдениеті, тәртібі және әртүрлі проблемаларды көрсететіндей ата-аналар рефлексиясын жүргізу өте қажет. Осы рефлексия нәтижесінде тәжірибе бала тәрбиесіндегі олқылық немесе неге баса назар аудару керектігінен хабардар болып отырады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру ісін жетілдіру отбасы мен балабақшаның жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асады.

Қортындылай келе баланың жеке тұлғасын дамыту бойынша ата-аналармен біріккен жұмысты талдау біз үшін олармен бірге іс-әрекетіміздің қажетті жерлеріне түзетулер мен толықтырулар енгізуге септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлеуметтану. Оқу құралы. Алматы, 1999.
2. Социология негіздері Алматы, Ана тілі. 1993
3. Жаназарова З.Ж. социология семьи\учебно – методическое пособие\т Алматы, қазақ Университеті, 2001.
4. Биекенов К.Ү, Жаназарова Ж.З. Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс. Алматы, 2003
5. Қалдыбаева Т, Білім социологиясы. Алматы, 1997.
6. Бала мен балабақша №2 2016

РЕЧЕВАЯ КУЛЬТУРА ПЕДАГОГА

Граненко Е. В

КГКП № 16 я/с «Алтынай»

Состояние гуманитарного образования в нашей стране, перспективы его обновления делают настоящей задачей повышения и развития языковой культуры нашего общества. В последнее время все чаще говорят о том, что упадок общества и языковой культуры во

многим обусловлен тем, что образование перестает быть частью культуры. Несомненно, культура должна присутствовать в качестве внутренней, опосредующей формы любого акта профессиональной деятельности педагога.

В связи с этим неизмеримо возрастает значение и культуры речи педагога, поэтому насущной проблемой становится подготовка педагога, умеющего пользоваться всеми средствами родного языка в своей речи, обладающего высокой культурой речи.

Образование, являющееся частью и отражением культуры, не может состояться без опоры на культуру личности педагога, но именно личности, так как только личность может воспитать личность. Такого уровня педагог достигает в результате профессиональной подготовки и самообразования с учетом специфики педагогической деятельности. А специфика эта состоит в том, что результат её всегда есть следствие совместной деятельности педагога и воспитанника. Важнейшим фактором этой деятельности является речевое общение, руководить которым должен педагог. В последние годы широко и серьезно заговорили не только о культуре педагогического общения, но и педагогической риторике, которая предполагает следующее: общую культуру речи; владение терминологией преподаваемой области знаний; умение строить монологическую научную речь; организовать профессиональный диалог и управлять им.

Общая культура речи связана с качествами речи, её нормированностью, точностью, выразительностью, чистотой, богатством.

Первый из них - эмоциональная культура, культура чувств, которая представляет собой адекватное реагирование на воздействие окружающего мира, действительности. Второй компонент - культура мышления, связанная с законами построения речи, с употреблением средств и форм выражения, с отбором информации для высказываний. Третий компонент - культура речи, являющаяся объектом изучения языкознания в образовательных учреждениях.

В последнее время всё чаще говорят о культуре речевого общения, предполагающей владение не только вербальными, но и невербальными средствами обмена информацией. Но профессиональная культура речевого общения педагога неполноценна без особого профессионального коммуникативного умения - умения слушать. По мнению Н.М. Щетинина, «...профессиональная болезнь многих педагогов - неумение, даже неспособность слушать другого. Это абсолютизирование себя - одна из причин разобщения с воспитанниками». А разобщение - это уже отсутствие желаемого результата, поэтому приобретение умения слушать является важнейшей задачей, понимать и решать которую должен каждый педагог.

Кроме этого, необходимо учитывать, что человек помнит и воспринимает другого человека чаще по тому, как он на него воздействовал. Память хранит педагога чаще не по тому, что он говорил, читал, рассказывал, а как он это делал. Поэтому надежда сохраниться в памяти детей педагог, который не только имеет *что* сказать, но и знает, *как* это говорить в каждой конкретной ситуации. Способность понимать ситуацию, оценивать её, ориентироваться в ней, управлять ею - это важнейший компонент профессиональной культуры педагога. Реализуются эти способности через тон речи, оправданность использования оценочных суждений, манеру общаться с детьми, отвечать им, через характер мимики, жестов, движений, сопутствующих речи.

Всё это и создает индивидуальный стиль педагога. Таким образом, настоящий педагог - это всегда коммуникативный лидер, который способен привлечь внимание монологом, организовать диалог и вести его в соответствии с нормами национального речевого этикета. Он способен выслушать ребенка и не остаться равнодушным к его проблемам, делая свои занятия средством их разрешения. Педагог должен уметь выходить из нестандартных ситуаций общения, знать, какие слова ожидают от него, чтобы вступить в творческое взаимодействие на основе проявившейся заинтересованности. Однако подобрать эти слова педагогу в настоящее время бывает всё сложнее, т.к. обучающиеся новые поколения говорят на языке, порождённом сложными временами, социальными преобразованиями. Этот язык отличается от языка недавнего времени во всех отношениях, и современный педагог не может не учитывать этого в процессе обучения и общения. Объясняя учебный материал, читая и обсуждая произведения

художественной литературы, он должен помнить, что многие слова сейчас приобрели новые, часто жаргонные значения, которые ближе и понятнее учащимся и вызывают другие ассоциации и ощущения: приколотся, приклеить, снимать, отстегивать, капуста, зелень и т.п. Всё чаще педагога ставят в тупик, вызывают недоумение вопросы о значении слов, казалось бы, простых и понятных ещё совсем недавно.

Поэтому речь педагога, умная и правильная, далеко не всегда усваивается и оседает в умах и сердцах обучающихся, не всегда до них доходит. Возникает тревожное явление: языковой барьер. Но барьеры всегда разъединяют. Что же делать педагогу в этих условиях?

Во-первых, понимать, что этот барьер состоит из нескольких языковых слоёв: иноязычной, жаргонной и вульгарной лексики; во-вторых, выработать тактику в отношении к этим словам и выражениям, в работе с ними. Оскорбительные замечания при этом исключены, однако следует дать понять учащимся, что употребление этих слов или неуместно, или унижает самого говорящего, разрушает отношения. Жаргонный и вульгарный языки надо лишить их романтики. Для этого педагогу необходимо знать эти языки, чтобы понимать то, что говорят учащиеся, а, понимая, обнаруживая компетентность, «играть» некоторыми из них, давая слушать со стороны и комментируя, разрушая притягательность их и заставляя смеяться или испытывать чувство неловкости. При этом необходимо соблюдать осторожность и знать меру. Сам педагог должен быть эталоном поведения, и прежде всего - речевого. Педагог, за кем хочется идти, а не тот, кого тащат за собой. Поможет вести за собой риторическая образованность, которая дает право быть творцом и вдохновителем, актером и режиссером. И педагогическая риторика - волшебная палочка: если её нет, чудо подлинного общения не случится.

Управление общением в педагогическом процессе предполагает овладение педагогом умениями распределять внимание; поддерживать его устойчивость; выбирать по отношению к группе и отдельным детям наиболее подходящий способ поведения и обращения; анализировать поступки воспитанников, видеть за ними мотивы, которыми они руководствуются, определять их поведение в различных ситуациях; создавать опыт эмоциональных переживаний, обеспечивать атмосферу благополучия в коллективе; управлять инициативой в общении, используя для этого богатый арсенал средств, повышающих эффективность взаимодействия.

Установлению обратной связи в процессе общения помогают эмпатийные процессы, возникающие в ходе взаимодействия педагога и воспитанников. Эмоциональная обратная связь достигается через умения по поведению детей улавливать общий психологический настрой группы; чувствовать момент изменения в эмоциональных состояниях учащихся, их желаний и готовности работать, в их общем настроении: своевременно видеть выключение отдельных детей из общей деятельности.

Одним из средств, повышающих эффективность коммуникативного действия, является педагогическая техника, которая представляет собой совокупность умений и навыков, необходимых для стимулирования активности как отдельных учащихся так и коллектива в целом: умения выбрать правильный стиль и тон в общении с воспитанниками, управлять их вниманием, темпом деятельности, навыки демонстрации своего отношения к поступкам учащихся. Другими словами, это умения проявлять свои чувства как бы «по заказу», в рамках педагогической целесообразности.

Умения педагогической техники - необходимое условие овладения технологией общения. Л.С. Макаренко отмечал, что он сделался настоящим мастером только тогда, когда научился говорить «иди сюда» с 15 - 20 оттенками, когда научился давать 20 нюансов в постановке лица, фигуры, голоса. Из этого признания А.С. Макаренко, очевидно, что особое место в ряду умений и навыков педагогической техники занимает развитие речи педагога как одного из важнейших воспитательных средств: правильная дикция, «поставленный голос», ритмичное дыхание и разумное присоединение к речи мимики и жестикуляции. «Не может быть хорошим воспитатель, - писал А.С. Макаренко, - который не владеет мимикой, который не может придать своему лицу необходимого выражению или сдержать свое настроение. Воспитатель должен уметь организовывать, ходить, шутить, быть веселым,

сердитым. Воспитатель должен себя так вести, чтобы каждое его движение воспитывало, и всегда должен знать, что он хочет в данный момент и чего не хочет». Он особо подчеркивал необходимость владения словом, считая, что педагоги делают много ошибок потому, что не умеют говорить с воспитанниками, не дают им почувствовать волю, культуру, личность педагога.

Список использованной литературы

1. Введенская Л.А. Культура и искусство речи. Ростов - на -Дону, 1999.
2. Грехнев В.С. Культура педагогического общения. М., 1990.
3. Казарцева О.М. Культура речевого общения. М., 2001.
9. Соколова В.В. Культура речи и культура общения. М., 1995.

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

М.К. Ибрайбекова

КГКП №16 д/с «Алтынай»

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен.

Халқымызда «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөз бар. Елбасымыз «Еліміздің, ертеңі — бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп айтқандай, бүлдіршіндердің ұлттық сана-сезімін оятып, бойына ұлттық тәрбиені ғасырлар бойы қалыптасқан тәлімі, салт-дәстүрі мен үлгі-өнегесін сіңіру басты міндетіміз.

Бала тәрбиесі қай заманда, қай қоғам үрдісінде болсын үздіксіз ізденуде ізгі мұрат екені баршамызға аян. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлаумен бала бойында үнемі үйретілетін ізеттілік, қайырымдылық, әдептілік, елін, жерін сүюшілік асыл қасиеттері салт-дәстүрден бастау алатыны белгілі. Әр халықтың көне заманнан бері келе жатқан өзіне тән әлеуметтік мәдени мұрасы бар.

Тәрбие - баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланы тәрбиелік тұрғыдан дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Бүгінгі таңда балабақшадан бастап, бала тәрбиесіне ұлттық педагогика құндылықтарын сіңіру заман талабының сұранысы. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің сөзінде қаншалықты ұлттық тәрбие, болашақты болжаған көрегенділік жатыр. Халық педагогикасы-ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты асыл қоры, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Сондықтан, бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді әуелі отбасында бастасақ, кейін балабақшаларда дамыта түсу керек деп ойлаймын.

Біздің мақсатымыз балаларға балабақшадан бастап, ұлттық тәрбиені заманауи үлгіде сіңіру. Бала кезінен бүлдіршіндерге ұлттық тәлім-тәрбие беріп, баулып, қазақ халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиелеу. Тәрбиешілер бүлдіршіндерге ұлттық мінез-құлық, әдет-ғұрып негізінде жеңіл баталарды, аталы сөздерді, тәрбиелік мақсаттағы мақал-мәтелдерді, аңыз әңгімелерді, жұмбақтар мен тарихи жырларды үйретіп отырса, дұрыс болар еді.

Мақал –мәтелдер халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан бері келе жатқан көркем жиынтық. Ақылына ақыл, болшағына дұрыс бағыт сілтейтін, өмірдің жағымды-жағымсыз кезеңдерін танытатын өнегелі өсиет айтылған халықтың ұшан-теңіз даналығы сақталған сөз бен ой, тәжірибе елегі.

Балабақшаларда балалардың жас ерекшелігіне қарай мақал-мәтелдерді дұрыс таңдап, қолданған жөн. Мысалы, төрт түлік туралы, кішіпейілділік пен адамгершілік, батырлық, Отан, еңбек туралы жеңіл мақалдарды жаттатып, олардың тәрбиелік мәнін түсіндіріп, бала санасына сіңіріп отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақтың батырлары туралы айтып, олардың суреттерін көрсетіп, әрқайсысының есімдерін жаттатып отырған да дұрыс. Жеңіл жаңылтпаштарды айтқызып, аңыз әңгімелерді жиі оқып беріп, ойларын дамытып отырғанда жөн. Жас бүлдіршіндерге халықтық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты балабақшадан бастап үйретіп отыру керек.

Мектепке дейінгі оқу және тәрбиелеу жұмыстарының қай түріне тоқталсақ та, ойынсыз өтпейді. Сол себептен балаларға ұлттық ойындар арқылы мемлекеттік тілді меңгертіп, сөздік қорларын дамыту, халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт - дәстүрін таныстыруды негізгі мақсат еткен жөн.

Көзбен көріп, қолмен ұстамай баланың есте сақтау қабілетін дамыту оңай емес, сол себепті балабақшаларда арнайы сөрелерде ұлттық ойыншықтар, дидактикалық материалдар, қол моторикасын дамытуға арналған ұлттық заттар мен бұйымдар қойылып, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін кіші макеттермен безендірілуі тиіс. Жұмсақ ойыншықтар, ұлттық-дидактикалық ойын атрибуттары, түрлі геометриялық пішінде қиылған қазақ ертегілерінің сюжетті пазлдары, көркем әдебиеттер балаларға қолжетімді орналастырылып, ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдануға арналған демонстрациялық құралдар, көрнекі материалдар кешені жасалған жөн деп есептеймін.

Президентіміз: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген болатын.

Жастайынан халықтық тәлім-тәрбие негізінде тәрбиеленген жеткіншек болашақта өз жерін, өз елін ардақтайтын адал да парасатты азамат болып өсетіні сөзсіз.

Халқымызда «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөз бар. Елбасымыз «Еліміздің, ертеңі — бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп айтқандай, бүлдіршіндердің ұлттық сана-сезімін оятып, бойына халықтық педагогиканың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесін, салт-дәстүрі мен үлгі-өнегесін сіңіру басты міндетіміз. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге ұлттық тәрбиені бойларына сіңіру, тілін үйретудегі талап, міндеттер балабақшаларымызда жақсы іске асырылуда деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сакенова К.С Дюсекеева Р.К Ұлттық тәрбие негізі – Балабақшада // Әдістемелік құрал.
2. http://referatikz.ru/bala_bolawag
3. *Аймауытов Ж.* Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. — 2008.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер. // Ресми басылым. Астана, 2012.
5. Әмірова Ә. Дәстүрлі тәрбие. // Әдістемелік құрал.- Алматы: Арда, 2006.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Амирова Г. Т.

№16 «Алтынай» б/б КМКҚ

Біз даналықты үш жолмен үйренеміз:
ойлану - ең ізгі жол;
Еліктеу – ең жеңіл жол;
Тәжірибе жолы – ең ауыр жол.
Бенедикт Спиноза

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет: «Бала біздің болашағымыз, қоғамымыздың азаматы». Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- Денсаулық сақтау технологиясы.
- Жобалы-іс шығармашылығы.
- Ізденіс-шығармашылық технологиясы.
- Қатынастық-ақпараттық технология
- Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы.
- Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы.
- Ойын технологиясы.
- Триз технологиясы және т.б.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру- басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Әрине мұндайда педагогикалық технологияға анықтама берген ғалымдардың бірін атап өтсек те болады. Олар: В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.М.Кларин, П.И.Третьков, И.П.Сенновский, Г.А.Монахова, М.А.Чошанов т.б. өз еңбектерінде қарастырып өткен.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты-мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, бабалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Проблемалық оқыту технологиясы-баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен даму технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.

Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақтаскерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Осы филологиялық білімді қазіргі заман талаптарына сәйкес ұйымдастырып, оның білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізу туралы ғылыми зерттеулерге тереңірек бойлап, кеңірек ой жүгіртсек, қазіргі заманның әрбір адамы белгілі бір сапа-қасиетке ие болуы қажет екені айқын бола бастады. Ол – компьютерлік сауаттылық пен электронды құрал-жабдықтарда оңтайлы жұмыс істеп, өзіне және қоғамға қажетті ақпаратты жедел әрі қажетті мөлшерде ала білу және тиесінше пайдалана білу екені анық. Өйткені жаңа заманның адамы жылдам өзгеріске түсіп, құбылып отыратын қазіргі жоғары дамыған ақпараттық қоғамға бейімделуі қажет. Сондықтан да қазіргі таңда отандық білім беру жүйесінің, оның филологиялық жоғары білім беру саласының алдында зор міндет тұр. Ол – қазақстандық әрбір азаматтың бойына түрлі білім мен біліктілік қасиеттердің ішіндегі ең бастыларының бірі болып саналатын ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалана білу бойынша сауаттылық қалыптастыру, яғни қажетті техникалық құрылғылармен жұмыс істеп, солар арқылы алынған ақпаратпен тиімді қарым-қатынас жасай алатын жаңа заманның студенттерін және әлемдік бәсекеге қабілетті білікті мамандар мен кәсіп иелерін дайындау болып отыр.

«Оқытудың қазіргі заманғы жаңа технологиясы оқу үдерісіне педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Бұл технологияны оқу-тәрбие жұмысының бір-бірімен тығыз байланысқан білімгерлерді (оқушы, студент т.б.) дамытуға бағытталған әдістері мен түрлерінің кешенді жиынтық жүйесі деп қарайтын болсақ, онда ол білім құрылымы мен мазмұнын жетілдіру ісінің басты бағыты, яғни оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан да оқу-танымдық, оқу-тәрбиелік, оқу-әдістемелік, педагогика-психологиялық, ақпараттық-

коммуникациялық жаңа технологияға бетбұрыс әлемдік білім кеңістігіне талпынған қазақстандық ғылыми-әдіснамалық жүйені мазмұны жағынан ғана байытып қоймай, құрылымын да өзгертіп, бағыты жағынан да жетілдіре түседі».

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен тұтастығын берік қалыптастыруда қоғамдық-әлеуметтік пәндердің, соның ішінде филология пәндерінің алар орны ерекше. Еліміздің рухани құндылықтарын бағалауда филология пәндері тәлім-тәрбиелік, көркем-эстетикалық, тарихи-танымдық маңызды қызмет атқарады. Сол себептен филологиялық жоғары білім беру заман талабына қарай жаңа технологиялармен оқытылып ақпараттандырылуы өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында филология саласындағы педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу-тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламаларын жүйелеп бір қалыпқа келтірілуі керек. Сонымен бірге кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарындағы білім беруді ақпараттандыру жағдайында филолог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» деген еңбегінде: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт», – деп ел қоғамы алдына үлкен міндет жүктеді.

Филология саласында өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтарының жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет етуі арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана дамытуға болатын мәселе. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты педагог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажеттілігі болып табылады.

Қоғамда кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарын ақпараттандыру, техника құралдарын кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - ұстаз. Қазіргі оқу орындарында шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан ұстаздар қажет. Ол ұстаздар бір уақытта педагог-психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту мәселелеріне талдау жасасақ, психологияның, педагогиканың іргелі оқыту теориясынан психологиялық-педагогикалық, әдістемелік мәселелер туындайды.

Кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарын ақпараттандырудың қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге арналған көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі заманғы оқыту интеллектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып білім беруді қажет етеді. Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол ұстазды алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектіні жетегінде кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі

тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады.

Компьютерді ұстаз қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге тілдік мәтіндер, ақын жазушылардың шығармалары, суреттер, схемалар, иллюстрациялар, табиғат бейнесі және т.б. жатқызуға болады. Ұстаз араласпай-ақ, шәкірттер өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын филолог мамандаға жүргізілетін дәрістерге кіріктірілген сабақтарында пайдалану, шәкірттердің шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Компьютермен жұмыс жасату шәкірттердің дүниетанымын қалыптастырады:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- құбылыстарға модельдер құра біледі.

Программалауды оқыту шәкірттердің логикалық қабілетін дамытады, бақылау мен өзін-өзі бақылауын қалыптастырады, шәкірттердің еңбек ету мен дағдысының жинақтылығын қамтамасыз етеді, жалпы мәдени-дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Қай елдің болсын заман ыңғайына қарай экономикалық-қоғамдық қатынастарының барлық саласы өзгеріп, дамыған сайын білім беру жүйесі де өзгеше мән-мазмұнға ие болып, сол қатынастарға сәйкес дамитыны табиғи заңдылық. Тіл мен әдебиетті ұлттан, ұлттық мәдениеттен, ұлт өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін емес. Ал қазақ қоғамның көркем-эстетикалық таным-біліктілікке деген құштарлығы қашанда мәңгілік. Сондықтан да тіл мен әдебиеті заман талабына орай, жаңаша оқытып, оның рухани-мәдени әлеуетін жас ұрпақ тәрбиесінде барынша тиімді пайдалану маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Сондай-ақ білім беруді ақпараттандыру үдерісінің нәтижелері сипатталып, оның бірер жылда шешуге болатын мәселелері анықталды. Қорыта айтқанда, бүгінде әлемдік озық технологиялар мен жаңашыл ізденістер отандық білім жүйесінде кең қолданысқа ие болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Пірәлиев С.Ж., Даутов С.Б., Симтиков Ж.Қ. Елбасы және отандық білім жүйесі. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2011 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Айқын, 2005 жылғы 19 ақпан.
3. <http://www.rusnauka.com>

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Абельдинова А.А.

ҚМББ «Болашақ» колледжі

Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің және демократиялық, нарықтық экономикасы бар құқықтық қоғамды құрудың күрделі үрдісін басынан кешіруде. Жалпы білімнің жүйесі – қоғам дамуымен бірге дамып, әрдайым үнемі өзгеріп отырады

.Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түседі.

Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде. «Ойдағыдай тәрбиелеудің сыры оқушыға деген құрмет сезімде жатыр»деп Р.Эмерсон өзінше баға бере білген.

Мектептегі басты тұлға ұстаз десек, білім саясаты ең алдымен ұстаздар қауымы арқылы жүзеге асырылады. Ал біздің келешектегі мақсатымыз – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Білім ордасы - жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақтар, ұлттық тәлім – тәрбие орталығына айналмақ.[1]

Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заман да да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналды

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтің халыққа жолдауында елдің 2030 жылға дейінгі стратегиялық басымдылықтары анықталған.

Онда айтылғандай, алдағы ғасырға экономикалық және әлеуметтік өрлеудегі басты фактор «адамдардың өздері, олардың еріктері, күш-қуаты, табандылығы және білімдері» болып табылады.

Қойылған міндеттерді шешу үшін республиканың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және дарынды балалармен жастардың дамуы үшін өркениетті жағдайлар жасау қажет.

Қазіргі күнде ерекше қабілетті балаларды іріктеп, олардың әрі қарайғы дамуы үшін жағдайлар жасауы керек екендігі анық.

Себебі баланың қабілеттері мен таланттарын толық ашу өзіне ғана емес, мемлекетке де қажет болып табылады.

Жаңа технологияларды практикаға енгізу және игертудегі сапалы қадамның сандарынан қоғамның стандартты емес ойлау қабілетіне ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге, жаңа мазмұн енгізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттерді қойып, оларды шеше алатын мамандарға деген қажеттілікөсті [1].

Қазақстан ғасырлар тоғысындатәуелсіз елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылуы білім берусаласындағы қазақтың ұлттық мектебін жасау, оқушының шығармашылық қабілеттілігін арттыру мен келешекте басқа мемлекеттер арасында жетекші орынға иелену негізінде жан- жақты, ақыл-ой өрісін кемелденген оқушы тәрбиелеу мәселесін шешу қажеттігін қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер өткізіліп отырғаны белгілі[2].

Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті маман қажет.

Шығармашылығы жоғары, дарынды балаларға білім беруді, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлау тиімді болса, екінші жағынан, ерекше қабілетті балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қаматасыз етеді.

Әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық потенциалына байланысты. Олай болса, егеменді еліміз Қазақстанда дарынды баланы дамыту мен анықтаудың қажеттігі туындап отыр.

Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке адамды дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, оқушылардың жеке басының қабілеттілік жақтарына терең үңіле бермейміз.

Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жүйесінен бір дағдарыс кезеңдерін көруге болады.

Мұның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі емес немесе мектеп өмірін басқаша ұйымдастыру емес.

Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын жаңаша ойлай алатын творчестволық адамға айналдыру.

Балаларда әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет.

Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық қабілетті), дарынды ұрпақты тәрбиелеп оқыту, психология- педагогикалық маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз [2].

Еліміз егеменді мемлекет болғалы бері барлық салаларда ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Мұндай өзгерістерден білім беру саласы да тыс қалған жоқ.

Қазіргі білім беру (саласы) жүйесі әлемдік өркениеттің барлық талабына сай келетін, парасатты, білім мен біліктілігі жетілген мамандар дайындауды қажет етеді.

Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шынға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған.

Іс-әрекеттің айрықша түрлерінің бірі ойын болып табылады. Ойын оқу әрекетіне тән бірқатар қасиеттерге ие екендігі белгілі.

Сонымен қатар ойын оқушыларға қозғау салуға, оларға түрткі болуға да бағытталған.

Ол төмендегідей бірқатар қайталанбас қасиеттерге ие: балалар мен жасөспірім жеткіншектер үшін оның оңайлығы мен игерімділігі, демократиялылығы («ойын барлығын да қабылдайды»), игерілуі тиіс шынайы ақиқаттың барынша әралуан қырларын модельдеуге мүмкіндік беретін ойындық құралдардың бейімділігі, ең бастысы–балалар үшін ойынның тартымдылығы.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады.

Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Олар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады.

Елімізде қоғамды демократияландыру және ізгілендіру саласында жүргізілген біраз реформалар, экономикалық өзгерістер жалпы орта білім беретін мектептегі оқу процесін оқушының қабілеті мен қызығушылығына сәйкес дербестендіру қажеттігін алға қойып отыр.

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы – дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс – тәсілдерін пайдалану есебінен мектеп оқушылардың ой –өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс - әрекеттерін белсендірудің, оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады [3].

Осы мақсатта, ең алдымен қазіргі жұмыс істеп тұрған мектептер жұмыстарына бірлесе отырып педагогикалық, әдістемелік ғылымдардың соңғы жылдардағы жаңалықтарын енгізуге күш жұмсауы қажет.

Ал бұл жұмысты жүзеге асыру мектеп мұғалімі қауымының өз іскерліктерін арттырумен қатар олардың әдістемелік ғылым жетістіктерін меңгеруге бел шеше кірісулеріне тікелей байланысты.

Мектепте осы бағытта жүргізілген жұмыстың тиімділігі мен пайдалылығына қарамастан кез келген жаңалықты оқу процесіне енгізу қиындықсыз болмайды.

Демек, бұл қиындықтан шығудың алғашқы қадамы, ол көптеген ғалым педагогтар алдыға тартып отырған орта мектеп үшін қажетті ең төменгі білім деңгейін анықтап, оны қалыптастыру ісін жүзеге асыру және осыған байланысты орта білім стандартының талаптарын мүлтіксіз, тез арада жүзеге асыру қажеттілігі туып отыр.

Кейінгі жылдары мемлекетіміздің білім беру кеңістігінде жалпылама стандарттау процесі жүріп жатқаны белгілі. Бұл өте күрделі жауапкершілігі зор іс.

Білім беру стандартының оқу процесінде іске асырылу міндеттілігі мектепте еңбек етіп жатқан педагогтар жұмысын күрделендіруі шындық, тіпті олардың оқу процесіндегі күнделікті жұмысын күрт қиындатып жіберетіні хақ, өйткені осы стандартқа қол жеткізерлік және мұғалім жұмысының жоғары сапасына кепілдік берерлік тиісті педагогикалық технологияны таңдап білікті түрде оны оқу процесіне енгізу мақсаты туындап отыр.

Содықтан да білім беру жүйесінің мақсаты: «Балалар бойындағы дарындылық қабілетін жетілдіру жолдары мен дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық ерекшелігі нақтылау, әрі жүйелеу болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Қазақстан -2030. Қ.Р. білім берудегі заңнамалары.
2. Кеналиева А.С. Ақылбеков Ж.А. Мектепте дарынды балаларға білім беруді ұйымдастыру
3. Ахметжанов А.И. Балалар дарындылығының дамуының психологиялық ерекшелігі

КӨПТІЛДІЛІК – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Жүнісова М.Е.

Ғылыми жетекші: **Абельдинова.А.А.**

ҚМББ «Болашақ» колледжі

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған.

Әдетте тіл жөнінде, тіл мырақ ара радмада--қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым.

Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген.

Бір азаматтың өз ана тіліне қанық болуы шарты астында өзге бір ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен ойдағыдай тіл табыса білуін үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады.

Өмірде өзге бір ұлттың тілін игерген адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, күллі мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады.

Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға ілгерлеп, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерісшең өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін, қос тілді болып қана қалмай, қайта көп тілді болуы төтенше қажеттілікке айналуда. Бұлай істеу әр азаматтың өзіне де, өзгеге де тиімді.

Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді болу кез келген адамды кең өріске, тың өмірге бастайтын жол есептелмек. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай.

Тарихи деректерге жүгінсек, осыдан 12 ғасырдың алдында жасаған энциклопедист ғалым, әлемде Аристотелден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Наср Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70 ке жуық ұлттың тілін жеттік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалтырып кеткендігі анық.

Көп тілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қортып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық.

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ. Көптілділік, полилингвизм - нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік.

Мұның өзі жеке адамның көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты.

Ұлттық құрамы бірыңғай, бірғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады. Көптілділік: жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар жетілдіруде. Сол себептен ақпараттық-коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды.

Көптілді білім беру дегеніміз- оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту-қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады.

Көптілді білім- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі.

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады.

Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ [2].

Бұл халықаралық тұрғыда бағытталған тұлғаны тәрбиелеуде тікелей құрал болып есептеледі, яғни өзін өркениетті және тарихи субъект ретінде тани алатын, даму кезінде өз елінің және адамзат тарихын қабылдай алатын, өзі үшін, халқы үшін, мемлекеті үшін,

адамзат болашағы үшін жауапкершілік жүгін сезінетін, өзара тәуелділік пен әлем бүтіндігіне, адамзат өркениетінің ғаламдық мәселелерін шешуде мәдениаралық қатынастың қажеттілігін жете түсінетін, адамның азаматтық құқықтарын мойындайтын және саяси бостандыққа ұмтылатын, қоғамдағы гуманизм идеясын жасау үшін басқа адамдармен, қозғалыстармен, қоғамдық институттармен қызмет атқаруға дайындығы мен қабілеттілігін көрсете білетін және де қоғам, адам және табиғат арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыратын ұқыпты да тиянақты, білікті маман мен адамды дайындау осы заман оқытушылары мен ұстаздардың алдында қойылатын үлкен заман талабы деп білуіміз керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді.

Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою- бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі.

Әлемдік білім беру іс- тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістікке қол жеткен [5].

Бірақ, қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу- жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс.

Енді аз-кем көптілді және билингвалды білім беру ұғымдарының мағынасы туралы тоқталып өтейін. Ғылыми әдебиеттерде осы ұғымдарға көптеген анықтамалар берілген. Олардың ішінде біздің тәжірибемізге ең сәйкес келетін нұсқалары төмендегіше болады:

- Көптілді білім беру- бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту;

- Билингвалды білім беру- оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық.

Ол — Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Көптілді және билингвалды білім беруде оқу- тәрбие үрдісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;

- Бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;

- Көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;

- Ұлттық және жалпықазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығу танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;

- Бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды [4].

Бүгінде оқушыларымыз, студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сайыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті.

Сол жас өскіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру- бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты.

Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс- тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет.

«Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры-ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз.

Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Солташұлы Ы. Заман Талабы – Көп Тілді Болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012 ж. № 11. 14-15 б.

2. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012 ж. 115-120 б.

3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. М.: Просвещение, 1991. — 116 б.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА АҚТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БІР БАҒЫТЫ - LEARNINGAPPS.ORG СЕРВИЗІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Макетова М.Р.

Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжінің оқытушысы

Білім беруді механикалық түрде емес, ақпараттық – зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін – өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыратын негізде беру қажеттігі туындап отыр. Демек, бұл тұжырым білім берудегі басты мақсат болмақ. Міне, осындай мақсат–міндеттерді орындау үшін оқытудың заманауи әдіс–тәсілдерін, яғни инновациялық технологияларды қолдану қажет.

Заманауи оқыту технологиясының ұтымды жағын айтатын болсақ, біріншіден студентке тұлға деп қарап, оның жан-жақты білім алуын қарастырады. Екіншіден білім алушының тұлғалық танымдық қабілетін дамытуға, шығармашылық, ізденісін тереңдетуге, сөздік қорын молайтуға, сонымен қатар өмірлік қағидаттарға сын көзімен қарауға бағытталады. Үшіншіден балалардың оқу қабілеттігіне байланысты дарынды балалармен жүйелі түрде жұмыс жасауға көп мүмкіндіктер береді. Қазіргі кезде осы айтылған ақпараттық жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануды көптеген педагогтар мен психологтар оқу процесінде баланың өз бетінше ақыл – ойын дамытудың басты құралы екендігін, сонымен бірге білімді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік беретін жол деп қарастыруда. Міне, мұндай жағдайда студент алға қойған мақсатқа жету үшін топпен ынтымақтастықта қызмет ету арқылы белсенді түрде оқу процесіне араласады, онда бірін - бірі тексеру, жағдаяттарды талдау арқылы білім алуға деген ішкі қажеттілік сезімі пайда болады. Қазіргі кәсіптік білім беретін колледждерде география курстарын оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану оқытушыға барлық студенттерді назарында ұстауға, олардың білімдеріндегі олқылықтарды дәл уақытында анықтауға мүмкіндік берсе, студенттер сабақ үстінде оқытушымен тең дәрежеде еркін сөйлесуге, жолдастарымен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік алады. Күнделікті география сабағы олар үшін өз бетінше жұмыс жасай алатын, қызықты көңілді, іс - әрекетке айналады, берілген үй тапсырмасын орындауға жіберетін уақыттарын өздері қызығатын істерге арнайды.

Ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегі міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі,

электрондық және телекоммуникация құралдары, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиясыз адам өмірін елестету мүмкін емес. Ол күнделікті өмір қажеттілігіне айналуда, ал ақпараттық құзыреттілік тұлғаның білім деңгейін анықтайды.

Заманауи ұстаздарға қойылатын негізгі талап жаңа ақпараттық құралдар мультимедия, интерактивті тақта және компьютермен жұмыс жасай білу, диалог жүргізе алатындай дәрежеде болуы керек, яғни компьютерлік тұрғыдан сауатты болу керек.

Сабақтарында компьютерді жан-жақты қолданған ұстаз өзінің өткізген сабағының тиімділігін арттырады және оқушылардың танымдық қызметін ұй-ымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Соңғы уақыттарда білім алушылардың қазіргі ақпараттық құралдарды, яғни компьютерлерді пайдалануға деген қызығушылықтары артуда. Ақпараттық құралдар технологиясы арқылы оқыту процестеріндегі ең қиын да маңыздысы бағдарламамен қамтамасыз ету және бағдарламалық – педагогикалық құралдар болып табылады. Бұл білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын және шығармашылық белсенділіктерін арттырып, келешекте өздерінің алған білімдерін басқа да қоғамдық салаларда кеңінен қолдана алады. Болашақ жастардың қолында деп түсінетін аға буын өскелең, жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат, мүдделеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып оқыту, логикалық ой тұжырымын дамытып, таңғажайып ғылым саласына тартуда ұстаздарға артылар жүк еселеніп отыр.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқытушының әр баланың жұмыс істеу ерекшелігін ескеріп отыруы мүмкін емес. Ал компьютерді, оның қосымша құрылғыларын қолданған жағдайда бұл жағдай толығымен шешімін табары анық.

Мұғалім оқушылардың әрқайсысының жұмыстарын бақылап отыруға, басқа оқушыларға кедергі келтірмей үлгерімі төмен оқушылармен жекелей жұмыс істеуіне мүмкіндік алады.

Білім жүйесін белсенді ақпараттандыруға байланысты оқу үрдісінде жаңа мәселелер туындауда. Қазіргі тез өзгеріп жатқан қоғамда білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істетуге үйрету керек. Мұндай жағдайда тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолданумен шектелу бұл мәселені толықтай шеше алмайды. Сондықтан жаңа тиімді педагогикалық әдістер мен технологияларды оқу процесінде терең қолдану керек. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Осы орайда орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің мына сөздері ойға оралады: “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады”.

Мен география сабағында оқу үрдісі педагог пен қатысушыларға қызықты және маңызды болу үшін интерактивті оқытуды ұсынамын. Бұл технология маған сабақты тиімді өткізуге, студенттердің жақсы нәтиже көрсетуіне үлкен септігін тигізеді. Міне сол себепті АҚТ технологиясы ең тиімді технологиялардың бірі. АҚТ-ны пайдаланудағы ең басты ерекшелігі-өнімділік. Сабақ барысында қатысушылар АҚТ арқылы тек теориялық білімді алып қана қоймауы керек, оны жетілдіру үшін пайдаланылатын ресурстарға арналған сұрақтар мен тапсырмалар ойлап табу қажет. Осылайша бұрын құрылған дидактикалық материалдар мұғалімдер үшін жарамсыз болып қалуда. Осы мәселені шешу үшін әртүрлі онлайн-серверлер пайда болды. Олардың көмегімен арнайы пәндерге арналған барлық қосымшаларды жасай аласыз. Мұндай сервердің бірі - LearningApps.org қызметі.

LearningApps.org қосымшаларының көмегімен сабақта қолданылатын әртүрлі жаттығулар мен қосымшаларды ғана емес үй тапсырмасын сұрап, тексеруге болады (1-сурет).



1-сурет

Осы жоғарыда айтылғандарды алдыға ала келе менің жұмысымның басты мақсаты - білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда студенттердің білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы студенттердің алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғам дамуының өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдайды.

Ақпараттық құралдар технологиясын пайдалану қазіргі уақытта ауадай қажет, себебі олар практикалық дағдыларды жетілдіруге пәнге деген қызығушылықты арттыруға, оқу үрдісін жекелендіруге және қатысушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға көмектеседі, сондай-ақ сабақты жаңғыртуға, деңгейін арттыруға мейлінше мүмкіндік береді. Сондықтан бұдан шығатын қорытынды қарастырып отырған бұл тақырып ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

LearningApps.org сервисін пайдаланудағы басты мақсат ақпараттық коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады.

Оның негізгі міндеттері:

- ✓ Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасын арттыру;
- ✓ Танымдылық қызметтің белсенділігін арттыру;
- ✓ Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру;
- ✓ Ақпаратты өңдеу дағдыларын арттыру;
- ✓ Компьютерлік графика, мультимедиялық технологияны қолдану арқылы эстетикалық білім беруді дамыту.

Менің жұмысымның *зерттеу әдісі* – дидактикалық материалдардың негізгі түрлерін қарастырып, LearningApps.org сервисі арқылы «Дүниежүзінің әлеуметтік және экономикалық география» пәніне арналған әр түрлі қолданбаларды жасау және сабақта қолдану.

Негізгі нәтиже: Зерттеу барысында LearningApps.org қолданбаларын сабақтың әртүрлі кезеңінде пайдалану арқылы студенттердің оқу деңгейі сапасының 13-15% көтерілгенін байқадым.


LearningApps.org бұл мультимедиялық құрал- яғни, аудио, бейне, графика, интерактивті өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндігі бар және сонымен қатар бақылау жүйесін қамтамасыз етеді. Мультимедиялық құралдар география пәні мұғаліміне экранда әртүрлі статистикалық материалдарды бейнелеуді көрсетуге мүмкіндік береді. Мультимедия көмегімен бір объекіден басқа кез - келген тізбекке фрагментті үлкейтіп, сонымен қатар, бір экранда бірнеше сюжеттерді енгізіп, салыстыруға болады. Бұл география пәнінің мұғаліміне үлкен көмегін тигізеді, себебі бірнеше көрнекі құралдарды тасып жүрмейді. Сондықтан мультимедиялық аппараттардың жетістіктері жоғары екенін байқаймыз. Мультимедияны қолдану жұмыстарды жеңілдетеді түседі, яғни оқушылардың пәнаралық ойлау қабілеттері артады. Мұнымен қатар мультимедия көмегімен тұтас аумақ

бейнесін жасау оңайға түседі, бұл өлкетанумен танысуда да маңызды. Оқушылар географиялық процестерді ұйымдастыру туралы көп және әртүрлі салада түсінік ала алады. Осы процестердің тізбегі, болашақ география пәні мұғалімінің негізгі талабы. Ол бірнеше проекцияларды есептеп, оларды орналастыру болып табылады. Бұл проекцияларды қолжазбамен орындау көп уақытты алады, сондықтан оны компьютер арқылы орындау жылдам болады.

LearningApps.org негізгі қосымшалары:


- Викторина «Кім миллион ұтады»,
- «Жұбын табу»;
- «Картадан табу»;
- «Суреттерді сұрыптау»;
- «Кұрастырғыштар»;
- «Анимация»;
- «Сөз жұмбақ»;
- «Хронологиялық тізбек».

Мен өзімнің тәжірибемде 10 сыныптың «Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылымы» тақырыбын үй тапсырмасы ретінде тексеруде географиялық диктантты learningapps.org қосымшасы бойынша орындадым. (2-сурет) . Бұл әдісті сабақтарымда студенттердің білімін бақылауда көп қолданамын. Бұл көбінесе картадағы географиялық нысаналардың орналасуы бойынша, жаңа терминдер мен жылдарды тексеруде өте ыңғайлы. Диктанттың бұл түрі студенттердің есте сақтауын дамытады. Сонымен қатар learningapps.org қосымшасы арқылы алынған географиялық диктант уақыт үнемдеу үшін өте ұтымды.




(2- сурет)

Сонымен қатар жаңа сабақты бекіту кезеңінде learningapps.org қосымшасы арқылы тест алуға болады (3-сурет). Тестік бақылау жұмыстары студенттердің білім сапасын тексеруде негізгі нысаны болып қала алмайды, керісінше ол студенттердің білім, білік, дағдысын анықтауда басқа да бақылау әдістерімен және нысандарымен үйлесім таба отырып, қолданылуы тиіс. Сөйтсе де тестік тапсырманы орындату арқылы қатысушылардың өткен тақырыптар бойынша жинақтаған білім сапасын анықтауға нақты мүмкіндік туады.



(3-сурет)

10 сыныптың «Дүниежүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдері» тақырыбын бекіту кезінде, learningapps.org қосымшасмен «Кім миллионер болғысы келеді?» ойынын қолдандым. (4- сурет) Қазіргі кезеңде білім саласының алдына қойған міндеті студенттерге білімді жай ғана беріп қана қоймай тереңдетіп беру болып табылады. Мұны кейінгі жылдары шыққан әдебиеттерден көруімізге болады. Мұндай жағдайда ұстаздардың алдында студенттерді қалайша шаршатпай, енжарлыққа салдырмай терең білім беруге болады деген мәселе тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда оқыту үрдісінде *ойын әдісін қолдану*- бұл проблеманы шешудің бірден - бір тиімді жолы болып есептеледі. Ал, learningapps.org қосымшасында жоғарыда көрсетілгендей ойынның түрлері өте көп.



(4-сурет)

11 сынып бағдарламасы бойынша «Африка елдері» тақырыбында үй тапсырмасын «Африкаға саяхат» сөз жұмбағын құрастырып қолдануға болады, бұл мұғалімнің жұмысын көп жеңілдетеді, себебі, қатысушылар сөз жұмбақтың сұрақтарына жауап бере отырып, тақырыптың негізгі түсініктерін және Африканың географиялық нысаналарын еске түсіреді.

learningapps.org серверін өз тәжірибемде қолдану барысында тиімділігін білу үшін студенттермен оқу жылы соңында сауалнама жүргіздім. Экспериментке 1 курс студенттері қатысты. Жалпы қатысушылар саны 5 топтан, 120 студент. Сауалнама сұрақтары:

1. Сіздерге география пәні ұнай ма?
2. Сіздерге сабақ learningapps.org серверімен жүргізілгені ұнай ма?
3. Оқу жүйесіндегі осы әдіс география пәнін толық меңгеруге мүмкіндік береді деп ойлайсыз ба?

4. Оқытушымен ұйымдастырылған оқыту жүйесі сізге қиын болды ма?
5. Қалай ойлайсыз, learningapps.org серверін қолдану арқылы сіздің ақпаратты меңгеру дәрежіңіз көтерілді ме?
6. Алдағы сабақтар learningapps.org сервері арқылы өткенін қалайсыз ба?

Сауалнама қорытындысы студенттерге learningapps.org серверімен өткізілген сабақтың қызықты әрі оңай екенін көрсетті. Сонымен қатар сауалнамадан шығатын тағы бір қорытынды ол білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтары алдағы уақыттармен салыстырғанда өскендігін көрсетті.

Қорыта айтқанда 2016-2017 оқу жылының география пәнінің сапа көрсеткіші 58%, ал 2017-2018 оқу жылының география пәнінің сапа көрсеткіші 68% көрсетті.

Жоғарыды келтірілген мәліметтерге сүйенсек жаңа технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. learningapps.org серверін қолдану арқылы:

- Студенттер нақты қызмет тәжірибесін меңгереді;
- Студенттер тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді;
- Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік алады;
- Студент әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады;
- Уақытты үнемдеуге үйретеді;
- Студенттер үшін психологиялық жағымды ахуал қалыптасады;
- Сабақ барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді;
- Материалдар дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.

learningapps.org сервері нәтижесі студенттер өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде ата-аналарымен, өзге студенттермен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, интернет жүйесінде өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Педагогическая технология .- М.,1991.
2. Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. Волгоград: Перемена. –1995.
3. К.Д.Ушинский. Собрание сочинений, М., 1974. OCR Biografia.ru
4. Селевко Т.К. Современные образовательные технологии. М., 1998.
5. Таубаева Ш.Т. , Барсай В.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп- №3,4-1999.
6. Беспалко В П “Программирование обучения” М: - Высшая школа.
7. Кривошев А О “Программное обеспечение учебного назначения и компьютерная технология обучения.
8. <http://www.riis.ru/PS/publ>.
9. <https://learningapps.org/>
10. <https://learningapps.org/index.php?overview&s=&category=0&tool>
11. <https://learningapps.org/myapps.php>
12. <https://learningapps.org/about.php>
13. <https://learningapps.org/impressum.php>

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазақстанда қазір білім берудің ұлттық модулін орнату жүріп жатыр. Бұл процесс білім беру парадигмасының өзгеруімен қатар жүріп жатыр. Теориялар мен әдістемелердің негізгі жетістіктерінің жүйесі үлгіге алына отырып білім және пән бойынша зерттеу тәжірибесі ұйымдастырылуда. Барлық педагогикалық жүйенің бөліктерінде “инновациялық”, “жаңалық тану” үрдісі жүргізіліп жатыр.

Ұлттық деңгейде алдыға қойылған мақсатты жүзеге асыруда географиялық білімнің алатын рөлі өте зор. Қазіргі білім ордаларындағы географияны, не басқада пәндерді оқыту әдістемесіне көз тастайтын болсақ, дәстүрлі оқу жүйесінің басымдылығы байқалады. Дәстүрлі оқыту жүйесінің кемшіліктерінің бірі оқытушының авторитарлық рөлінің басымдылығы, яғни оқытушы жаңа білімді түсіндіреді, келесі сабақта білім алушы қаншалықты білімді меңгергенін тексерумен шектеледі. Бұл жерде білім алушы объект ретінде қалып қояды, білімгердің өзінің мүмкіндіктерін іске асыруға, ойлау қабілетін дамытуға, өздігінен жеке дара дамуға мүмкіндік бермейді. Сол себептен білім ордаларында географиядан білім беруді жетілдіру, яғни оқытудың қойған мақсатына сәйкес күтілетін нәтижені жоспарлау қажет. Осыған орай болашақта географиядан білім сапасын көтеру үшін оқу нәтижелерін анықтау, оқу үрдісін ұйымдастыру, білімгердің біліктілігі бірінші орында болуы тиіс. Географиядан білім берудің мазмұндық және процессуалдық негізін анықтаудың бұл жолы қатысушының жаңа білімді дайын күйінде алуға емес, ақпаратты өз бетімен ізденуге, өзіне қажетті ақпаратты өндеуге керекті қасиеттермен қаруландырады. [1]

«Инновациялық», «жаңалық тану» үрдісі іске асуы үшін төмендегідей жұмыстар істелуі тиіс:

Біріншіден, болашақ ұрпақтың білім алуын жаңа бағытқа салу үшін білім берудің дәстүрлі емес сабақ түрлері мен заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану.

Екіншіден, білім ордаларындағы оқу жүйесінің мазмұнына өзгерістер енгізу.

Үшіншіден, білім алушылардың жаңалықтарды тез қабылдау үшін ойлау қабілетін дамытуды қалыптастыру және ол жаңалықтарды күнделікті өмірде қолдана алуға үйрету.

Оқытудың заманауи технологиясын сабақ үрдісіне енгізу оқытудың дәстүрлі әдістерін мүлдем айырбастап тастау емес, керсінше екеуін қатарластырып қолдану, себебі дәстүрлі әдістер пәннің әдістемелік құрамдас бөлігі.[2].

Оқу үрдісінде қолданылатын ең тиімді технологиялардың бірі –білім жүйесі арқылы іске асатын педагогикалық технологиялар болып табылады. Педагогикалық технология – тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы. Педагогикалық жүйе дегеніміз- жеке-дара тұлға қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді қалыптастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің бірегей байланысқан бірлігі.

Бұл жағдайда оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы-сабақ өзгеріске ұшырайды. Сабақтың формасының өзгеруі білім ордаларының білім беру тұжырымдамасының өзгеріске ұшырауымен байланысты. Егер, дәстүрлі сабақта басты мақсат- ұстаздың қатсушыларға білім беруі болатын, ал дәстүрлі емес сабақта қатысушыларды өздігінен шығармашылық жұмыс істеуге жүйелі түрде баулу болады. Қазіргі заманауи сабақтардың ерекшеліктері бірлесе жұмыс істей отырып, білім алушыларды ұстаз еңбегіне араластыру. Сондықтан да ұстаз сабақ барысында өзінің күш жігерін қатысушылардың іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыруды үйретуге жұмсайды. Егер де сабақты шығармашылық бағытта, заманауи инновациялық технологияларды қолданып өткізсе, сабақ өте қызықты, күнделікті жалықтыратындай болмайды. Ол үшін сабақта әртүрлі педагогикалық заманауи технологиялардың әдіс-тәсілдерін қамту керек.[3]

Қазіргі кезде көптеген география оқулықтарына енгізілген, журнал беттерінде жарық көрген педагогтардың жұмыс тәжірибесінен және мақалаларда жарияланған технологияларының бірі білім алушылардың *оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы*. Бұл

технологияда оқу әрекеті білім алушылардың оқудағы белсенділігінің ерекше бір түрі ретінде қарстырылады. Егер қалыптасқан әдістеме оқытушыға не істеу керек екенін жазса, оқу әрекетін қалыптастыру технологиясында білім алушы оқу тапсырмаларын қалай шешу керек екендігі түсіндіреді. Сабақ басында сыныпқа оқу тапсырмалары таратылады, тапсырмалар сабақ барысында орындалып, сабақтың соңында оның нәтижелерін тесттік жұмыс арқылы диагностикаланады. Оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы, оқу тапсырмаларының жүйесін оқытушы қандайда бір курс, тарау немесе тақырып бойынша құрастырады. Өз қызметінің және соған байланысты білім алушылар әрекетінің өзара байланысын ұйымдастыру жобаларын жасайды және тест тапсырмаларын дайындайды. Оқу тапсырмалары мен тесттер жүйесін әдістемелік құралдардан алуға болады. Бұл технологияны қолдану В.П. Сухов, В.Я.Ромм және В.П.Дроновтың оқулықтарында және журналдардың бірқатар мақалаларында жақсы ашылып көрсетілген.[4]

Дифференциалдық оқыту технологиясы да география әдістемесінде жақсы белгілі. Оны қолдану кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, топтарға бөлінеді. Топтарды жинақтау кезінде, білім алушылардың білімге жеке көзқарасы, білім деңгейі, пәнге деген қызығушылығы ескеріледі. Тапсырмалардың мазмұны, көлемі, күрделілігі, әдіс-тәсілдері әр-түрлі деңгейге арналған. Сонымен қатар оқыту нәтижелерін диагностикалау үшін әртүрлі деңгейлестірген бағдарламалар жасалған.

Географияны оқыту процесінде бұрыннан бері Шаталовтың – *тірек сигналдары технологиясы* (логикалық тірек конспектілері-ЛОК) жеткілікті түрде қолданылып келе жатыр. Географияны оқытудағы логикалық байланыстар схемасының ролі туралы Н.Н. Баранский былай деп жазған! «Схемалар басты және негізгіні айыруға үйретеді, логикалық байланыстарды іздеуге, анықтауға және сабақты игеруге оқушыларға әдеуір көмек береді».[5]. *Мысалы:*


Пән: Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы.

Тақырып: Өнеркәсіп географиясы.

Тапсырма 1: Машина өнеркәсібінің басты орналасу факторларын құрастыру.



Тапсырма 2: Берілген алгоритм бойынша металлургия комплексінің даму ерекшеліктерін анықтау. Оқулық мәтінінің қолданып .



Жасалынған тірек конспектілер,білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытады, және оқу жұмысы нәтижелерін өз бетімен бақылауды іске асыруда көмек болады. Қазіргі кезде байланыс схемаларын оқытушылар үнемі пайдалануда. Тәжірибеде оқытушылар осы технологияны жетік меңгерген деп айтуға болады.

География сабақтарындағы көптеген туындаған мәселелері теория сабақтарда *деңгейлеп, саралап оқу әдістемесін* пайдаланады. Теория сабақтарында деңгейлік, саралау технологиясын қолдану әр білім алушының жеке қабілеті бойынша жұмыс істеп, ойлау қабілетің жеке таныта алады. Бұл жерде білім алушыға өз бетімен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы тапсырмалар беріледі. Деңгейлік тапсырмаларды таңдау кезінде

таңдауды әр білім алушының өз еркіне қалдырылады. Өйткені әр қатысушы өз мүмкіндігіне қарай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға ерікті. Деңгейлік тапсырманың ерекшелігі сонда, қиын деңгейді таңдағандарға уақыт аз бөлініп, сұраққа тікелей жауап беру талап етіледі.[6] *Мысалы:*

Пән: Қазіргі дүние географиясы.

Тақырыбы: Батыс Еуропа елдері.

Тапсырма.

I деңгей

1. Батыс Еуропаның шағын елдерін атандар.
2. Бұл елдер орналасу ерекшелігіне қарай қалай бөлінеді?
3. Солтүстік Батыс Еуропа елдерінде қандай табиғат ресурстарының мол қоры бар?
4. Швеция мен Бельгияда тұшы судың 60-80%-ы өнеркісіп қажетіне, ал Испания, Португалия ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Неліктен?
5. Гүл шаруашылығы қандай елде халықаралық дәрежеде маманданған сала болып саналады?
6. Әлемдегі ең ірі Роттердам порты қай елде орналасқан?
7. Копенгаген қандай елдің астанасы?
8. Аймақтағы ең “балықшы” елді атандар.
9. Еуропаның "сүт фирмасы" деп қандай елді атайды?

II деңгей

1. Солтүстік Батыс Еуропаға қандай елдер кіреді?
2. Солтүстік Батыс Еуропада унитарлы ел бар ма?
3. Альпі тау жүйесі қандай елдер аумағында орналасқан?
4. Целлюлоза-қағаз өндірісімен әлемге әйгілі болған ел?
5. Әлемдік нарықтағы ең сапалды сағаттар қай елде жасалады?
6. Бенилюкс эканомикалық одағы құрамына қандай елдер кіреді?
7. Бельгия мемлекеті қай мемлекеттермен шектеседі?
8. Фьорт дегеніміз не?
9. Балтық теңізі жағалауында орналасқан елдерді атандар.

III деңгей

1. Батыс Еуропадағы қандай ел бейтарап саясат ұстанады?
2. Орта Еуропа елдерін атандар.
3. Солтүстік Батыс Еуропа елдері дүниежүзілік нарықта қандай өнімдер шығарумен ерекшеленеді?
4. Испаниядағы халықаралық туризм орталықтарын атандар.
5. Нидерланд мемлекеті басқаша қалай аталады?
6. Жоғарғы технодогиялық үлесі жағынан қандай ел Жапониядан кейін тұр деп есептеледі?
7. Аймақтағы НАТО-ға мүше елдерді атандар.
8. Каталония аймағы қандай елде орналасқан?
9. Аймақтағы халық ең сирек орналасқан елді атандар.

Ақпараттық технология. Ақпараттық жарылыс көптеген мәселелерді тудырады, оның ең маңыздысы білім беру мәселесі. Білім беруді автоматизациялау білім алушылардың да, оқытушылардың да ерекше қызығушылығын туғызады, себебі техникалық құралдарды қолданбай өз мүмкіндіктерін аша алмайды. Білім беруді автоматизациялаудың аса тиімді жолы (ЭВМ) ЭЕМ –ны қолдану. ЭЕМ қатысушыларды оқыту, олардың білімін бақылап тексеру үрдісінде және олардың нәтижелерін өңдеуде уақыты ұтымды қолдануға үлкен көмек береді. Компьютерді барынша қолдану әдістемелік құралдарды жасауда жеңілдіктер туғызады. Сонымен қатар «электронды оқулықтар» мен әдістемелік құралдарды компьютерде көрсетудің көптеген маңызды артықшылықтары бар. Мен өз сабақтарымда АҚТ технологиясын кеңінен қолданамын.[7] Оның ішінде *LearningApps.org* қосымшасын


пайдаланамын. Бұл қосымша үй тапсырмасын сұрауда немесе сабақты қортындылауда өте қолайлы.

Мысалы:

Пән: Дүниежүзінің әлеуметтік және экономикалық географиясы.

Тақырып: Дүниежүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдері.

Сабақты бекіту кезеңі. Кім миллионер болғысы келеді? (Сурет 1)



Сурет 1- Кім миллионер болғысы келеді

LearningApps.org қосымшасы онлайн жұмыс істеді. Үй тапсырмасын сұрағанда және жаңа сабақты бекіткенде уақытты үнемдеуге және автоматты түрде бағалауға мүмкіншілік береді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл технологияның ерекшелігі кез келген ақпараттың жан – жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы. «Өзгенің ақыл ойымен шындалмаған білім – білім емес» дегендей жеке емес топтық, не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілгендігі. [8]

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы.

Білім алуға ұмтылып тұрған білім алушаға жол көрсету, оның пәнге деген қызығушылығын ояту, сабақта білім алушыны ізденіске бағыттау, оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру. Сабақты өткізу барысында сабақтың сыни ойлау технологиясының үш кезеңі арқылы жүзеге асуы, оқытушының сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік береді.

Оқушының қызығушылығын арттырады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, терең білім алуға жағдай жасап қана қоймай, коммуникативтік қатынасын қалыптастырады, оқушыны ізденіске жетелейді. Мен өзімнің тәжірибемде бұл технологияның стратегияларын кеңінен қолданамын. *Мысалы:*


Пән: Қазіргі дүние географиясы.

Тақырып: Африка елдері.

Фишбоун стратегиясы. (Мәселе, себептер, фактілер, шешім)

Тапсырма:

- Солтүстік Африка – Экологиялық мәселе
- Батыс Африка - Азық түлік мәселесі
- Орталық Африка – Су мәселесі
- Шығыс Африка - Жұмыссыздық мәселесі
- Оңтүстік Африка- демографиялық мәселесі



Мысал 2.

Пән: Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы.

Тақырып: Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылымы.

Әдіс: Венн диаграммасы стратегиясы бойынша сабақ бекіту

Топтық тапсырмалар:

Бастқару формаларыдың айырмашылығы мен ұқсастықтарын көрсету.

- Президентік \Leftrightarrow парламаенттік
- Монархиялық \Leftrightarrow республикалық
- Конституциялық монархия \Leftrightarrow абсолюттік монархия
- Абсолюттік монархия \Leftrightarrow теократиялық

География сабағында Дьяченконың топтап оқыту технологиясын қолдануға болады.[30] Топтап оқыту технологиясының мақсаты – бір – біріне көмектесе отыратын, іздене білетін тұлғасын қалыптастыру. Бұл технология білім алушының ой – өрісі, белсенділігін арттырып, білім сапасының дамуына көмектеседі.

Мысалы:

Пән: Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы.

Тақырыбы: Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылымы мен әкімшілік-аумақтық құрылымы

II.Топтық жұмыс.

1- топ. Тәуелсіз мемлекеттер туралы. жоба құру, қорғау

2- топ. Тәуелді аумақтар туралы. жоба құру, қорғау

3-топ.Халықаралық ұйымдар туралы. жоба құру, қорғау

4-топ. Әкімшілік –аумақтық құрылымы. жоба құру, қорғау.

Топта 22 оқушы бар, оларды үш топқа бөліп, оларға келесідей атаулар берілді :

- Мықтылар; Сенімділер; Әлсіздер болып белгіленеді.

1 – 2 топтағы мықтылар мен сенімділер берілген тапсырманы өз беттерімен орындай алады және бір – біріне көмектесе отырып, ой пікірлерін толықтырып білімдерін қорытындылап ұштастыруға мүмкіндік жасайды.

Ал, 3 топтағы оқушытер қосымша жұмыс істеуді қажет етеді. Сондықтан 1 – топ оқушытері көмектесуге тура келеді, (оқушылардың қалауы бойынша). Мықты да, сенімділер үлгерімі нашар оқушыларға қаншалықты дәрежеде көмек бере алатыны үнемі қадағаланды. Аз уақыттың ішінде оқушылардың ілгерілеуі байқалады. Сенімді қатысушылардың саны арқылы жақсы оқитын, үлгерімі жоғары қатысушылардың саны артады т.б.

Қорыта келгенде, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан инновациялық технологиялардың түрлі тәсілдерін, оқытудың жаңа заманауи технологияларын қолдана отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу, әрбір оқытушының міндеті болуға тиісті.

Бүгінде география сабақтарына байланысты арнайы оқу бағдарламалары мен электронды оқулықтар жасалып, заман талабына сай білім беру техникалары арқылы білім алушылардың өз бетінше ізденуіне барлық мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Білім алушылардың шығармашылықтарын барынша жүзеге асыру бағытында білім беру бағыттары кеңеюде. Осы бағыттарды жүзеге асыру үшін жаң-жақты біліммен және тәжірибемен қаруланған білікті мамандар болу керек.

Егеменді Қазақстан Республикасының ағарту саласындағы бағдарламасы білім беру мекемелеріндегі прогрессивті үрдістерге, реформаға нақты алғышарт болуда. Осыған орай ағарту саласын да жаңа сипаттағы білім беруге мүмкіншіліктің ашылуы, білім беру мазмұнының жаңартылып жасалынуы, заманауи педагогикалық технологиялардың қарқынды дамуы мен оның сабақ үрдісінде қолданылуы, әлемдік білім беру тәжірибелері мен тенденцияларының ескерілуі сияқты инновациялық іс - әрекеттер өзекті болып

табылады. Сол себептен дәстүрлі емес оқу үрдісін, яғни заман талабына сай заманауи инновациялық технологияларды сабақ барысында қолдану бүгінгі күннің басты талабы деп айта аламын. Жоғарыдағы ғылыми теориялық негіздерге сүйене отырып заманауи технологиялардың төмендегідей артықшылықтары көрдім. Олар:

- Ойлау қабілеттерін дамытады,
- Оқуға деген қызығушылығын оятады;
- Шығармашылық күштерін арттырады;
- Мұғалім – бағыт беруші студент пікірін үнемі ескереді;
- Қатысушы өз пікірін білдіруге қорғауға, дәлелдеуге белсенді ат салысады;
- Әр оқушы материалды өз мүмкіндігіне сай меңгереді;
- Қызығушылық танытып, тұжырымдар, қорытынды пікір айтуға дайын болады;
- Ақпараттық және пәндік дайындықтың есебінен пән аралық байланыстар терң;
- Мазмұнды, тәсілдерді және оқыту әрекетінің қарқынын қатысушы өз ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік алады;
- Білімсіздіктен білімділікке дамуы қадағаланады;
- Әрқайсысының мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарап оқыту;
- Білімгерді мақсатсыз төмендету алынып тасталады;
- Әлсіз қатысушылармен жеке – дара жұмыс жасау мүмкіндігі пайда болады;
- Әлді білімгерлердің оқу белсенділігі артады;
- Бір топтағы бірдей жинақталған балалар сабақты жеңіл меңгереді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық және инновациялық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қорытындылай келгенде, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан инновациялық технологиялардың түрлі тәсілдерін, оқытудың жаңа заманауи технологияларын қолдана отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу, әрбір оқытушының міндеті болуға тиісті.

Бүгінде география сабақтарына байланысты арнайы оқу бағдарламалары мен электронды оқулықтар жасалып, заман талабына сай білім беру техникалары арқылы білім алушылардың өз бетінше ізденуіне барлық мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Білім алушылардың шығармашылықтарын барынша жүзеге асыру бағытында білім беру бағыттары кеңеюде. Осы бағыттарды жүзеге асыру үшін жаң-жақты біліммен және тәжірибемен қаруланған білікті мамандар болу керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», Н. Қошқарбаев, 2010 жыл.
2. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері » С. Мирсеитова, 2011 жыл.
3. Р.Қ.Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
4. «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық – коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми - әдістемелік негіздері» Алматы – 2006
5. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Егеменді Қазақстан, 28 желтоқсан, 2003.
6. В. П. Беспалько. Слагаемые педагогические технологии. М. 1989.
7. «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары» Е. Т. Ақитбаев., 2006ж
8. «География және табиғат» ғылым педагогикалық журналы. №1, 2, 3, 2012

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Макетова М.Р.

Қарағанды «Болашақ» манызды білім беру колледжі

Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік жоғары дамыған елдердің білім беру кеңістігіне қосылуға бағыт алуда. Сондықтан қазіргі кезде оқу - тәрбие үрдісіндегі үлкен өзгерістер болып отыр. Қазір білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің құрлымы жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым - қатынас пайда болуда. Болашақ азаматтарға қоғам талабына сай білім беруде ұстаздың қазіргі инновациялық заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені бүгінгі білім беру жүйесіндегі жаңару педагогтың қажымас қайратымен оның шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір білім алушыны оның қабілетіне қарай білім беруді, оны ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулуды жүзеге асыратын заманауи инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.[1]

Жаңашылдық білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасында «орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін – өзі іске асыруға, өзін – өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген.[2]

Сын тұрғысынан ойлау технологияны география сабағында пайдаланудың тиімді тұстары мыналар:

1. Білім алушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
2. Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
3. Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
4. білім алушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
5. Педагогтың уақытын үнемдейді
6. Қосымша мәліметтер береді.
7. білім алушыларға сенімділік білдіріледі;
8. Талантты, қабілетті білім алушылар өз бойларындағы қабілеті мен шығармашылығын одан әрі шындай түседі, төмен оқитындар оқуға ниет білдіріп, өздеріне деген сенімсіздіктен арылады.

9. Білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдейді.

СТО технологиясын пайдаланудың мұғалімге де берері мол:

1. Уақыт үнемдейді;
2. Оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
3. Білім берудің формасын оңтайландыру міндеттерін атқару;
4. Білім алушының жеке қабілетін айқындау;
5. Білім алушы үй тапсырмасын орындауға дағдыланады.
6. Білім алушыға жылдам ойлап шешу әрекетін қалыптастырады.
7. Сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге машықтанады.
8. Білім алушылардың білім сапасын неғұрлым тез бағалауға мүмкіндік береді.
9. Білім алушының қандай тақырыпты дұрыс меңгере алмағанын байқауға болады.

Мысалы:

Пән аты: Дүние жүзінің экономикалық және әлуметтік географиясы

Сабақтың тақырыбы: Халқының саны және ұдайы өсуі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Дүние жүзі халқының саны және ұдайы өсуі туралы білім беру, әр түрлі елдердегі халықтың табиғи өсімінің, әлемдегі қазіргі күнгі демографиялық дамудың барысы және соған байланысты туындайтын проблемалар «халықтың ұдайы өсуі» «демографиялық жарылыс», «демографиялық саясат» ұғымдарын ашып көрсету;

Сабақ барысы :

I. Қызығушылығын ояту кезі

1. Топты бөлу.

Әр түрлі стикер арқылы «Үй» топтарына бөлеміз және әртүсті стикер 1-5 аралығында сандық номермен /*төменде түсіндіріледі*/ белгіленген.

Мұғалім әр топқа бірдей материалдар таратады.

II. Мағыныны тану кезеңі

2. Мәтінмен танысу.

Топ қатысушылары 2-3 минут ішінде материалдармен танысып шығу керек.

Енді әр кім өз топтарын тастап бірдей сандар бойынша бөлініп «эксперттік топты» құрайды. /1- деген сандар бірінші партаға, 2 – деген сандар екінші партаға, 3- деген сандар үшінші партаға/

Енді әр кім өз стилінде жұмыс істейді.

«Үй» топтары

1-топ

“Халық саны” стилі.

Инструктивтік карта

1. Халық санының көбею қарқыны. (*себептері*)
2. Халықтың санын білу үшін қандай әдіс қолдануда. (*Тарихи шолу*)
3. “Демографиялық жылнаманың” мақсаты ол қандай мәселелерді шешеді.
4. Демографиялық саясат жүргізбейтін елдердің мәселесін көрсету.

(Мәселе, себептер, фактілер , шешім) (Фишбоун стратегиясы) А3 форматында ортаға шығып қорғау

2- топ

Табиғи өсім типтері стилі.

Инструктивтік карта

1. I типтегі орташа туу, өлім және табиғи өсімін жазып алу. Осы типке жататын аймақтар мен елдерді атау.
2. Осы типке әсер ететін факторларды атау. Қандай демографиялық саясат жүргізеді
3. Тиісті бағытта туу деңгейіне ықпал ету бойынша шаралар жүйесін анықтаңыз.
4. Демографиялық саясаты бойынша туу деңгейін төмендету немесе арттыру үшін насихаттау ұраның/реклама/жасау. (*Галереяға саяхат стратегиясы*)(А3 форматында ортада қорғау)

3-топ

Табиғи өсім типтері стилі.

Инструктивтік карта

1. II типтегі орташа туу, өлім және табиғи өсімін жазып алу. Осы типке жататын аймақтар мен елдерді атау.
2. Осы типке әсер ететін факторларды атау. Қандай демографиялық саясат жүргізеді
3. Тиісті бағытта туу деңгейіне ықпал ету бойынша шаралар жүйесін анықтаңыз.
4. *Халық санының өсуі қандай мәселе туындайды.* (Мәселе, себептер, фактілер , шешім) (Фишбоун стратегиясы) А3 форматында ортаға шығып қорғау

Әр топқа берілген тапсырма мазмұны:

1. Графикалық бөлімі (1- сан түскен студенттер жауапты)
2. Ақпарат (2- саны түскен студенттер жауапты)
3. Зерттеу жобасы (3- саны түскен студенттер жауапты)

Дайындалуға 3 минут беріледі. Содан кейін тақтаға шығып қорғайды.

Қорғап біткеннен кейін әр кім өздерінің бастапқы түсті стикер арқылы бөлінген «Үй» тобтарына қайтып оралып .

Есте сақтап –өз тобына түсіндіру.

Үй топтарына қайтып оралғаннан кейін әр топта, әр бөлімге дайын эксперт болады. Енді әр эксперт өз ақпаратымен топ ішінде алмасады.

Ақпарат алмасып ақпаратты талқылауға «4» минут уақып беріледі

Ортаға шығып «кластер» арқылы қорғау.

Бұл сабақта студенттер өздері ізденіп, ұжымдаса жұмыс істеді. Мені осы СТО стратегиясының қызықтырғаны студенттердің өзі ізденіп, дәлелдеуі. Егер олар бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал ұстаз осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Осы сабақта *ЖДИГ СО, Фишбоун стратегиясы, Галереяға саяхат стратегиясы* сонымен қатар *АҚТ қолданылды*. Осы тақырыпта сыни ойлауды дамыту арқылы:

- Әр оқушы сабаққа толық қатыстырылып, деңгейін анықтай алады;
- Студенттердің танымдық белсенділігін арттырады;
- Пәнге деген қызығушылығын оятады;
- Сұрақ қойып, өз ойын еркін айтуға;
- Мазмұнын толық түсінуге жағдай туғызады.

Тағы бір мысал ретінде Блум таксономиясы бойынша құрылған сабақ көрсетейін.

Тақырыбы: «Дүниежүзінің саяси картасы»

Мақсаты: Қатысушыларға дүниежүзінің экономикалық және әлуметтік географиясының бөліктерімен және дүниежүзінің саяси , картасының қалыптасуын сипаттау.

Технология: Блум таксономиясы

Білу: Саяси картаның қалыптасуы туралы білу.

Түсіну: Саяс картаның қалыптасуына өркениеттің ықпалы туралы білім беру.

Қолдану: Дүниежүзінің саяси картасын қолдана білу.

Талдау: Дүниежүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдеріне талдау жасау.

Жинақтау: Қазіргі саяси картаның түйінді мәселелері туралы ақпарат беру.

Бағалау: Тақырыптың өзектілігі?

1. Ұйымдастыру кезеңі

Амандасу, көңіл-күйлерін сұрау, Сыныптағы *психологиялық ахуалды көтеру* үшін оқушыларды шаттық шеңберінде «жүректен –жүрекке» атты тренинг жүргізу, топқа бөлу.

Кестемен жұмыс: (БББ)

2. Жаңа сабақ

Білу

Мақсатын айқындау

Бүгін дүниежүзінің саяси картасының қалыптасуымен танысасыздар.

Жаңа сабақ бойынша А4 формат таратылады әр оқушыға олар сабақ барысында алған білімдерін түртіп отырулары керек.

Тақырып бойынша слайдпен ақпарат беріледі

Сабақ жоспары:

- 1 Дүниежүзінің карта объектілері
- 2.Саяси картаның қалыптасу кезеңдері
- 3.Саяси картадағы түйінді мәселелер

«Саяси карта «Ғасыр айнасы» деген тұжырымдаманың анықтамасы әр сөздікте әр түрлі берілген (әр анықтаманы оқиды слайдтан)

Проблемалық сұрақ:

Осы анықтамалардың қайсысы дұрыс деп ойлайсыздар? Себебі?

Түсіну

Мәтінмен жұмыс: Жұмыс топпен орындалады. Топта 4 –студент. Мәтін карточка арқылы таратылады.

1.Ежелгі кезең.

Бұл кезең қандай дәуірді қамтиды?

Жер шарындағы ең алғашқы мемлекеттік құрылымдар қай кезеңде пайда болды және ол қандай мемлекеттер? (Картадан көрсет).

Сол кезеңде жер бөліктеріндегі негізгі келбетті өзгерістер қалай жүзеге асырылды?

2.Ортағасырлық кезең

Бұл кезең қандай дәуірді қамтиды?

Бұл кезеңде қандай саясат жүргізілді?

Жаулап алушы мемлекеттер дегенді қалай түсінесін және сол мемлекеттерді атап картадан көрсет.

3.Жаңа кезең

Бұл кезең қандай дәуірді қамтиды?

Ұлы географиялық ашылулар қандай өзгешеліктер әкелді?

Ірі отаршыл мемлекеттерді атап картадан көрсет.

4.Қазіргі заман кезеңі. (I)

I-II дүниежүзілік соғыстардың бұл кезеңдердегі ықпалы.

Осы кезеңде егемендік алған елдерді атап картадан көрсету. Африка жылы болып есептелетін жыл.

Қолдану

Осы кезеңде егемендік алған елдерді атап картадан көрсету

Тәуелді елдер. «Отар» мен «Негізгі аймақ» айырмашылығы.

Ойы ұшқыр балалардың, дарындылығын көруге болады

Талдау

1.Саяси картадағы түйінді мәселелер. Олардың шешу жолдары.

(Атлас картадан «Ыстық нүктелерді» тауып, шығу себептері мен шешу жолдарын көрсету)

Жинақтау

2.Әр топ бір елге сипаттама береді. (талқылау, талдау, қорғау)

Бағалау

(Критериалды бағалау) (дескрипторлармен)

«Саяси карта — дәуір айнасы» деп неге атаймыз?

Ежелгі кезең мемлекеттерінің өркениетке ықпалы қандай?

Кікілжінді өмірлер проблемасы шешу жолдары

Африканың саяси картасындағы көптеген мемлекеттердің шекараларының түзу сызықбойымен жүргізілу себебі?

Тақырыптың өзектілігі қандай? Осы сұрақтарды қоя отырып, оқушылардың пікірін білу.

Рефлексия

Өздеріңіз көргендей география әр сабақтарында осы сыни ойлау технологиясының стратегияларын тиімді қолданамын. Оқытудың әр түрлі технологиясын қолдану арқылы студенттердің дүниеге өз көзқарасын қалыптастыруға жол ашауға тырысамын. Жеке тұлғаның сыни ойлау қабілетін дамыту барысында оларды бақылуға, зерттеуге, ойлауға, сөйлеуге, ойын толық жеткізуге үйретемін.

Колледждің география сабағында сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының стратегияларын қолдана отырып студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында жаңа технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырымдамаға келдім:

– Білім алушылардың білім сапасын арттырудағы педагогикалық технология түрлері өте көп, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже педагогтың кәсіби біліктілігіне байланысты;

– Заманауи педагогикалық технологияларды сабақ барысында қолдану жүйелі және мақсатты түрде енгізілгенде жетістікке жетуге болады;

– Заманауи педагогикалық технологияларын енгізу барысында оқу орнының материалдық - техникалық базасын қазіргі талапқа сай болу керек.

Болашақ жас ұрпақтың сапалы білім алуының бірден - бір шарты - оқу орындарындағы білім беру үрдісінде заманауи технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сол себептен, қазіргі заман талаптарына сай ғылыми - техникалық прогрестен қалыспай, заманауи педагогикалық инновацияларды зерттеп, саралап, оқу үрдісінде нәтижелі пайдалана білу – жаңашыл ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру үшін білім беру саласындағы оқытудың заманауи технологияларын барлық педагогтар жетік меңгермейінше, сауатты, жан – жақты кәсіби маман болу мүмкін емес.

Заманауи технологияны меңгеру ұстаздың зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие сапасын арттыруға мүмкіндік береді. [3]

Қортындылай келгенде сын тұрғысынан ойлау технологияны география сабағында пайдаланудың тиімді тұстары мыналар олар:

- Білім алушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- Білім алушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Педагогтың уақытын үнемдейді
- Қосымша мәліметтер береді.
- Білім алушыларға сенімділік білдіріледі;
- Бойындағы талантты, қабілеті мен шығармашылығын одан әрі шындай түседі;
- Білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдейді.

Нәтижесінде студенттер:

- Еркін сөйлеп, өз ойын сауатты жеткізуге үйренеді;
- Топтық жұмыстар арқылы, бір-бірін сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені бірге шешуге ұмтылады;
- Бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді;
- Жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- Ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.
- Кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;
- Күрделі мәселелерді шешуге, жауапты шешімдер қабылдауға дайын болады;

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың ұстазға де берері мол:

- Уақыт үнемдейді;
- Оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- Білім берудің формасын оңтайландыру міндеттерін атқару;
- Білім алушының жеке қабілетін айқындау;
- Білім алушы үй тапсырмасын орындауға дағдыланады.
- Білім алушыға жылдам ойлап шешу әрекетін қалыптастырады.
- Сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге машықтанады.
- Білім алушылардың білім сапасын неғұрлым тез бағалауға мүмкіндік береді.
- Білім алушының қандай тақырыпты дұрыс меңгере алмағанын байқауға болады.

Колледждің география сабағында сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының стратегияларын қолдана отырып студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында жаңа технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, Мен мынадай тұжырымдамаға келдім:

- Білім алушылардың білім сапасын арттырудағы педагогикалық технология түрлері өте көп, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже педагогтың кәсіби біліктілігіне байланысты;
- Заманауи педагогикалық технологияларды сабақ барысында қолдану жүйелі және мақсатты түрде енгізілгенде жетістікке жетуге болады;
- Заманауи педагогикалық технологияларын енгізу барысында оқу орнының материалдық - техникалық базасыны қазіргі талапқа сай болу керек.[4]

География әр сабақтарымда осы сыни ойлау технологиясының стратегияларын тиімді қолданамын. Оқытудың әр түрлі технологиясын қолдану арқылы студенттердің дүниеге өз көзқарасын қалыптастыруға жол ашауға тырысамын. Жеке тұлғаның сыни ойлау қабілетін дамыту барысында оларды бақылуға, зерттеуге, ойлауға, сөйлеуге, ойын толық жеткізуге үйретемін.

Болашақ жас ұрпақтың сапалы білім алуының бірден - бір шарты - оқу орындарындағы білім беру үрдісінде заманауи технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сол себептен, қазіргі заман талаптарына сай ғылыми - техникалық прогрестен қалыспай, заманауи педагогикалық инновацияларды зерттеп, саралап, оқу үрдісінде нәтижелі пайдалана білу – жаңашыл ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру үшін білім беру саласындағы оқытудың заманауи технологияларын барлық педагогтар жетік меңгермейінше, сауатты, жан – жақты кәсіби маман болу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар . Түркістан,
2. Селевко Г.К., Қазіргі заманғы оқыту технологиялары, Москва, 2006ж.;
- 3.Занков Л.В. Избранные педагогические труды. - М.,“ Педагогика”, 1990 г.
- 4.М. В. Кларин. Технология обучения; идеал иреальность. Рига эксперимент, 1999,180б.
- 5.Монахов В.М. Методология проектирования педагогической технологии (аксиоматический подход)// Школь-ные технологии. № 3. 2000.
- 6.Чошанов М. Что такое педагогика ? Школьные технологии.- 1996. №3. –С.8.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии / В.П. Беспалько. – М: Просвещение, 1989. -321 бет.

ОТБАСЫ МЕН СТУДЕНТ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Макетова А.Р. Макетова М.Р.

Қарағанды «Болашақ» манызды білім беру колледжі

Баланың негізгі тәрбиешісі - өзінің туып өскен ортасы, ата-анасы. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе қате жолға түсуі көбінесе үлкендерге байланысты. «Баланы-жастан...» деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баласының теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Жасөспірімдердің білім алуында, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуында мектеп пен отбасының тығыз қарым-қатынаста болуы қажетті жағдай болып отыр.

Ерте замандағы грек ғалымдары Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит өз еңбектерінде тәрбиенің мақсатын құл иеленуші мемлекеттің саяси міндетімен ұштастыруға тырысты, адамның рухани өмірінің заңдарын ашты, тәрбие қызметінде басшылыққа алуға болатын бірқатар ережелерді қалыптастырды. «Баланы кішкентай кезінен бастап тәрбиелеу керек, жеке адамның қалыптасуы оның табиғатына және тәрбиесіне, алған біліміне байланысты», - дейді Демокрит. Оның: «Әкенің жағымды ой тастауы – балаға деген дұрыс тәлімгерлік», - деген сөзінен әкенің балаға өз сөзімен, ісімен, сенімімен үлгі бола білуіне үлкен көңіл бөлгенін көреміз.

Сол кездегі грек философы Пифагор «Занды сыйла» ережесінде балаға білім, тәрбие беруді ата-анаға міндеттеген; білім ордаларында отбасы мен мектеп бірлесе баланың білім, тәрбие алуына ортақ мүдделес екенін айтқан; жас ұрпақтың әкені, үлкенді сыйлауына көңіл бөлген; адамдар, туыстар арасында сыйласымдылық қалыптасуын көздеген. [6]

XI ғасырда жазылған Қайқауыстың «Кабуснама» еңбегі де отбасы тәрбиесіндегі ата – ана рөлін аша түседі. Кабуснамадағы «Ей, перзентім, сен осы үгіттерімді ұғып іске асырсаң, мен аталық парызымды өтегенім. Жақсы көрген адамым да, үмітім де өзіңсің. Сондықтан бар

асылымды өзіңе тапсырдым, сен оны дұрыс пайдаланып, қисық жолға қадам баспағайсың» [7, 10 б.] - деген насихат сөздері бүгінгі күнге дейін тәрбиелік құндылығын жойған жоқ.

«Тадбири манзел» еңбегінде Ибн Сина негізгі бөлімін «мектепте балаларды оқыту мен тәрбиелеу», - деп атаған. [6] Өз еңбегінде ғалым отбасындағы білім берудің негізін қалауға тырысты. «Егер отбасы балаға білім беру әдістерін дұрыс пайдалана алса, өз өмірінде бала бақытқа кенеледі», - деген сөзі келер ұрпақтарға өзінің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасымен құнды болып қала бермек.

Ынтымақтастық – түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі. Ынтымақтастық қазіргі адамзаттық өзара түсінісуінің, ортақ мәселелерді біріккен әрекеттермен шешуге ұмтылуын, бейбітшілікті қамтамасыз етуінің негізгі формасы болып табылады. Ынтымақтастық педагогикасы – тұлғаның дамуында гуманизм пирнциптері мен шығармашылық тұғырға сүйенген тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің өзіндік жүйесін көрсететін ХХ ғ. Екінші жартысындағы отандық педагогикадағы бағыт: баланы жақын даму аймағында оқыту; қысымсыз оқыту; тірек сызба түрінде орналасқан белгілердің, кілтті сөздердің жиынтығы; озу идеясы; күрделі блоктар идеясы; таңдау еркіндігі идеясы; диалогтық ойлау идеясы; идея интеллектуальды рең классы идеясы; мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен қызметінің идеясы; бос уақыттағы ерңктілік идеясы. Ынтымақтастық қарым-қатынас жүйесі ретінде көп аспектілі; бірақ онда маңызды орынды «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы алады.

Ынтымақтастық қызметі оқушы мен мұғалімнің тепе-теңдік жағдайында дамиды. Мұнда оқушы өзінің оқу қызметінің субъектісі болып табылады [16]. Бұл технология арқылы ынтымақтастық ұжымның әкімшілікпен, мұғалімдермен және оқушылар ұжымымен, сондай-ақ қоршаған әлеуметпен – *ата-аналармен, отбасымен*, қоғамдық ұйымдар арасында туындайды. *Ынтымақтастықта оқытудың басты мақсаты* – оқушылардың ішкі күштері мен қабілеттерін ояту, тұлғаны жан-жақты дамыту мақсатында баланың бар мүмкіндігін пайдалану. Мұндай тұғыр балада өзі туралы жағымды түсініктерге, ары қарайғы даму мен өзін-өзі жүзеге асыруға сәйкес келетін жағымды мен тұжырымдамасын қалыптастырады.

Ынтымақтастық педагогикасы келесідей принциптер бойынша негізделді: оқыту мұғалім мен оқушының шығармашылық өзара әрекеттестігі ретінде; қысымсыз оқыту; күрделі мақсаттар идеясы; күрделі блоктар идеясы (блокта бірнеше сабақтардың біріктірілуі); тіректердің қолданылуы (тіректік сигналдар, сызбалар, бөлшектер); іс-әрекет өзіндік анализі (топтық, индивидуальды); интеллектуальды фон классы; ұжымдық шығармашылық тәрбиелік қызмет (коммунарлық әдістеме); оқушылардың өзін-өзі басқаруының дамуы; мұғалімдердің бір-бірімен және ата-аналармен ынтымақтастығы [17, 59-61 б.]

Колледжбен отбасы арасындағы өзара әрекетінің басты қызметтері:

- ақпараттық; тәрбиелілік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық; -
- қорғау-сауықтырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық.

Аталған өзара әрекеттің міндеттері:

- Ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыру;
- Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық білім, біліктермен қаруландыру;
- Колледжбен отбасы арасындағы өзара әрекетін ұйымдастыру жолдары:
- Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен күш қуатын айқындау мақсатында зерттеу;
- Отбасының адамгершілік бағыттылығына қарай оларды топтастыру;
- Олардың бірлескен әрекеттерінің ағымдық және соңғы нәтижелерін талдау.

Яғни, отбасы мен колледждің бірлескен әрекетін тиімді ұйымдастыру педагогикалық зерттеулерден басталады.

Колледжбен отбасы арасындағы ынтымақтастығы дегеніміз – бала тәрбиесінде отбасы мен колледждің бірін-бірі толықтыруы, өзара хабарласа, келісе әсер етуі, ықпал жасауы деген қорытындыға келдік.

Колледжбен отбасы арасындағы ынтымақтастығы *жасөспірім тәрбиесінде* – ортақ мақсатты бірлесе талдау, өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп, қуанышта ортақтас болу секілді кең ауқымды эмоция түрлерін қамтиды. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде ортақ келісімде іс-әрекеттер, өзара түсіністік қалыптасады. Бұл жерде мектеп ұжымының ынтымақтастығы, жасөспірімдердің бірі-бірімен ынтымақтастығы және отбасы мүшелерінің ішкі ынтымақтастығы да аса маңызды факторлар екендігі айту керек.

Жасөспірімдердің тәрбиесіндегі колледжбен отбасы арасындағы ынтымақтастығы дегеніміз – жасөспірімнің тәрбиесін жақсарту мақсатында бағытталған, келісілген, үйлестірілген, әсер ететін шаралардың бір жүйеге бірігуі. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының жоғары өлшемді болуына сынып жетекші, педагог-психолог, әлеуметтік-педагогтың орны ерекше. Сонымен қатар пән мұғалімдері де жасөспірімді тәрбиелеуде өз үлестерін қосып отырады. Олар жасөспірімдердің пәнге деген ынта-ықыласына байланысты жасөспірім бойындағы белгілі бір ерекшеліктері, қызығушылықтары арқылы тәрбиелей алады. Колледж басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары көп. Олар: ата-аналармен жұмыс:

Топ жетекшілерінің және мұғалімдердің отбасымен жұмысы;

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

1. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату.
2. Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
3. Ата-аналар ұжымын құру.
4. Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

[18]

Ұстаздар мен ата –аналардың өзара қатынасының функциялары:

-тәрбиелік-дамытушылық;

-қалыптастырушылық;

-бақылаушылық;

-тұрмыстық;

-хабарламалық.

Міндеттер:

-ата- аналарды белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру;

-ата – аналарды педагогикалық білім – білікпен қалыптастыру;

-ата – аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру.

Топ жетекшісінің ата – аналармен қарым – қатынасының формалары.[19]

Ата – аналармен жұмыстың дәстүрлі формалары:

-ата- аналар жиналысы;

-жалпы сыныптық және жалпы мектептік конференциялар;

-ұстаздың жеке ақыл-кеңесі, әңгімесі;

-оқушылардың үйін аралау;

-ата – аналар университеті; ашық есік күні.

Ата – аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формалары:

-тақырыптық ақыл- кеңес, әңгіме;

-ата-аналар оқуы;

-ата-аналар кеші;

-ата- аналар тренингі.

Біз осы тақырыпты “Бала бақыт бастауы, отбасы алтын діңгегі” тренинг өткіздік. Тренинг мақсаты - студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуда ата-аналармен бірлесе жұмыстар жүргізу. Ата-ананың бала өміріндегі орнымен рөлі туралы ой- түрткі салу, өз баласын жақсы тану мақсатында психологиялық көмек және кеңес беру. Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық тұрғыда ақпараттандыру. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі

негізгі тұлға екеніне көз жеткізу. Балалар бақыттың бастауы, отбасы алтын дінгегі болу үшін, ата-ана ролі қандай болу керек? - деген, сұрақтың жауабын табу.

Тәжірибелік жұмыстың өткізілу барысында:

а) Ата-аналарға сауалнама «Мен баламды жақсы білемін бе?»

б) «Бүгінгі күн тәртіпінде қозғалатын ойлар»

в) Топ студенттерінің бүгінгі таңдағы жағдайы төмендегі төрт тақырып аясында өрбиді. Ата-аналар әрбір тақырып бойынша әңгіме қозғалған кезде, баласына қатысты тұстарын байқап, өз эмоциясын алдарындағы смайликтер арқылы көрсетіп отырады.

- «Біз, немізбен мақтана аламыз»
- «Біздің әлсіз жақтарымыз»
- «Біз үшін қауіп»
- «Біздің мүмкіндіктеріміз»

Топ жетекшісі: «Бала сізбен бірге болатын – мәңгілік мейрам!» Видеоролик: «Ата – аналар жауапкершілігі»

Қорытынды бөлім

а) Ата-аналар жиналыс – тренинг барысында алған әсерлерімен бөлісіп, «Ашығын айтсам» тақырыбындағы кестені толтырады.

«Ата-анам менің көзіммен»

<p>«Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі. Ата-аналар тобы мен оқушылар тобына жағдаяттардың шешімін табуға ұсынады</p> <p>Ата-аналарға арналған жағдаяттар</p> <p>1 Сіздің балаңызда күдікті орта пайда болғанын білдіңіз, барлық бос уақытың солармен бірге өткізеді, сіздің сөзіңізді емес, сол достарының айтқандарына құлақ асады. Сіздің әрекетіңіз?</p> <p>2. Жаңа жыл мерекесін дәстүр бойынша бірге қарсы аласыздар, бірақ 16 жастағы балаңыз қарсылық білдіріп, мейрамды достарымен бірге өткізгісі келді. Сіздің әрекетіңіз?</p> <p>3. Сіздің балаңыз сізге сабақ үлгерімі туралы жалған айтты. Сынып жетекшіден балаңыздың сабақ үлгерімі төмендеп кеткенін білдіңіз. Сіздің әрекетіңіз?</p> <p>4 Сынып жетекшіден, балаңыздың сабаққа қатыспай жүргенін білдіңіз. Бірақ балаңыз күнде сағат 12.30 жиналып сабаққа кетіп, сағат 18.30 сабақтан келеген сияқты болады. Сіздің әрекетіңіз</p> <p>5 Сіз жұмыстан шаршап келесіз, әдеттегідей балаңыз затарын өз орнына қоймай, шашып тастапты. Үндемей жинап қойдыңыз. Келесе күн осындай жағдай қайта қайталанды. Сіз балаңызбен сөйлестіңіз. Балаңыз түсінген сияқты болды. Бірақ ешқандай өзгеріс болған жоқ. Сіздің әрекетіңіз?</p> <p>Студенттер тобына жағдаяттар:</p> <p>1. Қалаға қызықты цирк келді. Сенің қолыңда екі билет ғана бар. Отбасы мүшелерінің арасында кімнің сенімен барғанын қалар едің?</p> <p>2. Үй тапсырмасын орындауда қиындық туды. Отбасы мүшелерінің арасынан кімді көмекке шақырар едің ?</p> <p>3 Үй тапсырмасын орындауда қиындық туды. Отбасы мүшелерінің арасынан кімді көмекке шақырар едің ?</p> <p>4. Отбасы мүшелерімен бірге Лото ойының ойнауға келістіңіздер. Лото ойынына 4 адам ғана қатысу керек. Бір отбасы мүшесі артық, ойынға қатыспайды. Ол кім болмақ ?</p> <p>5. Сенде өзің шеше алмайтын жағдай болды. Кімнен кеңес сұрар едің?</p> <p>6. Саған дүкенен ұнаған затынды сатып алуға ақшаң жетпеді. Жетпей қалған сомманы отбасы мүшелерінің қайсысыңнан сұрар едің?</p>	<p>Ата аналар тобы өзара жағдаяттарды талқылап, ойларын ортаға салады</p> <p>Оқушылар тобы өзара жағдаяттарды талқылап, ойларын ортаға салады</p>
--	---

Жүректен жүрекке

Ата –аналар мен оқушыларға бір-біріне деген жылы тілектерін стикерге жазып , ағашты көркейтуге ұсынады

Ата –аналар стикерге балаларына тілектер жазады
Балалар ата- аналарына тілектер жазады.

Рефлексия	
Топ жетекшісінің іс-әрекеті	Қатысушылардың іс-әрекеті
Тренингтен алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу үшін стикерлер тарату.	Жиналыс-тренингтен алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерлерге жазады

Өтілген тренинг нәтижесін айтатын болсақ, жас өспірім тәрбиесіндегі колледжбен отбасы ынтымақтастығында тағыда көптеген жұмыстар атқару керектігі жайында қорытындыға келеміз. Себебі, топ жетекшілерінің, педагог-психологтың ата-аналармен қарым-қатынас жасауда көптеген әдіс-тәсілдерді, жұмыстарды т.б. меңгеру керектігі көрініп отыр.

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1)Отбасылармен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында түрлі әдістерді («алғыс хат»; «ашық хат»; «интернет арқылы қарым-қатынас орнату және жүздесу»; «ақпарат бетіне үлгілі ата-аналар туралы мақалалар жазу»; «ата-аналар комитетін дұрыс жүргізу»; «тақырыптық дөңгелек үлтелдер» т.б.) жиі қолдану;

2)Ата-аналарға арналған отбасындағы баланы тәрбиелеу тақырыбында дәрістер, семинар, тренингтер өткізу;

3)Отбасы тәрбиесінде қолданысқа тиімді әдістемелік-ақпараттық оқу құралдарын көбейту және т.б.

Біз қазір осы зерттеу жұмысы көлемінде отбасы мен мектеп ынтымақтасығы мәселесін, отбасы тәрбиесінің педагогикалық шарттарын, ерекшеліктерін, тиімді жолдарын түбегейлі шештік деп айта алмаймыз. Себебі, бұл мәселе әлі де тереңінен, және әр қырынан зерттеуді қажет етеді деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Балалар құқығы туралы Конвенция», 1989 ж. Нью Йорк. БҰҰ бас штаб пәтері
- 2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», 2007 ж.
- 3.Қазақстан Республикасының «Балалардың құқығы туралы заңы», 2002 ж.
- 4.«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» , 2004 ж.
- 5.Қазақстан Республикасының Конституциясы // Қазақстан мектебі, 1995.
- 6.Әлемдік философиялық мұра. 1 том. – А.: Жазушы, 2005. – 560 б. Б.199
- 7.Кайкаус. Қабуснама / Өзб.ауд. Т.Айнабеков. – А.: балауса, 1992. – 160 б. Б.10.
- 8.Байдельдинова Г.К. Научно-теоретические основы подготовки будущих учителей для организации взаимодействия школы и семьи. – А.: Ғылым, 1998. – 81 б.
- 9.Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы: п.ғ.к. Дисс. – А.: 1999. – 127 б.
- 10.Шарафадин А.А. Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары. П.ғ.к. Дисс. – А., 2004. – 130 б.
- 11.Қоңырбаева С.С. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары: п.ғ.к. Дисс. – А., 2008. – 180 б.
- 12.Шүйіншина Ш.М. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігінің педагогикалық шарттары: п.ғ.к. Дисс. Астана, 2008. – 170 б.

13. Нұрғалиева Д.Ә. Тәрбие процесінде 5-9 сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: п.ғ.к. Дисс. – А., 2005. – 140 б.

14. Есім Ұ.Ә. Қазақ отбасында халықтық педагогикалық құралдары арқылы мектеп жасындағы қыз баланы тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: п.ғ.к. Дисс. – А., 2006. – 149 б.

15. Колесова Л.Г. Организация взаимодействия семьи и педагогического коллектива в структуре деятельности заместителя директора школы по учебно – воспитательной работе. Дис. К.п.н. – Сан-Петербург., 1999. – 137 с.

16. Берікханова А.Е. Ынтымақтастық технологиясының тиімділігі. // Оқыту – тәрбиелеу технологиясы, - 2007. - № 5. 22-25 б.

17. Ж.Б.Қоянбаев., Р.М.Қоянбаев. Педагогика. Астана: «ЕАУ», 1998 ж. 378 бет.

18. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші: - Алматы, 2004. – 224 бет. [145-146 б.]

19. Н.Б.Қазбекова., Сынып жетекшісінің анықтамалығы. 2011. № 7 (31).

20. Ильин Е.Н. Путь к ученику: Раздумья учителя-словесника: Из опыта работы.- М.: Просвещение, 1998.-224 с.

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫМЕН БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ҚОЛДАНУ

Ильяшов М.Б., Абеуова Г.С.

№15 ЖББОМ КММ, Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен
байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа
білім беру өте қажет» Н. Ә. Назарбаев

Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты- оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай-ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады.

ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында келесі міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;

- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;

- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Ақпараттық –коммуникациялық технологияны (АКТ) бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Ақпараттық –коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Қазіргі таңда оқушы - ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек.

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек»-деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді. Жылдан-жылға білім беру ісі ерекше қолға алынып отыр. Мектептерде жаңа бағдарламалар, технологиялар пайдаланылып жүр. Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Дүние жүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артты. Адамның болашағы, оның қазіргі алған білімнің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі, білік негіздерден меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі жүйені бұзу үшін оқытуды жаңаша ұйымдастыру қажет. Ол мына міндеттерді қамтуы тиіс:

1. оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
2. ұжымдық іс- әрекетті ортақ қарым- қатыныс құралы ету;
3. деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс- әрекетінің субъектісі етуге ұмтылдырады, мақсатты оқу іс- әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс - әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар амалдар мен құндылықтар жиынтығын қалыптастырады. Ол үшін сабақты мұғалім қызықты, тартымды өткізуі керек. Сабақ - өте күрделі, сан қырлы. Әрбір сабаққа қойылатын

басты талап: оқушының білімге деген қызығушылығын арттыру; сабақтың әдіс-тәсілдерін түрлендіру; ақпараттық технологияны тиімді пайдалану, оқушылар сезіміне әсерін білу;

балалармен ынтымақтастықта болу; сабақтың өмірмен байланысын нығайту; мұғалімнің сабақтағы жаңашылдық, шығармашылық әрекеті.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Яғни, жаңа ақпараттық технологиялар - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудағы негізгі құрал компьютер және интерактивті тақта болып табылады.

Интерактивті тақта - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Қазіргі уақытта білім беруде интерактивті құралдар кеңінен қолданылып жүргені баршамызға аян. Сонымен қатар интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Білім берудегі интерактивті технология - мұндағы интерактивті сөзі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға, оқушының сабаққа қатыспауы мүмкін емес, бірін-бірі толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті тақтаның білім беру процесінде үлкен мүмкіншіліктерге ие екенінін байқауға болады:

✓ Интерактивті тақта – оқытушыға оқыту үрдісін оңтайландыруға, білім алушының танымдық белсенділігін дамытып, мазмұнды және көрнекі тапсырмалар құруға, сабақты құрылымдауға, сабақ барысы мен қарқынын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологиялық құрал екеніне көз жеткіземіз.

✓ Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі. Атап айтар болсақ:

- ✓ Пән бойынша базалық білімді меңгеру ;
- ✓ Алған білімді жүйелеу ;
- ✓ Өзін - өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ Жалпы оқуға деген ынтымақын арттыру

Қытайдың бір нақыл сөзіне көңіл аударсақ: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген.

Яғни, оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табатынын көруге болады. Соңғы кездерде «педагогикалық технология» жөнінде жиі сөз қозғалып жүр. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. «Педагогикалық технология» дегеніміз не? Педагог ғалым Беспалько өзінің «Слагаемые педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «Оқу тәрбиесі процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы - белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы». Технология қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын ғана, нақты мақсаттардың алдын ала ойластырылған нақты жобасы, яғни, белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы. Ал, педагогикалық жүйе – педагогикалық технология негізі. Кәсіпке дайындау, мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселелер. Педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді.

Ақпараттық технологиялар мен жаңа педагогикалық технологияларды ұштастыра отырып, оқыту үрдісін жаңаша сипатта жүргізу әдісін өз тәжірибеме енгізіп, іс жүзіне асырудамын.

Сын тұрғысынан ойлауды үйренген оқушы «Оқушы-компьютер-интербелсенді тақта - мұғалім» жүйесін қалыптастырады, оқушы-басты тұлға, жаңа тақырыпты ақпарат көзі –

Опираясь на программу музыкального воспитания в детском саду выдвигаются следующие задачи музыкально-ритмической деятельности : «Научить ритмично двигаться в соответствии с различным характером музыки, динамикой (громко, умеренно, тихо, громче, тише), регистрами (высокий, средний, низкий) переходить от умеренного в быстрому темпу, отмечать в движении метр (сильную долю такта), метрическую пульсацию и простейший ритмический рисунок в хлопках, менять движения в соответствии с двух – и трехчастной формой и музыкальными фразами. Нужно согласовывать с музыкой следующие движения: ходить легко, ритмично, бегать быстро, с высоким подъемом ног, скакать с ноги на ногу, выполнять движения разного характера с предметами и без них, пружинить на ногах, передавать игровые образы различного характера, строить самостоятельно ровный круг, соблюдая расстояние между парами, суживать и расширять круг, расходиться из пар в разные стороны.

Педагог должен добиваться не просто усвоения какого-либо движения, а качественного, выразительного его исполнения. С целью развития танцевальных импровизаций хорошо использовать различные и переплясы. Дети с увлечением соревнуются в нахождении новых сочетаний знакомых плясовых движений. Дети иногда очень нерешительно включаются в такие задания. Но к концу года многие могут достаточно выразительно передать в танце характер, настроение.

Исполнение музыки, сопровождающей танцевальными движениями должно быть таким же точным и художественным, как и музыка, сопровождающая игры. При такой работе игра, пляска или хороводы долго остаются для детей увлекательными и интересными. У них накапливается репертуар любимых произведений, к которым они с удовольствием возвращаются в течении всего года, получая от них радость и яркие впечатления. От такого времяпрепровождения выигрывают все – и дети и взрослые. Музыкальное творчество активизирует фантазию ребенка, способствует обучению, лучшему усвоению танцев, игр, хороводов проявляя свою индивидуальность.

Литература:

1. Детские подвижные игры А. Кенеман, Т. Осокина 1988г
2. Музыкальные игры и пляски в детском саду Л.Н.Кондрашова С.Д. Руднева 1963г
3. Развивающие музыкальные игры И.Агапова, М.Давыдова 2006г
4. Развитие музыкальных способностей у детей М.Михайлова 1997г
5. Музыкально-двигательные упражнения Г.Соболева.З.Ушакова 1961
6. Музыкально-дидактические игры Н.Кононова 1982г
7. Музыка и движение С.Бекина Т. Ломова. Е.Соковнина 1983г

ФОРМИРОВАНИЕ ФИТНЕС ТЕХНОЛОГИЙ В ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩЕЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У ДОШКОЛЬНИКОВ

Ботнаренко Л.В., Витенбах С.В.
КГКП я/с № 63 «Мелдір»

Актуальность. Одним из приоритетных направлений формирования и укрепления здоровья нации служит процесс физического воспитания подрастающего поколения, ориентированный на укрепление здоровья, повышение их работоспособности и физической подготовленности

Детство – лучшее время для формирования привычки «быть в форме». Главная задача взрослых выработать у детей такую привычку, создать все необходимые условия для утоления «двигательного голода», найти новые подходы к физическому воспитанию и оздоровлению дошкольников. В определенной мере помочь в этом могут фитнес технологии. Что же это такое?

Детский фитнес – это система мероприятий (услуг), направленных на поддержание и укрепление здоровья (оздоровление), нормальное физическое и психическое здоровье ребенка (соответствующее возрасту), его социальную адаптацию и интеграцию.

Использование элементов детского фитнеса в ДОУ (на занятиях по физкультуре, в рамках дополнительного образования) позволяет повысить объем двигательной активности, уровень физической подготовленности, знакомит с возможностями тела, учит получать удовольствие и уверенность от движений и физической деятельности, усиливает интерес к занятиям физическими упражнениями и, как следствие, укрепляет здоровье детей.

На таких занятиях царит непринужденная обстановка, свобода движения, возможность отступления от правил, бесконечность вариаций со спортивно-игровым оборудованием. Занятия элементами фитнеса создают благоприятные условия не только для физического, но и психомоторного развития дошкольников. Дети с удовольствием выполняют все задания, развивающие активность, самостоятельность, творческий подход и интерес к занятиям физкультурой.

В последние годы спектр фитнес-технологий, используемых в работе с детьми, значительно расширился:

- Стэп-аэробика
- Фитбол - гимнастика
- Черлидинг
- Игровой стретчинг
- Фитнес технологии
- Пилатес

Фитнес-технологии – это, прежде всего, технологии, обеспечивающие результативность в занятиях фитнесом. Более точно их можно определить как совокупность научных способов, шагов, приёмов, сформированных в определённый алгоритм действий, реализуемый определённым образом в интересах повышения эффективности оздоровительного процесса, обеспечивающий гарантированное достижение результата, на основе свободного мотивированного выбора занятий физическими упражнениями с использованием инновационных средств, методов, организационных форм занятий фитнеса, современного инвентаря и оборудования.

Одна из самых распространенных и современных форм физкультурно-оздоровительной работы с дошкольниками – занятия с использованием тренажеров. В работе с детьми дошкольного возраста используются как простейшие, так и сложного устройства: степы, мячи-фитболы, диски здоровья, гимнастические роллеры, детские резиновые эспандеры,

скамьи для пресса, велотренажеры, беговые дорожки, мини-батуты, тренажеры гребли. Условно к тренажерам можно отнести также пластмассовые гантели и гантели до 0,5кг, медболы, шведские стенки, коррекционные мячи большого диаметра, массажные коврики.

На таких занятиях тренируется сердечно-сосудистая система, дыхательная, развивается общая выносливость, приобретаются двигательные умения и навыки, способствующие укреплению здоровья дошкольников, а также формируется интерес и потребность в занятиях физкультурой и спортом. Занятия на тренажерах начинаются с 1 минуты и с простых упражнений.

Упражнения игрового стретчинга охватывают все группы мышц, носят понятные детям названия (животных или имитационных действий) и выполняются по ходу сюжетно-ролевой игры, основанной на сказочном сценарии. На занятии предлагается игра-сказка, в которой дети превращаются в различных животных, насекомых и т.д., выполняя в такой форме физические упражнения. С подражания образу малыши познают технику спортивных и танцевальных движений и игр, развивают творческую и двигательную деятельность и память, быстроту реакции, ориентировку в пространстве, внимание и т.д. Эффективность подражательных движений заключается еще и в том, что через образы можно осуществлять частую смену двигательной деятельности из различных исходных положений и с большим разнообразием видов движения, что дает хорошую физическую нагрузку на все группы мышц.

Методика игрового стретчинга основана на статичных растяжках мышц тела и суставно-связочного аппарата рук, ног, позвоночника, позволяющих предотвратить нарушения осанки и исправить ее, оказывающих глубокой оздоровительное действие на весь организм.

Степ – аэробика – танцевальная аэробика с применением специальных невысоких платформ – ступен (высотой – 10см, длиной – 40, шириной – 20; высотой ножики- 7 и шириной – 4см). Это нестандартное пособие, предназначенное для работы с детьми 4 – 7 лет, способствует формированию осанки, костно-мышечного корсета, устойчивого равновесия, укрепляет сердечно-сосудистую и дыхательную системы, усиливает обмен веществ, совершенствует точность движений, развивает координацию, уверенность и ориентировку в пространстве, улучшает психологическое и эмоциональное состояние ребенка.

В настоящее время в работу с детьми активно внедряется черлидинг – зажигательные спортивные танцы с помпонами, сочетающие элементы акробатики, гимнастики, хореографии и танцевального шоу.

Черлидинг развивает творческие и двигательные способности и навыки дошкольников, позволяет увеличить объем двигательной активности детей в режиме дня, формирует навыки общения в коллективной деятельности.

Детский пилатес – специально составленная программа на основе базовых упражнений Pilates, адаптированных к детям различного возраста. Для 5-6 летних воспитанников занятия проводятся в игровой форме. Следуя за волшебными героями, они выполняют упражнения, незаметно для себя укрепляя мышцы тела, создают крепкий мышечный корсет, развивают силу, гибкость, растяжку. Для таких занятий используется всевозможный спортивный инвентарь, подбирается специальная музыка, создающая благоприятную атмосферу. Упражнения делаются плавно, медленно и требуют полной концентрации внимания, контроля за техникой их выполнения и правильным дыханием.

Внедряя в работу комплексное сочетание программ и технологий в системе занятий физической культурой, мы пришли к выводу, что

1. У детей повышается интерес к таким занятиям.
2. Увеличивается уровень их физической подготовленности, развитие физических качеств: мышечной силы, ловкости, выносливости, гибкости;
3. Развиваются психические качества: внимание, память, воображение, умственные способности.
4. Происходит воспитание нравственных качеств, коммуникабельности.

5. Укрепление костно-мышечной системы, повышение функциональной деятельности органов и систем организма.

6. Создание условий для положительного психоэмоционального состояния детей, а значит, благоприятно сказывается на здоровье каждого ребенка.

Дети стали гибче, выносливее. Появилось качество в технике выполнения движений и выразительность в моторике. У детей появился эмоциональный отклик на физическую активность, спортивная страсть, интерес, азарт. Воспитатели стали замечать, что у них появилась выносливость в различных видах деятельности, повысилась умственная трудоспособность, усидчивость, они стали выдержаннее и внимательнее. И ещё самое главное то, что улучшилась эмоционально-двигательная сфера ребёнка. У детей наблюдается гордая осанка, в движениях свобода и непринуждённость, появилась естественность и разнообразие в жестикуляции и позах, взгляд прямой, открытый, заинтересованный, выражение лица радостное, светлое, осмысленное, мимика живая, выразительная, речь становится внятной и мелодичной.

Использование элементов фитнес-технологий в работе с дошкольниками способствует привлечению детей к систематическим занятиям спортом, активному и здоровому досугу, формирует представление о фитнесе как о способе организации активного отдыха.

Список литературы

1. Аэробика. Теория и методика проведения занятий : учебное пособие для студентов физической культуры / Под ред. Е. Б. Мякинченко и М. П. Шестакова. - М.: Спорт Академ Пресс, 2002. - 304 с.

2. Борисова В. В. Педагогическая технология оздоровительной работы как фактор оптимизации режима учебного дня младших школьников: В. В. Борисова. - М., 2002.

3. Крючек Е. С. «Аэроби»

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Искакова А.С., Абдильдина М.К.

КМҚК «Айгерім» бөбекжайы, Қарағанды қаласы

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»

Н.Ә.Назарбаев

Жаңа ғасыр – жаңа заман талабына сай ХХІ – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой – өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті.

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп қарыштап қадам басып жатқан тұста, білім жүйесіне де тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. Осы бағытта жұмыстану үшін білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру тәрбиешілердің шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы зор. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата – ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөлінеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табауда.

Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс қызметтерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді.

Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым – қатынасы болып табылады.

Қарым – қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға жағдай туғызу қажет.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- Деңсаулық сақтау технологиясы
- Жобалы – іс шығармашылығы
- Ізденіс – шығармашылық технологиясы
- Қатынасатық – ақпараттық технология
- Ойын технологиясы
- ТРИЗ технологиясы және т.б.

Технология дегеніміз - көптеген әдістердің жиынтығы. Мысалы, көз алдымызға үлкен бір құрылысты елестетіп көрейік. Сол құрылысты салу үшін көптеген кірпіш керек. Кірпіштерді дұрыс қаламаса, ол құлап қалуы мүмкін. Ол үшін білгір басқаруы керек. Міне, біздің технологиямыз да осы іспеттес. Тәрбиеші – басқарушы ретінде әдістерді тиімді пайдалана білмесе, оның технологияны түсінбегені. Оқытудың жаңа технологиясы – оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін қолдануды, оқытудың әр түрлі әдістер мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасын білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс – әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан – жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс – қызметі барысында ертегі кейіпкерлерінің жан- жақты мінез – құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді.

Барлық оқу іс – әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Ертегінің өзіндік құрлысы, көркемдік ерекшелігі бар. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс – әрекет өткір сықақ – мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

Сондықтан қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру, инновациялық технологияларды қолданылу мәселесі басты орында.

Біз балабақшада оқу қызметтерін ұйымдастырған кезде мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне мән бере отырып, жаңашыл технологияларды қолданамыз. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру мен жан-жақты дамытуда жаңа әдіс-тәсілдерді тіл дамыту сабағында үнемі пайдаланамыз. Мектепке дейінгі жаста баланың тілі белсенді дамиды: практикалық қолданысы жүзеге асады, сөздік қоры өседі, грамматикалық тілдік құрылымын меңгереді, фонетикалық есту қабілеттері дамиды, тілдің ауызекі сөйлеу құрылымын түсінеді. Мектепке дейінгі жас психофизиологиялық тұрғыдан тілді меңгеруге өте тиімді.

Балаланың тілді қабылдау мен дыбыстау сезімталдығын есепке ала отырып, ерте жастан оның бүкіл өмірінде тілдік ерекшеліктерді қалыптастыру үшін тілдік аппараттың иілгіштігін дамытуға және сақтауға болады. Бала кішкентай кезінде кез-келген тілдің дыбыстарын дұрыс айтуға қабілетті болатыны анықталған. Ал эмоционалды жағымды орта мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда маңызды рөл атқарады, бұндай жағдайда балалардың тілдік қарым-қатынасқа түсу ниеттері белсенді болады.

Тілдің дамуы баланың ойлауы мен елестетуін қалыптастырумен де тығыз байланысты. Егер мектеп жасына дейінгі ересек балалардың бір-бірімен сөйлесу, тілдік қарым-қатынасқа түсу қабілеттері жоғары деңгейде болса, ал үлкендермен қарым-қатынас кезінде тыңдай білу, өзіне қаратылып айтылғанды түсіну, диалогқа түсу, сұрақтарға жауап беру және өзі де сұрақ қоя білу дағдыларын дамытуда біраз жұмыстар атқару қажет. Ол үшін біз тіл дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қызықты және мазмұны жағынан қарапайым әңгімелер құрастыра білуге, сөз тіркестерін грамматикалық және фонематикалық тұрғыдан дұрыс құрастыра білуге, монолог түрінде сөйлей білуді үйретеміз. Қарапайым ауызекі сөйлеу тілін меңгермеген бала, өз құрдастарынан артта қала бастайды, тіл кемістігін жөндеу мен түзету кеш болып кетеді де, баланың ойлауы мен психикасының дамуында кемістік болады. Осы мәселені зерттей келе, біз тіл дамыту сабағында әртүрлі әдіс-тәсілдермен инновациялық технологияларды қолдану мен негіздеуді қолға алдық.

Балабақшада ертегі айту, ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті мен және одан тыс уақыттарда өтіледі. Оқу жұмысы баланың жас ерекшелігіне орай жоспарланады.

Қазіргі заман талабына сай үздіксіз білім беру арқасында жаңа талапқа сай ұрпақ тәрбиелеу – ұстаз міндеті. Баланың ой санасын дамыту арқылы шеберлікке жан – жақтылыққа, ойының жоғары дәрежеде жетілуіне, білім деңгейінің артуына оқыта отырып тәрбиелейміз. Ертегі арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл – ой өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, педагогикалық процестің алдына қойылған міндеттерін іске асырудың ең тиімді әдіс, тәсілдерді, ұйымдастыруға қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан – жақты етіп қалыптастыру бірлікте шешімін табады. Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай жан – жақты дамуына тигізер үлесі өте зор.

Жаңа технология әдістерін қолдану – бұл әр баланың жүрегіндегі сезім – талшықтарын, қиялындағы ойды ояту, шығару, қабілетін ашу. Логикалық ойлау қабілетін дамыту, шығармашылығын жетілдіру. Баланың тапқан жаңалығын сыртқа шығару, талдау. Қай технологияны ұйымдастырған оқу іс әрекетінде қолдансаң да, осы тұжырымды басшылыққа алу керек. Сонда ғана баланың білім сапасын арттыруға қол жеткізесің.

Инновациялық технология – бұл өзіңіздің әдістемелік жүйе. Яғни, әр тәрбиеші оқыту технологиясы бойынша жылдар бойы жинақтаған іс – тәжірибесінің нәтижесі.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр тәрбиеші алдында отырған баланың жас ерекшелігін ескеріп, өзінің шеберлігіне орай тандап алады.

Бір сөзбен айтқанда әр тәрбиеші – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан – жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез – келген ортаның ұйтқысы болу керек.

Жаңа технологияны меңгеруде тәрбиешінің жан – жақты, білімі қажет. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы бала тек тындаушы, орындаушы болса, ал қазіргі бала – өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – балабақша, ал балабақшаның жаны – тәрбиешілердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Бәрімізге белгілі, біздің қоғам аса күрделі жағдайларды бастан кешірді. Өтпелі кезеңге тән өмірдің ауыртпалықтарын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ адам қандай жағдайда да өзінің биік адамгершілік сипаттарын, кісілік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс. Тәрбиенің осы жақтарын қазақ жастарының санасына кішкентайынан терең енгізу қажет. Олай болса, қоғам болашағы- жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас.

Қорыта келгенде, бүгінгі талапқа сай мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің жаңа саласына жету – тәрбиешінің мейірімділігімен, біліммен, шеберлігімен тығыз байланысты. Өз мамандығына жан – жүрегімен берілген тәрбиеші ғана ұстаздық этиканы да, ұстаздық техниканы да, шеберлікті де жақсы меңгереді.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген.

2. Виноградова Н.Ф. Дети, взрослые и мир вокруг. М: Академия, 2008 – 152 с.

3. Организация жизни и деятельности детей в разновозрастной группе малокомплектного детского сада: Методические рекомендации / сост. Л.Г. Наугольных., В.В. Раева

4. Республикалық педагогикалық әдістемелік журнал №3 2012 жыл

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мажимова Ә.Б.

КМҚК «Қарлығаш» бөбекжайы, Қарағанды қаласы

Қазіргі таңда адамзат қоғамында ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалар, технологиялар енгізілуде. Бөбекжайда тәрбиеленуші еліміздің болашағы жас ұрпақты білімді және парасатты тұлға етіп тәрбиелеуіміз бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Инновациялық оқыту талаптарына сай бөбекжайымызда стандарттық оқыту міндеттерінде ұлттық тәрбиені енгізуге негізделген оқыту қызметтерінде, вариативтік компонент сабақтарында, мерекелік іс-шараларда ұлттық тәрбиеге көңіл бөлінген. Білім беру мен тәрбие үдерістерінде ұлттық құндылықтарымызды қарастырсақ, ерте жастан балаларымыздың ұлттық сана сезімі жетіліп, тұлғалық қасиеттері жан-жақты дамып, жас ұрпаққа әлемдік құндылықтар мен ерекшеліктерді өз тәжірибелеріне кіріктіре меңгеруіне мүмкіндік туғызамыз. Инновациялық

қызмет оқыту іс-әрекет түрлерін дамытуға, тәрбие мәнін тереңдетуге, жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту және т.б. Ойын- әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде интерактивті тақта арқылы тақырыптық көрнекіліктерді арнайы таспаға жазып таныстырамын, ұлттық салт-дәстүрлеріміз туралы деректі фильмдерді көрсетемін. Заманауи ұлттық тәрбие құралы- «Электронды қазақ үйінің» көмегімен балалардың санасына ұлттық рухтың дәнін себудемін. Электронды қазақ үйде 150 ертегі топтамасы бар. Бауыржан Момышұлы «Ертегі тыңдап өспеген бала, толық қанды кісі бола алмайды, ертегіде халықтың жаны мен намысы бар» деген. Ертегі тыңдау арқылы бала ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін талдап жақсы мен жаманды айқындауға үйренеді, тілдік қоры молаяды, қиял әлемі жетіліп, заттар мен құбылыстар жайында түсінігін және білімін жетілдіреді. Ертегі балаларды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке баулиды. Электронды қазақ үйдің ІІ бөлімінде 167 балалар әндері топтастырылған. Деңгейлік саралау технологиясы арқылы балалардың жас және жеке бас ерекшелігін ескере, ән-жыр үйретемін. «Өлең-жыр-өмір көркі!» деп білген халқымыз ән-күй, өлең-жырды адамның жан дүниесін жаңартып, рухын серпілтетін, мерейін асырып, жігерін тасытатын, қасиетті өнер санап, ұрпақтарын жастайынан өлең-жыр үйретуге баулыған. Жастайынан өлең-жыр үйренген балалардың үлгі-тағлымы артады, жақсы тамаша мінез-құлығы қалыптасады, тілдік қоры байып, ақындық қабілеті жоғарылайды, Отанын сүйуге, ата-бабасын ардақтап, зейінді де, зерделі азамат болуға талпындырады. Электронды қазақ үйдің тағы бір мүмкіншілігі бірнеше қайталап тыңдауға, флешкадан шығармаларды тыңдау мүмкіншілігі бар. Бөбекжайымыздағы ортаңғы топ балаларына мазмұны терең диалогтар жаттатып, баланың санасын тереңдетемін, яғни ақылдық танымға жетелеймін.

Мысалы:

- Ең құнды не, ұлым?
- Ол ғаламат ғылым!
- Тозбайтын не, күнім?
- Ол өнер мен білім!
- Парыз ба, шұлық тоқу?
- Парыз-адамға оқу!
- Не қымбат дейді атаң?
- Ол –туған жер, Отан!
- Бөлейтін не сыйға?
- Ол әдеп пен иба!
- Бақыт қалай келмек?
- Оны әкелер-еңбек!
- Жаңбыр неге себелер?
- Онымен жер көгерер!
- Күн болмаса, хош енді?
- Бүкіл тірлік өшеді!
- Болмаса егер жер жаһан,
- Мен де мүлде болмас ем! [1,436]

-деген сияқты елдің оқу-білім, ғылым-өнердің, еңбектің қасиетін түсінетін, күн, жер, жаңбырдың тіршілік қайнары екендігін ұғындыратын сөздерді жаттатып, Отан, туған жер, әдеп-иба қасиеттері сынды ұғымдарды көкейлеріне ұялатамын.

Қазақ отбасында халқының тыйым сөздері мен ырымдары баланы рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеуде қоршаған ортаны қорғаудың ерте заманнан жалпы халықтық тұрмыс салттарының маңызды бір бөлігіне айналған. Сондықтан да оқыту қызметтерінде халқымыздың сан жылдардан бергі ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ырымдары мен тыйымдарын көбірек пайдаланамын.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет-ойын. Өз тәжірибемде ойын технологиясын қолдана әрбір ойынды алғанда, ұлттық тәрбие, салт-дәстүр үйретуге икемдеп даярлаймын. Салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы зор. Ол бала тәрбиесіне байланысты тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып бөлінеді. Тұрмыстық салт-дәстүрлерді балаға таныстыру барысында «Киіз үй» тақырыбына құрастыру оқу қызметін өткіздім. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Ұйымдастырылған оқу қызметін әр баланың қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуда бейімдеу, ыңғайлау арқылы, екінші кішкентайлар тобында балалар киіз үйдің дөңгелек, ағаштан жасалып, киізбен жабылатыны туралы білім алса, ортаңғы топта киіз үй сүйектері: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, табалдырық, маңдайша, таянышпен танысты. Қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылатынын білді. Келешекте, жоғары топта киіз үй жабдықтарымен таныстырмақпын. Киізүй ортасында ошақ болады, үйдің оң жағына төсек, оның тұсына түскііз ұсталып, төрге жүкаяқ қойылып үстіне абдыра, көрпе-жастық, жүк жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазанаяқ, саба сияқты ыдыстар қойылатынын, әрбір зат ұлттық ою-өрнектермен әшекейленетіні туралы білім бермекпін. Киіз үй сүйектері, жабдықтары ақпараттық технология арқылы жеке-жеке көрсетіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінде «Киіз үй мен тұрғын үйді сипатта» ойынын ойнату арқылы балалардың салыстыру, танымдық қабілетін, сөздік қорларына жаңа сөздерді енгізу нәтижесінде тілдерін дамытамын. Мүмкіндігінше, ойын шартына баланы қызықтыратындай мәселе тудырамын. Оны шешуде бала тәрбие тағлымдарын қабылдайды.

Ынтымақтастық педагогикасы – педагогтың талап ету педагогикасын қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Баланы ізгілікке тәрбиелеу, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бөлігі. Осы тұрғыда, күннің екінші жартысында жоспарлы түрде ұлттық ойындар ойнатамын. Мысалы: Мәдени салт-дәстүрімізді балаға үйрету үшін «Қонақ келсе құт әкелер» ойынының мақсаты; балаларға амандасудың түрлері, қонақшыл, меймандос, ізгі ниетті, мейірімді, қайырымды болуға баулу. Ойынның шарты: балалардың бір тобы қонақ күтуші, екінші тобы қонаққа келушілер болады. әр топтың атқаратын қызметі алдын-ала түсіндіріледі. онан кейін екі топ ауысып ойнайды. қонақ күту тәрбиесі балаларға тамаша адамдық қарым-қатынас салтын қалыптастырып, жомарт, қонақшыл болуға баулиды. Қонақ келгенде амандасу рәсімімен, ер балалар қол беріп амандасуды үйренеді. Балалардың өзара қарым-қатынасын кеңейтіп, достық сүйіспеншіліктерін арттырады. Қонақты төрге шығару, дастархан жасау, бата беру секілді ұлттық салт-дәстүрге жүйрік, адамгершілігі асқақ азамат болып есеюіне жол көрсетеді.

Жас баланың ой-сезім табиғаты-әлі тың, қуатты, мөлдір, таза әрі қабылдағыш. Сол себептен ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сайын құндылығы артып, рухани қазынамызға айналған бабалар даналығымен баланы ерте кезден бастап нәрлендіріп отыру біртұтас жүйеге айналса, бала бойында адамзатқа жат ықпалдарға берілмейтін және қарсы тұратын рухани иммунитет қалыптасатын болады.

Ұлтын сүйе білетін әрбір азамат өз ұлтының ғасырлар бойы бабалар даналығы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық рухани аса құнды асыл мұраларын көзінің қарашығындай сақтай отырып, күнделікті ұрпақ тәрбиесінде пайдалана білсек ғана ұрпағымыз ұлтжанды болып өсетіндігі шынайы шындық, әрі айбынды ақиқат! Қорыта айтқанда, «Электронды қазақ үй» атты электронды құрал ұрпақтарымыздың жанын

жақсылыққа жақындатып, санасын ұлылыққа ұмтылдыратын құрал екендігін ерекше атап дәріптей білуіміз қажет. Білім беру жүйесіндегі ұлттық тәрбие беру мәселесіне қосылған сүбелі еңбек арқылы баланың балалығын даналыққа ұштастырайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айып Нүсіпоқасұлы, Әкімбай Жапарұлы «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін». I-II-кітап (қазақ салт-дәстүрлері және оның ғылыми негіздері). Алматы, «Өнер» 2011 ж.
2. «Бала мен балабақша» журналы, №5, 2012 ж.
3. «Бала тәрбиесі» журналы, №3, 2008 ж.
4. «Тәрбие сағаты» журналы, №1, 2011 ж.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ

Назырова А.Е Орынбекова Б.Б

Қарағанды қаласы, “Қарлығаш” бөбекжайы КМҚК

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны менәдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- ақпараттық бағдарламалап оқытуоқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала –субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалды инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады. Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы мұғалімдердің біліктілік арттыру жүйесі жаңа мазмұндағы үш деңгейлі бағдарламаны ендіріп, шығармашыл мұғалімдердің біліктілігін арттыра бастады. Жаңа форматтағы «Назарбаев зияткерлік мектебі» жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығы мен Кембридж университетімамандары бірлесе әзірлеген мұғалімдердің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары ұстаздардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оқыту сапасын арттыру мақсатында жасақталды. Аталған Бағдарлама заманауи ғылыми зерттеулердің шынайы нәтижелері мен оқытудың озық практикалық тәжірибесінің ықпалдасуын қамтып, кәсіби ынтымақтастық пен өзара білім алудың үнемі жұмыс жасайтын режимін құруға мүмкіндік беретін нақты үш кезеңге құрылымдалғандығымен ерекшеленді. Бағдарламаның мазмұны ЮНЕСКО және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұсыныстарының негізгі қағидаттарымен үйлеседі.

Қазіргі заман талабына сәйкес шәкірттерімізге сапалы білім беріп, қоғамнан өз орындарын табуға, қоғамдық дәстүрлерді жалғастыруға дайындығы оларды қалыптастыру үрдісінің басты субъектісі – мұғалімге, оның кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты деп ойлаймын. Сондықтан ұстаздар қауымы өз білімдерін үнемі жетілдіріп отырулары тиіс. Мұғалім жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын іздестіріп, жүйелі түрде қолдануы керек. Сондықтан да бар салмақ мұғалімге түсіп, ол оқушыға белгілі бір тапсырманы беріп, жеке дара жұмыс істеп, қарым-қатынас жасап, жаңа материалды, білімді, сабақты тиімді түсіндіру жолдарын іздестіруде. Ал педагогикалық технология ізденіс пен белсенді іс-әрекет арқылы оқушы тарапынан да іс-әрекет негізінде өзіндік шығармашылық жұмыс түрлерін атқара бастайды. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі мұғалімнің басты міндеті — оқушыларға белгілі бір білімдер жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар олардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, оқи білуге, ізденуге, алған білімін қалай қолдану керектігін үйрету. Сондай-ақ мұғалім заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істейтін, оқу мен тәрбие ісінде, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген, білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде танылуы керек. Олай болса, қазіргі заман оқушысы сыни ойлап, өзін-өзі бағалай алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын жан-жақты тұлға болуы тиіс. Оқушыларға бағытталған белсенді оқытудың маңыздылығын сезіну және оқушылардың оқу сауаттылығы саласындағы нәтижелерін жақсарту үшін, оқу-тәрбие үдерісінде белсенді оқытудың көптеген стратегияларын қолданған тиімді. Белсенді оқытудың әдіс-тәсілдері оқу сауаттылығы саласындағы арнайы дағдыларды дамытуға, бағалауға, мысалдарды талдауға

және мәселелерді табысты шешуге қажетті дағдылар мен стратегияларды анықтауға, оны ұғынуға мүмкіндік туғызады. Белсенді оқытуда мұғалім – таным процесі мен үйренуді ұйымдастырушы, жүргізуші, бағыт – бағдар сілтеуші, проблемалық түрде оқушылар түйсінетіндей және талдай алатын болмысты құрастырушы. Оқушы – белсенді, өз біліміне деген жауапкершілікті түсінуші, білімді өздігімен игеруші, өз қажеттіліктерін айқындаушы, бастамашыл, белсенді. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақта қолданылған жаңа технологиялардың маңызы зор.

Адам баласы қайталанбас тұлға болғандықтан, ойлау деңгейі де әр түрлі болатынына көз жеткізуге болады. Нағыз сабақ – ол әрқашан ізденіс, дайындық, үйрену, шәкірттер болашағын ойлап, жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған еңбек пен тәжірбиенің бірлігі.

Жалпы адам баласы жаңалыққа жаны құмар келеді. Әсіресе, жас балалар ұстаздың әрбір айтқан жаңа мәліметін қызыға тыңдап, ықыласпен көріп білім қоржынына жинақтайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Оқушының ішкі ой толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сыни көз көзқараспен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі қатесін біліп, жөндеп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажет. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен

камтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осылайша жаңа технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады. Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Имжарова З.У., А.У.Ахметова., Ж.Н.Имжарова. сын тұрғысынан ойлау білім үдерісінде. ақтөбе, 2009ж.

2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2013.

3. Курманалина Ш.Х.Обновление методического обеспечения учебного процесса в условиях информатизации образования(в соавторстве: Н.Б.Чекалева): Монография. Омск:ОмГПУ,2002г.

БАЛАНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Адилова Н. С.

Қарағанды қаласы, КМҚК «Қарлығаш» бөбекжайының тәрбиешісі

Мектеп жасына дейінгі балалардың алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыру «Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу» бойынша жүргізіледі.

Балабақшада бүлдіршіндерге таным оқу іс-әрекеті сәбилердің екінші тобынан басталады, геометриялық қалыптар (пішіні, түсі, көлемі) ойын арқылы таныстырылса, естияр, ересек, және мектепке даярлық топтарында осы қалыптардың құрылымын, санның белгілерін таныстырумен бірге санай білуге үйретіледі.

Негізінде баланың ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгеруден басталады. Өйткені бала сөйлей бастап өзінің мекен-жайын, телефон номерін жаттай бастайды. Міне, сан, санау осыдан басталады. Оны жүйелі түрде дамыту ата-ана мен тәрбиешінің, баланы қоршаған адамдардың- басты міндеті. Сезім тәрбиесі-түйсік пен қабылдаудың қатар дамуы.

Сәбилік шақтың алғашқы күндерінен бастап-ақ бала өзін қоршаған заттардың қасиетін түсінуге талпыныс жасай бастайды. Осыдан баланың заттарды қабылдайтын көру дағдысы оянады. Бұл кезде затты танып білу үшін бүлдіршіндер оның түр-түсіне мән бермейді, заттың құрылымына (пішініне) көңіл бөледі. Бүлдіршіндердің логикалық ойлау ұғымдарын ойын арқылы үйретудің, математикалық диктант жазудың, заттарды әр түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың, жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Өйткені, жасырын тұрған ойдың нені меңзеп тұрғанын ойлап табу үшін баланың ми қыртыстарының жұмысы шыңдалады. Яғни,

логикалық ойлау сезімін қалыптастырады. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалар негізгі іс-әрекет кезінде айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау әрекеті олардың күнделікті өмір жағдайына сәйкес түрлі заттарды ұстап олармен қарым-қатынас жасау арқылы дамытып отырады. Баланың ойлау қабілеті балалар бақшасында өтілетін оқу іс-әрекеттерінде, ойындарда, әсіресе пайымын өрістетіп есептеу тәсілдердің бейнелеу өнерімен шұғылдануда, сурет салу, жапсыру мен мүсіндеуде үнемі дамып, түрлі іс-әрекеттердің нәтижесінде жүзеге асады. Таным оқу іс-әрекетінде логикалық ойындар арқылы баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, елестеу, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Сөз бен сөйлеу әрекеті-ойлау құралы болып табылады.

Бұлардың барлығы қоршаған орта және өзі туралы білімді меңгеруі, мінез-құлық нормаларын игеруі, білім,білік, дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілеттерінмен тығыз байланысты. Өйткені солардың негізінде логикалық ойлауы заттармен нақты әрекеті арқылы жүзеге асады. Олар әр түрлі заттарды пайдалану, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасау барысында білім және тәжірибе жинақтайды. Көрнекі –бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі-схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне емес, олардың бейнесіне сүйенуі арқылы бейнеленеді. Олар құбылыстар мен заттардың тек жеке қасиеттерін ғана емес, заттардың орындарын ауыстыра алады. Қоршаған орта, ондағы адамдардың ролы мен орны туралы түсінігі неғұрлым кеңейе түседі.

Қоршаған орта, қоғамдық өмірдегі құбылыстар, олардың арасындағы байланыстары мен қатынастары, адамның алар орны, табиғат пен оның құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдері дамиды. Оларды орындау барысында бала заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды, кейбір дерексіз ұғымдарды сипаттауды, уақыт қатынасын, себеп-салдар, көлем, өлшем туралы түсініктерді игереді.

Ол сөздерді еркін қолданады, өз пікірін айтуды, оны негіздеуді, қарапайым заңдылықтарды анықтауды, салыстыруды, талдауды, пайымдау логикасын, ойлауды үйренеді. Сөздік қоры, тіл байлығы артады, сюжеттік әңгімелер құру қабілеті дамиды.

Балабақшада қарапайым математикалық түсінікті дамытудағы бағытталған арнайы оқу іс-әрекеттері өткізіледі. Балалардың танымдық есептерді ұғына білу қабілетін одан әрі дамытудың маңызы зор. Баланың білімін нақтылау және тереңдету мен қоса, оларда сандық түсініктерді қалыптастыру қажет, геометриялық пішіндерді атап, айыра білуі тиіс. Логикалық дидактикалық ойындар ұйымдастыруды қажет етеді. Балаларды санауға үйрету үшін мынандай ойындарды ұсынуға болады.

Мысалы: (Реттік сандарды ата, Қай сан қалып қойған, әрі қарай сана) осындай ойындар баланы санауға жаттықтырады, олардың сан белгілерін, сандар және шектес сандардың ара-қатынасы туралы тиянақтайды.

Қазақ халқының халық ауыз әдебиеті үлгілерін бұрынғы балалардың көрген-білген, көңілге түйген ғасырлар бойы уақыт елегінен өткізген ақыл-ойдың жиынтығын, балалар бойына дарыту арқылы олардың ой-өрісін дамыту мақсатында қысқа сандардан бастап ұзын шумақты сандарды жаттап үйретуді, санамақтарды үнемі оқу іс-әрекетінде пайдаланған жөн.

Халқымыздың ауыз әдебиетінің, ертегілер мен аңыздарды балалар сүйіп, қызығып тыңдайды. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер балаларды қызықтырады. Балалар өлеңнен кейін құстардың аттарын біліп және дыбыстарын дұрыс айтуға икемделеді.

Бүгінгі жас бүлдіршіндерді тәрбиелей отырып, олардың ойлау қабілетін дамыту, математикалық ұғымдарын толықтай қалыптастыру, өздеріне қоршаған ортаны дәл, анық ажырата білуге үйретудің маңызы зор.

Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл-ойы дамиды. Міне, осыдан баланың логикалық ойлау қабілеті шыңдалады, дамиды. Ойындарды қолдану

сабақтың әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қаблеттерін дамытады. Тәрбиеші ойындарды шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өткен материалды қайталағанда, білімді тиянақтау негізінде топтағы барлық балалармен жүргізілетін бағдарламалар аясында жұмыс істеген абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

5. «Бала мен балабақша» журналы, №5, 2013 ж.
6. «Бала тәрбиесі» журналы, №3, 2009 ж.
7. «Тәрбие сағаты» журналы, №5, 2011 ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Болат Нәзира

№30 орта мектеп, Қарқаралы ауданы, Теректі ауылы

Қазіргі жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан (жан жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу[1]. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі, «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін 2006-2009 жылдарында даму тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың ақылға сымайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіндіктерінің «артық» мөлшерде дамуы[2]. Сол себепті де оқу оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану; проблемаларды шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу; социумда ауызша және жазбаша түрде

қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау; өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру; өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашанда дамытып отыру. Қазіргі заманғы үздіксіз өзгеріп жатқан жағдайында жоғары мектеп өз әрекетінде білім алушылардың зияткерлік (интеллектуалы) қабілеттерінің дамуына бағытталуы қажет. Өз кезегінде бұл қасиет білім алушыларға «техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістер мен олардың сан алуандығын саналы түрде түсініп, бастамашылдық, кәсіпкерлік рух пен икемділік секілді қасиеттерді қабылдап, қазіргі заманғы өндірістік ортада өзіне сенімді түрде еңбек ету мүмкіншілігін береді». Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШта) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын, бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Қазіргі уақытта қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Модульдік оқу технологиясының негізі білім алушының танымдық белсенділігін, танымдық іс әрекеттерінің әртүрлі іс әрекеттерін ойлау, зейін, қабылдау әрекеттерін, ойын арқылы және сөздік 130 байлықтарын дамыту[3]. Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқытунұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарымқатынас негізінде құруға болады. Бұл оқу үрдісі мен оқытушының жұмысына мынадай өзгерістер туғызады: біріншіден, оқушы мен оқытушы оқудың ұйымдастырушысына айналады; екіншіден, мұғалім сабаққа алдынала зерттеу жасап, уақыттың көпшілігін сабақты даярлауға жұмсайды да, сабақ барысында тек бақылаушы, үйлестіруші қызметін атқарады. Ал дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда білім алушының сабаққа «таза парак» күйінде келіп, оқытушының оны сабақта біліммен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсінеді. Шәкірт сабақта ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысады. Инновациялық оқу оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде оқытушылардың, педагог қызметкерлердің жан жақты білімі қажет. Қазіргі оқытушы педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы ғана болса, ал қазіргі білім алушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз

алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта білім мазмұнын жаңарту мен сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында оқытудың педагогикалық технологиялары арқылы оқыту әдістерінің 50ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады. Педагогикалық технологиялар көптүрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі теориялық негізде орындалуы, екіншісі тәжірибемен жүзеге келуі. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдарымыз Ш.Қаланова, Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М.Жанпейісова, Ә.Жүнісбек және т.б. ғалымдарымыздың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан жақты қарастырылды. Оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық сияқты көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Оқушының өз бетімен білім алуына, өзіндік ой пікірін қалыптастырып, қорытынды жасай білуін, өз білімін өзі бағалай білуі

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. "Білім беру технологиялары", "педагогикалық технология" терминімен қатар "оқыту технологиялары" термині қолданылады. Оның біріншісі көлемді болып келеді. Өйткені, білім беру технологиясында оқушының, үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құрумен байланысты болатын тәрбиелік аспекті бар.

“Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады”, – деп С.Әбенбаев айта келіп, оның құрылымын төмендегідей етіп көрсетеді [4]:

- оқытудың мақсаты;
- білім берудің мазмұны;
- педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру;

- оқушы, оқытушы;
- әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі).

Сонымен қатар, С.Әбенбаев нақтылы педагогикалық процесті талдап жүзеге асыруды “... оқыту технологиясын жобалау процесі деп атауға болады” деп айта келіп, оның құрылымын төмендегідей анықтайды:

- оқу жоспары және бағдарламасына сай оқытудың мазмұнын таңдау;
- оқытушы бағдарлай алатын оқытудың басымды мақсатын таңдау, яғни жобалау барысында білім алушыларда қандай кәсіптік және тұлғалық сапа қалыптасады, міне соны анықтау;

- мақсаттарға немесе басымды бір мақсатқа негізделіп оқыту технологиясын таңдау;
- оқыту технологиясын талдап жасау.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;

- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;

-сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;
-оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің бейімделу принципі;

-біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

-әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;

- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;

- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;

- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;

- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін.

Әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» журнал. Алматы - №,2013ж

2. Заманауи әлеміндегі ғылым мен білім. 201ж

3. Жас ерекшелік педагогикасы.2007ж.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. – Астана, 2010.

БАЛАБАҚШАДА ОҚУ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСİNДЕ ҰЛТТЫҒҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Жексенбаева Алтын Ауқеновна
ҚМҚК «Бәйтерек» балабақшасы

Мемлекет үшін де адамның өзі үшін де денсаулық – шешуші саясат және демографиялық мүдденің түйіні. Зерттеуші Ж.Ембергенова «салауатты өмір салты дегеніміз – адамның өмір сүруі үшін қажетті іс – әрекеті мен қызметіндегі ақыл, зерделілігін, парасат, байсалдылығын, сабырлы сана – сезімін, жалпы адамның рухани деңгейін көрсететін жеке тұлғалық мінез – құлық нормасы мен өмір сүру тәсілінің жүйесі», - деп тұжырымдайды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда салауаттылық туралы білім, іс - - әрекет және дағдыларды игеру жөнінде арнайы нақтылы бағыт болуы аса маңызды екенін айтады [1.85 б]. Сонау ықылым заманнан бері, адам баласы ұзақ өмір сүрудің жолын қарастыруда. Аристотельдің «Жанды дене қозғалмаса өледі» деген тұжырымдамасы адамзаттың денсаулығы-

ның мықты болуының, ұзақ жасауының, яғни, салауатты өмір сүрудің негізгі ілімі болып табылады. 3-5 жас аралығындағы баланың салауатты өмірінің қалыптасуында басты фактор оның қимыл – қозғалыс әрекетінің қаншалықты дұрыс жолға қойылғандығымен байланысты. Себебі қимыл – қозғалыс әрекеті үлкен мұқтаждық болып табылады. Қозғалыс бала үшін үлкен бір қуаныш көзі, сондықтанда қимыл күші оның денесін қатайтумен қатар психикалық дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда күн тәртібінде тұрған әлеуметтік маңызы зор мәселенің бірі – бала денсаулығы. Статистикалық мәліметтерге қарағанда республика көлемінде мектепке дейінгі балалардың 80 пайызында әртүрлі аурудың белгілері кездеседі.

Сондықтан да соңғы жылдары мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие үрдісінде балалардың психикалық дамуы мен тәрбиеленуіне, денсаулығын нығайтуға, олардың салауатты өмір салтын сақтау әдеттерін қалыптастыруға ерекше мән берілуде.

Сондықтан да мектеп жасына дейінгі мекемелердегі балалардың мұндай қозғалыстарын дұрыс жоспарлап оны іске асыру балалардың қимыл дағдыларын дұрыс қалыптастыруға, саналы қозғалыстарды көбейтуге, ағзаның бейімделу қабілетіне әсер етеді [2. 63б]. Ұйымдастырылған қозғалыстар аз болса балаларда гиподинамия немесе бұлшық ет қозғалыс белсенділігі төмендейді.

Бала қозғалысы туралы Мағжан Жұмабаев былай дейді: «Адам неғұрлым жас болса, соғұрлым қозғалуды көп тілейді, дені сау бала бір минут тыныш отыра алмайды. Күні бойы шаршау білмей, ойнайды да жүгіреді» [3. 58б]. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға тән осы мүмкіндікті пайдалана отырып, олардың салауатты өмір салтының қалыптасуына ұтымды құрал ретінде ұлттық ойындардан құралған қимыл – қозғалыс элементтерін оқыту үдерісіне енгізу қажет деп санаймыз. Қимыл – әрекет ойындары, мысалы «ақ серек, көк серек», «шыт тастау», «көрші», «белбеу тастау», «ине жасырмақ»- қазақ халқының ежелгі ұлттық ойындары бала денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, батылдыққа, ептілікке, төзімділікке дер кезінде тез ойланып, тиімді амал, ақылды шешім, әдіс таба білуге машықтандырады.

Д.В. Хухлаеваның пікірінше, дене шынықтыру жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс – әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқан сезіледі, сондықтанда дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болумен қатар денсаулықтың, шыдамдылықпен тез қимыл – әрекеттің символы болып табылады [5. 63б].

Ертеден келе жатқан спорттық қимыл- қозғалыс ойындарының бірі – «қазақша күрес». Екі топтан шыққан екі бала қоян қолтық ұстасып, аяқтан шалу, жамбасқа түсіру, көтеріп алып жауырынға жатқызу тағы сол сияқты айла – тәсілдер қолданып, бір – бірінің жауырынын жерге тигізгенге дейін күреседі.

Бұл қимыл қозғалыс ойындары баланың денесін, бұлшық еттерін жаттықтырып қана қоймайды, соныменбірге ойын үстінде баланың өзін – өзі жаттықтыруға үйретеді. Осының нәтижесінде баланың нақтылы мақсатқа, яғни ойынға қатысқан әр баланың алдына жеңіске деген ұмтылысы пайда болады. Балалардың белсенділігі артып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік қайраты шыңдалады. Олай болса, мектепке дейінгі оқыту үрдісінде барлық дене тәрбиесі жаттығуларын, соның ішінде ұлттық ойындарды тиімді ұйымдастыруды бала денсаулығын нығайтудың зор мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Қазақ халқының шыдамды, мықты болып өсетінін А.И. Левшин былай деп суреттеген: «Халықтың өмірі үнемі мал бағумен, табиғатпен, таза ауада тіршілік етумен өмір өткізуі олардың дене бітімінің зор, күшті болып өсуіне себепкер болған. Сондықтан да олар ыстыққа, суыққа төзімді, көп жасайды, бас ауруы дегендер сирек кездеседі. Олардың көздері қырағы болып келеді. Олар үшін атқа шабу гимнастикалық жаттығудың бір түрі болып кеткен» [4. 36- б].

Қазақтың ұлттық ойындары- адам ағзасы үшін өте маңызды бағасы жоқ сауықтыру, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларының бірі. Адамның марфологиялық – физиологиялық дамуында, эндогенді, экзогенді факторларға қарсы

тұруына, тұлғаның жалпы салауатты дамуына, бойшаң, денелі, сымбатты дамуына тигізер маңызы зор.

Қорытындылай келе қазақтың ұлттық ойын түрлері мектепке дейінгі баланың денесін шынықтырып, оның рухани қалыптастыру негізін құрайтын, салауатты өмір салтын қалыптастыруда маңызды құралдың бірі екендігіне көз жеткізуге болады.

Сондықтан қазақ елінің мұрасы, дәстүрлі ұлттық ойындарын іздестіріп зерттеп, балаларға үйрету сол арқылы балалардың денсаулығын реттеу, салауатты өмір сүруге жағдай жасау осы күнгі заман қажеттілігінен туған өзекті тақырыптың бірі болып саналады. Бүгінгі күнгі басты мақсат ұлттық ойындардың әлеуметтік мағынасын күшейтіп, балабақшалардың оқу – тәрбие жүйесінде, отбасында ұлттық ойындардың қолданыс шеңберін кеңейтіп, пайдалы жақтарын көрсету болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ембергенова Ж. Жастарды салауатты өмір салтына халықтың педагогикалық құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра тәрбиелеу Автореф. Канд. Дис. Қарағанды, 2009

2. Жұмабаева М. Педагогика. Алматы «Рауан», 1992.

3. Левшин А.И. Описание киргиз- казачьих или киргиз- кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.

4. Богуславская З.М., Смирнова Е.О Развивающие игры для детей младшего дошкольного возраста. М., «Посвещение», 1991.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ПРОБЛЕМА И ПЕРСПЕКТИВА

Ислам А.Ш.

КГКП д/с «Бәйтерек» г. Караганда

« Образование детей с особыми потребностями является одной из основных задач для страны. Это необходимое условие создания действительно инклюзивного общества, где каждый сможет чувствовать причастность и востребованность своих действий. Мы обязаны дать возможность каждому ребенку, независимо от его потребностей и других обстоятельств, полностью реализовать свой потенциал, приносить пользу обществу и стать полноценным его членом»

(Дэвид Бланкет)

Инклюзивное (франц. *inclusif* — включающий в себя, от лат. *include* — заключаю, включаю) или включенное образование — термин, который используется для описания процесса обучения детей с особыми потребностями в общеобразовательных (массовых) школах.

Это процесс обучения и воспитания, при котором ВСЕ дети, в независимости от их физических, психических, интеллектуальных и других особенностей, включены в общую систему образования. Они посещают общеобразовательные школы по месту жительства вместе со своими сверстниками без инвалидности, при этом учитываются их особые образовательные потребности. Кроме того, им оказывается специальная поддержка. В основу инклюзивного образования положена идеология, которая исключает любую дискриминацию детей — обеспечивается равное отношение ко всем людям, но создаются особые условия для детей с особыми образовательными потребностями.

Стоит отметить, что в России для детей с инвалидностью создана и успешно функционирует система специального образования. В учебных учреждениях созданы особые условия для занятий с такими детьми — с ними работают врачи и специально подготовленные педагоги. Но во многом из-за обособленности коррекционных образовательных учреждений происходит разделение общества на инвалидов и здоровых. В результате конкурентность детей-инвалидов на образовательном рынке низкая и тяга к

продолжению образования у них невелика по сравнению с выпускниками обычных общеобразовательных школ.

Суть же инклюзивного обучения как раз в том, чтобы ребята с особенностями развития учились в одном классе со сверстниками, а не в специально выделенной группе (классе) при общеобразовательной школе. Это предполагает изменение образовательной системы, школы, но не самого ребёнка. Внимание педагогов при включении детей с ОВЗ в единое образовательное пространство урока или мероприятия акцентировано на возможностях и сильных сторонах каждого такого ученика.

Модель инклюзивного образования строится на основании следующего социального подхода — нужно изменять не людей с ограниченными возможностями, а общество и его отношение к инвалидам. Инклюзия признана более развитой, гуманной и эффективной системой не только детей с ОВЗ, но и здоровых учеников. Она дает право на образование каждому, независимо от степени его соответствия критериям школьной системы. Ведь садике — основная сфера жизни ребенка. Через уважение и принятие индивидуальности каждого из них происходит формирование личности. Вместе с тем, дети находятся в коллективе, учатся взаимодействовать друг с другом, выстраивать отношения, совместно с учителем творчески решать образовательные проблемы. В связи с этим, можно с уверенностью сказать — инклюзивное образование расширяет личностные возможности всех детей, помогает развить гуманность, толерантность, готовность помогать сверстникам.

С какими трудностями внедрения инклюзивного образования могут столкнуться участники образовательного процесса?

В нашем обществе, к сожалению, люди с инвалидностью воспринимаются как нечто инородное и необычное. Такое отношение складывалось годами, поэтому изменить его за короткий срок практически невозможно. Но стоит уже сегодня начинать активные действия.

Летом этого года Фонд общественного мнения (ФОМ) провел опрос об инклюзивном образовании среди россиян. В нем приняли участие 1500 респондентов из 43 субъектов Российской Федерации. По данным исследования 45% граждан одобряют идею обучения детей-инвалидов в обычной школе, против этого выступают 35% и 19% респондентов не определились в этом вопросе. При этом 52%, то есть большинство опрошенных, считают, что обучение детей-инвалидов в обычных школах не приведет к ухудшению качества образования; 26% респондентов с ними не согласны, а 22% россиян затруднились дать свою оценку по этому вопросу.

Принимая во внимание данные исследования, я считаю, что приучать к новым условиям жизни нужно не только детей с ОВЗ, но и тех ребят, которые не знают о существовании сверстников с особыми образовательными и жизненными потребностями или же относятся к ним с пренебрежением. Более того, адаптировать к ситуации стоит и взрослых — родителей, педагогов, да и общество в целом. Дело в том, что немалую роль в вопросе невысоких темпов внедрения инклюзии играет консервативность общества и, в частности, косность взглядов родителей здоровых учеников. Они часто выступают против совместного обучения их детей с инвалидами. Родители полагают, что в результате их чада не получат необходимого объема знаний или внимания учителей, т.е. образование в целом пострадает.

На мой взгляд, факт совместного обучения ребенка с особенностями в обычном классе сам по себе не может стать причиной для каких-либо выводов. Весь вопрос заключается в том, будет ли образовательный процесс способствовать развитию детей, а не тормозить его. Для этого следует разграничить пространство взаимодействия детей и предметно-образовательное пространство. Кроме того, необходимо участие нескольких сопровождающих взрослых, которые способны помочь особому ребенку при решении сложной задачи, чтобы он чувствовал себя включенным в процесс решения. При этом другие дети должны продолжать заниматься чем-то другим.

Очень важно создать специальные условия в школе для детей с ОВЗ — оснастить помещения техническими средствами, которые нужны таким ученикам. Многие школы попросту не готовы к этому. Таким образом, первоначальная задача администрации школы

— изменить территориальное пространство, сделав его инклюзивным, исходя из индивидуальных потребностей ребят. Например, ввести в штат сурдопереводчиков, тифлосурдопереводчиков, дефектологов, переоборудовать места общего пользования: класс, столовая, библиотека, туалетные комнаты; оборудовать въезд детей с ОВЗ в здание школы, предусмотреть транспортную поддержку для доставки ребенка в школу. Правда, все это требует дополнительного финансирования.

Но это далеко не все. Сегодня среди учителей массовой школы довольно остро стоит проблема отсутствия необходимой подготовки к работе с детьми с особыми образовательными потребностями. Обнаруживается недостаток профессиональных компетенций педагогов в работе в инклюзивной среде, наличие психологических барьеров и профессиональных стереотипов. Помочь учителям в преодолении этих трудностей сможет повышение квалификации, программы магистратуры и бакалавриата, творческие мастерские, обмен опытом и стажировки.

Особую роль в процессе обучения детей с ОВЗ, по моему мнению, играют взаимоотношения между педагогами и родителями. Родители лучше знают своего ребенка, поэтому в решении ряда проблем педагог может получить от них ценный совет. Сотрудничество учителей и родителей поможет посмотреть на ситуацию с разных сторон, а, следовательно — позволит взрослым понять индивидуальные особенности ребенка, выявить его способности и сформировать правильные жизненные ориентиры.

Я считаю, что совместное обучение способно помочь в искоренении дискриминации, воспитании толерантности и нравственному оздоровлению общества. Дети, которые получают инклюзивное образование, учатся милосердию, взаимоуважению и терпимости. Итогом внедрения такой методологии, на мой взгляд, должно стать улучшение качества жизни всех учащихся, в том числе из социально-уязвимых групп.

Список литературы

1. Бурлова Н.Б. Социальная защита детства / Н.Б. Бурлова // Справочник руководителя дошкольного учреждения. – 2012 № 10, с. 56-60.
2. Гулидов П.В. Основные направления модернизации инфраструктуры дошкольных учреждений / П.В. Гулидов // Справочник руководителя дошкольного учреждения. – 2012 № 7, с. 42-45.
3. Зайцев Д.В. Образовательная интеграция детей с ограниченными возможностями // интернет ресурс информационно-аналитический портал SocPolitika.ru // режим доступа: <http://www.socpolitika.ru/rus/conferences>
4. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Коррекционно-развивающее обучение и воспитание. Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта / Е.А. Екжанова, Е.А. Стребелева – М.: Просвещение, 2005, – 272 с.
5. Инклюзивное образование в ДОУ // Журнал «Справочник руководителя дошкольного учреждения» № 10, 2011
6. Инклюзивное образование // Методические рекомендации по организации инклюзивного образовательного процесса в детском саду: М., Центр «Школьная книга» 2010
7. Назарова Н.М. Специальная педагогика // Раздел II «Специальное образование лиц с особыми образовательными потребностями»: Academia, - 2000. – С. 112
8. Самсонова Е.В. Организация специальных образовательных условий для детей с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательных учреждениях. Методические рекомендации / Е.В. Самсонова, Т.П. Дмитриева, С.И. Сабельникова, Н.Я. Семаго, М.М. Семаго, А.С. Аркелян – Москва - 2012
9. Офстад, Х. Ценность человека в нашем обществе / Х. Офстад // Нормализация жизни в закрытых учреждениях для людей с интеллектуальными и другими функциональными нарушениями / под ред. К. Грюневальда. – СПб., 2003. – С. 125-135

ОТКРОВЕНИЯ ДУШИ ИЛИ МЕЧТЫ СБЫВАЮТСЯ

Уйсымхан А.

Қарағанды қаласы

ҚМҚК "Бәйтерек" балабақшасы

*Будущее принадлежит тем,
кто верит в красоту своей мечты.*

Э. Рузвельт

Все люди, конечно же, мечтаем о чём-то своём личном, что символизирует успех, процветание и счастье. Мы всегда мечтаем о том, чем будем заниматься в своей жизни, кем могли бы стать и чем могли быть полезны обществу...

Чем и как помочь ребёнку с ограниченными возможностями здоровья? Этот вопрос возникает у родителей сразу, когда появляется на свет такой «особенный ребёнок». И параллельный вопрос – как и где он получит образование? Сегодня ответ есть.

Для успешного осуществления инклюзивного образования детей с особыми образовательными потребностями нужны изменения самой системы образования, Исходя из принципов социальной модели, обществу необходимо преодолеть негативные установки в отношении детской инвалидности и необычности в развитии и предоставить им равные возможности полноценного участия во всех сферах социальной жизни.

Семьи детей, не имеющих ограничений в возможностях.

Получают возможность развивать отношения с семьями, имеющими детей с ограниченными возможностями

Получают возможность просвещать своих детей об индивидуальных различиях, и о важности уметь принимать тех людей, которые отличаются от них.

Еще одной важной проблемой является отсутствие специализированных школ. Предполагается создание школ инклюзивного типа, обеспеченных всем необходимым. Сюда входят разработка специальных программ, привлечение в школы специалистов-дефектологов, психологов, логопедов; меньшая наполняемость класса, оснащение техническим оборудованием. Например, звукоусиливающая аппаратура в классе, где есть глухой ребёнок; для ребёнка с нарушением опорно-двигательного аппарата – пандусы и лифты.

Я считаю, что приучать к новым условиям жизни нужно не только детей с ОВЗ, но и тех ребят, которые не знают о существовании сверстников с особыми образовательными и жизненными потребностями или же относятся к ним с пренебрежением. Более того, адаптировать к ситуации стоит и взрослых — родителей, педагогов, да и общество в целом. Дело в том, что немалую роль в вопросе невысоких темпов внедрения инклюзии играет консервативность общества и, в частности, косность взглядов родителей здоровых учеников. Они часто выступают против совместного обучения их детей с инвалидами. Родители полагают, что в результате их чада не получают необходимого объема знаний или внимания учителей, т.е. образование в целом страдает.

«Дети с ограниченными возможностями, в основном общаясь в кругу семьи, не готовы к взрослой жизни. И общеобразовательная организация - это единственная возможность для детей обучаться в режиме инклюзии, общаться с другими детьми и узнавать мир, - поясняет она - Инклюзия заключается в том, чтобы дети с ограниченными возможностями обучались вместе с обычными детьми по государственной программе, получая такие же знания, как и другие дети. Единственное, в школах должны быть созданы дополнительные условия, учитывающие состояние здоровья этих детей». Систему специального образования ни в коем случае нельзя подменять инклюзивным образованием. Эти две системы должны развиваться во взаимодействии друг с другом

«Мы должны понимать, что у любого ребенка есть право получить качественное образование. И если ребенок с какими-то серьезными проблемами в рамках образовательного процесса не дает реализовывать права здорового ребенка на образование,

значит, нужно думать о том, может ли он учиться здесь? Полезно ли для него и для других детей такое включение? Для определенной части детей общеобразовательная среда иногда бывает чрезмерной. Ребенок с очень серьезными отклонениями в развитии более комфортно будет чувствовать себя в ситуации, где созданы особые условия.

В Казахстане инклюзивное образование делает только первые шаги, хотя во многих странах мира почти все школы инклюзивные.

Особенно актуально этот вопрос проявляется в деятельности по вовлечению людей, имеющих определённые физические особенности в нашу социальную среду. Понятие инвалид изначально ущербно, мы приписываем этим людям комплекс неполноценности, в который они сами начинают верить. Для них закрыты многие возможности в учёбе, развитии, занятиях спортом. Отношение рядовых людей к инвалидам отличается предвзятостью и предрассудками. Причём в нашем обществе данное отношение культивируется ещё с детского возраста. Одним из возможных вариантов решения этой проблемы является развитие в Республике Казахстан инклюзивного образования, которое направлено на: •вовлечение детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс; •адаптация детей-инвалидов в современном обществе; •создание активной поведенческой установки у детей-инвалидов на уверенное позиционирование себя в современном обществе; • умение превращать свои недостатки в достоинства; • изменение отношения современного общества к людям с ограниченными возможностями.

Одним из возможных вариантов решения этой проблемы является развитие в Республике Казахстан инклюзивного образования, которое направлено на:

- вовлечение детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс;
- адаптация детей-инвалидов в современном обществе;
- создание активной поведенческой установки у детей-инвалидов на уверенное позиционирование себя в современном обществе;
- умение превращать свои недостатки в достоинства;
- изменение отношения современного общества к людям с ограниченными возможностями.

По-прежнему остается ряд нерешенных проблем и барьеров на пути внедрения инклюзивного образования в Казахстане:

- некорректное отношение к детям с ограниченными возможностями.
- отсутствие специально подготовленного педагогического состава.
- очень низкий уровень материально-технической и методической оснащенности учебных заведений.
- барьер физического доступа.
- жесткие требования государственного стандарта.

Введение широкой варьированной системы оценивания достижения учащихся, позволит включить в общий поток детей с различными отставаниями от нормы развития в интеллекте.

У некоторых людей система инклюзивного образования вызывает опасение из-за возможного снижения качества обучения обычных детей. Однако специалисты успокаивают и поясняют, что инклюзия призвана предоставлять высокое качество обучения, удовлетворяя всех участников образовательного процесса. В перспективе, при правильной организации реализации программы по внедрению инклюзивного образования в систему образования РК, даст положительные результаты для всех участников вышеуказанного процесса.

Источник:

1. РИА Новости <http://ria.ru/spravka/20120903/741880407.html#ixzz2QVPzLEbE>
2. Статья «Инклюзивное образование: реальный опыт, проблемы, перспективы» авторы: зам.директора по УВР Кузгибекова Г.М., учитель начальных классов Кулешова Т.В. СОШ № 51 г. Караганды.31с.
3. Д.Митчелл. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. РООИ «Перспектива», 2011.с.67.

БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Тойшыбекова С.Р.

Қарағанды қаласы, ҚМҚК «Бәйтерек» бөбекжайы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор делінген. Осы Жолдауды қолдай отыра, балаларға білім берудегі басты мақсат жеке ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты жеке дамыған тұлға қалыптастыруға міндеттіміз.

Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізу - тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып саналады.

Балабақшаларда көп кездесетін, тіл ақау топтары болғандықтан оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән береміз.

Жалпы, тіл мүкістігі неден болады?

Бұған мамандар бірнеше себеп айтады.

Сол себептердің бірі – ата-ана баласына дұрыс көңіл бөліп, әңгімелеспейді. Мәселен, бала бір жаста 5-10 сөз айтуға тиіс. Екі жаста 200-300 сөз білетіндей қабілетке жетеді. Үш жаста күрделі сөйлемдерді айтып, дауысты дыбыстарды толық меңгереді. Осы жастан бастап баланың жалпы сөйлеу тілі дамиды және оған тікелей себепкер ата-анасы болады.

Екінші себеп, баланы шектен тыс еркелетіп (гиперопека), кәдімгі түсінікті тілмен емес, баланың былдырлаған тілімен сөйлеседі (баламен бала болып).

– Тіл мүкістігіне әкеліп соғатын үлкен **мәселелердің бірі** – баламен отбасында орысша сөйлесу. Үйде орысша сөздерге құлағын "қыздырып" келген баланы балабақшада тәрбиешілер қазақша сабақтар өткізіп, қазақ тілінде жауап алуға тырысамыз. Соның нәтижесінде бала еркін сөйлеу қабілетінен айырылады, бұдан тіл мүкістене бастайды. Яғни дыбысталуы ұқсас әріптерді ажырата алмай қалады.

Сондықтанда тәрбиешілер баланың тілін күн тәртібінің барлық бөліктерінде дамытады. Яғни, (схема)

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастары мен дұрыс бағдарын және баланың ата-анасына, жақындарына мейірімі мен сыйластығын қалыптастыруда ашық, еркін қарым-қатынас жасауға жағдай жасалады. Осы жағдайда баланың балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастарымен қарым-қатынасын байқауға, баласының әртүрлі іс-әрекет жасау үстіндегі (ойын, еңбек, компьютер, тамақтану, серуендеу кезінде, бассейнде, спорт залындағы) жағдайын бақылап көруіне ата-аналарға мүмкіндік беріледі.

Балалардың ересектермен бірлесіп әртүрлі жұмыс түрлерін: мүсіндеу, жапсыру, сурет салу, ойын, би, т.б. жасауына жағдай жасауда тәрбиешілер ата-аналарды білім беру үрдісіне қатыстырып, ұйымдастырылған іс-әрекет пен сабақтан тыс іс-әрекет түрлерінің жүргізілу барысын көрсетеді. Осылайша, ата-аналар балаларын басқа қырынан тану мүмкіншілігіне ие болады. Ата-аналар мен педагогтардың үздіксіз қарым-қатынас (диалог), тәрбиешілер отбасы мүшелеріне бүгінгі болған маңызды оқиғалар мен балалардың жетістігі, әрекеті туралы айтып отырады.



Педагогтар баланы жан-жақты дамытуда, оның білуге құштарлығын арттыруда, есі мен зейінін тұрақтандыруда, тілдік қатынасы мен сөздік қорын байытудағы отбасының мүмкіншіліктерін анықтайды. Сонымен қатар, отбасы мен тәрбиешілер бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантын шыңдауға күш салады. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар-үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы, балатілін дамытуға болады.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің-дыбыстық жағын, меңгерту:

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық-аппаратты дайындау, кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын. Баланы өз баламыздай жақсы көріп,

білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Астана, 2010 ж.
2. Р. Керімбаева / Отбасы және балабақша/ 1997ж №3
3. Балабақша тәрбиелеу және оқыту /2015 ж №7
4. Балабақшада балаларды инклюзивтік оқытудың мәселелері. //Қызықты психология. 2010. №6. 236.

ОЙЫН –БАЛАЛАР ҮШІН ОҚУ ДА ЕҢБЕКТЕ

Исабаева А.Қ

ҚМҚК Бәйтерек» балабақшасы. Қарағанды қаласы

Баланы тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу.

А.С. Макаренко

Бала - болашағымыз балаға жүйелі дұрыс бақыттауды, қабілет - қасиеттерін дамуыменен балабақшадан басталатынын айта кету керек. Балабақшада жаңа педагогикалық әдістерді пайдаланудың мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық жаңа технологиясының балаға жан-жақты, білім берумен бірге, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатындай, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу. Балабақшадағы балалардың мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамастай бөлігі саналады. Сондықтанда тілінде ақауы бар балалармен көбінесе технологиялық инновацияны қоданған жөн. Осы инновациялық технологияның балабақшадағы балаларға өте тиімді де пайдалы болғандықтан мен өз тәжірибемде инновациялық технологияны көп қолданамын. Балалардың тілінің дауына үлкен әсерін тигізеді. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынтықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру немесе балабақшада тәрбие мен инновациялық технологияны бірдей алып жүру керек. Өйткені бұл технологияның өзінше ерекше мәні бар. Балабақшада тіл ақауы бар балалармен жұмыс жаауға үлкен мүмкіндік береді. Инновациялық технологияны қолдана отырып, өз оқу қызметінде немесе тілінің ақауларына қатты пайдалы болғандығы, балалардың тілін байытуға мол әсерін тигізеді. Инновациялық технологияны қолдану арқылы тіл ақауы бар балалармен жұмыс жүргізуге үлкен мүмкіндік береді. Инновациялық технологияның педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Әсіресе инновациялық технологияның ойын тәсілдері балабақша балаларына өте тиімді. Балабақшада көбіне балалар ойын арқылы тез дамиды немесе тіл байлығы арта түседі. Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Баланың дені сау болса, оның миының жұмыс істеу қабілеті де жақсы болады. Бұл инновациялық технологиямен қоса балабақшадағы балалардың әсіресе тіл ақауы бар балалар үшін қол жетпес байлық деп айтуға да болады.

Ойын арқылы оқыту технологиясы

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Сол мақсатқа жетудің арқасында баланың тіл байлығы да артады. Тіл байлығының арқасында одан да әрі қарай бала дами түседі. Осыдан дамыған заманауи бала болып шығады. Балабақшада балалар көбіне ойын арқылы тез дамиды әсіресе тіл ақау балаларымен инновациялық технологияның түрлерін көп қолдануымыз керек. Бұл ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады. Ойын баланың жас ерекшелігіне сай бөлінеді. Сол ойындар арқылы бала жақсы шешім қабылдай алатын, жауапкершілікті сезінетін, шыншыл бала болып өседі. Міне, айта кететін болсақ менің ойымша осы инновациялық технологияның бізге немесе балабақшадағы балаларға көп пайдалы. Әсіресе сол жаңағы айтып отырғанымдай тілінің ақауы бар балаларға үлкен шексіз мүмкіндіктер берері анық. Ендеше инновациялық технологияның шығармашылық даму жағына назар аударатын болсақ ол бұдан да жақсы балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Шығармашылық даму дегеніміз тілінің ақауы бар балалар үшін өте тамаша мүмкіндік. Себебі олар көп нәрсені тілімен жеткізе алмауы мүмкін. Бірақ сол шығармашылығы арқылы өзінің ішкі дүниесінде не болып жатқанын қандай сезімде болғанын терең жеткізе алады. Баланың жалпы жан дүниесін және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Логикалық ойлау арқылы балабақшадағы балалардың сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Дұрыс қалыптасуының арқасында тіл ақауы бар балалармен жұмыс жасау жеңіл болады. Инновациялық технология деген бала мен тәрбиешінің ара қатынасымен байланысты. Тәрбиеші мен бала тығыз байланыста болса, менімше тіл ақауы бар балаларға технологияны қолдану ауыр болмайды. Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу. Балабақшадағы балаларға көрсету ойын түрінде қызықтыру арқылы инновациялық технологияны қолдану керек. Ойын түрінде өткізу тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Түсіндіре отырып, балаға толық және қызықты етіп жеткізіп бере алса, сонда ғана баланың тілі жақсы дамиды. Тілінің ақаулығына жақсы жағынан пайдасын жақсы тигізеді. Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің дамыған заманы. Осыған орай заманымыздың дамуына байланысты жас бүлдіршіндерімізді жан- жақты дамыған балалар етіп тәрбиелеуіміз керек. Тәрбиелеумен қоса бірге инновациялық технологияны пайдалана отырып, балабақшадағы балаларымызға сапалы білім беруіміз керек. Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір тәрбиешінің міндеті. Мен өз тәжірибемде балаларға инновациялық технологияны жиі қолдануға тырысамын. Балаларды жаңаша жаңа технологияларды пайдалану арқылы дамыту. Дамыту арқылы жан-жақты етіп тәрбиелеу керек. Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты

мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Кезкелген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жандүниесін етереңіне үніліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлерін қарастырайық. Бірнеше түрі дегеніміз осы инновациялық технологияны өзгеше ерекше етіп қолданып отыру керек. Осы жаңа инновациялық технологияны түрлендіріп балаға жеткізу әсіресе тілінің ақауы бар балалармен терең жұмыс жасау немесе тәрбиеші өз шеберлігінің қыр-сырын пайдала білуі керек. Қортындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға болып саналады. Ойымды түйіндей келе айтқым келгені жаңашыл бала тәрбиелеу.

Әдебиет:

1. Қ.Қ. Өмірбекова / Сөйлеу тілін тексеру әдістері/ Алматы, 2002 ж
2. Р. Керімбаева / Отбасы және балабақша/ 1997ж №3
3. Балабақша тәрбиелеу және оқыту /2015 ж №7

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ-ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Бопишева Ж.К.

ҚМҚК «Бәйтерек» балабақшасы Қарағанды қаласы

Қазақстан Республикасының Елбасының Жолдауында әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлуде 2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын жақсы білім беру қорлары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып отыр[1].

Инклюзивті білім беру мәселесі қазіргі кезде өзекті мәселеге айналды. Республикамызда мүмкіншілігі шектелген балалар саны артуда. Еліміздің Ата заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтуы тиістілігі жазылса да, өкінішке қарай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе күйінен түспей тұр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет.

Многие родители не умеют использовать семейные условия для всестороннего воспитания детей в игре. Это объясняется отсутствием у них педагогических знаний, способности анализировать свои действия, давать им соответствующую оценку. Большинство взрослых понимают игру широко, не придавая особого значения ее воспитательной роли: «В первую очередь игра знакомит ребенка с окружающим миром, а потом воспитывает разные навыки».

Стремясь с ранних лет готовить ребенка к школе, родители вместо игр занимают его беспорядочным чтением книг, обучением письму, чтению. Некоторые молодые, неуверенные в себе мамы и папы, боясь, что игра подорвет их авторитет, помешает воспитывать сына или дочь в строгости, игнорируют игру как воспитательное средства. Большинство отцов и матерей убеждены в том, что если игра – самостоятельная деятельность, то взрослым вообще не следует в нее вмешиваться. Ребенок должен играть сам. Главным средством развития игры многие считают приобретение игрушек. Родители, покупая игрушки по своему усмотрению, ориентируясь на их яркость, новизну, стоимость. В доме всегда есть игрушки, подаренные родственниками и друзьями родителей. Как правило, при их выборе взрослые не задумываются о педагогической ценности, главное – доставить ребенку сиюминутные удовольствия. В результате обычно у девочки скапливается много кукол, не всегда обеспеченных домашней кукольной утварью, у мальчиков – всевозможный игрушечный транспорт и оружие. Игры мальчиков дома практически бессюжетны. Весьма непопулярны среди них игры с куклами и мягкими игрушками, отображающими людей и животных. Всем детям, особенно маленьким, необходимо играть с куклами, игрушечными животными. Такие игры пробуждают добрые чувства, закрепляют нравственные нормы. Овладев тем или иным правилом поведения, ребенок пробует его, прежде всего, на кукле, на мишке, делая их партнерами своей деятельности. Покупая игрушки «для девочек» и «для мальчиков», родители тем самым формируют игровые интересы детей. В семье должны быть игры с использованием строительных наборов. Пап и мам не привлекает этот вид игрушек своим неброским оформлением, а их педагогической ценности они не понимают. И в результате лишают детей строительных наборов и конструкторов, способствующих развитию мышления, фантазии, творчества. Получая то, что предлагают, ребенок активно подражает действиям отца или матери, их труду, привычкам поведения, отношению к окружающим.

Дети, особенно младшего и среднего возраста, часто ломают игрушки из любопытства, с целью узнать, «что там внутри». Совет выдающегося педагога А.С. Макаренко и психологов – это никогда не выбрасывать игрушки, особенно на глазах у детей, а принимать меры к их починке, не только не утратил своего значения, но в настоящее время приобрел еще большее социальное звучание. Купив малышу новую игрушку, надо показать, как с ней играть и где ее хранить; у пяти - шестилетнего дошкольника следует спросить, как он будет играть с такой игрушкой, какой игровой материал ему еще понадобится, с кем будет играть. Для игры должно быть отведено специальное место. Если ребенок не имеет определенного места для игрушек, то у него развивается небрежность, безответственность, стремление переложить свои обязанности по уходу за ним на других членов семьи, родителей, старшего брата или сестру. С возрастом эти отрицательные качества закрепляются и в дальнейшем проявляются в учебной и бытовой деятельности.

Взрослые не всегда осознают, что для ребенка любого возраста важно даже самое малое участие в его игре, важно чувствовать поддержку, одобрение. Социологи отмечают: общение родителей с детьми духовно обогащает всех членов семьи, расширяет круг их интересов, дает возможность взрослым, наблюдая за ростом и развитием ребенка, глубже понять истинный смысл своей жизни, осознать свою педагогическую функцию.

Дети выбирают для игр комнату бабушки (бабушка вовремя поможет, подскажет, как действовать) или диван, если домашние собираются у телевизора, или кухню, когда мать готовит ужин, и т.п. Взрослые не всегда одобряют этого стремления ребенка к общению и

отсылают его в тот угол, где лежит игрушки. Они не догадываются, что именно их поддержка, подсказка, замечание, совет являются побудителями игры, обогащают ее, создают новые сюжеты. Умение играть в домашних условиях в немалой степени зависит от количества взрослых членов семьи, от наличия братьев и сестер. Наиболее благополучно обстоит дело там, где вместе проживает три поколения: бабушка и дедушка, мама и папа, дети. Отсутствие педагогических навыков у молодых родителей успешно компенсируется жизненным опытом бабушек, обычно хорошо чувствующих потребности и возможности своих внуков. Бабушки чаще, чем матери, используют игровые приемы, помогающим им в повседневном уходе и воспитании, шутки, прибаутки.

Но есть исключения: если мать или отец ребенка не разрешают бабушке или дедушке общаться с внуком или ограничивают их общение, это отрицательно влияет на эмоциональный микроклимат семьи.

В нуклеарных семьях (не имеющих бабушек и дедушек) все заботы ложатся на плечи в основном молодой матери. В такой семье благополучные игровое и эмоциональное общение возможно лишь в том случае, если отец уделяет достаточно внимания ребенку, часто играет с ним, помогает жене по хозяйству. Интересно складываются игровые отношения в семьях, где растет несколько детей. Игры младшего дошкольника со старшим становятся содержательными и разнообразными, особенно если старшей оказывается сестра шести-восьми лет. Она выступает в роли мамы, принимает брата в «девчоночьи» игры, а в детском саду он играет с мальчиком, таким образом, приобщаясь к разным видам игр. Положительные отношения складываются между однополыми детьми. При этом сохраняется общность интересов, старшие передают младшим опыт игровых отношений, учат правилам игры.

Большие трудности испытывают родители, имеющие двух младших дошкольников, близких по возрасту (год – полтора и три – четыре). Оба не умеют играть: младший не имеет игровых навыков, старший не владеет умением вовлекать в игру. Младший хватается игрушки, носит их по комнате, разрушает игры брата (сестры), все ломает и разбрасывает. Дети ссорятся. Мать не должна пристрастно относиться к маленькому и вызывать к разуму старшего. Выход из такого положения – самой играть с детьми.

В семье необходимо определить время на игры с детьми. Родители всегда являются примером подражания, поэтому нельзя ссориться при детях. Супругам надо развивать и поддерживать друг у друга потребности в самосовершенствовании и самовоспитании. Управляйте своим поведением, считайтесь с настроением друг друга. Настроение у человека может быть плохим. Но нельзя «срывать» отрицательные эмоции на близких людях. Гармоничные отношения между супругами достигаются нравственными средствами: терпением, выдержкой, умением уступить, считаться с другими, отзывчивостью, нежностью, доверием, поддержкой.

Таким образом, игра – один из всех видов деятельности, которые необходимо использовать родителям в целях воспитания дошкольников, обучение их различным действиям с предметами, способам и средствам общения. В игре ребенок развивается как личность, у него формируются те стороны психики, от которых впоследствии будут зависеть успешность его учебной и трудовой деятельности, его отношения с людьми.

У детей формируются положительные привычки поведения и нравственные качества в совместной игровой деятельности, развиваются любознательность и познавательные способности, творческая инициатива, способность самостоятельно создавать и реализовывать игровые замыслы.

Литература:

1. Михайленко Н.Я., Короткова Н.А. «Организация сюжетной игры в детском саду». Изд.: Линка-Пресс. Москва, 1987.
2. Поддьякова Н.Н., Михайленко Н.Я. «Проблемы дошкольной игры: Психолого-педагогический аспект». М.: Педагогика, 1987.
3. Эльконин Д.В. «Психология игры». М.: Педагогика, 1978.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ЭКСПЕРИМЕНТ ЖАСАУДЫҢ РӨЛІ

Р.Ж.Бапахова

«Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК

Мектепке дейінгі мекемеде ересектер тобында экологиялық тәрбие беру мақсатында эксперименттік тәжірибе жасату қазіргі кезде қажетті әдіс болып саналады. Балалардың эксперимент жасауды жақсы көретінін педагогикалық көпжылдық жұмыстың нәтижесі көрсетіп отыр. Әрине тек құрғақ сөзбен айтып қойғаннан түрлі ойындар, эксперименттер арқылы көрсете отырып тәрбиелеген өте тиімді әдістердің бірі.

Балалар табиғаттан көп білім алады, қоршаған ортаның өлі және тірі табиғатына деген қызығушылықтары ерте оянған. Табиғаттың ерекше белгілерін ажырата отырып, олар жаңа әлем ашқандай болады: мысалы, заттарды қолымен ұстап көргісі келеді, иісін иіскеп көргісі, дәмін татып көргісі келеді.



Эксперименттік іс-әрекет балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастырады және бақылағыштық дағдысын дамытады. Эксперименттік іс-әрекетті жасау барысында балада жаңа тәжірибе жасауға деген қызығушылық, қорытынды жасауға, өз

бетімен жаңалық ашуға деген талпыныс пайда болады.

Әртүрлі эксперимент жасаудағы, оның ішінде оқу іс-әрекеттерінде (қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері) пайдаланудың мақсаты: баланың қоршаған ортаны танып білу жағдайында лабораториялық зерттеулер жасау дағдысын дамыту.

Міндеттері:

- Ойлау қабілетін дамыту;



- Іс-әрекетті жасау дағдыларын дамыту;
- Танымдық әдістерді бойына сіңіру;
- Себепті-зерттеулер байланысы мен қатынасын білу дағдыларын дамыту.



Балалармен өткізген экологиялық зерттеулердің негізгі маңызы, олардың өсімдік әлеміне деген көзқарастарын қалыптастыру және эксперимент жасау арқылы баланың сөздік қорларын байыту. Мысалы, эксперимент жасау балалардың «Неге?», «Қалай?» деген сұрақтарға өз бетімен жауап берулеріне септігін тигізді.

Топтарда балалармен эксперимент жасауға және оны бақылауға арналған пәндік дамытушылық орталық құрылған. Оған қажетті материалдар табиғат бұрышында сақталады. Бұл оқу жылы бойында балалармен өткізілетін әртүрлі экологиялық шаралар мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуге пайдаланылады. Материалдар балалардың қызығушылығын арттыру барысында үнемі толықтырылып отырады. Эксперимент жасау құрал-жабдықтары әр балаға жеке-жеке алдын ала дайындалынады.

Табиғаттың мезгіл бойынша өзгеретін сан алуан құбылыстарын білгісі келген мақсатта балалардың тарапынан бірнеше сұрақтар қойылады. Мәселен, «неге құстар күз мезгілінде ұшып кетеді?», «Қар неге ериді?» «Мұз неден пайда



болады?» т.б. Мұндай сұрақтар баланың логикалық ойлау қабілетінің, сөз қорының дамуына мүмкіндік береді.

Балабақшада тәрбиеленетін бала жыл мезгілдерін бір-бірінен толық ажыратып, әр мезгілдің өзіне тән құбылысын ерекше атап беру қабілетіне ие болуы тиіс. Жылдың әр мезгіліне тән құбылыстар кейде барлық маусымда болуы мүмкін, оны



балаларға қалай түсіндіруге болады, соған тоқталсақ, мысалы, жаңбыр көктемде де, жазда да, күзде де? жауады. Бірақ әр мезгілдің жаңбырының өзіндік ерекшелігі бар, жаздағы жаңбыр ірі, тез жауып өтеді, жылы; күздегі суық, ұзақ жауады; көктемдегі — найзағайлы, суық, ұзақ жауады, кейде соңынан кемпірқосақ көрінеді. Бағдарлама бойынша бес- алты жасар баланың табиғатқа дұрыс көзқарасын қалыптастыру педагогикалық іс-әрекетке

байланысты, соның барысында іске асады.



Жыл мезгілінің өзгеруіне байланысты табиғи ортаның өзгеруіне толық көз жеткізу үшін ғалымдарымыз мынадай әдіс-тәсіл қолданған.

«Үйде тұрып өсетін
Әкеп гүлдің көшетін,
Топырақты салдым да,
Отырғыздым қалбырға»

- деп өлең жолдарында айтылғандай, эксперимент жасау арқылы балалардың алған білімдері іс-тәжірибеге нық бекітіліп меңгеріледі.

Мектепке дейінгі баланың, эксперименттеу дағдыларын дамыту эксперименттеудің іздену әрекетіне ертеңгі оқушының көзқарасымен белсенді қатысу рөліне дайындалуға жағдай жасады. Бұл үшін тәрбиешінің шығармашылдығы, жаңашылдығы, көп ізденісті қажет етеді. Ал мектепке дейінгі оқытуда білім, білік дағдыларымен қатар тәрбие жұмыстарының сан алуан, қызықты, тартымды, баланы қажытып алмайтындай жұмыс түрлерін жүргізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді.

Мектепке дейінгі бала бойына білім мен біліктілікті, шығармашылық пен ізденімпаздықты, қабілеттілік пен іскерлікті, еңбек сүйгіштікті, танымдық қасиеттерді жинақтап дамыту барысында табиғатпен тереңірек таныстырудың ерекше орны бар екенін мәлім. Бала өмірінің алғашқы жеті жылы – денсаулықтың, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және экологиялық дамудың негіздері қаланатын өте маңызды кезең.

Өлі және тірі табиғат нысандарына деген қызығушылық өте ерте жастан қалыптаса бастайды. Балалар бәрін байқайды: орман алқабындағы еңбекшіл құмырскалар илеуін қалың шөптегі кіп-кішкентай өрмекшіні, ағаш басындағы ұяларды т.б.

Балалардың көңілін табиғаттағы маусымдық өзгерістер, түстердің ашықтығы, әр түрлі дыбыстар, иістер тартады. Олар өздеріне жаңа әлем ашады: барлығын қолмен ұстап қарауға, иіскеуге, егер жағдай болса дәмін көруге тырысады.

Баланың айнала қоршаған табиғатқа қызығушылығын ескере отырып, экологияға деген сүйіспеншілік, қорғаушылықты тәрбиелеу керекпіз. Ең маңыздысы біздің табиғатты сүюіміз және соны балаларға жеткізуіміз, біз табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру. Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше. Ол жаңа интерактивті тақталар, теледидарды пайдалана отырып көрсету, түсіндіру. Түсінікті болған соң, өз қолдарымен эксперименттер жасау арқылы жұмыстар жүргізу. Яғни балалардың эксперименттеу дағдыларын дамыту деген сөз. Экологиялық біліктілік арқылы ұжымдық, топтық, жеке қабілеттерді ашуға болады. Жалпы экология барлық оқыту – тәрбиелеу үрдісімен байланысты. Осы оқу іс-әрекеттерді тиімді, дұрыс пайдалануы мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыта отырып, білімді игеруге қызығушылықтарын тудырады. Балалар оқу іс-әрекетінде алған білімдерін іс-жүзінде тәжірибелерде өздері жасап, нәтижесін көреді. Мысалы: өсімдікке ауа қалай енетінін анықтауды қызыға орындайды.



Қорыта айтар болсақ, серуенде болсын, күннің екінші жартысында болсын, оқу қызметтерінде болсын түрлі эксперименттер жасау баланың табиғатты қорғау, аялау деген сезімдерін оятады. Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.К.Салпынова Экологиялық тәрбие берудің қазіргі жағдайы //География Казахстана и экология №3 2004 – 8б.

2.А.Е.Манкеш. Бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру. –Алматы: РБК, 1998ж.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Даткина А.А. Боранбаева А.Т.

«Алтын сақа»бөбекжайы» КМҚК

Бала тәрбиесі – ықылым заманнан бастап адамзатты толғандырып келе жатқан өмірдің өзекті мәселесі. Қазақ халқы жас ұрпақты ежелден сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуін мақсат тұтқан. Баланы үнемі қамқорлыққа алып, жан-жақты тәрбиелеп отырған. Қазақ халқының ұлттық тәлімі мен өнегесі бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің негізіне айналуы – ел мүддесі, заман талабы. Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Сол себептен, баланы ойын арқылы жан-жақты тәрбиелеп дамыту мәселесін қарастырайық. Мектеп жасына дейінгі бала ойнаған кезде сан түрлі ойыншықтарды пайдаланады. Ойыншықтарды пайдалану баланың іс-әрекетін байытады, олардың бірлесуіне айналадағы өмірді шығармашылықпен бейнелей білуіне қозғау болады. Ойын үстінде құрастыру, бұзу, біріктіру, өзгерту әрекеттері кезінде өзіндік сана-сезімін жетілдіреді.

«Адам өмірге бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы боп қалар еді» -деп К. Чуковскийдің бала мен ойынды теңестіре жоғары бағалауында терең шындық, үлкен мән жатыр. Адамзатты балаларсыз елестету қаншалықты мүмкін балмаса, балаларды ойынсыз елестету де соншалық мүмкін емес. Ойын балар үшін өмірмен тең. Сондықтан да ойынның тәрбиелік қуатымен теңесер күш жоқ. Ол халықтың сандаған жылдар тәрбиесінің нәр сіңген педагогикалық даналығының жеміс.

Ойын еш уақытта да дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, қайта жетіле түседі. Сәбилерге де, үлкендерге де арналған әртүрлі ұлттық ойындар бар, олар адам өмірінің әр кезеңін қамтиды. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, ойнату ісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Ендеше адамдыққа баулу жұмысының ережесі ерте бастан – балабақшадан бастап нақтылы мақсатты көздеуі шарт. Тәрбиеші балалардың орынды іс-әрекеттерін мақұлдай отырып, азды-көпті жіберген кемшіліктерін өздері түсініп, түзеуге бағыттап білуі тиіс. Әрбір бала өз ісі мен қылығына жауапкершілікпен қарап, ұялу, кешірім сұрау сияқты әдеттерді үйренуі керек. Балалардың рухани дүниесін байыта отырып, жаңа озық тәжірибелерін дер кезінде насихаттап, оларды бойына дарыту тәрбиеші педагогтардың міндеті. Сондықтан, балабақша жұмысының мазмұны күн тәртібінің барлық сәттерінде балалардың мінез-құлық ережелерін дұрыс бағытта тәрбиелеуге негізделген. Мағжан Жұмабаев «мінез – бір адамның барлық ебін басқа басқа адамдардың істерінен айыратын сеператор» дейді. Мінездің жасанды жаратылыстарына қарай туа және сыртқы себептермен – тұрмыс түрі, жаратылыс, жолдас тәрбие арқылы пайда болады. Туа пайда болған мінез – темперамент деп аталады. Баланың берік дұрыс мінезі пайда болу үшін тәрбиеші екі шартты орындау керек: 1. Баланың өз қолынан келетін ісіне толық ерік беру. Бала басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпеуі үшін тәрбиеші оның өз қолынан келмейтін ісіне ғана көмек көрсетіп жіберуге міндетті. 2. Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіппен бағындыру керек. Баланы мақсатты еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Егер де бала мінезін дамыта отырып тәрбиелемесек, онда қыңыр баланың қыңырлығы арта түседі, өсе келе бұзақылыққа бейім тұрады. Тегінде, көп нәрсе баланың өмірін дұрыс ұйымдастырып, жақсыға қарай баулып, шебер басқара білуге байланысты. Сондықтан да ата-аналардың да, тәрбиешілердің де атқарар жауапкершілігі мол.

Ол үшін ата-ана баланың әрбір іс-әрекетін қырағылықпен саналы басқара білуге, ал тәрбиеші үнемі өз тәжірибесін молайтып, шеберлігін, біліктілігін арттырып отыруы қажет.

Бала ұлттық ойын үстінде өмірде көрген білгеніне,өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктей отырып, соны бейнелей ойнайды. Балаға тән бір қасиет – бәрін өзім істеймін деп талпынады. Баланың осы талпынысын қоштап, көмектесіп, сенім білдіріп отыру тәрбиенің ең бір ұтымды әдісі. Өйткені ересек адамдардың баладан айырмашылығы сана-сезімі мен тәжірибесінің молдығында ғана. Сондықтан да өз білгенін балаға үйретуден жалықпау ересек адамдардың қасиетті борышы.

Ал адам бойындағы әдептілік, инабаттылық қасиеттер бір күнде қалыптаса қалатын қасиеттер емес. Бала ойын арқылы дүниені танып, түсінігі арқылы қабылдап, ересектерге еліктей жүріп үйренеді, өз бойына қабылдайды. Әрбір баланың ойнай жүріп өсетін жан серігі де-ойын. Қай елдің ұлттық ойыны болмасын, сол елдің қоғамдық ерекшеліктеріне байланысты. Сырттай қарағанда оңай тәрізді көрінген ойын бала үшін іс жүзінде күрделі нәрсе. Айталық, ойынға қатысатын балалармен тіл табысу, ұнамсыз роль тигенде өзін ұстай білу сияқты нәрселердің көп мәні бар. Сондықтан тәрбиеші балаларға ұлттық ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Сондай жағдайда ғана, ойын өз мақсатына жетіп, тәрбиелік мәні арта түседі.

Саусақ ойыны – бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны – саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтардың қозғалыс қимылдарына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар, балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен деген түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде, саусақ бұлшықетінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Сөйлеу тіл мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету – тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі. Төмендегі көрсетіліп отырған саусақ ойындарын балалар ақындарының өлең-тақпақтарымен байланыстырып, ұсынуға болады.

Добым.

Добым, добым, домалақ,
Тоқтамайсың домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Тәрелкені сындырдың.
Тентек болып кеттің деп,
Тұрмын сені тепкім кеп.

Ешкі.

Күнде тәртіп бұзыпты,
Балаларды сүзіпті.
Жемістерді үзіпті,
Мүйізіне тізіпті.
Міне, осындай алыпты,
Атам көріп қалыпты.
Мазаны ала бердің деп, –
Мүйізін қағып алыпты.
Сәбилерге арналған ойын жаттығулар.
Көңілді қуыршақтар.

Қазіргі кезде ағаштан жасалған көңілді қуыршақтар жай ойыншық емес, жәдігер зат болып пайдаланылатын болды. Ал ойыншықтың бұл түрі бала саусағын басқаруы мен ойлауын шыңдайтын таптырмас ойыншық.

Алдымен екі жартыны құрастыру арқылы бір қуыршақты пайдаланыңыз. Содан соң ойынды күрделендіре түсіңіз: екі қуыршақ, үш қуыршақ. Балаға аздап қиындық келтірсе асықпаңыз. Баланың жетістікке өзі жетуіне мүмкіндік беріңіз.

Пирамидала.

Дүкенне пирамида ойыншығын сатып аларда дөңгелектердің әртүрлі болғанын қадағалаңыз. Дөңгелек диаметрі бірінен соң бірі үлкейе түсуі керек. Мұндай ойыншық балаға саусақ қимылын ғана емес, логикалық ойлауына да жол ашады. Балаға пирамиданы жинауды ұсынаыз. Алдымен бірге жинап, содан соң өз бетімен жинауға кіріседі.

Жидек бойымен жүргізіп шық.

Бұл ойынға мақпал қағазға жабыстырылған үй, машина, гүл, кесе сияқты суретті карточкалар пайдаланылады. Ересек адам бала саусағын мақпалға тигізе отырып, суретте не бейнеленгенін сұрайды. Осы суреттер бойымен моншақтарды немесе бұршақтарды жүргізіп шық деген тапсырма беріледі. Жабыстырып шығу арқылы ойын жалғасады.

Қорытынды.

Егер бала қандай да бір саусақ ойынын жетік меңгерсе, онда ол міндетті түрде бір көрініске не өлеңге жаңа бір сахналау ойлап табуға тырысады. Бір жастан екі жасқа дейінгі

балалар бір қолмен ойналатын саусақ ойындарын игере алады. Мысалы, бір қол үйшік те, екінші қол үйге жүгіріп келе жатқан мысық болуы мүмкін. Төрт бес жастағы балалар белгілі бір саусақ арқылы сахналай алады.

Өз тәжірибемде саусақ ойындарын сергіту жаттығуларына, ертеңгілік жаттығуларға, барлық ұйымдастырылған оқу іс әрекеттері үстінде үнемі пайдалануды ұсындым. Нәтижесінде балалардың тілі, қимыл, қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Отбасы және балабақша» журналы [№4, 2011 жыл 13 бет]
2. «Отбасы және балабақша» журналы [№6, 2002 жыл 3 бет]
3. «Отбасы және балабақша» журналы [№5, 2002 жыл 6-7 бет]
4. «Отбасы және балабақша» журналы [№4, 2002 жыл 7 бет]

СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫ

Букенова Ф.Б., Бекбосын Ж.А.
«Алтын сақа» бөбекжайы КМҚК

Аномальды балалардың негізгі категориялары және оның ерекшеліктері. Балалар дамуындағы аномальды балаларды арнаулы мектептерге жібереді. Аномальды балалар – физикалық немесе психикалық дамуы ауытқыған балалар. Кемістік немесе дефект балаларда іштен туа және жүре пайда болуы мүмкін. Іштен туа пайда болған кемістіктің болуы әр түрлі себептерге байланысты:

1. Тұқым қуалаушылық;
2. Жаңа дамып келе жатқан ұрыққа сыртқы ортадан химиялық, механикалық, температуралық әсерлердің ықпал етуі;
3. Тамақтанудың нашарлығы;
4. Организмге суық тиюдің әсері.

Жүре пайда болған кемістік – бұл баланың нәресте кезінде жұқпалы аурулармен науқастануы. Мысалы: эпидемиялық менингит, полиомелит, қызылша, скарлатина, т.б. аурулар. [1]

Аномальды балаларды тәрбиелеу және оқыту олардың физикалық дамуына және ақыл-ой дамуына қарай ұйымдастырылады. Кейбір балалардың кемістіктерін түзегеннен кейін, оларды кәдімгі мектептерде оқытуға болады. Ал кейбіреулері арнаулы мектептерде оқытылады және сонда тәрбиеленеді. Аномальды балалардың білім алу қабілеті әр түрлі болады. Кейбір балалардың білімді меңгеру дәрежесі кәдімгі жалпы білім беретін мектептердің жай ғана оқу бағдарламасын игерумен шектеледі. Ал кейбіреулердің мүмкіндіктері шексіз болады. Әрбір категориядағы балаларға біздің елімізде белгілі оқу орындары белгіленген:

1. Керең, нашар еститіндерге арналған мектептер;
2. Соқыр және нашар көретіндерге арналған мектептер;
3. Қосалқы мектептер (ақыл-есі нашар дамыған балаларға арналған);
4. Логопед пунктері (тіл кемістіктері бар балаларға арналған);
5. Сөйлеу қабілетін түзету мектептері (күрделі тіл кемістіктері бар балаларға арналған);
6. Барлық топтағы балалар үшін бала-бақшалар;
7. Мемлекет тарапынан жәрдем беретін арнаулы орындар.

Аномальды балаларды тәрбиелеу және оқыту бұл күрделі педагогикалық жұмыс болып есептелінеді. [2]

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың ерекшелігі

Сөйлеу тіліндегі мүкістердің патологиялық дәрежелеріне, белгілі бір мүшелерінің атқаратын қызметтерінің бұзылуына, зақымдануының уақытына, басты кемістіктердің ықпалынан пайда болатын екінші бір ақаулықтардың көрінуіне байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтары да әр алуан болып келеді. Олар әрқайсысының өзіне тән симптоматикалық және динамикалық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі салаға бөлінеді. Мұндай салаға дауыстың бірқалыптылығының бұзылуы, сөйлеу тіліндегі дауыс ырғағының бұзылуы, тұтықпа, дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, жазу тілі мен оқу тілінің бұзылуы жатады.

Тіл бұзылуының себептері органикалық және функциональдық болып бөлінеді.

Органикалық – түрлі зақымдардың нәтижесінде тіл аппараты мен жүйке жүйесінің бөлімдерінің бұзылуы.

Функциональдық – мұнда органикалық зақымдану болмайды, тек сөйлеу механизмдерінің функциясы бұзылады.

Тілдің бұзылуы түрлі жаста, әсіресе жас балаларда көп кездеседі.

Сөйлеудегі бұзылу келесі топтарға бөлінеді:

1. Фонетикалық бұзылулар – бір дыбысты немесе бір топқа жататын дыбыстарды айта алмау (ызың, шұғыл, тіл ортасы, тіл алды дыбыстардың бұзылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң – ұяң – үнді айтылуының бұзылуы, дыбыстарды дұрыс қабылдау қабілетінің бұзылуы). Бұған дислалия, дизартрия, фонетикалық-фонематикалық жетілмеу жатады.

2. Лексикалық-грамматикалық бұзылулар. Бұған енетіндер: шектеулі сөздік қор, жадағай фраза; фразадағы және сөйлемдегі сөздердің өзара қиыспауы, шылаулар мен жалғау-жұрнақтарды қате қолдану (сөйлеудің жалпы жетілмеуі).

3. Әуендік – екпіндік бұзылулар: екпінді дұрыс қоймаумен байланысты, дауыстың күші мен жоғарылығы, тембрінің бұзылуына қарай (ақырын, қарғылыңқы, бақылдақ және т.б.). мысалы: дисфония, ринолалия, ринофония т.б.

4. Қарқындылық – ырғақтық бұзылулар: мидағы қозу үдерістерінің басымдылығымен байланысты болатын шапшаң қарқын (брахилалия); тежелу үдерістері басым болатын баяу қарқын (брадилалия); үзік-үзік қарқын (қажетсіз паузалар, сүріну, құрысу сипатты емес кекештену – физиологиялық итерациялар, полтерн және құрысу сипатындағы – тұтығу немесе кекештік).

5. Жазба тілдің бұзылуы: жазуда: фонеманың графемаға қате айналуы; толық жазбау; сөздегі әріптерді тастап кету немесе шатастыру; сөйлеудегі сөздердің өзара қиыспауы немесе орындарының ауысуы; жазу жолынан шығып кету т.б., оқуда: дыбыстарды алмастыру мен шатастыру; әріптеп оқу; сөздің дыбыстық-буындық құрамын бұрмалау; оқылғанды түсінудің бұзылуы; аграмматизмдер. Мысалы: дислексия мен дисграфия.

6. Сөйлеудің жүйелі бұзылуы: сөйлеу мүмкін емес немесе былдырлау мүмкіндігі ғана болады, мысалы, алалия және афазия. [3]

Дислалия – сөйлеу тілі мүшелерінің анатомиялық кемістіктерінен дыбыстардың бұзылып айтылуын сипаттайды. Дислалия сөйлеу тіліндегі ең көп тараған мүкістіктер. Пайда болу себептеріне қарай дислалия механикалық және функциональдық болып бөлінеді.

Органикалық дислалияға сөйлеу тілі аппаратының сыртқы сүйек құрылысының және бұлшық ет түзілісінің органикалық кемістігінен дыбыстардың бұзылып айтылуы жатады. Органикалық дислалияның ерекшеліктері: тіл асты желбезегінің тым қысқа болып бітуінен, тілдің ұшы жоғары қарай емін еркін көтеріліп қимылдай алмайды да, таңдай арқылы айтылатын дыбыстар бұзылады. Сонымен қатар тілдің ауыздың ішіне зорға сиып тұратын өте етжеңді үлкен немесе өте кішкентай жіңішке болуы да дыбыстардың дұрыс айтылуын қиындатады.

Соныменен, органикалық дислалия бұл перифериялық аппараттың сүйегі мен бұлшық етіне зақым келуінен дыбыстардың дұрыс айтылмауы.

Перифериялық сөйлеу аппаратының бұзылуы туа пайда және жүре пайда болуы мүмкін.

Туа пайда болатын кемістікке жататындар:

- прогнатия - жоғары жақ төменгі жақтан алға шығып тұрады;

- прогения – төменгі жақтың алға шығуы;
- тістердің дұрыс орналаспауы;
- еріннің түрлі кемістіктері;
- таңдай параличі;

Жүре пайда болатын кемістікке жататындар:

• сүйектер мен бұлшық еттердің зақымдалуының нәтижесінде артикуляциялық аппаратта пайда болатын түрлі кемістіктер.

Дұрыс тістеу – бұл астыңғы алғы тістер үстіңгі тістермен сәл жабылып тұрады.

Органикалық дислалияға жататын кемістік бұл ринолалия.

Ринолалия – ауыз бен мұрын қуыстарының дұрыс қызмет етпеу нәтижесінде дауыс құбылысының өзгеруі мен сөйлеген уақытта дыбыстың бүлінуі.

Ринолалияның түрлері:

1. Ашық ринолалия – сөйлеген уақытта ауа ауыз және мұрын қуысы арқылы өтеді.
2. Жабық ринолалия – ауа тек ауыз арқылы өтеді, бұл әсіресе «м,н» әріптерін атағанда білінеді.

Ашық ринолалияның себептері: таңдайдың бөлінуі, жұқа таңдайдың қысқалығы, таңдайдың параличі.

Жабық ринолалияның себептері: мұрын қуысының бітелуі, мұрын қуысындағы ісіктер, мұрын қалқасының қисайып қалуы.

Ринолалик балалар өте әлсіз болады. Осының өзі олардың сөйлеуінің дамуына әсер етеді. Туылғаннан кейін олар өте кеш отыра бастайды, сөйлей бастағанда көптеген қиыншылықтарға кездеседі. Олар мектепке барған уақытта түрлі қиыншылықтарға кездеседі. Мұғалімдер оны түсінбеуі мүмкін, айналасындағы балалар да мазақтауы мүмкін. Бұның бәрі оның психикасының дамуына әсерін тигізеді. Кейбір ринолалик балалар өздерінің осындай кемістіктерінен мектепті тастап кетеді де көп сөйлемейтін жұмыс, мамандық іздей бастайды. Міне, сондықтан ринолалик балаларға ерте кезден бастап жәрдем көрсету керек. Бұл жәрдемді хирург пен логопед мамандары көрсете алады.

Дислалия сөйлеу тіліндегі бұзылған дыбыстардың санына қарай қарапайым және күрделі болып бөлінеді. Егер баланың сөйлеу тілінде мүкістердің саны төрт дыбысқа дейін байқалатын болса – оны қарапайым дислалия деп атайды, ал егер бесеу және одан да көп болса – оны күрделі дислалия деп атайды.

Сөйлеу тіліндегі дыбыстардың мүкістік ерекшеліктеріне қарай бөлінетін дислалияның түрлері:

1. Сигматизм – ызың дыбыстардың («с», «з», «ц», «ж», «ч», «ш», «щ») айтылуындағы мүкістіктер. Бұлар сөйлеу тіліндегі кемістіктердің ішіндегі ең көп тараған түрі;
2. Ротацизм – «р» дыбысының айтылуындағы мүкістік;
3. Ламбдацизм – «л» дыбысының айтылуындағы мүкістік;
4. Таңдай дыбыстарының айтылуындағы мүкістіктер;
5. Каппацизм – «к» дыбысы;
6. Гаммацизм – «г» дыбысы;
7. Хитизм – «х» дыбысы;
8. Йотацизм – «й» дыбысы;

Алалия грек сөзі, «қолдануға жарамайтын болымсыз тіл» деген мағынаны білдіреді. Демек алалия деген ұғымға баланың құрсақтағы немесе тілі шыққан нәрестелік даму кезеңінде бас миы қабыршағының сөйлеу тілін қалыптастырып жетілдіретін аймағының органикалық зақымдануынан сөйлеу тілінің жүйелі түрде дамымауы немесе мүлде болмауы жатады. Сөйлеу тілінің мұншалықты бұзылуына негізінен орталық жүйке жүйесінің зақымдануы себеп болады. Органикалық зақымдануға мидың қабынып ісінуі, сырттан болатын қатты соққыдан зақымдануы, босанған кезде миға қан кетуі және нәрестенің құрсақтағы дамуы кезеңінде және толғақ кезінде, сондай-ақ дүниеге келгеннен кейінгі бір айлығынан бір жас аралығындағы дамуында ағзадағы зат алмасу процесінің бұзылуы жатады. Сонымен қатар, алалияның пайда болуына менинго-энцефалит, рахит және

қызылшаның асқынған түрі тыныс алу жолдарының қатты сырқаттануы және нәрестенің алғашқы айларындағы ұйқысы мен тәбетінің бұзылуы себеп болуы мүмкін. Бас миының үлкен сынарының сөйлеу тілі аймағындағы жинақталған зақымдардың өздеріне тән ерекшеліктеріне байланысты алалия моторлы және сенсорлы болып бөлінеді.

Тұтығу – ең ауыр кесел. Оның себептері:

1. Қорқу;
2. Баланың түрлі инфекциялық аурулармен жиі ауруы;
3. Ата-анасының тұтығуы;
4. Шамадан тыс жазалау әдістерін қолдану.

Бұл әдетте, 2-5 жас арасында кездесетін құбылыс. Алдын-ала оларға шара қолданбаса, ол асқынып, кей уақытта бой бермей кетуі мүмкін. Тұтығудың пайда болу себептері көп. Кейде олар жұқпалы аурулардан кейін, дене әбден әлсірегенде пайда болады. Баланың қоршаған ортаның оған көзқарасы, ол туралы әділетсіз баға да, жалтақ сөйлеуге, қорқып сөйлеуге әкеп соғады. Осындай фактілердің жиіленіп қайталануы – баланың тұтығуына әкеп соғады.

Жасы жетпеген балаға кітапты көп оқуға болмайды. Әсіресе түнге қарай қорқынышты ертегілерді оқу зиянды. Өйткені бала қатты қорқып, түсінде түрлі қорқынышты нәрселерді көруі мүмкін. Бала түсінде қорқып, шошып оянады, ал бұл, орталық нерв жүйесіне әсер етеді, осының өзі тұтығуға әкеледі.

Баланы жазалау мақсатында қорқыту әдісі де көп қолданылады. Бірақ, қорқытудың да жөні бар. Шамадан тыс қорқыту, үйде жалғыз қалдырып кету, осының бәрі баланың үрейленгіш болып өсуіне септігін тигізеді.

Тұтығу асқынбастан арнайы мамандарға көрсетіп, уақытылы кеңесіп отыруы қажет, ал оның зардабынан дауыстың реңі мен әуезділігі және дыбыстардың айтылуы бұзылуы мүмкін.

Дисфония – дауыс шығаратын аппараттың патологиялық кінәратқа шалдығуынан дыбыстың мүлдем болмай қалуын немесе әуезділік үннің бұзылуын сипаттайды.

Брадилалия – сөйлеу тілі мүшелерінің қимыл-қозғалыстарының патологиялық сылбырынан дыбыстар созылып шұбалаңқы айтылады.

Тахилалия – сөйлеу тілі мүшелерінің бірқалыпты жылдамдық қимылдарының патологиялық ауытқуынан дыбыстардың қарқынды ырғағы бұзылып, быдықтанып айтылуы.

Афазия – мидың белгілі бір жерінің жинақталып зақымдануынан бұған дейін қалыптасып, дұрыс жетіліп келе жатқан сөйлеу тілінің толық немесе ішін-ара жойылып кетуін сипаттайды. Афазия көбінесе ересек адамдарда кездеседі. [4]

Сөйлеуі бұзылған балалардың түйсігі мен қабылдауы.

Есту арқылы қабылдау. Сөйлеуі бұзылған балаларда, фонетико-фонематикалық қабылдау кемшілігі кездеседі және сөйлеу – есту мен сөйлеу қозғалу анализаторларының байланысы міндетті түрде байқалады. Г.Ф. Сергееваның зерттеуі бойынша, сөйлеу-қозғалу анализаторлары қызметінің бұзылуы, әсіресе, дизартрия мен ринолалияда, фонемаларды есту арқылы қабылдауға қатты әсер етеді. Демек, мұнда үнемі дыбыстау және дыбысты қабылдау кемшілігі болады. Кейбір жағдайда, айтылуда қарама-қайшылығы жоқ фонемалар ажыратылады, енді бір жағдайда айтылуда сараланатын фонемалардың өзі ажыратылмайды. Дыбыстаудағы «тірек» қаншалықты аз болса, фонема бейнелерін қалыптастыру соншалықты нашар болады. Ал, фонемалық есту қабылетін дамыту, тілдің барлық жағын қатар қамтып, дамытумен тікелей байланысты, бұл өз кезегінде, баланың жалпы дамуын қамтамасыз етеді.

Көру арқылы қабылдау. Сөйлеу патологиясы бар балаларда, аталған психикалық қызмет тежеле дамиды. Зерттеулер көрсеткендей, нақты объектілер мен бейнелерді көру арқылы қабылдау, бұл балаларда анағұрлым төмен деңгейде болады. Әсіресе, таныс емес ракуста берілген мен заттарды тану қиындық туғызады. Олар заттың бейнесін қабылдау үшін, ұзағырақ уақытты қажет етеді. Мысалы, перцептивтік әрекеттерді қажет етеді. Бұлар бағдарлаудың ең қарапайым түрлерін ғана қолданады, айталық, үлгіге сәйкестендіру сияқты.

Мысалы, фигураларды салыстыруда олардың пішіндеріне емес, түстеріне сүйенуі мүмкін. Ал, қалыпты дамудағы балалар, негізінен көру арқылы салыстыру жолын қолданады.

Тіл мүкістіктері бар балалардың сөйлеуі

Ауыр тіл мүкістігі бар балалардың сөйлеуді бақылау кезінде, олардың сөйлеуін ұйымдастырудағы қиындықтары, өзге адамдармен қарым-қатынасына теріс әсер ететіні анықталған. Бұл категориядағы балалардың тілдік және коммуникативті дағдыларының өзара байланысы, яғни сөздік қордың жұпынылығы мен сараланбауы, егістік сөздігінің аздығы, байланысты сөйлеудің ерекшеліктері т.б. толыққанды тілдік қарым-қатынасқа кедергі жасайды. Содан сөйлесу қажеттілігі төмендейді, коммуникация формалары қалыптаспайды, мінез – құлық ерекшеліктері пайда болады: тілдік байланысқа қызықпау, негативизм, сөйлесу ситуациясында, бағдар жасай алмау.

Ауыр сөйлеу патологиясы бар, мектеп алды жасындағы балалардың тілдік қатынасында, қалыпты дамудағы 2-4 жасқа тән және ситуациялық – іскерлік форма басым болатынын көрсетеді. Балалардың бірқатарына, сөйлесудің ситуациялық емес, танымдық формасы басым. Олар ересек адамдардың, педагогтың ұсынысын қуана қабылдайды. Мысалы, кітап оқу: қарапайым мәтіндерді зейін қойып тыңдайды, бірақ, оқылып болғаннан кейін, әңгіме-сұхбат ұйымдастыру өте қиын балалар оқылған кітап бойынша, мүлдем сұрақ қоймайды, тіпті өздері мазмұндап бере алмайды, себебі, монологтық сөйлеу түрінің репродуктивтік жағы қалыптаспаған. Ересек адаммен сөйлесуге қызығушылық болған күнде, әңгіме үдерісінде бала бірден бірге көше береді, оның танымдық қызығушылығы аз уақытқа ғана жетеді, әңгімелесу 5-7 минуттан артық созылмайды.

Осылайша, ауыр тілдік патологиясы бар балалардың тілдік және когнитивтік бұзылуы олардың қоршаған ортамен толыққанды коммуникативті байланыстарының орнығуына, ересектермен тіл табысуға кедергі жасайды, құрбыларынан, ұжымнан бөлектенуе мәжбүр етеді. Осыған орай, бұл балаларды социум талаптарына сәйкес қолайлы, тиімді бейімдеу мақсатында, тілдік, танымдық және коммуникативті әрекеттері компоненттерін дамыту мен түзетуге бағытталған, арнайы жұмыстар жүргізілуі қажет. [5]

Қорытынды

Дефектология – бала дамуындағы әр түрлі ауытқулар мен денсаулықтың бұзылу себептерін зерттейтін ғылым. Бұл пәннің мақсаты – әр түрлі дәрежедегі дамуында ауытқуы бар балалардың психофизикалық дамуындағы ерекшеліктерін қалыптастыру, осы тұрғыдағы балаларға коррекциялық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуінің бағыты мен оқытудың мазмұны туралы білімді қалыптастыру. Дефектология ғылым ретінде әлі де кеңінен мәлім бола қоймағанымен, ғалымдар және әр түрлі ғылым саласындағы мамандар оған аса зор мән беріп отыр.

Балалардың өсіп-дамуы бұзылған кезде алуан түрлі ауытқушылық болғандықтан, аномальды балаларды зерттеу қиындай түседі. Мысалы, есту мүшелері, көзі зақымданады, балаланың қимылында, жүріс-тұрысында иекемсіздік байқалады, орталық жүйке жүйесі және т.б. қызметі бұзылады. Ондай бұзылудың қайсысы да баланың өсіп-дамуына өз тарапынан әсер етеді.

Біздің елімізде аномальды балаларды тәрбиелеп, оқытудың мемлекеттік негізі құрылған, арнаулы мекемелердің жүйесі бар. Бұл жүйе бойынша бастауыш білім беретін сыныптар ғана жұмыс істеп қана қоймайды, сонымен қатар орталау және орта білім беретін сыныптар да жұмыс істейді. Дефектологияның зерттеу аймағындағы негізгі мақсаты – аномальды балаларға жалпы білім беру болып табылады. [6]

Әдебиет

1. Қ.С. Тебенова; А.Р. Рымханова «Арнайы психология» Алматы 2011ж
2. Грищенко Л. Л. «Устранение дефектов речи», «Семья и детский сад» №1 2005 г.
3. Малдыбаева А.О., Орынбаева Э.Ә. «Дефектология негіздері» Шымкент 2007 ж.
4. Намазбаева Ж. «Дефектологтың кеңесі» А., 1980 ж.
5. Өмірбекова Қ., Серікбаев Қ. «Логопедия» А., 1996 ж.

6. Филичева Т.Б., Чевелева Н. А. «Логопедическая работа в специальном детском саду» М., 1997 г.

БАЛАЛАРДЫ ОЙНАТА ОТЫРЫП, ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТУ

Шабденова М. М. Хасенова Д.Б.
«Алтын сақа» бөбекжайы КМҚК

«Ойнай білмеген, ойлай білмейді»,
«Ойында озған, озады»,
Халық даналығында

XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып , олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор.

Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп.Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді.Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс- әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді.Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта». Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді.

Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Бала ойында қалай болса, ол өскенде де, жұмыста да сондай адам болады.

А.С. Макаренко

Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады.

Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Жас балаларды санай білуге, жалпы сан және санау ұғымдарын игеруге даярлау мақсатында қолданатын санамақтар. Бұларды саусақ ойындары деп те атайды. Оңға дейінгі санау қабілеттерін жетілдіріп, танымдық қабілетін дамыта отырып, он көлеміндегі сандардың ауызша және жазбаша таңба туралы білім түсініктерін қалыптастыру мақсатында пайдаланылады. Қазақтың халықтық педогогикасында жаңылтпаштар мен жұмбақтар, мақал-мәтелдердің алар орны ерекше. Мәселен:

Жоғалды бес шыбыш,

Жоқ әлі бес шыбыш.

Жоқ әлі еш шыбыс,

Жоғалды бес шыбыш.

Аңқау екі жалқауды жалқаусың депті,

Екі жалқау бір аңқауға аңқаусың депті.

Танымдық ойындар бір жағынан балаға сандардың атауын дұрыс айта білу мақсатымен берілсе, екінші жағынан арифметикалық амалдарды дұрыс таңдап алуды талап етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып өзіне түрлі ақпараттар ала алады, бала бір нәрсе туралы толық түсінік алу үшін оны есту, көру, сезіну арқылы жүзеге асатындығы туралы дәлелденіп отыр. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар

көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндіріс бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін! Ойын – баланың білім-білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата «Жалын» 1987 г.
2. «Қазақстан мектебі» журналы № 9-10 2005 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.
4. «Шынашақ» кітабы. Құрастырушылар-М. Әлімбаев, Қ. Алматы «Балауса» 1992 ж.

ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БАЛАБАҚШАДА : НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Батықова Н.Ш. Тусупова М.А.
"Алтын сақа" бөбекжайы ҚМҚК

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілік пен адамгершілік тұрғысынан, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Талантты адамды тәрбиелеу үшін, мектепке дейінгі балалық шақта оларды қоршаған ортаға қарап, бірқалыпсыз ойлау қабілетін, шығармашылық ойлауын дамыту керек. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушінің дарынды, жоғары деңгейде даму шеберлігі дамыған, баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыруды негізгі мақсатым деп санаймын. Балаларды мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелеу кезінде өз жұмыс барысымда менің байқағаным жұмыс жасайтын балалардың бірен-сараны екені, көп балалар шетте қалады, өз ойларын айтуға жасқанады. Шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттері дамымағын, көрініп тұрған нәрселерді байқамайды. Осы мәселені шешу барысында, біздің балабақша 2011 жылдан бастап облыстық эксперименталдық ТРИЗ алаңы болып табылды. 3 жыл бойы арнайы жабдықталған екі топта ТРИЗ технологиясын пайдаланып эксперименталдық жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың жақсы нәтижесіне байланысты 2014 жылдан бастап біздің балабақшаның барлық топтары аталмыш технология бойынша жұмыс істеуде. Осы технология негізінде баланың ойлау, қиялдау, шығармашылық тұрғыдан көзқарасы артады. Мектепке дейінгі тәрбиеленушіге ТРИЗ - бұл ұжымдық ойындар, сабақтар және қызықты әдіс-тәсілдер жүйесі. Мен ТРИЗ технологиясының әдіс-тәсілдерін қарастыра отырып, сабақтар циклын құрастырдым, шығармашылық есептер, дидактикалық, көрнекі құралдар даярладым, өйткені даму орталығындағы өзгерістер негізінен ТРИЗ технологиясына келіп тіреледі.

Мысалы:

«Жұлдыз құрт» әдістемесі бойынша берілген құрылымды неше түрлі құбылысқа балайды. Әдістемені қолданып алуын түрлі жұмбақтар жасырады.

Жас шамасына қарай сәбилер тобында «Дидактикалық доп» әдістемесін пайдаланған өте қолайлы. Осы ойын негізінде, балалар антоним сөздерін тауып, айтуды үйренеді. Әр жас шамасындағы балалармен осы әдістемені пайдалану барысына мысал келтіреміз.

Мысалы : Тәрбиеші зат есімге сөз айтады (етістік, есімдік), ал бала осы сөзге қарама-қайшысын атайды.

Мысалға: ренжіш- қуаныш, ақ-қара, жылау-қуану.

Қоршаған ортадағы өзгерістерді жүйелендіру, толықтыру мақсатында «Сиқырлы теледидар» әдістемесін пайдаланамын. ТРИЗ технологиясымен мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауға бірден-бір ыңғайлы жүйе, ол - жүйелі оператор (көп түрлі сұлбалардың дарынды ойы).

«Ғажайып баспалдақ» әдістемесі.

«Ғажайып баспалдақ» әдістемесі негізінде, балалар қандай да болмасын құбылыстың, нәрсенің болмысын елестете алады және осы өзгерістерге байланысты әңгіме құрастыруларына мүмкіндік туады.

Оқу іс - әрекетінде ТРИЗ элементтерін қолданған шақта балалар ұялшақтық қасиеттерінен арылады, қиялдық ойлау жүйесі дамып, ой-өрістері толығыады.

ТРИЗ балаларға не береді ?

Балалар көп талқылайды, жаңа идеяларды ортаға салады, талқыланатын тақырыптың өрісі кеңейеді, өзлеріне сенімді болады. Көп қиялдап, ойлап тауып, шығармашыл болады. Білімін «фокус» тәжірибесі арқылы өндіреді.

ТРИЗ ұялшақтықтан, тұйықтылықтан, жасқаншақтықтан арылтады; кішкентай адам өз көзқарасын сақтап қалу үшін қиын жағдаяттан түпкі шешімін дербес тауып шығуға үйренеді. ТРИЗ балалар үшін зерде мен қиялдың жаттығуы.Оқу әрекетін ұйымдастыруда балалар мен үлкеннің біріккен әрекетінде, баланың дербес әрекетінде, күн тәртібі барысында жүзеге асыруға болады.

Балалық шақ – қарқынды сөйлеу қызметінің кезеңі сол себепті әр бір ТРИЗ бен оқу әрекеті – ұжымдық ойын, шын мәнінде, шығармашылық жұмыс, демек, өмірдің қуанышын қарқынды сезіну. Баланың қуанышы ауадай қажет, ол күш қуатты арттырып, шығармашылық қабілеттің толық ашылуына мүмкіндік береді. ТРИЗ технологиясы тәрбиешіге де , балаға да жас шамасына қарамай меңгеретін шығармашылық құралы болып табылады. Бір құралды пайдаланатын тәрбиеші де, бала да қиындықсыз бірін-бір түсіне алады. Сондықтан да мен өз оқу іс- әрекеттерімде , еркін шығармашылықта да ТРИЗ технологиясын қолданамын.

Белгілі ғалым Альберт Эйнштейннің:«Өзінді қызықтыратын іспен айналысқаннан артық, еш нәрсе жоқ» - деген қағидасы негіз болады.

Балалар мен педагогтардың біріккен әрекетінде ТРИЗ технологиясының әдіс – тәсілдерін қолдануда педагогтардың құзыретін көтеру

Міндеттері:

- Педагогтарды ТРИЗ технологиясымен нақты таныстыру.
- Балалар мен педагогтардың біріккен әрекетінде ТРИЗ технологиясының әдіс – тәсілдерін қолдануға деген қызығушылығын арттыру.

Тақырыптың өзектілігі

Мектепке дейінгі білім дамудың жаңа кезеңінде тұр. Оның алдында көптеген ауыр мәселелер бар: қазіргі заман талабына сай, сапалы мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету, әр баланың толыққанды дамуы мен эмоционалдық амандығына жауапкершілікті көтеру. ҚРМЖМБС талабына сай педагогтар алдындағы негізгі мақсат – әр баланың жас және жеке ерекшелігі мен бейімділігіне қарай қолайлы әлеуметтік жағдай жарату, танымдық және шығармашылық қабілетін қалыптастыру, тілін дамыту .

ТРИЗ технологиясының басты мақсаты шығармашыл тұлғаны қалыптастырудағы қазіргі тұжырымдамасымен тығыз шырмалады, ал білім мен білік оқытудың соңғы мақсаты, ал әр адам өзін-өзі тануы, шығармашылық әрекетті үшін құралы, тәсілі, алаңы болып табылады. Осының барлығы балабақшамыздың оқыту және тәрбиелеу үрдісінде ТРИЗ элементтерін қолдана отырып, жас ерекшелігіне сай құзыретті, танымдық белсенді, шығармашыл, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге түрткі болды.

ТТШТ(тапқырлық тапсырмаларын шешуші теория)және ТШДТ(тұлғаны шығармашылық дамыту теориясы)на негіздеп Ресей ғалымы және жазушы –фантаст Генрих Саулович Альтшуллер құрған. Оның заманауи аты «қолданбалы диалектика »(диалектика-ойдың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдары туралы ғылым). Мектепке дейінгі жасқа дайындалған ТТШТ технологиясы «Барлығына шығармашылық!» ұранымен баланы оқыту мен тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Балалық зерде шексіз. Ол балаға тікелей және болжап болмайтын, зерттеп, үлкендер байқамағанды байқауға жағдай жасайды.

ТТШТ технологиясы келесі тапсырмаларды шешуде өте пайдалы

- Балаға барлық салада дұрыс әрекет ету мүмкіндігін дамытады; қоғамда, отбасында, адамдармен, табиғатпен қарым-қатынас

- Өзі жасағанды ашуға қызығушылығын тәрбиелейді;

- Баланы қоршаған әлеммен және адамдармен таныстыруда жүйелі ықпалды жүзеге асырып, жүйелі ойлауды қалыптастырады;

- Қиялын, шығармашылығын, білуге құмарлығын, фантазиясын дамытады;

- Баланың сан алуан және өнімді қызметке ынтасын тәрбиелейді;

- сенімділік сезімін, санасында негізделген өзіндегі және қоршаған ортадағы кемшіліктері мен құндылықтарын түсінудегі өзіндік бағалауын тәрбиелейді.

ТТШТ мектеп жасына дейінгі балаға:

- бұл біріккен ойын жүйесі, оқу әрекеті, негізгі базалық бағдарламаны өзгерте алмайды, бірақ нәтижесін молайтады.

- ТТШТ элементтерін қолдану арқылы баланың шығармашылық және ойлау белсенділігі жанданады, өйткені ТТШТ кең ойлануға, болып жатқан процесті түбегейлі түсініп жіне оның мәселесін нақты шешуге үйретеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Генрих Саулович Альтшуллер . Технология Триз, 1989 ж.

2.Сакаева Д.М. Методы и приемы Триз технологии. Муравленко . 2011 ж. 3. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқына жолдауы».

4. А.М.Бородич «Методика развития речи детей» Москва, 1981г.

5. «Отбасыжәнебалабақша» журналдары

ЖАС ҰРПАҚҚА АДАМГЕРШІЛІК - САУАТТЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Сагитаева К.Ф., Жумабаева Б.К.
«Алтын сақа» бөбекжайы КМҚК

Балабақша тәрбиешісі - арнайы дайындығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен кәсіби айналысатын тұлға. Оның негізгі міндеті – мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдеріс ұйымдастыру, кәсіби даярлығын үнемі жетілдіріп отыру. Осыған орай, қазіргі таңда балабақша тәрбиешілеріне келесі бірыңғай әдістемелік талаптар қойылады: педагогикалық және психологиялық деңгейін көтеру; оқыту мен тәрбиелеудің ең соңғы жаңа педагогикалық технологияларын зерттеп меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысында қолдана білу; өз білімін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс атқаруға ынталандыру; балалар табыстары мониторингісін жасау және оны диагностика коюдың қазіргі тәсілдерін меңгеріп, қолдана білу; авторлық бағдарламалар, оқу құралдарын, мақалалық ізденістер жасауға ұмтылдыру; тәрбиешінің педагогикалық-кәсіптік оң көзқарастарының және құндылықтарының қалыптасуына жағдай туғызу. Жаңа заман тәрбиешісі – бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Бұл бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын ситуациядан шыға

білетін жақсы психолог.Тәрбиешіні үнемі алға талпынып, жас ұрпақ тәрбиесіне белсенді араласуға, балалар арасында беделді болуға міндетті. Оның адамға, балаға деген сүйіспеншілігі мол. Моральдық жағынан биік болуы, мамандығын жақсы көруі шарт.Қоғамды жан-жақты дамытатын өндіргіш күштің негізгі тұлғасы-адам,сондықтан адам факторына ерекше мән беріледі.Қоғам дамуы мен адамның жеке басының дамуы бір-бірімен тығыз байланысты.Қоғам адамды қаншалықты дәрежеде жетілдірсе,жетілген адам қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады.Тәрбиесіз қоғам қоғам болудан,адам адам болудан қалады.Материалдық және рухани байлық жасап,қоғамды дамытатын-адамдар. Ал,адамдарды соған дайындап,тәрбиелейтін-тәрбиешілер.Олай болса,тәрбиеші-қоғам мен қоғамды,ғасыр мен ғасырды жалғастыратын буын.Тарихты жасайтын-халық,халықтың көзін ашып,көңілін оятатын,саяси қырағылыққа, сенімділікке, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа ,бауырмалдыққа, Отаншылдыққа,азаматтыққа баулитын тәрбиеші-ұстаз.Біздің еліміздің мектепке дейінгі мекемелерде, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарда, ұзартылған күн тобы бар мектептерде, кәсіптік-техникалық оқу орындарында, еңбек колонияларында тәрбиеші тағайындалады. Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын,демалыс уақытын ұйымдастырады.Ал бөбекжай мен балабақша тәрбиешісі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді,мектепке даярлайды,отбасына көмектеседі.Қай кезде болса да алдыңғы қатарлы ойшыл адамдар тәрбиеші еңбегін жоғары бағалап,оның қоғамдағы рөлін құрметті де маңызды деп санаған. Бұл жөнінде К.Д.Ушинский: "...тәрбиеші өзін өткен мен болашақтың арасында тірі дәнекермін, шындық пен жақсылықтың құдіретті жауынгерімін деп біледі және ол өз ісінің сырт қарағанда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл істен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсіндіреді" деп жазды. Тәрбиеші-ұстаздың адам өміріндегі рөлі туралы халқымыздың классик ақыны Абай:

Ақырын жүріп анық бос,
Еңбегін кетпес далаға,
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға...

Тәрбиеші-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, бала қиялын көкке самғатып арманын көкке ұсындырушы басты тұлға.Тәрбиеші ұстаз жан жақты жетілген білімді, халық дәстүрін, әдеп-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін кәсіби түрде меңгеру керек. Осы ерекшеліктерді меңгерген жағдайда ғана баланың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып оқуға деген қызығуын қалыптастыра алады.

Адамгершілік тәрбие дегеніміз –балалардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөніндегі ұстаздардың арнаулы мақсат көздеген қызметі. Адамгершілік кейбір бағыттар заманның өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Себебі тәрбие-қоғамдық құбылыс.

Адамгершілікті мемлекет қайраткерлері, ғалым ұстаздар, көсемдер, небір жақсылар уағыздаған. Олар өз заманына сай ізгілікті, парасаттылықты, сананы, сезімді, саналықты, инабаттылықты, салауаттылықты, адалдықты, шындықты, тағы басқаны насихаттаған. Адамгершілік тәрбие біртұтас оқу-тәрбие процесінің негізі болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің негізі отбасынан басталып, балабақша, бастауыш сыныпта өзінің жалғасын тауып, жоғары сыныптарда күрделене береді. «Адамгершілік тәрбиесі – тәлім – тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол жанұя мен балабақша, қоғам тағы басқа жеке ықпал арқылы іске асырылады. Жас балалардың адамгершілігін қалыптастыруда мектепке дейінгі балдырғандар үшін оларға түсінікті ғибрат сөз, әсерлі өлең, өнегелі ойын, еңбек үстінде этикалы қатынас жағдайында адамгершілік әдеп – дағдылары қалыптасады.Адамгершілік тәрбиенің мақсаты жеке адамды дамытудың негізгі бөлігі. Баланың адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу, іс-әрекетін ұйымдастыру осы адамгершілік тәрбиден басталады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін талдап отыруы керек.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынас артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т. б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/ кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б./ Балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілімен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды.

Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», деп атап көрсеткен. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие -бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», -дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу- біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие- балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға берер тәлімі мол болмақ. Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады.

Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үнілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді.

Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты

болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың да, ата-ананың да және Отанымыздың да болашағы зор болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бала тәрбиесі» № 2, 2006 ж. , № 4 2008 ж
2. «Бастауыш мектепте оқыту» № 4 2007 ж
3. Аймауытов Ж. «Тәрбиеге жетекші». Орынбор, 1924.
4. Сатыбаев С. «Халық әдебиетінің тарихы негіздері». — Алматы: 1992
5. Баймұратова. Б. «Отбасындағы баланы мектепке дайындау» , — Алматы: Шартарап, 2000 ж.
6. Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика»
7. Қ. Жарықбаев, Серғазы Қалиев "Қазақ тәлім-тәрбиесі". Алматы, "Санат" 1995ж
8. Н.М.Аксарина. Сәбилік шақтағы балаларды тәрбиелеу. Алматы, 1982 ж
9. "Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы" , Алматы, 1987ж
10. Қ.Ә. Меңжанова. Мектепке дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу, Алматы, 1987ж

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МАҢЫЗЫ

Сейтбатталова М.Х., Байзакова А.К.

«Алтын сақа» бөбекжайы КМҚК

Әр бала үшін ең алғаш мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына көп назар аударуда. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде, балабақшаларда жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір бала үшін жетістік кежету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.
2. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ

Рүстембекова Т.Д., Рымқұл А. Ө.

№68МИББ кешені

Қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай баланың интеллектуалды, жеке және табиғи дамуын қамтамасыз ету жүйесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді.

Азаматтар және отбасын әлеуметтік қолдауды реттейтін заңнамалық база жетілдірілуде. Мектепке дейінгі балалық шақтың толық дамуын қамтамасыз ететін нормалар қабылданды. Мектепке дейінгі тәрбие мен қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай баланың интеллектуалды, жеке және табиғи дамуын қамтамасыз ету жүйесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында 2008жылы Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандарты әзірленді және бекітілді.

Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы міндетті білім беру стандартының танымдық саласын іске асыру мақсатында білім беру процесінде сараптаудан өткен және балалардың оқуына рұқсат етілген 300-ден астам әдебиеттер пайдаланылады. Егеменді елдің ертеңі оқу-білімнің тереңдігімен өлшенеді. Қазір барлық жерде әрбір ұлт өз салт-санасын, дәстүрлерін қалпына келтіру, оны жас ұрпақтың ертеңгі болашағына жарату мақсатында игілікті шаралар атқарып отырған уақытта жеткіншектеріміздің өсіп дамуына ағарту жүйесін жаңаша қайта құрудың жолдарын қарастыруда үлкен еңбек атқарылуы тиіс.

Қазақстанның ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Жан-жақты жетілген, парасатты азамат дайындау, олардың рухани жан-дүниесін халық қазынасымен байыту, ата-баба дәстүрлерінің озық үлгілерін санасына орнықтырыпкөкірек көзін ояту бүкіл ел жұрт, ауыл аймақ, отбасы, қоғамдық мекемелер болып бірлесе атқаратын аса жауапты міндеттердің бірінен саналады.

XXғасыдың басында кеңес үкіметі орнағаннан кейін өзінің педагогикалық мұрағаттарын көсіле, еркін білдірген қазақ зиялысы, ұстаз ақын Міржақып Дулатов. Міржақыптың білім беру, ағартушылық, мәдениет пен өнер мәселелеріне, бала тәрбиесіне қатысты жазылған мұралары білмейтін адам кемде кем. Бала денсаулығына жазылған кеңестерде құлақ, мұрын, тыныс алу мүшесі, көз сияқты дене мүшелерін жас кезден бастап қалай күту қажеттігін көрсетеді. Үйде жұмыс істегенде, жазу жазғанда қандай қағидаларды ескеру қажеттігін де назардан тыс қалдырмайды. Тіпте өсіп келе жатқан жас балдырғандар үшін арнайы ереже жазуды да естен шығармайды. Олар:

1. Үйдің ауасын жиі тазартып тұру.
2. Денені таза ұстау.
3. Күнделікті жуынуы.
4. Өзін таза ұстау, тамақтан соң ауызды сумен шаю.
5. Таза ауада демалу.
6. Өте қалың киінбеу.
7. Денеге тар киім кимеу.
8. Өкшесі жалпақ аяқ киім кию.
9. Киім сіуланса басқа киіммен ауыстыру.
10. Артық тамақтанбау.
11. Ерте жатып, ерте тұру.
12. Ұйықтар алдында ауыр жұмыс істемеу.
13. Алаңсыз ұйықтау. Міне осы қағидалардың сол кездегі жас өспірімдер үшін маңызы зор болды.

М.Дулатовтың қай ережесін алмайық, бәрі орынды, бәрі бала үшін пайдалы. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесінде Асанқайғы, т.б. ақын-жыраулардың мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Қазақ отбасында балаға тіл шығып, анық сөйлей бастаған кезден ақ, ағайын-туысты, нағашы жұртын, ата-тегі, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заңы болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»

деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептелінген. Отбас мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларын ың атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегенде, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншідн, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек. Мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға осы ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз. Алғашқы балалар бақшасы 8.02.1921 жылы Железинка болысы Үрлітүп ауылында ашылды. 1923 жылы кеме жөндеу шеберханалары жұмысшыларының балаларына арналып, Павлодар қаласында 20 орындық тұңғыш балалар бақшасы ашылды. Оны ұйымдастырушы – мектепке дейінгі саланың қарт қызметкері А.Д. Ронжина. Ол 1929 жылы өлкелік курста арнайы мектепке дейінгі дайындық алған бірінші педагог еді. 1952 жылы 500 бала қатысатын небәрі 18 мектепке дейінгі мекеме болса, отыз жылдан соң 480 ясли-бақша болды. Мектепке дейінгі мекемелер желісінің дамуына өнеркәсіп кәсіпорындары, көлік және құрылыс ұйымдары, кеңшарлар мен ұжымшарлар сүбелі үлес қосты. Тек 70-жылдары облыста 156 ясли-бақша салынып, тәрбиеленушілер саны екі есе өсті. Олардың көбі жаңа типті жобамен салынды: ұйықтайтын, ойнайтын бөлмелері бар, аумағы көгалдандырылған. 80-жылдардың шегінде облыстың мектепке дейінгі мекемелерінде 5,2 мың педагог қызмет істеді. Мектепке дайындықпен балалардың 90%-ы қамтылған. 1991 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесінде 74705 баланы қамтыған 577 балалар бақшасы болды. Қазір бұл жүйеде 69 мектепке дейінгі мекеме 11352 баланы қамтыған. Облыста 56 мектепке дейінгі мекемеде мектеп алды дайындықты ұйымдастыратын 264 топ (6419 бала) жұмыс істеді. Мектеп жағдайында 377 сыныпта 4642 бала мектеп алды дайындықтан өтті. 2003 жылы мектеп табалдырығын балалардың 90%-дан астамы дайындықпен аттады.

Бүгін біздің тақырыбымызға айналып отырған мәселе туралы ой-тұжырымымыз осыдан бір апта бұрын-ақ туындағанымен, оны оқырмандарымызға ұсынудың сәті енді ғана түсіп отырғанына кешірім сұрай келіп, тәуелсіз еліміздің аумағында жарық көріп, таратылатын «Комсомольская правда Казахстан» деген газеттің 2014 жылғы 30 қаңтардағы санында жарық көрген «В детском саду №48 обсудили Послание президента Назарбаева» атты мақала жариялап, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы педагог қызметкерлерінің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылаған осынау маңызды іс-шараны кекесін мен мазаққа айналдырғанына Сіздердің назарларыңызды аударғымыз келеді. «Комсомольская правда Казахстан» деп аталатын мерзімді баспасөз басылымында жарық көрген, жоғарыда аталған ақпараттық материалдың мазмұнын қайталап айтып жатпай-ақ, мынадай мәліметтерді ортаға салайық. Алматы қаласы Білім басқармасының Интернетте тек қана орыс тілінде берілген, қазақ тіліндегі нұсқасы жоқ ресми сайтынан алынған деректер бойынша «№48 бөбекжай – балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық-коммуналдық кәсіпорны Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 10 «А» мөлтек ауданы, Қойшыманов көшесі, 4 «А» үй мекен-жайы бойынша орналасқан. Аталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту кәсіпорнында оның меңгерушісі Арман Абдиханқызы Жакешованың басқаруымен 2014 жылдың 24 қаңтарында ұжым мүшелері Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылаған. Бұл іс-шараға «Нұр Отан» партиясы Әуезов аудандық бөлімшесінің өкілі, Алматы қаласы Білім басқармасының «Н. Островский атындағы загіптер және көздері нашар көретін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернаты» мемлекеттік қазыналық-коммуналдық кәсіпорнының директоры Рахмет Баркенұлы Нұрахметов қатысып, осындай мәнді жұмыстары үшін алғыс айтқан.

Міне, осы оқиғаны «Комсомольская правда Казахстан» деген газет кекесінге толы астармен келемеждей отырып хабарлаған және ғаламтордағы әлеуметтік желілердің кейбір керітартпа қолданушылары да мұны іліп алып кетіп, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын талқылау мәселесін осынсыз сайқымазаққа айналдырып, өздерінің таяз ой-саналары тұрғысынан талқыға салған.

Біріншіден, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында:

«...Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды», - деген болатын.

Екіншіден, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының «Білім беру деңгейлері» атты 12-бабы бойынша Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде білім беру деңгейлері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дақамтиды. Мазмұнына қарай мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту да жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына кіреді. Осы Заңның «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары» атты 15-бабына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді. Тиісінше мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары: 1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді; 2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады. Сондай-ақ, мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

Заңның «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» деген 30-бабының талаптары бойынша алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында немесе бір жастан бастап мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектеп алды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады. Мектеп алды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектеп алды сыныптарында жүзеге асырылады.

Үшіншіден, аталған Заңның «Педагог қызметкерлердің мәртебесі» атты 7-тарауының 50-бабы бойынша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын адамдар педагог қызметкерлерге жатады. Яғни Алматы қаласындағы «№48 бөбекжай – балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық-коммуналдық кәсіпорнының ұжымы педагог қызметкерлер болып табылады.

Ендеше, білім беру саласын жетілдіруге бағытталған Елбасының осы және басқа да тапсырмаларымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымы болып табылатын Алматы қаласындағы «№48 бөбекжай – балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық-коммуналдық кәсіпорны ұжымының танысуы және оны талқыға салуы – өте орынды, қажетті және қолдап-қуаттауға әбден тұратын жайт емес пе?

Олай болса, еліміздің бұрынғы елордасы және қазіргі ауқымды қаржы орталығы Алматы қаласының орталығын мекен етіп, оңтүстік астанамызда Өтеген батыр көшесі, 21 «А» деген мекен-жай бойынша ойып тұрып орналасып алған «Комсомольская Правда в Казахстане» ЖШС қожайындарының Елбасымызды, Президентіміздің жүргізіп отырған мемлекеттік саясатын және еліміздің педагог қызметкерлерін келемеж бен мазаққа айналдырып отырғаны қалай болды сонда?

Қазіргі таңда Қазақстанда дүниежүзілік білім берудің жаңа жүйесіне бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Осы үдерісті енгізу негізінде педагогиканың қалыптасқан қағидалары мен оқу-тәрбие жұмыстарында да ауқымды өзгерістер болуы – заңды құбылыс. Жанартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін оқу материалдарын дайындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады. Ол – оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда тәжірибеде бар білімнің модернизациясының қосымша бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы білім берудің жаңа жүйесінде әлеуметтік- экономикалық қайта құрылу, болып жатқан өзгерістер, жанартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, барлық талаптарға сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау ҚР «Білім туралы» Заңы мен 2016-2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес ұйымдастырылады. Бұл құжаттарда мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.

Тәрбие мазмұнын іске асыру жас ерекшелігі психологиясы мен мектепке дейінгі педагогика және білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты. Бала оқи отырып таниды, тани отырып не білгені туралы айтады, зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді. Осылай білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін – компетентті тұлға яғни қоршаған ортаға бейімделген жаңа тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Барлық ТМД елдерінде жүзеге асырылатын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымда балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру – балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың физикалық, адамгершілік және зияткерлік дамуы үшін уақытты үйлесімді бөлу және қолайлы жағдайларды жасау. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, эмоциялық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жағдайлардың жүйесі.

Күн тәртібі – бұл баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін тәулік бойғы уақытты ұтымды бөлу және түрлі әрекет түрлері мен демалыстың дұрыс өзара сабақтастығы. Ең бастысы – баланың жан-жақты мәдени тәрбие алатындығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасының маңызы өте зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қирабаева С «Мектеп және Қазақ әдебиеті», «Мектеп»1979
2. Қоңыратбаева Ә «Әдебиетті оқыту»1985

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК

Кикымова А. А., Смагулова Қ.К.

№68МИББ кешені

«Бала өмірге келмей жатып ананың құрсағында жатқаннан бастап тәрбиеленеді» деген бала тәрбиесіне байланысты айтылған сөздің астарында көп ой жатқан сияқты. Өйткені кейбіреулер баланы өмірге келген күннен бастап, енді біреулері бір жастан бастап тәрбиелеу керек деп жатады. Алайда, айтылған сөздердің қайсында болмасын шындық бар сияқты. Бала тәрбиесі – зор адамгершілік пен имандылықты талап етеді. Баланы тәрбиелеу тек ата-анаға ғана тән емес, қоғамның да тәрбиеге қосар зор үлесі бар деп ойлаймын. Бала отбасында тәрбие алып өсіп-өніп жетіледі де, ал қоғамда белгілі бір тұлға болып қалыптасып жетіледі. Кез келген ата-ана баласының жақсы тәрбиеленіп, өмір сүруіне ықпал жасайды. Әрине ол заңдылық. Ол үшін баланы өсіп өңгенше, жеткенше мектепке дейінгі мекемеге, яғни, балабақшаға беруге тырысады.

Қазіргі кезде балабақшада арнайы білімдері бар мамандырылған тәрбиешілер жұмыс жасайды. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиенің айырмашылығы орасан зор. Балабақшада балалар өз достарымен араласып, ойын ойнай алады. Балабақшада берілетін білім оқу-тәрбие үрдісі барлығы ойын арқылы жүзеге асады. Балабақшада баланың балалық шағы жан-жақты білімдерді меңгерумен өтеді. Балалар дене шынықтырудан, шет тілдерінен, орыс тілінен, биден, ән-күйден, сөйлеуді дамытудан білімдерін барынша дамытады. Сөйлеуді дамыту демекші, тілге деген құрметіміз қандай деңгейде. Тіл үйрену дегеніміз сөз бен ереже жаттау емес, сөйлеу түрлерін меңгеру. Кез келген өркениетті елде көп тіл білу жақсы дамыған. Қаласаң өз үйренгеніңше тілді меңгеруге болады. Ал, бірақ өз ана тілінде сөйлеу – басты мақсаттардың бірі.

Ұлы Абай ағамыз «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, бірінші ата-анасынан, екінші ұстазынан, үшінші құрбысынан» - деген екен. Әрбір қазақ баласы өз отбасында ана тілінде сөйлеуге дағдыланса, одан тәлім – тәрбие алатын бала да үйренеді емес пе. Сондықтан, баланың өз ана тілінде еркін сөйлеп, ойын анық жеткізуді осы кезден бастап қолға алсақ, оның болашақ өміріне қажетті дағдылардың бастамасына жол ашқанымыз.

Бүгінгі күнгі үштілділік тәрбие берудің мәселесі туындап отыр. Үштілділік оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күні ең басты қажеттілік.

Президент өз сөзінде ең кем дегенде үш тілді еркін меңгерген көптілді, көп мәдениетті тұлғаның негізгі моделін ұсынды: қазақ тілі-мемлекеттік, орыс тілі-халықаралық қатынас тілі, және ағылшын тілі – әлемдік тілдердің бірі. Егеменді еліміздің шапшаң дамып келе жатқан халықаралық қатынастары, халықаралық сауда – саттық нарығы да көп тіл білуді қажет етеді.

Үш тілде оқыту заман талабы. Үштілділік – Қазақстан балаларының дамуына орасан зор ықпал етеді. Себебі, қазіргі уақытта үштілділік маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық фактор тілді оқытудық жаңа әдіс –тәсілдері, интерактивті әдістер мен жаңа технологияларын, бақылау әдістерін, педагогтардың шеберлігін қазіргі заманға сай ұйымдастыруды қажет етеді.

Тіл, тіл мәдениетін игеру – әр баланың сәби шағынан бастап іске асады да, ары қарай біртіндеп жетіліп отыратын үрдіс.

Тіл өмір сүрмей тұра алмайды, ол уақыттан да биік тұр. Тіл ұлттық дамуды белгілеп, дүние танудың кілті. Тіл – мәдениет деп атайтын дүниенің мәңгілік ажырамас бөлшегі, бүкіл қоғамды алға жылжытушы.

Үштілділікті дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңталы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазір бес тіл болсын, он тіл болсын, жақсылап үйретсе, меңгеріп кетеді деген ойдамын. Балаларды бір тілмен шектеу – дұрыс емес. Сол үшін, ең болмағанда, үштілділікті кішкентай жасынан бастап жетілдіруіміз керек. Балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Балалардың табиғаты сондай. Қазіргі балаларға білім алуға барлық жағдай жасалынған. Өйткені олар бүгін жақсы оқыса, көптілді меңгерсе, келешекте Қазақстанымыздың өркениетті дамуына өз үлестерін қосады, дүниежүзін шарлайды, біледі, шет елдерді көреді. Үш тілді емес, одан да көп тіл үйретуіміз керек. Мен бұл жерде қазақ тілін қазақтар білмесін деп отырған жоқпын. Әрине, балабақшадан бастап қазақ тілін үйретуге тиіспіз. Әрине қазақ тілін үйрету керек, ол бірінші орында болсын. Бірақ сонымен бірге, орыс тілі, ағылшын тілі т.б. тілін балаларға үйретуге тиіспіз. Болашақта біздің балаларымыз басқа елдің адамдарымен қатынас жасай алу үшін біз оларға жас кезінен бастап өз тілін ғана меңгермей басқа да тілдерді меңгеруге мүмкіндік жасауымыз керек.

Елбасымыздың үштілділік жоспарын іске асыру мақсатында біздің бала бақшаның балалардың ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баули отырып, еске сақтау, мінерлеп оқу, әдемі сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруының мақсатына қойып жатыр. Өз, тілдерімен қоса өзге де тілдерді бағалай білуге баулу.

Сонымен, әр білім беретін, балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті – Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Сондықтан кішкентай жасынан бастап, балабақшаға келген күндерінен бастап балалардың шетел және басқа тілдеріне қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек. Тіл білсе бала барлық қамалды бұзып, өздігінең заманауи тұлға болып қалыптасады деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Ә Назарбаев: «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасы»
2. Оспанова Б.Т «Үштілділік – заман талабы»

БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Алиленова Н.Қ., Ақжолтай А.С

№68МИББ кешені

Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту, олардың практикалық дағдыларды иемденуі сәбилік кезеңнен басталады. Тәрбиешінің бұл бағыттағы жұмысының ғылыми негізде құрылуының және талапты бірте бірте, жүйелі күрделендіру, әр түрлі жастағы балалардың білімі мен іскерлігін саралап қарау принципін сақтап, өнердің әр түрлі қазіргі кездегі даму деңгейін ескеретін белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізілуінің маңызы зор. Психологтар мен педагогтардың бірлесіп атқарған зерттеулері соңғы жылдары балалардың ақыл - ой және эстетикалық іс - әрекеттерінің, адамгершілік ерік қасиеттерінің деңгейі неғұрлым жоғарланғанын көрсетті. Бұл сәби кезден – ақ байқала бастады. Сондықтан балабақшаның баланың адамгершілік әлпетін қалыптастырудағы ролі мен мәні артып келеді. Баланың ақыл – ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, алайда оны дұрыс бағытта даму жағдайлары әрқилы, сондықтан баланың ақыл – ой қабілетін дамыту, оның нақты дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты балалардың толыққанды ақыл – ой тәрбиесін сенсорлық процестерді қалыптастырудан бастау қажет. Ойлау әрекетін дамыту сөйлеусіз мүмкін емес. Бала тілді меңгере отырып заттар, олардың қасиеттері, белгілері туралы білімдерін игере бастайды. Нақты бағдарлама мазмұнына сай балалар қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеру негізінде санау, салыстыру,

заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу, жиын, сан, есептеу ұғымдарын да дидактикалық және танымдық ойындар арқылы үйренеді.

Мектепке дейінгі балаларға арналған көркем шығармалар баланы шынайы болмысты нақты әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап баланың сөздік қорын молайтып, тілін байытады. Мектеп жасына дейінгі өнімді шығармашылық қызметін ұйымдастыруда, бейнелеу өнерінің сабақтары барлық жас топтарында өткізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнерімен жалпы топтық сабақтардан тыс та, ойынға бөлінген уақыт мезгілінде шұғылданады. Тәрбиеші бұл ынтаны, алынған бейнелеу дағдыларын қолдануда баланың шығармашылығын қолдап отырады. Іс - әрекеттің түрлеріне үңілсек сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру – балалардың шығармашылық белсенділігін көрсету үшін үлкен мүмкіндік беретін сабақтардың бірі. Балалардың шығармашылығын ұйымдастырудың ерекше өзіндік мәні бар. Адамдардың жаңа әлеміне, олардың қарым – қатынасының ерекшеліктеріне қызығушылық қарым – қатынастық жаңа басым түрін анықтайды. Мектепке дейінгі жастағы балаларда айналасындағылардың сөйлеуін және бақылай отырып, бағалаушылық сипаты пайда болады. Олар сөздерді өзгерте, жаңа сөздер ойлап табуға белсенді тәжірибелер жасады, сөйлеу қызметіне шығармашылық пен кіріседі. Жұмбақтар, ертегілер, әңгімелер ойлап табады. Балаларда ойлау объектісі арқылы сөйлеуге қызығушылық пайда болады. Бірдей жастағы балалардың сөздік қоры, байланыстыру, сауаттылық жағынан, шығармашылық сөйлеу қабілеті жағынан айырмашылықтары айқындалады. Балалардың логикалық ойлау қабілеті, интеллектуалдық дарындылығы еске сақтау қабілеттері арқылы, өз бетімен ойлау қабілеттері арқылы жоғарылай түседі. Түрлі логикалық, сенсорлық ойындар арқылы баланың ойлау шығармашылығы дамып, ақыл – ой белсенділігі арта түседі. Шығармаларды, әңгімелерді, ертегілерді еске түсіріп сөйлеу шығармашылығын дамыта отырып, театрлық көрсетулер ұйымдастыруға болады. Ойын кезінде балалардың қимыл - әрекетімен қатар ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту жұмыстары арқылы шартты, мақсатты, ережелі ойындарды біле отырып, ол ойындарға шығармашылығын қосып та ойнайды, кейбір ойындарды өздері де өзгерте алады. Музыкалық сабақтарда балалардың іс - әрекеті оқу және шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағытталған. Олар орындау дағдыларын игере бастайды, ал түрлі билерді орындағанда түрлі би қимылдарын, музыкалық ойын образдарын өздерінше беруге талпынады. Баланың жеке басын жан – жақты дамыту эстетикалық тәрбиенің адамгершілік, ақыл – ой дене тәрбиелерімен өзара тығыз байланысы арқасында қамтамасыз етіледі. Балалардың осындай шығармашылығын ұйымдастыра отырып өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын шығармашыл, күзиретті тұлғаны тәрбиелеуге жұмыстанудамыз.

Мектеп жасына дейінгі бала психикасының қалыптасуы мен дамуы оның есейген шағымен салыстырғанда шапшаң жүреді. Балалық шақтың осы таңғажайып мүмкіншіліктері мидың, белгілі бір жүйке құрылымдарының толысып, пісіп - жетілуіне және олардың функционалдық қасиеттеріне байланысты. Бұдан шығатыны мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қасиеттер оның шығармашылық қабілеті дамуының негізін қалайтын жағдайларды тудырады.

Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту, олардың практикалық дағдыларды именденуі сәбилік кезеңнен басталады. Баланың ақыл-ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, алайда оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әрқилы, сондықтан баланың ақыл-ой қабілетін дамыту, оның нақты дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты балалардың толыққанды ақыл-ой тәрбиесін сенсорлық процестерді қалыптастырудан бастау қажет.

Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қабілетін үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – материалды тез қабылдап, жылдам меңгеретін бала.

Екінші кезең – арнаулы тапсырманы мұқият орындайтын бала.

Үшінші кезең – берілген көркемдік білімді баяу қабылдайтын бала.

Осы орайда баланың ынта-жігерін арттыру арқылы шығармашылық деңгейін дамытуға болады. Баланың қабілеттілігін дұрыс түсіну үшін баланың жас ерекшелігін психологиясын білу және ескеру қажет. Шығармашылықты тежейтін бірнеше кедергі бар: біреулер «жасай алмаймын, қолымнан келмейді» деп өздерін үрейге, қорқынышқа билетсе, екінші бала өз жұмысына өзі қанағаттанбайды; ал үшінші біреу – жасқаншақтық немесе ұяндықтың кесірінен өз талантын танытуға енжар болады; төртіншісі – жалқаулыққа жеңдіреді. Психологиялық дайындық, яғни педагогтың психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып еліктіріп отырады. Шығармашылық шеберлік үшін балаға педагогтың берер психологиялық әсері мынадай болмақ керек деп ойлаймын:

- «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «сен қабілеттісің», деген сөздермен баланың ерік-жігерін билеп, сенім білдіру;
- Бүлдіршіндердің кішкентай жетістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу.
- Шығармашылық сәтте балаға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту;
- Балалар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу, оқиға, сюжет, образ жасауда оларға сенім білдіру;
- Баланың қойған сұрақтарына пейілмен дұрыс жауап беру, олардың еркіндігін қамтамасыз ету сияқты әрекеттерді педагог білуі тиіс.

Қазіргі таңда шығармашылық тапсырмалар мектепалды даярлық топтарында әр сабақта ұйымдастырылады. Ал қазір дәстүрлі оқу қызметі мен шығармашылық оқу қызметінің айырмашылығын көрсете кетейін.

Мектеп жасына дейінгі өнімді шығармашылық қызметін ұйымдастыруда, бейнелеу өнерінің сабақтары барлық жас топтарында өткізіледі. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнерімен жалпы топтық оқу қызметінен тыс та, ойынға бөлінген уақыт мезгілінде шұғылданады. Тәрбиеші бұл ынтаны, алынған бейнелеу дағдыларын қолдануға баланың шығармашылығын қолдап отырады. Оқу қызметінің түрлеріне үңілсек сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру – балалардың шығармашылық белсендігін көрсету үшін үлкен мүмкіндік беретін сабақтардың бірі. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу кезеңінде заттарды салыстыра алмауы мүмкін, дегенмен нәрсеге қарап сурет салуда дәл ұқсастықпен бейнелеуге мүмкіндік бар. Сондықтан бала бақша балаларына бейнелеу өнерінен білім беруде көрнекілік құралдарды жүйелі пайдаланғаны жөн.

Сурет салуда балалардың екі типін кездестіруге болады: байқағыштар және арманшылдар. Байқағыштардың шығармашылығындағы бейнелер мен сюжеттер өмірден алынған болса, ал арманшылдардың суреттерінде қиялдан алынған кейіпкерлер көбірек кездеседі. Біреулер әр түрлі көліктерді, үйлерді, өмірдегі оқиғаларды, енді біреулері тауды, космостық бейнелер, ойдан шығарылған жануарлар бейнелерін салады. Бейнелеу өнерінде баланың шығармашылық қабілеті тек қана тәрбиешінің тікелей басшылығымен дами алады. Баланың жағымды эмоциялық жағдайы бейнелеу өнері оқу қызметінде міндетті түрде қажет. Баланың шығармашылық белсенділігін арттыруда ата-аналар мен тәрбиешінің қолдау жағдайы дұрыс болуы қажет. Бейнелеген затпен қоршаған ортаға баланың қызығушылығының артуы шығармашылық қабілетін дамуына септігін тигізеді. Бала өз жұмысын айналасындағыларға көрсетуге ұмтылады. Осыны тәрбиеші естен шығармай, дұрыс бағалауы және дұрыс бағыттауы қажет. Баланың байқау қабілеті, шыдамдылығы басым болса, оның жұмысыда соншалықты қызықты болады. Бала сурет сала отырып заттар мен құбылыстарды жай ғана бейнелемейді, суретінде өз сезімдерін білдіреді.

Баланың тілін дамытуда оның шығармашылығы қалыптасқан белгілі тақырып бойынша әңгіме құрау, сурет бойынша әңгіме құрастыру әдістерімен қатар балалардың қиялы мен арманшылдығын дамытатын «Мен ұшқыш болсам», «Мен президент болсам» тақырыптарда әңгіме құрастыру тапсырмалары жиі қолданылса бала қоршаған ортада өз орнын таба білуді үйренеді. Баланың сөйлеуде тапқырлығы мен анық мәнерлеп сөйлеу қабілетін жетілдіруде жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел айтуды басынан бастап аяғына дейін балаларға айтқызу ең кеңінен таралған әдістердің бірі. Балалардың әңгіме құрауда шығармашылығын дамыту

бағытында қуыршақ театры, саусақ және үстел үстіндегі театр құралдарының әсерін ерекше атап өту қажет.

Баланың шығармашылық оқу қызметіне жағдай туғызу дегеніміз - баланы ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық қабілетті талап етпестен бұрын, оны соған үйреткен жөн. Баланың зейінін, есін, қиялын, интелектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық оқу қызметін жоғары деңгейде көтеруге болады. Баланың ҚМҰҚ оқу қызметінде шығармашылық қабілетін дамыту.

Балалардың зейінін жаттықтыруға жеке дамытуға берілген тасырмалардың кейбірімен таныстыра кетейін .

Бала бейімділігі мен икемділігі сәби күннен қалыптаса бастайды. Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай дамып, нығаяды. Өмірді танып білу, әдетте, оқып - үйренуден бастау алады. Содан соң адам сол білімін шығармашылықпен пайдалануға, қоғамға пайда келтіруге ұмтылады. «Барлық мүмкіндіктер балалардың бойында» деп, Лев Толстой айтқандай, ашылмай бұйығып жатқан мол мүмкіндікті дер кезінде дұрыс жолға бағыттай білу керек.

«Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» бағытында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- Ойын - тапсырмаларын орындау барысында балалардың қиялдары дамып, шығармашылық қабілеттері белсенді түрде артады.

- Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы баланың өз мүмкіндіктері дамып жетіледі.

- Оқу әрекетінде бала өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс - тәсілдерді іздеп, проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

- Тілдік тапсырмаларды орындау барысында сөздерді өзгерте, жаңа сөздер ойлап табуға белсенді тәжірибелер жасайды, сөйлеу оқу қызметіне шығармашылықпен кіріседі.

- Сурет салу оқу қызметінде зат пен қоршаған ортаға баланың қызығушылығының артуы шығармашылық қиялының дамуына септігін тигізеді.

- Музыкалық оқу қызметінде баланың жеке басын жан – жақты дамыту эстетикалық тәрбие, дене тәрбиелерімен өзара тығыз байланысы арқасында қамтамасыз етіледі.

- Баланың бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық дамиды.

Балалардың осындай шығармашылығын ұйымдастыра отырып өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігі пайдаланатын шығармашыл, құзіретті тұлғаны тәрбиелеуге жұмыстанудың маңызы зор болмақ.

Қорыта айтқанда, ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізіне қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Орақова А.Ш. Оқушылардың шығармашылық қабілетін ашу және оған қолайлы.
- 2.Аймауытұлы Ж. Психология. Кітапты араб жазуынан көшірген: Ақажанова А.
- 3.Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: «Қазақстан», 1980. –
- Жанатбекова Н. Шығармашылық қабілеттілік – даму негізі // Қазақстан
- 4.Нұрахметова Г. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту // Білім берудегі
- 5.Тұрғынбаева Б. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту // Ұлт тағлымы.
- 6.Выготский Л.С. Воображение в творчестве в детском возрасте. М.,
- Нағымжанова Қ.М. Креативтіліктің құрылымы мен мазмұны – шығармашылық педагогикалық
- 7.Іргебаева Ә.И. Білім тірегі-шығармашылықты ұстаз. //Білім берудегі менеджмент. -1999.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫМЫЗДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ МЕҢГЕРУНЕ АТСАЛЫСУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Тендикова Э. Т., Кыздаркулова К. Ж.
Қарағанды қаласы №134 «Гауһар» балабақшасы

Қазіргі заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім мен сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды саласы болып табылады. Біздің Қарағанды қаласында орналасқан «Алтын сақа» балабақшасы Елбасымыздың Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қабылданған «Балапан» бағдарламасымен жұмыс жасайды. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының» негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып балабақшамыз тәрбие мен оқытудағы негізгі мақсаттарды жүзеге асыруда. Балабақшамыздың меңгерушісі Оспанова Жанна Қайратқызы балабақшамыздағы білім мен тәрбие мәселесін жүйелі жүргізу, мекеменің материалдық техникалық базасын жақсартуды, кадрлардың біліктілігін арттыруды, ата-ана мен балабақша ұжымының арасында өзара тығыз байланыс орнатуды үнемі басшылыққа алып, заманның бағыт-бағдарымен, тыныс тіршілігімен бірге жүріп: «Балалар – еліміздің бүгіні мен ертеңі. Мемлекетіміздің басты байлығы, әрі тірегі. Сондықтан балаларға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығын жақсартып, өмірлерін гүлдендіріп саналы тәрбие мен сапалы білім беру сіздер мен біздердің басты міндетіміз» екенің тілге тиек етеді. Балабақшамызда алға қойған мақсаттарды жүзеге асырудағы жұмысының басты бағыты педагогтар мен тәрбиешілердің білімдерін жетілдіру, білім беру мекемелері алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Жаңа технологияны меңгеру педагогтардың интеллектуалдық – кәсіптік, адамгершілік, рухани тұрғыдан қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Қазіргі кезде бүлдіршіндерге күн сайын талап күшеюде. Көптеген салаларда табыстылықтың көзі мен оның қайнар бастауы – шығармашыл белсенді, креативті ойлы жеке тұлға болып табылады. Мектепке дейінгі шақ шығармашылық қабілеттің дамуында едәуір сензитивті болғандықтан, мұндай тұлға тәрбиелеу дәл осы кезеңің өзінде жүзеге асырған дұрыс. Оған дәлел «Зерек бала» бағдарламасында: Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы, яғни білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі міндеттері:

- Әрбір баланың жеке тұлғалық сапасын жетілдіру және оларды әрі қарай дамыту;
- Практикалық, танымдық, шығармашылық және балалардың іс – әрекетінің басқа да түрлерінің тәжірибесін қалыптастыру;
- Әрбір баланың интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін дамыту

Қазіргі кезде білім беру жүйесінің барлық салаларында жеке тұлға қалыптастыру басты мақсатқа айналған. Білім, білік, дағды, іскерлікті қалыптастыру, ол тек сол басты мақсатқа жетудің құралдары ғана. Негізгі мәселелердің бірі - жас ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған рухани жетілген азамат ретінде қалыптастыру. Оның бойында ұлттық құндылықтарымызды жалпы ұлттық намыс пен ұлттық сананы орнықтыру, әлеуметтік ортадағы өзін қоршаған дүниедегі, табиғат пен адам өміріндегі, тұрмыс пен салт-дәстүрдегі адамгершілік пен парасаттылықты түсініп, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Бұл мәселелер жөнінде Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында, «Мәдени білім беру», «Мәдени мұра» тұжырымдамаларында айқын көрсетіледі. Осыған орай жаңарған қоғамның бүлдіршіндерін ұлттық – патриоттық рухта тәрбие берудің сапалық деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар рухани адамгершілік түсініктері мен ұғымдарын тәрбиелеуді білім беру мекемелері мен мектепке дейінгі

ұйымдарға міндет етіп қойып отыр. Қоғамды жаңарту және демократияландыру үрдісінде, еліміздің тәуелсіздік алуы, біздің қоғамымыздың тарихы, этномәдени мұралары, халқымыздың рухани өмірінің өз кезінде ұмытылған немесе тыйым салынған құбылыстары қайтып оралуда. Өткеннің мәдени – тарихи мұрасын қайта өркендету қазіргі уақытта аса көкейкесті мәселелерінің біріне айналып отыр. Халқымыздың бір туар азаматы Мағжан Жұмабаев: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп айтқандықтан, біздің «Алтын сақа» балабақшасында бүлдіршіндерді шығармашылыққа (көркем өнерге, қол өнерге, бейнелеу, мүсіндеуге) баулуда ұлттық құндылықтарымызды бұрынғы кезде мұражайлардан ғана көре алатын тұрмыстық тұтыну заттарын, қолөнер бұйымдарын қазіргі кезде күнделікті тұрмыс тіршілікте қолданысқа еніп көзайым болып жатқан жайымыз бар. Сол қолөнер туындыларын ұлттық нақышта безендіріп, ою – өрнекпен бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру оқу іс-әрекеттерінде дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс – тәсілдерді қолданып, балалардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, ой өрісін, жалпы және ұсақ саусақ моторикаларын дамытып қана қоймай әсемдікті көре білуге, сүйсіне білуге, көңіл-күйлерін қуанышқа бөлеуге, бір сөзбен айтқанда мәдени әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді:

- Балалардың айнала қоршаған ортаға, туған табиғатқа және өмірдегі болып жатқан оқиғаларға деген жағымды сезімдері оянады;

- Балалардың бейнелеу іс-әрекетіне қатысты дағдысы мен шеберлігі қалыптасады.

Бейнелеу өнері барысында мектепке дейінгі балалардың байқампаздығы, эстетикалық бақылауы мен көңіл-күй, көркемдік талғамы және шығармашылық қабілеті кемелдене түседі.

Атап айтсақ: «Алтын күз», «Менің отбасымның мерекесі», «Біз елбасымызбен біргеміз!», «Тәуелсіз менің елім», «Менің қаламның туған күні», «Аналар мерекесі», «Наурыз думан», «Аспан әлеміне саяхат» тағы басқа тақырыпта балалармен бірге көрме ұйымдастырып қоршаған ортаға саяхаттау; шолу жасау; мерекелеу; қиялын ұштау; әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланы ынталандыру; шығармашылығын шындауға, эстетикалық талғамын оятуға ықпал жасау; жан-жақты қалыптасуына отбасы және балабақша болып күшті біріктіру.

Жеке тұлға болып қалыптасу үшін халық даналығында айтылғандай: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дей отыра баланың ақыл ойын, зейінің, ынтасын, сана сезімін, ой өрісін еркін дамытып жетілу үшін маңызы зор екенін есте ұстап, ат салысу міндеттерін мақсат етіп алға қою шығармашылық жұмысымыздың нәтижесін көрсетеді. Балабақша педагогтары мен тәрбиешілері ата-аналармен жұмыста түрлі іс-шаралар өткізуде жақсы жетістіктер көрсетті. Соның ішінде тақырыптық жобалар қорғалды: «Шебер қолдар», «Атадан балаға мирас», «Ертегілер әлемінде» тағы басқа жобаларда ата – аналардың өз қолдарынан жасалған ұлттық бұйымдардың шеберлік сыныбы ұйымдастырылып көрсетілді. Біздер педагогтар мен тәрбиешілер үшін өте қуантарлық жай болды. Біз бұдан ата-аналардың бауры еті балаларын ұлттық құндылықтарымызды танып білуіне, құрметтеуге деген патриоттық сезімге тәрбиелеудегі жетістіктерін көре аламыз. Қазіргі заман талабына сай ерекше тақырыптарды да тыс қалдырмай ата-анамен бірге «Сыйқырлы түстер сыры» атты ересек топтарымен шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Бұнда сыйқыр мен тәжірибелерді (фокус, эксперимент) қамтыдық. Ата-аналар балалармен бірге ат салысты. Сыйқыр мен тәжірибенің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану нақты нәтиже берді. Ата-аналар «Қатысушылар», «Бақылаушылар» кездесудің белсенді мүшелері педагогтың басты көмекшілеріне айналып өзара құрметтеу ортасы қалыптасты. Осылайша балабақшада рет-ретімен ата-анамен тығыз байланыс бала тәрбиесінде барынша шығармашылық арқылы жүзеге асырылады. Әрбір адам өз еңбегін бағалағанды қажет етеді. Бізде балабақшада ата-аналардың шығармашылық еңбегін бағалап, алғыс хаттар арқылы ризашылығымызды білдіріп отырамыз.

Балабақшамыздағы отбасымен атқаратын жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға

қойылатын жалпы талаптарға сай жүргізіледі. Қазақ халқының белгілі қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деп айтқаны белгілі. Сондықтанда ата-аналардың және біздер педагогтар мен тәрбиешілердің міндеті мен басты ұстанымдарымыз бен мақсатымыз - отанымыздың келешегі бүлдішіндерге ұлттық мәдениетімізді мейлінше дәріптеп шығармашылыққа баулу керек деп түсінеміз.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» нақыл сөзді ғұлама Мұхтар Омарханұлы Әуезов текке айтпаса керек.

Бейнелеудің әр түрлі дәстүрлі емес техникаларды қолдану баланың шығармашылық патэнциалын дамытады. Ал педагогтар үшін, бейнелеу техникаларының әртүрлілігі бала алдына жаңаша тапсырмаларды қоюына, шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бейнелеудің дәстүрлі емес техникасы баланы логикалық, абстрактілі ойлауын, қиялын, байқағыштығын және ең бастысы өзіне деген сенімділігін дамытады. Балалардың шығармашылық іс-әрекетке қызығушылықтары арытады. Шығармашылықпен айналысу кезінде балалар қол жеткізген нәтижелеріне қуана білу керек және өздерінің жұмыстары мен басқалардың жұмыстарын бағалауды үйренуі керек. Жаңа және қызықты шешімдерді байқауы табиғатқа ұқсастығын көре білуі қажет. Ата-ана мен педагог және бала өзара достар болу, баланың өмірге деген көзқарасына жақсы әсер етеді. Баланың кез-келген шығармашылық жұмысын жаман деп бағаланбауы тиіс. Сонда ғана нәтижелі болады. Баланың жаңаша ойлауы, жақсы нәтижеге жетуі оның шығармашылығын жақсы деп бағалануына байланысты. Баланың жасына сай ықпал етіп түсіндіріп, бұл мәселені бірге шешу жолдарын қарастыру оң нәтиже береді.

Елбасының сөзімен түйіндесек: «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары, моральды, әдепті және рухани мол бай болуы керек».

Әдебиеттер

1. Әлмағанбетов Б., Балкенов Ж. «Сурет салу мен бояумен жұмыс істеу әдістері». - Алматы 1987.
2. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала бағдарламасы». - Астана, 2010.
3. Комарова Т.С. Детское художественное творчество. Методическое пособие для воспитателей и педагогов. М., 2008.
4. Козакова Р.Т. Рисование с детьми дошкольного возраста. - М., 2004.
5. Мектепке дейінгі білім беру стандарты.
6. Бала тәрбиесі - Алматы, 2010.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС- ТӘСІЛДЕР

Кобжанова А. Ж., Нурпейсова С. Р.

Қарағанды қаласы №134 «Гауһар» балабақшасы

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактив- ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Сонымен бірге сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс белсенділігін қалыптастырып қана қоймай, әрі қарай дамытады.

Теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екені даусыз. Қазіргі қоғамда ақпараттық мәдениет пен ақпараттық білім беруді ұйымдастыру аса

маңызды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің бір сарындылығы баланы тез шаршатады. Сондықтан іс-әрекет формаларын түрлендіріп отырған дұрыс. Жаңа тақырыпты меңгерту кезеңінде балаға өтілетін материал төңірегінде ақпарат беру, оның практикалық бағыттылығын түсіндіру, тақырып бойынша бақылау мен диагностикалау формалары жүзеге асады. Инновациялық іс-әрекеттің мазмұны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі педагогика мен психология, әлеуметтану, медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде анықталады. Инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік т.б. қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді, әр педагог өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Балабақшадағы инновацияға не жатады?

Инновациялық іс-әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады. Бірінші кезеңде педагог жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Тәрбиеші инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде педагог оқу-тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуіне кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақыты мерзіміне байланысты жұмыстарды өткізеді. Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде тәрбиеші жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу – тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады. Оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасуы керек. Қазақстанның бүгінгі білім беру жүйесінде жаңа инновациялық бағытты игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекетте өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл, зерттеуші педагогтар аса қажет. Дәл осы сипаттағы педагогтың ең алдымен инновация туралы түсінігі болуы қажет.

Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді.

Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды. Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез-келген педагогикалық ұжым, кез-келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез-келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн. Педагогтардың инновациялық әлеуетін дамытуда құрылған жоспар балабақшаның әдістемелік жұмысының инновациялық бағытына қатысты.

Әдістемелік жұмыс мазмұны ұйымның даму стратегиясына бағынышты болып табандылықтан, осындай әдістемелік жұмыс ұйымының даму стратегиясының іздену және айқындау құралы болып табылады.

Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыратын МДҰ әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану. Бұл – инновациялық қызметті ақпараттық тұрғыдан қамту үрдісінде бірінші кезекте тұрған мәселе. Алайда, жалпы алғанда, материалдық база жеткілікті түрде жабдықталғанымен, бүгінде бұл үдеріс баяу дамуда. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. «Балабақша үйіміз, әдемілікті сүйеміз» – деген

ұранымызбен «Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру» болып табылады. Баланың өз туған өлкесінің табиғатын сүйеге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету.

Экологиялық мәдениетінің негізгі мақсаты:

1. Қоршаған ортамен таныстыру ;
2. Адаммен табиғаттың бірлігі туралы білім негізін қалыптастыру;
3. Қоршаған ортаның өзі мен қоғам үшін қажеттілігін сезіндіру;
4. Экологиялық мәдениет негізін қалыптастыру;
5. Қоршаған орта мен жануарлар әлеміне қамқорлық жасауға жетелеу.

Балабақшадағы сыртқы безендіруі таза табиғи және құнсыз заттардан жасалынып төңірегімізді көркейтіп тұр. Тәрбиеленушілердің табиғатты танып білуге және оның тылысым тынысының өздік ерекшеліктерін түсінуге арнайы таза ауадағы экологиялық кабинет жасалды. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуға үйреніп табиғатпен етене байланыста болады.

3-4 жасар балаларға арналған экологиялық жол салынған. Ол жолда балалар құмырсқа иілеуімен, шағын тоғанмен, аралардың еңбегімен, жәндіктер әлемімен танысады.

5-6 жасар балаларға арналған экология жолында, балалар бақша ішінде тәрбиешілермен еңбек жасайды, көкенистердің өсіп-жетілуін бақылайды және әлемнің қызықты жерлерімен танысуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін «мысыр елінің пирамидасы» жайғасқан, «кактустар әлемі», «орыс халық ертегілері» және «қазақтың жайлауы» сияқты бұрыштар бар.

Балабақшаның ішіндегі безендіру экологиялық бағытқа сай келеді, яғни экология бөлмесі, экологиялық бұрыштар балалармен жұмыс жасауға және балалардың жан-жақты дамуына ықпал жасайды.

Тәрбиелеу мен білім беру ісіне отбасын тарту, ата-аналарды педагогикалық үрдістерге, жоспарлау мен ұйымдастыруға қатыстыру, ата-аналардың балабақшамен тығыз байланыста болуы.

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу мен оқыту процесінде М.Монтессори әдістерін қолдану»

Мақсаты: Монтессори педагогикасының негізгі принципі – балаға өзін-өзі тәрбиелеуге өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, әртүрлі жаттығулар арқылы дамыта отырып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру.

Міндеттері: Монтессори топтарында бала негізінен арнайы дайындалған қоршаған орта. Монтессори көрнекіліктердің көмегімен өз бетінше жұмыс жасауға үйренеді. Монтессори педагогикасының тағы бір ерекшелігі әртүрлі жастағы балалар бір-біріне кедергі келтірмейді қайта бір-біріне көмектеседі.

Белсенділік орталықтары: Өнер орталығы. Көркем әдебиет орталығы. Желілі ойындар орталығы

Құм мен су орталығы. Құрылыс ойындары орталығы

Құм мен су орталығы:

Мақсаты: Балалардың ортақ іс-қимылын ояту, қол саусақтарының қимылын дамыту, шығармашылығын арттыру, жан-жақты қызығушылығын ояту.

Өнер орталығы:

Мақсаты: Әр бағыттағы өнерді қабылдауын дамыту, сезіммен өнерді түсінуге тәрбиелеу. Ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Ұсақ қимыл-қозғалысын, өзіндік шығармашылығын арттыру.

Құрылыс орталығы:

Мақсаты: Балаларға заттарды дұрыс құрастыра білуге үйрету. Балалардың дұрыс ойлауын дамыту, Шеберлігін арттыру. Ұжым болып жұмыс жасай білуге тәрбиелеу

Желілі ойындар орталығы:

Мақсаты: Балалардың рөлдерде ойнау шеберлігін арттыру, ертегілерді кейіпкерлендіру

арқылы сөздік қорын молайту, белсенділігін арттыру.

Көркем әдебиет орталығы:

Мақсаты:

Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, ертегілерді таныстыра отырып, сөздік қорын молайту, тілдерін дамыту. Дұрыс сөйлей білу мәдениетіне тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ

Әлменова М. Б., Искакова Н. С.

№134 «Гауһар» балабақшасы

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайын кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі.

Балабақша – келешек ел басқарар, жер – суына иелік етер, ел – халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. «Аулына қарап, азаматын таны» дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иманжүзді білімдер азамат болып өсуі, ең алдымен, ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша - бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану педагогтан үлкен шеберлікті талап етеді. Сол себептен балабақша педагогтарының кәсіби дамып өсуі жаңа технологияны меңгеру-тәрбиешінің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуы, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруы басты мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «Әр адам - өз заманының баласы», сәбиді есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір

парызы. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет-мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.

«Инновация» термині латын тілінен алынған, ол — «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, педагог пен бала бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Қазіргі заман инновациялық қызметі- балабақша балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар ,әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуі педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршеңділігін арттырады деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану педагогтан үлкен шеберлікті талап етеді. Сол себептен балабақша педагогтарының кәсіби дамып өсуі жаңа технологияны меңгеру-мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуы , өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруы басты мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді. Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Бейімділік өлшемдеріне болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен, бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді. Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз әжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады. Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Технологиялық өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет. Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті, болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ

маманның ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады. Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдын туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады. МДҰ-ның балалары – өз қажеттіліктері, қабілеттері және мүмкіндіктеріне сәйкес жеке дамуына, педагогтары – өз кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндіктері бар. МДҰ басшысы – балалар мен педагогтардың іс-әрекетінің жемісті болуын қамтамасыз етіп, ұжым шығармашылық, ізденіс тәртібінде жұмыс жасап келешек ұрпақты өмір талабына сай тәрбиелеп білім беру, ал ең бастысы дені сау, рухани азамат дайындау.

Пайдаланған әдебиеттер:

- I. [Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық-технологияны меңгеру – міндет Қазақстан мектебі. – 2005. - № 9-10. - 25-26 бб]
- II. [Камзина Б.М. Жаңа инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің педагогикалық шарттары // Валеология. – 2006. - № 3. - 4-5 бб.]
- III. [Қазақстан-2030 // Егемен Қазақстан. – 1997. - 11 қазан.]

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТНО МӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Дуйсекеева Д. Н., Накина Г. И.

Қарағанды қаласы

КМҚК №134 «Гауһар» балабақшасы.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше. Бүлдіршіндердің білім берудің кейінгі сатыларында нәтижелі дамуын анықтайтын негіз – балабақшадан қаланатындығы баршамамызға мәлім.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер

алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын.

Осы иновациялық технологияларды балаларға этномәдени білім беруде қолдану қазіргі таңда тәрбиешілердің алдында тұрған міндеттердің бірі.

«Халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құрылады. Ол ұлттың азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады.

Этникалық-мәдени сәйкестілік жағдайына халықтың өзі тудырған әлеуметтік-жүйе арқылы қол жетеді. Оған отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, журналдар мен газеттер, көркем және ғылыми әдебиет, ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады» [1] деп Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында атап көрсетті.

Бұл жағдайларда этностық-мәдени сәйкестілікті қалыптастыру мәселесін педагогикалық тұрғыда зерттеу маңыздылығы артады. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асырып, этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, халықтың рухани мәдениетін зерде мен ой елегінен өткізіп, оны қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра білуге машықтандырады.

Этномәдени білім беру дегеніміз мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер, ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеу. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз» [2].

Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірбиесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірбиеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық- үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов «.....өз халқының және басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибиесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді» [3] -дейді. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады .

Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық тұрғысынан берілу керек. Біз әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығармаймыз, оны зерделеу, білу қажет. Бірақ дүние жүзінің ұлттары мен ұлыстарының мәдениеттері, салт-дәстүрлері, тілдері сан түрлі болғандықтан, сусындайтын этномәдени білім мен тәрбие көздері де сан түрлі. Осы рухани көзді елемеу ұлтсыздандыруға апаратын жол. Сондықтан, әлемдік деңгейдегі білімді қажетінше пайдаланып өз этномәдени білім мен тәрбиеге негізделген ұлттық білім жүйесін дамыту қажет. Этномәдени білім беру жүйесіне көшу бір күндік нәрсе емес, әулеттік-экономикалық және демографиялық негіздерді

ескере отырып ұзақ перспективаны қамтитын ұзақ процесс. Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз, бағыт-бағдар беруіміз керек. Абай атамыз айтқандай «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі ақымақтық»[4], сондықтан да жастарымыз озық болсын десек этномәдени білім мен тәрбиені оқу орындарында басты назарда ұстау керек. Біз халықтық тәлімнің ақ уыз шырынан нәр беретін текті тәрбиеге қол жеткізетін ұлттық қазына, рухани байлық атты қасиеттерімізді үнемі назарда ұстауымыз керек. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағлыммен келеді. Сондықтан да, қазіргі оқуымыз да, тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек деп есептеймін.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ерте жас тобынан бастап мектепке дейін шығарып салуға дейін этномәдени компонент элементтері кездеседі. Күн тәртібінің барлық сәттерінде қандай да болсын элемент болуы мүмкін - халық ертегілері, халық педагогикасының бөлімдері, фольклор, мақал - мәтелдер, әдет - ғұрыптар мен салт - дәстүрлер, халық ойындары және т. б. Балаларға әрдайым жомарт қазақ халқымыздың бойындағы бар жақсы қасиеттер мысалға келтіріліп, тәрбие және оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Соның арқасында тәрбиеленушілердің қоршаған ортаны сезіну, қоғамдану, өзіндік бағалау, тұлға ретінде даму сияқты маңызды қасиеттері дамып қалыптасады.

Этномәдени компонент – бұл танымдық белсенділікті, өзбетінше, шығармашылық дамуды, халықтардың өзіндік тұрмыстық ерекшеліктеріне және жалпы сұлулыққа араласуын оятатын құрал. Бұл жалпы халықтық мәдениетке, қатынасу мәдениетіне апаратын жол. Халық тұрғындарының арқасында балаларда мейірбандылыққа, тілектестік сезімдеріне тәрбиеленеді.

Мектепке дейінгі қоғамдық білім беру жүйесіне этномәдени компоненттің енгізілуінің негізгі шарты – мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың эмоционалдық дамуын және аман - саулығын қадағалау. Эмоциялар тәртіпке тікелей әсер етіп, қоғамдық арақатынас пен тартымдылықты қалыптастырады. Олар бағалау ролін атқарып, баланы әрекеттерге итермелейді, тәжірибені белсендетіп, жинақталуына ықпал етеді.

Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды қолданып ғана қоймай, қазіргі заманғы техникалық құралдардың көмегімен авторлық бағдарламалар жасап, тек ғана мектепке дейінгі ұйымдарда ғана пайдаланбай отбасында да пайдалану септігін тигізеді. Ата-аналары қолданылатын ұялы телефондарға, планшеттерге балаларға қызық болатын арнайы бағдарламалар жасау. Мысалға «Қуыршақты ұлттық киімге киіндір». Бұл бағдарламаларда ұлттық киімдердің үлгісі тұрады, балалар киімді таңдайды, тандалған соң ол киімнің атауы қазақша және ағылшынша айтылады. Бала қуыршақты киіндіріп ғана қоймай, ұлттық киім түрлерін ғана емес, сонымен қатар тіл үйренеді. Сонымен қатар осындай мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, ертегілерді, салт-дәстүрлерді, қазақ халқының бай халық ауыз әдебиетін осылай үйретуге болады деп ойлаймын.

Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

21 ғасыр ғылым мен білімнің дамыған кезінде балаларды жан-жақты, ұлтын сүйетін, мәдениетін білетін, қазақ тілінің барлық қыр сырларын көрсете алатын, өз этномәдениетімізді басқа тілдеде еркін таныстыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге, баланың одан әрі қызығушылығын арттыруға көп септігін тигізеді деп ойлаймын.

«Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» [5] деп Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында атап көрсеткендей бізге білімді ұрпақ қажет. Сондай ұрпақ тәрбиелеп шығару ол біздің міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы 1996 жыл
2. Адам қайраты 1981жыл
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
4. «Абайдың қара сөздері» Алматы 2011 жыл.
5. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана 2014 жыл

РОЛЬ ПРЕДМЕТА ЧЕРЧЕНИЯ В РАЗВИТИИ ГРАФИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Лейтнер О.А.

КГУ «СОШ № 85» г.Караганды

«Эффективное изучение курса черчения
немыслимо без экскурсов в области техники,
без приобщения учащихся к некоторым
техническим знаниям, введения их в круг
некоторых технических понятий и общих сведений»
В.О.Гордон (1892-1971)

В конструкторских бюро трудятся инженеры и техники, создают новые дома, новые машины, новую технику, на белых листах бумаги рождаются контуры деталей, сборочных единиц и общих видов машин, разрабатывают дизайн мебели, дизайн модной одежды. Чертежи, схемы, рисунки, технические описания, инструкции по эксплуатации и ремонту - все это является конструкторской документацией. Проектировщик на листе проводит линию. Это граница, вдоль которой выстроятся новые дома. Наконец улица заняла свое место на плане. Она взята в расчет озеленителями, дорожниками, работниками инфраструктуры, транспортниками. Теперь многим специалистам надо подумать, как обеспечить ее будущим жителям всем необходимым.

Развитие черчения, как науки об изображении предметов на плоскости, берет свое начало в далеком прошлом. Не зная бумаги и карандашей, человек с помощью угля, мела, красок изображал на стенах своих жилищ предметы из окружающей его природы. Это были рисунки животных и птиц, охота на которых служила человеку источником существования. Длинными строчками выстраивались на плитах и стенах змеи, совы, ястребы, руки, головы, люди, жуки, пальмовые листья и др. Среди них всевозможные фигуры: квадраты, треугольники, круги, петли.

С развитием строительного дела и техники людям понадобились такие способы изображения пространственных предметов, которые позволили бы быстро и точно передать действительные размеры этих предметов, отразить их особенности и взаимное расположение. Еще не появилась специальная наука об изображении пространственных тел, а отдельные приемы и простые правила черчения уже находили широкое применение в различных областях техники.

Черчение – это техническая дисциплина, основным предметом изучения которой является графическая грамотность, т.е. умение читать и выполнять чертежи. Схемы, чертежи, рисунки – являются международным языком общения. В чертежах иностранных инженеров можно разобраться, не зная языков. Для этого достаточно знать только один – графический - язык линий, знаков, символов, чисел. Кроме того, черчение воспитывает аккуратность, точность выполняемых действий, помогает лучше разбираться в геометрии, географии, физике, технологии, информатике.

В основе успешного овладения техническими знаниями лежит высшая функция, выполняемая мозгом - мышление. Становление мышления человека и его основных видов происходит в дошкольном и младшем школьном возрасте. Связано это с фазой активного интеллектуального развития и в данный период времени обучение происходит гораздо проще и эффективнее. Огромное значение приобретает пространственное мышление. Этот вид умственной деятельности отвечает за ориентацию в пространстве, создание в сознании человека образов пространства и использование их в процессе решения практических и теоретических задач. Отличительной особенностью пространственного мышления является то, что его единицей измерения служит образ, который включает в себе характеристики пространства: размер, форма, взаимоотношения между его частями, местонахождение в пространстве. Пространственное мышление - это фундамент, на которой строится большая часть учебной и впоследствии трудовой деятельности человека, поэтому развитие и формирование этого вида умственной активности очень важно для профессиональной успешности личности. Особенно это стало актуальным сейчас, когда возросла роль схематичности, графических изображений, условных обозначений. Деятельность представления - это основной механизм пространственного мышления. Его содержанием является оперирование образами, их преобразование. В развитии пространственного мышления происходит постоянный переход от пространственных образов реальных объектов к их условно-графическим изображениям, от трехмерных изображений к двумерным и обратно.

Шыныдағы сурет (шеттерін өңдеу – қауіпсіздік техникасы). Қағазда сурет салғаннан шыныда сурет салудың айырмашылығы, шыны жаңа көру әсерлері мен тактильді сезім тудырады. Балаларды сурет салу процесі қызықтырады: гуашьтың қасиеттері шыныда салуға жақсы келеді, жұмсақ қозғалады, оны қылқаламменнемесе саусақпен бояуға болады,өйткені ол бояуды сорып алмайды және тез кебеді. Балаларға үлкен көлемдегі шыныда сурет салу ұнайды, ол шыны бетінде балаға өте қолайлы және айналуға орын бар. Сурет салу кезінде шыныны губкамен сүртіп қажет емес детальдарды өшіруге болады. Алаңдаушылығы жоғары және реактивті балалар солай істейді Көбіне бір балалар шыныға көп су құйып бояуларды араластырады. Мұндай сурет салу көбіне мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы аффективті-жекелік проблемелары бар балаларға тән. Бала сурет салуға жаттығып жатқандай қате кетірсе оны сүртіп тастауға болатындықтан, ол қате кетіруден қорықпайды, Берілген тәсіл іс әрекет нәтижесінде пайда болатын қорқыныштар мен әлеуметтік қорқыныштардан, алаңдауылықтың түзету және алдын алуға қолданылады. Жабық балалардың белсенділігін тудыруға жақсы көмектеседі. Ата-аналар мен педагогтардың баланың оқу сәтсіздіктеріне байланысты шектен тыс талаптары мен жүктемелерінен басылған қорқақ балаларға өте қажет тәсіл. Балалардың бір шыныда бірігіп сурет салуы нәтижесінде оларды шиеленіс жағдайларында әрекет жасауға,қарым-қатынасты орнықтыруға көмектеседі.

Арт-терапия техникаларын қолдану арқылы белгілі бір уақыт аралығында сапалы нәтижелерге жетуге болады, өйткені мұндай іс-әрекет ерекше,қызықты, тартымды болып келеді де, педагогикалық үрдіске қатысушылардың қарым-қатынасын реттеп, ойлаған нәтижеге жетуге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Арт-терапия- новые горизонты /А.И. Копытин-М. Когито –Центр 2006-336с
2. Мардер л.д. Цветной мир. Групповая арт-терапевтическая работа с детьми дошкольного и младшего школьного возраста
3. Копытин А.И. Основы арт-терапии-СПБ:Лань1999
- 4 Кисилева М.В. Арт-терапия в работе с детьмиСПБ : Речь .2006 .

БАЛАБАҚШАДА ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Сатымбаева Г.О.

Қарағанды қаласы, «Толағай» бөбекжайы» КМҚК

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық саны мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» - деп атап көрсетіп отыр. Сол себепті, бүгінгі күні қазақстандық білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды барынша кеңінен және қолжетімді түрде пайдалану үрдісін заман талабына сәйкес дамыту кезек күттірмейтін жауапты іске айналды. Осы мақсатты табысты орындау жолдары Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқын көрініс тапқан.

Бұл міндеттер үддесінен шыға білу ең алдымен балабақшада саналы тәрбие мен сапалы білім берудің заманауи әдістемелерін енгізуді көздейді. Еліміздің ертеңі болып табылатын қазіргі бүлдіршіндердің ой-санасын арттыру, өз бетінше шешімдер қабылдап, әрекет ете алу қабілеттерін дамыту, тіл байлығын молайту және интеллектуалдық қарым-қабілеті жоғары жан-жақты азамат етіп тәрбиелеп шығару - жаңа технологияны балабақша өміріне енгізудің тиімді шарты болып табылады. Осы бағытта жұмыс жүргізе отырып, біз балабақша тәрбиешілері балалардың мектепке дейінгі мекемеге деген қызығушылығын, құштарлығын, белсенділігін арттыра отырып, сонымен бірге олардың ата-аналарының да балабақшада өткізілетін тәрбие жұмыстарына барынша тарту міндетін де орындауымыз қажет. Мұнда ата-аналармен өзара тығыз байланыста жүргізілетін іс-шаралардың нәтижесінде бүлдіршіндердің әр нәрсені білуге деген құмарлығы, өзіне таныс емес құбылыстар сырын зерттеуге деген қызығушылығының арта түсері сөзсіз. Өйткені олардың айналадағы әрбір іс-әрекет туралы пікірі қалыптасып, айтар ойларын жеткізу, өздігінен ой қорыту қасиеттері оянады. Алған түсінік-пайымдарын алдағы өмірде қолдану машықтары қалыптасады. Кейіннен мектеп табалдырығын аттағанда балабақша қабырғасында алған білім-біліктіліктері олардың жинақы, ой-санасы анық, ширақ та, епті, үлгілі оқушы болып қалыптасуының кепілі болып табылады.

Сондықтан, инновациялық технологияларды балабақшаның күнделікті өмірінде кеңінен пайдалану –баланың жекебасының қалыптасуында маңызы аса зор деп білеміз. Ал жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер арқылы педагогикалық міндеттерді іске асыру нәтижесі мектеп жасына дейінгі интеллектуалды дамыған балаларды ерте жастан анықтау, оқыту және тәрбиелеу ісін жолға қою болып табылады.

Балабақшада атқарылатын осы бағыттағы жұмыстардың барлығы әр баланың бойындағы өзіне тән қасиеттерін, әр нәрсеге деген бейімділігін ашып, жеке тұлға қалыптастыруға негізделеді. Мұнда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай шығармашылық әрекеттерін дамыта отырып олардың зерттеулер жүргізуін қадағалау әдісі қолданылады. Ал зерттеу жүргізу әдісі дегеніміз – әрбір баланың өзін қоршаған орта құбылыстарын өзінше зерттей отырып, ой қорытып, оларды күнделікті өмірде қолдана білуі болып табылады. Сонымен бірге, бүлдіршіндерге шығармашылықпен әрекет ете білулерін дамыта отырып, балабақша тәрбиешісі олардың зерттеушілік қабілеттеріне баға бере алады. Өйткені, балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысы аса күрделі процесс. Оны қай жағынан алып қарасақ та, балалардың өзіндік қасиеттерін дамыту мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін жоғары деңгейде жүргізуді талап етеді.

Бүгінгі заманауи технологиялардың шарықтап дамыған кезеңінде тәрбиешілер ең алдымен топтағы балалармен жұмыс жүргізудің педагогикалық-психологиялық әдістерін терең білуі тиіс. Ал бұл балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісінде маңызды құрал болып табылады. Жаңа технологияны меңгеру талабы – білім беруде жеткіншектердің өз

бетімен ойлап, әрекет ете білу қабілеттерін қалыптастырып, олардың таным белсенділігін барынша арттыра отырып бір мақсатқа жетуді көздейді. Балалар бұл бағытта жаңалықты тез қабылдап отыру қасиеттерін көрсете білуі тиіс.

Осы мақсатта заманауи инновациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып балаларды ерте дамыту тәжірибелерін кеңінен тарату қажет. Бұл жан-жақты дамыған, тәрбиелі, интеллектуалдық деңгейі жоғары, ізденімпаз ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады. Соған орай, балабақша тәрбиешілерінің алдында еліміздің ертеңі болып табылатын бүгінгі өскелең ұрпаққа білім берудің әдіс-тәсілдерін заман ағымына қарай түрлендіре отырып, жетілдіре беру міндеті тұр.

Біз жаңа инновациялық технологиялар бойынша берілетін білімді балалар санасына күнделікті сіңіріп, оларды игеру жолын үйретіп отырсақ қана, бұл мақсатты орындау жолындағы балалардың жаңаша көзқарас үрдісі пайда болады. Мен «Толағай» балабақшасында еңбек еткен жылдарымда балаларды тәрбиелеу ісінде озық әдістемелік құралдарды пайдалану арқылы жаңа әдіс-тәсілдерді оқу іс-әрекеттерімде жүйелі түрде жүргізіп келемін. Бұл - жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып баланың жан-жақты құзыреттілігін дамыту, білімді ұрпақты тәрбиелеу дегенді білдіреді. Біздің балабақшада Монтессори технологиясы, АКТ технологиясы, ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы, Зайцев әдістемесі және Ойын технологиясы секілді инновациялық әдіс-тәсілдер жүйелі түрде қолданылып келеді. Ұжымда ең алдымен бүлдіршіндердің танымдық жан-дүниелерін байыта отырып, олардың ой-өрісін дамытуға барынша септігін тигізетін әртүрлі ойыншықтар мен дидактикалық материалдарды кеңінен пайдалану ісі жолға қойылған. Балабақшамыз бүлдіршіндерге жас ерекшеліктеріне қарай тәрбие беру және білім беру үрдісінің заманауи интерактивті тақталарымен де қамтамасыз етілген. Жаңа инновациялық технологияларға негізделіп, қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысын жүргізу үшін барлық жағдайлар жасалған. Балабақшада өткізілетін математика, бейнелеу өнері, дүниетану, еңбекке баулу және музыка, сабақтарында тәрбиешілер терең теориялық-психологиялық, педагогикалық біліктіліктерін көрсете отырып, балалардың дүниетанымын тереңдету, жан-жақты білімді азаматтар дайындап шығару ісін лайықты атқарып келеді. Бұл үшін, әрине, балабақша тәрбиешілері үздік әдіс-тәсілдерді іріктей біліп, жаңа инновациялық технологияларды қолдана білудің қыр-сырын жетік меңгеруі тиіс. Сол себепті біз өзіміздің көп жылғы педагогикалық іс-тәжірибемізді тарату және басқа алдыңғы қатарлы үздік тәжірибелерден тағылым алу мақсатында қалалық, облыстық семинарларға жиі қатысып отырамыз.

Сонымен бірге, балабақша өміріне заманауи инновациялық технологияларды енгізу, оларды тиімді пайдалану жөнінде ғылыми жұмыстарымызды да жиі ұсынып отырамыз. Туған халқының ана тілінің базалық құндылықтарын жетік меңгерумен бірге, басқа да тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қатынас жасай алатын, жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында балабақшамызда мемлекетіміз ұстанып отырған Үш тұғырлы тіл саясаты да тиісті деңгейде жүргізіліп келеді.

Бұл бағытта семинар-кеңестер де өткізіліп тұрады. Мұнда жаңа инновациялық технологияны балабақша өмірінде қолдану саласында тәрбиешілеріміздің атқарып отырған жұмыстары, қол жеткен жетістіктері айқын көрініс тауып отырады. Біз, бүлдіршіндерге, бүгінгі күні қазақстандық қоғамның алдында тұрған, кезек күттірмейтін осы айтылған міндеттерді орындай алсақ, еліміздің ертеңінің жарқын болатынына бек сеніміз. Сол себепті, балабақша өмірінде жаңа инновациялық технологияларды тиімді, орынды пайдалануды ортақ мақсатымыз деп білеміз.

Осы мақсатта балабақшамызда бүлдіршіндерге сапалы білім, саналы тәрбие беру ісін заман талабына сай жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа әдіс-тәсілдерді күнделікті ұйымдастырып, оқу-тәрбие жұмысына жүйелі түрде енгізу ісі бүгінгі күні алдыңғы орынға шығып отыр. Өйткені, балаларға заман талабына жауап бере алатын мазмұнды да, мағыналы білім беру ісін жолға қоя алсақ қана еңбегіміздің жанып, абырой биігінен көрінетінімізді жақсы білеміз.

Ал бұл міндеттерді орындау үддесінен шығу – бүгінгі күнгі мемлекетіміздің жас өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде ұстанып отырған саясатының жемісті болуының айғағы болып табылады.

Қорыта айтқанда, - Бала – біздің болашағымыз, -деген күн тәртібінен мәңгі түспейтін қасиетті ұғымды еліміздің жарқын болашағын қалыптастырудың алғышарты ретінде біз, тәрбиешілер балабақшада педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалану, күнделікті сабақ өткізу технологиясы элементтерін ұтымды қолданысқа енгізу – білім-біліктілігі жоғары, ой-санасы айқын, құзыретті жеке тұлға тәрбиелеп шығарудың кепілі деп білеміз.

Қолданылған әдебиттер:

1. «Егемен Қазақстан» 16мамыр 2014ж №12
2. «Отбасы және балабақша» журналы 2013ж № 5
3. «Бала тәрбиесі журналы» 2010ж №5, 6
4. «Бала мен балабақша» журналы 2012ж №11

ТРИЗ ОЙЫНЫН БАЛАБАҚШАДА ҚОЛДАНУ

Нурпейсова К. З.

Қарағанды қаласы, «Толағай» бөбекжайы КМҚК

Қазіргі кезеңде Республикамыздың білім беру жүйесінің ең басты міндеті тиімді технологияларды қолдана білу. Бала – болашағымыз десек сол балаға жүйелі білім беріп,ынта –ықыласын дұрыс бағыттауды,қабілет – қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек.Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиенен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып,жан – жақты,білімді,құзыретті тұлға тәрбиелеу.Балабақшада қолдануға тиімді технологияның бірі ТРИЗ технологиясы. Бұл жең жас,әрі кең таныс педагогикалық инновациялық жүйе.Ол – тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясына және шығармашылық тұлға дамыту теориясына негізделген. Оны Ресейлік ғалым жазушы Генрих Альтшуллер жасаған.ТРИЗ педагогикасы бағытындағы бағдарламада балалардың жас күнінен дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, ақыл-ой күшімен интеллектуалдық қажетсінулерін дамыту бағытында құрылған.

Бала тілін дамытуда ТРИЗ технологиясын қолдану аса маңызды,ТРИЗ технологиясын жүйелі пайдалана білген әрбір тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, сөздік қорын молайтып, ұғымын байытады,сонымен қатар баланың ойлау белсенділігі артады, тілдері ширап, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, сөз таптарын меңгереді, өз ойын еркін жеткізеді.

ТРИЗ –дің мақсаты тек қана балалардың қиялын ғана емес,сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін – өзі тануға қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулуболып табылады. Барлық педагогикалық инновацияларды балабақшада балалардың жас ерекшеліктерімен әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілетін әлсіз,қабылдау процестері тұрақсыз келеді.Сондықтан олар затты қолмен ұстап көзімен көргенді ұнатады. Осы орайды, «Егер айтып берсеу, ұмытамын.Егер көрсетсең, мүмкін есіме сақтаймын. Егер еліктіре тартсаң расымен ұмытпаймын» деген ежелгі қытай ойшылы философ Конфуцидің нақыл сөзі барша балақандардың тәрбиешіге жолдауы деп айтуға болады.

ТРИЗ технологиясын қолдану арқылы байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын молайтуды дамыту.



- Жан – жақты шығармашылық дамуын қамтамасыз ету және білім беру тәрбиесін құру.
- Өзге адамдарға деген сүйіспеншілік және сыйлау қасиеттерімен, төзімділікке тәрбиелеу.
- Ұлттық мәдениетке, ұлттық шығармашылыққа, талт дәстүрге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қазіргі кезде техникалық триз әдіс-тәсілдері балабақшада балалардың диалекті ойлауын шығармашылық қиялын, ой ұшқырлығын дамыту үшін кеңінен қолданылуда. Балабақшадағы триздің мақсаты – баланың ой қиялын дамыту, жүйелі ойлауға баулу, болып жатқан жағдайды тереңнен түсіну ғана емес, тәрбиешінің қолына нақты дамыту тәрбиелеу құралын беру. Тәжірибе жүзінде баланың білім сапасын көтеру, шығармашыл жеке бас болып дамуына, айнала қоршаған ортадағы бірлікпен қарама-қайшылықтарды түсінуіне өздерінің кішкентай проблемаларын шешіп білуге үйрену. Бірқатар зерттеушілердің ойынша, заманауи интеллектуалдық әрекеттің педагогикалық және психологиялық ойдың негізі, белсенді ізденімпаздық әрекет әдістеріне негізделсе, мектепке дейінгі баланың интеллектуалды әрекеті табиғи үйреншікті болуы мүмкін. Бұл ата-анамен педагогтың күнделікті тәрбие беру барысында баланың танып білуге қызығушылығын ояту қажеттілігін туғызу, өз беттерімен мәселені шешу, нәтижеге жетуге тәрбеленуінің, бағыт беруінің арқасында туындайды. Мектепке дейінгі тәрбиелеуде ТРИЗ технологиясын алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыруда тиімді екені байқалды.

Мысалы: «Ұқсастықтарын тап» ойыны арқылы қарама-қарсы тұрған заттардың ұқсастықтарын тауып айту керек.

«Не жетіспейді» деген ойын арқылы баланың есте сақтау қабілеті шынығады.

Кіші кіші топтарда. Мысалы, кіші дөңгелекте тәрбиеші жануарлардың суретін орналастырады (ит, мысық, түлкі, аю), үлкен дөңгелекте – олардың төлдері.

Нақты тапсырма: аналарға төлдерін табуға көмектесу. Бала ересектің тапсырмасы бойынша жоғарғы дөңгелекте жануардың суретін табады, содан соң екінші дөңгелекті айналдыра отырып, оның төлін табады.

ТРИЗ әдісін тіл дамыту сабақтарында қолдану өте тиімді.

Триздiң өзге әдiстерден, теориялардан ерекшелiгi- бұл жеке әдiстердiң, әрекеттердiң, машықтардыñ жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның iшiнде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып, әрқашан творчестволық iзденiсте болып, әдiс құру талпынысы.

ТРИЗ әдiсiн ойлап шығарушылар, шығармашылық педагогиканың жаңа деңгейiне шығуға тырысады-жеке шешiмдердi табу үшiн емес, балалармен бiрге күнделiктi жағдайлардыñ логикалық шешiмiн дұрыс, сауатты табу принципiн құрастыруға тырысады. Балалар мен ересектер мәселесiнде айырмашылық жоқ: оның мағынасы жас ерекшелiктерiне қарсы келедi. Ойлау қабiлетi дамыған бала өз деңгейiнде мақсаттарды шешуге машықтанып, өмiрге жанжақты болып келедi.

Пайдаланған әдебиеттер тiзiмi:

1. Гин С. И. Занятия по ТРИЗ в детском саду: пособие для педагогов дошкол. Учр.: 3-е изд. – Минск: ИВЦ Минфина, 2007.
2. Кишко С.В. Развитие художественных способностей дошкольников через использование инструментов ОТСМ – ТРИЗ технологии/Материалы конференции “Педагогика и ТРИЗ: проблемы формирования ключевых компетентностей. Саратов, 2009.
3. Сидорчук Т.А., Хоменко Н.Н. Технологии развития связной речи дошкольников. 2004

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙiНГI БАЛАНЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДIСТЕРI

Несiпбай М.Т.

Қарағанды қаласы, «Толағай» бөбекжайы КМҚК

«Адамның екi ең маңызды өнертанбасы бар:
тәрбиелеу өнерi және басқару өнерi.»

И.Кан

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Бiздiң жас мемлекетiмiз өсiп, жетiлiп, кемелденедi, бiздiң балаларымыз бен немерелерiмiз онымен бiрге ер жетедi. Бүкiл дүниежүзiлiк бiлiм беру кеңiстiгiне кiру мақсатында қазiргi кезде Қазақстанда бiлiмнiң жаңа жүйесi құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие процесiне нақты өзгерiстер енгiзумен қатар, елiмiзде болып жатқан түрлi бағыттағы бiлiм беру қызметiне жағаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардыñ шығармашалақ әлеуметiн дамытудың, мұғалiм iс-әрекетiн жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етедi.»

Үздiксiз бiлiм беруге көшу, компетенцияға негiзделген бiлiм, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, бiлiм берудiң ашықтығы, көкейкестiлiгi, iргелi бiлiм беру, бiлiмдi iзгiлендiру; бiлiм берудегi инновациялық әдiстер. «Инновация» терминi ғылымға ХIХ ғасырда ендi. Ағылшын тiлiнен аударғанда «жаңалық енгiзу», «жаңашылдық» деген ұғымды бiлдiредi. ХХ ғасырдың 30 жылдары И.Шүмпетер, Г.Менш «инновация» терминiн ғылымға енгiздi.

Қазiргi уақытта заман талабына сай балабақшаларда инновациялық жаңалықтарды енгiзу өзектi мәселелердiң бiрi.

Жаңашылдық – бiлiм беру саласының алдында тұрған жаңа мiндеттердi сәттi орындаудың негiзгi шарттарының бiрi. Сол себептi мектепке дейiнгi ұйымдарда педагогтардыñ негiзгi мiндетi: әдiс -тәсiлдердi дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана бiлу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшiн ыңғайлы жағдай жасау.

Жаңа технологияны қолдану төмендегiдей кезеңдер арқылы iске асады:

- 1 кезең – оқып үйрену;
- 2 кезең – меңгеру;

3 кезең – тәжірибе енгізу;

4 кезең – дамыту.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- *Денсаулық сақтау технологиясы.*
- *Жобалы-іс шығармашылығы.*
- *Ізденіс-шығармашылық технологиясы.*
- *Қатынастық-ақпараттық технология*
- *Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы.*
- *Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы.*
- *Жетілдіру технологиясы.*
- *Түзету технологиясы*
- *Ойын технологиясы.*
- *Триз технологиясы.*
- *Дамытушы технология.*
- *Коучинг технологиясы.*
- *Модульдік оқыту технологиясы.*
- *М.Монтессори педагогикасы.*
- *Вальдорф педагогикасы.*

Ойын технологиясы – ойын бұл барлық мектепке дейінгі мекеменің іргетасы іспеттес. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың қимыл әрекетін басқарушы құрал.

Триз технологиясының мақсаты: балалардың тілдерін, шығармашылық қиялын дамыту. Триз технологиясы арқылы балалар қоршаған ортада болып жатқан жағдайларды әңгіме ертегі арқылы қабылдайды.

Дамыта оқытатын педагогикалық технология – бұл үлкен мен бала арасындағы ортақ болмыс, жаратылыс, бірге уайымдау, ерекшелік пен бейімділік.

Дамытушы технологиялар – дәстүрлі оқытуда балаға дайын өнімді, әрекет дағдыны үйренуге ұсынылатын технологияның бірі. Дамыта оқытуда бала қандай да бір пікірге өздігінен, өз әрекетінен мәселенің талданған нәтижесінен шешімге келуі тиіс.

Өзіміз еңбек ететін балабақшаның әр тобында баланың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін тәрбиешілер оқу қызметінде заттық дамыту ортасын жасап, балалық қызығушылығының орындалуына мүмкіндік беруді қолға алып отыр. Дамыта оқыту үрдісінде Воскобович, Никитин, Дьенеш және Кюзенейр мен Красноуховтың технологияларын пайдаланып отырмыз.

Воскобовичтің ойындары – ойын ерекшелігін, ойлана отырып нақты түрде орындауға мүмкіндік береді. Бір ойынның өзінде бірнеше тапсырмалар орындалады. Түстерді біліп, есіне сақтайды, ұсақ моторикалары және есте сақтау мен зейіні дамиды.

Кюзенейр таяқшалары – түстер саны, қол арқылы әртүрлі дерексіз түсініктерді ұғынуға мүмкіндік беретін көп салалы математикалық нұсқаулық болып табылады.

Дьенештің логикалық ойындары баланың логикалық ойлауын, епшілдігін, талдау қабілетін, коммуникативтік дағдыларын логикалық тапсырмалар арқылы қалыптастырады.

Б.П. Никитиннің дамытушы ойындары негізгі ережелерді оқытуды біріктіруге тартады – қабілеттің жеңілден ауырға өздігінен шығармашыл әрекет етуінде ең қажетті қағидат.

Коучинг- оқытудың нәтижелік дәрежесін арттыру арқылы оны жетілдіруге мүмкіндік беретін үдеріс. Коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Коучинг үйретпейді, ол үйренуге көмек көрсетеді.

Модульдік оқытудағы негізгі мақсат-баланың өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту. Модульдік оқытудың өзегі – оқу моделі, ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген ұстаздың нұсқауынан тұрады.

Вальдорф педагогикасының міндеті-рухани еркін тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Бұл педагогиканың негізінде И.Гете түрлену (метаморфаза) ойлары жатыр. Аталмыш

педагогика адамның жетілуін түрлену кезеңдеріне қарай жетіжылдықтарға бөліп қарастырады, яғни: 0-ден 7 жылға дейін-дененің тууылуы және жетілуі; 7-14 жыл-жан жетіледі; 14-21 жыл-саналы адамның жетілуі. 21 жасында «Мен» сезімі-жауапкершілік, ой сезімі қалыптасады. Ұстаздың міндеті-оқушының бойындағы осы түрленулерді бақылап, олардың жүруіне қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Сонымен қатар, М.Монтессори технологияларын және ТРИЗ технологияларында кеңінен қолданып келе жатырмыз.

Әрбір өткізетін оқу қызметтерімізге, күннің екінші жартысында өтетін вариативтік оқу қызметтеріне осы жаңашыл технологияларды қоса отыра, ойын барысында барлық баланы қамтуға тырысамыз. Сөзіміздің дәлелі ретінде, дамытушы ойынның бір – екеуін алып көрелік:

Геоборд ойыны. Бұл төртбұрышты шегелер қағылған тақтайша. Шегелерге әр түрлі бағыттарда созылғыш жіп резинка тартуға болады. Балалар осылайша жіптерді әртүрлі бағыттарда тартып геометриялық пішіндер жасайды, тіптен әріптерді де жасауға болады.

Воскобовичтің «Түсті шаршы» ойыны. Шаршыны бүктеуге болады, бүктеу арқылы одан бір зат шығаруға болады. Мысалы: Үй, конфет, хат, т.б.

Б.П. Никитиннің «Ғажайып текшелер» ойыны. Ойын бірнеше түрлі-түсті текшелерден тұрады. Бұл түстер төрт түстен тұратын өрнек құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл ойында балалардың талдау, жинақтау қабілеттері жақсы дамиды. Сонымен қатар балалардың ұсақ моторикасы, қиялы, зейіні, кеңістікті бағдарлау қабілеті, логикалық ойлау қабілеті, құрастырушылық қабілеті дамиды.

Красноуховтың басқатырғыш ойыны арқылы балалардың ойлау қабілеті мен зейіні, қиялы дамиды.

Міне, осындай баланың қызығушылығын арттыратын дамытушы ойындарды ұйымдастыра отырып, баланың ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру әрбір оқу қызметіміздің мақсаты болып табылады. Сонымен бірге, осы жоғарыда аталған дамытушы ойындарды зерттей отырып, балалармен бірге әр оқу-қызметі барысында, күннің екінші жартысында қолданысқа алып жүрміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.К. Ахметов «Принципы технологии и содержание образовательной программы» Алматы 1995ж.

2. Воскобович В.В.; Харько Т.Т. Игровая технология интеллектуально – творческого развития детей дошкольного возраста 3-7 лет. «Сказочные лабиринты игры». Книга «Методика» - 36с.

3. К.Ю. Белая «Инновационная деятельность в ДОУ» әдістемелік құралы. М.2005ж.

4. М.Ж.Жадрина «Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы, 2002ж.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Ильяс И.О.

Қарағанды қаласы, «Толағай» бөбекжайы КМҚК

Бүгінгі күні мектепке дейінгі мекемелерде жаңа технологияларды пайдалану – келешекте ой-санасы берік қалыптасқан, интеллектуалды біліктілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеп шығарудың алғышарты болып табылады. Бұл бағытта балабақша тәрбиешісі - ең алдымен жаңа келген баланы үйдегі өмірден тыс ортаға бейімдей отырып, оның өз бетімен ойланып шешімдер қабылдау және өзіндік іс-әрекеттерін дамыту, ойын анық, дұрыс жеткізе алуы

үшін сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқып, жаза білуге ұлттық ойындарды үйрету арқылы қол жеткізуі тиіс. Міне, еліміздің ертеңі, оның жарқын болашағын қалыптастырады деп үміт артқан өскелең ұрпақ бүгінгі күн талаптарына сай сапалы білім, саналы тәрбие беруде тәрбиешілердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – ол инновациялық технологияларды жетік меңгеріп, оларды балабақша өміріне енгізу деп білемін.

Жалпы қазақ халқының ұрпағына ұлттық тәрбие нәрін себе отырып, ұлттық ойындардың мән-мағынасын жете ұғындырып, оларды халқын, туған жерін, оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, тарихын, мәдениетін және өткен өмір жолынан осы ұлттық ойындар арқылы хабардар етіп отырғаны белгілі. Біз, балабақша тәрбиешілері халқымыздың осы мақсат-мүддесі жолында бүлдіршіндерге ұлттық тәлім-тәрбие берудің үлгісін көрсетуге тиістіміз. Ұлттық ойындар арқылы ұлттық тәрбие берудің негізі – балаларға жастайынан әдептілік, сыпайылық, бауырмалдық, қайырымдылық сияқты халқымызға тән адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Сол себепті, өмір есігін жаңа ашқан балдырғандарды алғыр, ақылды, епті, батыл әрекет етуге жетелейтін әдіс-тәсілдерді қолдану - ұлттық тәрбиенің басты мақсаты. Мен, балабақшада тәрбиеші болып еңбек өткерген жылдарымда мұндағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі өзегі - бүлдіршіндердің жеке басының қасиеттерін ерте бастан қалыптастыру және дамыту ісін бір сәтте естен шығарған емеспін. Өйткені, қазақстандық қоғамға оның қарыштап алға басуы үшін әрқилы ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялардың қажеттілігін айқын сезіне отырып, біз, балабақша тәрбиешілері өзіміздің тоқсандық, жылдық жоспарымызды заман талабына сай жаңа бағдарламалармен, үздік әдістемелік құралдарда көрсетілген оң тәжірибелермен байытып, инновациялық технологияларды иегері, оларды әр сабақта орынды пайдалану жолдарын табуымыз қажет.

Сол себепті мен топтағы балалармен өткізетін әр сабағымда дана халқымыздың ерте заманнан асыл мұрадай сақталып бізге келіп жеткен ұлттық ойындарын заманауи жаңа технологияларды барынша пайдалана отырып, жатық, түсінікті тілмен олардың мән-мағынасын ашуды басты мақсат етіп келемін. Барынша кең түсінік беруді басты мақсаты етіп қоюы тиіс. Бұл жерде тағы да дана халқымыздың - Баланды өз тәрбиенімен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле – деген ұлағатын үнемі басшылыққа алып отырамын.

Ұлттық ойындар тақырыбында өткізетін оқу қызметтерімде ұлттық ойындар арқылы халқымыздың айналысқан шаруашылығы, мәдениеті, жалпы өмір сүру дағдылары мен тыныс-тіршілігі туралы ой тудыруды мақсат етемін. Абай атамыз да: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - деген ғой. Сол себепті, қазақ халқының сан ғасырлар қойнауынан пісіп-жетіліп бүгінгі күнгі ұрпағының қызық-қуанышына айналған, ұлтжанды азамат ретінде тәрбиеленуіне баға жетпес септігін тигізетін алтын қабат ату, жамбы ату, көкпар, күрес, теңге алу, қыз қуу және т.б. тәрбиелік мәні зор ұлттық ойындары бүлдіршіндерге балабақша қабырғасынан етене таныс болуы қажет деп ойлаймын. Ұлттық ойындар балалардың халқымыздың өткен өміріне деген сый-құрметін арттырып, ұлты үшін мақтаныш сезімдерін оятуына да септігін тигізеді. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес» - десе, біз балабақшада ойналатын ойындардың тәрбиелік мәніне терең үніліп, оларды ойнату арқылы белгілі бір мақсаттарға жетіп отыруымыз қажет.

Сонымен бірге, ұлттық ойындар ойнату арқылы балаларды ептілікке, тапқырлыққа баулып, еңбеккер мінез-құлқын қалыптастыруға болады. Өйткені, халқымыздың «Арқан тартыс», «Тақия тастамақ», «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Теңге алу» сияқты ұлттық ойындарға балалар аса қызығушылық танытып, ойын үстінде аса белсенділік көрсетіп отырады. Ұлттық тәрбие берудің бір әдісі балаларға психологиялық тұрғыда әсер ету болса, балабақшамызда «Ұлттық бұрыштар» жасақталған. Мұнда халқымыздың салт-дәстүрінен және мәдениетінен молынан хабар беретін, ешкімге ұқсамайтын ұлттық бұйымдары мен ұлттық киімдері жинақтаған. Ал мұның бәрі бүлдіршіндердің сөйлеу тілі мен ой-өрісінің

дамыту және олардың мектепке дейінгі мекеме өміріне дегенқызығушылығын арттырудың таптырмас құралы. Бұл тұрғыда балабақша бүлдіршіндерді бабалар салған сара жолдан айнымайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білетін инабатты да, ибалы ұрпақ тәрбиелеп шығару орталығы болуы тиіс. Мен балаларға заттардың саны, көлемі, пішіні ұғындыруда, сонымен бірге кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйретуде ұлттық ойындарымыз «Теңге алу», «Бәйге», «Көңілді керуен» ойындарын пайдаланамын. Ал бұл ойындарды ойнату үстінде қолданатын көрнекі құралдарға әдемі де, әсем ұлттық бұйымдарымыз бен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдалануды мақсат ете отырып, балаларға жаңа заманауи технологиялар көмегімен молынан түсінік беріп отырамын. Ол үшін ұлттық ойындарды әртүрлі слайдтар арқылы көрсетіп, алдымен бүлдіршіндердің қызығушылығын арттырып аламын. Мен бұл бағытта ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясын қолданамын. Балаларға шығармашылық тапсырмаларды өз бетімен орындауды үйретуге бағытталады. Мұнда балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған Тәй-тәй технологиясы да көптеген балабақша тәрбиешілерінің әдістемелік құралына айналған. Елбасымыз Н.Ә Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім де, тәрбие де аса қажет» - деп атап көрсеткен болатын. Сол себепті, балалармен өткізілетін сабақтарда технологиялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану әдісінбүлдіршіндерге сапалы білім, саналы тәрбие берудің басты шарты деп қабылдауымыз керек. Ал осы мақсатты іске асыру жолы – балабақша өмірінде заманауи озық технологияларды пайдалану болып табылады.

Осы бағытта жоғарыда аталған технологиялық құралдарды пайдалана отырып, «Арқан тарту», «Орамал тастамақ» ойындарын өткізу балаларға қарсыластарын күшпен де, айла-амалмен де жеңуге болатынын ұқтырады. Ұлттық ойындардың ішінде мен балалардың «Қыз –қуу» ойынына аса қызығушылық танытатынын байқадым. Сонымен бірге «Соқыр теке», «Аударыспақ», «Сақина жасыру», «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Хан талапай» ойындарына да бүлдіршіндер белсенді қатысып отырады. Бұл ойындардың маңызы – ең алыдмен бүлдіршіндерді жас кезінентөзімді, шыдамды болуға тәрбиелейді және кез келген сәтте ұстамдылық таныту қасиеттерін жетілдіреді. Сонымен бірге, балаларға халқымыздың аса қызықты да, мазмұнды ұлттық ойындары: «Айгөлек», «Белбеу тастау», «Қасқыр мен ешкі», «Ұшты-ұшты», «Көрші-көрші», «Сақина жинау» және т.б. ойындарын ойнату олардың мінез-құлқының бай, жайдары, жайсаң болып қалыптасуына тигізетін ықпалын мол деп білемін. Мұнда, ең бастысы, ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктерін қатаң ескере отырып ойнату, олардың бала тәрбиесіне тигізетін әсерін қадағалап отыру аса қажет. Өйткені, ойын – баланың ой-қиялына қанат бітіретін, жаңаша бір ғажайып әлемге жетелейтін, білімге деген құштарлығын оятып, балалық шағын барынша қызықты ететін тәрбие құралы. Жас өскелең ұрпақтың жан - жақты даму негіздері – балабақша қабырғасынан бастау алатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
2. Ұлттық ойындар арқылы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту. Бактиярова Алмагул Бакеновна
3. Рухани – адамгершілік тәрбиенің маңыздылығы. Насиева Ұлдай Байжумаевна

РОБОТОТЕХНИКА – ЗАМАН ТАЛАБЫ. БАЛАБАҚШАДА КОНСТРУКТОРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Жақсыбекова А.С.

Қарағанды қаласы, «Толағай» бөбекжайы КМҚК

*Басқаларды үйрете жүріп,
біз өзіміз үйренеміз!
Луций Анней Сенека*

Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде робототехника ғылымы кең қолданысқа ие. Дамыған елдер қатарына енуде Қазақстанда ғылыми – техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытынан құр қалмауда. Қазақстан үшін робототехника өте жас сала. Мысалы: Жапония, АҚШ, Германия сияқты алдыңғы қатарлы ел робототехника саласындағы жетік елдер сондай биік дәрежедегі өндіріске тынбай, талмай еңбектенудің арқасында жеткен екен. Қазіргі кезде осы аталған елдерде, робототехника саласы өте қарқынды дамып отырғанның бір дәлелі индустриалды роботтарды шығаратын компаниялар соған мысал бола алады. Егерде біз сол елдердің қатарына жетіп алғымыз келсе, сол елдердегі ғалымдармен салыстырғанда бірнеше есе көбірек жұмыс істеп, тынысымыз еңбектену қажет. Сонда ғана Қазақстандағы робототехника саласы белгілі бір жетістікке жетіп, орталығын құра аламыз. Бұл арманға қол жеткізу өте күрделі бірақ жүзуге асырылмайтын іс деп ойламаймын. Біз еңбекшіл, алға мақсат қойсақ жетпей тынбайтын елміз, сондықтан шын ниетпен еңбектенсек, алдымызға қойған мақсатымызға де жетеміз.

Қазақстанда бұл саланы балабақша қабырғасынан таныстырып, қалыптастырған болсақ бұл салаға қызығушылық пайда болып, соның арқасында болашақта робототехника саласында көптеген жас ғалымдар жұмыс істесе жетістіктеріміздің көбейетіні анық. Сол роботтарды жасаудағы басты мақсат – адамға ауыр, қажытытын, денсаулығына зиян келтіретін, қызмет түрлерін солардың міндетіне беру болып табылады. Қазақстанға пайдалы қазбалар өндіретін өндірістік роботтар қажет. Тағы бір мәселе ол ластанған және реактивті қалдықпен жұмыс істейтін роботтар қажет.

Қазіргі таңдағы еліміздің маңызды стратегиялық бағыттарының бірі – білікті мамандарды қажет ететін индустрияны дамыту. Бұл стратегияны жүзеге асырудың бастамасы ретінде Назарбаев Университеті көш бастап тұр. Робототехника медицинада, зауыт – фабрикаларда, космонавтикада, қорғаныс қызметінде және тағы басқа қолданыс көздерін табу үшін өте тартымды болды.

Робототехника курстары – бірқатар қиын техникалық пәндерді үйретуде керемет құрал. Бұл курста балалардың тек логикалық ойлау қабілеті дамып қана қоймай, сонымен бірге өз ойын нақты, еркін жеткізу, қолдың ұсақ моторикасы, бейнені еркін түрде жасап шығаруға, зерттеушілік біліктіліктілігі, шығармашылық,

танымдық қабілеттері, топтық жұмыс жасай алуға, қиял еркіндігін шарықтатады. Нәтижесінде бала қиялындағы көріністерді жүзеге асырады.

Осы бағытта балабақшамызда бірқатар жұмыстар жоспарланып, арнайы ұйымдастырылған топтарда балалармен жұмыстар жасалуда. Балалардың қызығушылығы күннен күнге артуда. Сонымен қатар педагогтарға жұмыс жасауда қызықты екеніне көз жеткіздік. Осындай жаңа бағыттағы ұсыныстарды қолдауға тұрарлық істердің бірі деп білеміз. Заман талабыда осындай жаңа бастамаларды қолдауға дайын. Балабақшамыздың бірнеше педагогтары осы бағытта білім алып өз қызығушылықтарын білдіруде. Мектеп қабырғасында робототехника үйірмелері ашылуда. Ол жаққа дайын болып бару балабақшада да жүзеге асырылуда. Келешек техниканың заманы болғандықтан балалардың бұндай үйірмеден үйренетіндері көп. Ойын барысында балалардың ұқыптылыққа, шешім қабылдауға деген сенім қалыптасады.

Біздің балабақшамызда қазіргі таңда «LEGO education» ойындарының бес түріне қол жеткіздік.

- Кірпіштер, кубиктер DUPLO
- Өзін-өзі басқару көліктері
- Математикалық поезд

- Робот-тышқан
- Көңілді білдіретін адам бейнесі

Осы конструкторлар түрлерін пайдалана отырып жоспар құрылып сол жоспармен екі топ эксперименталды түрде жұмыстар атқаруда. Нәтижесінде балалардың қызығушылығы артқанын, өздігінен жаңа дүниелер ойлап табуына мүмкіндіктер ашылуда. Туындаған бейнеге қатысты сөйлем құрау, әңгіме айтуға, ертегі құрастыруға, мақал – мәтел, жұмбақ айтуға, санауға деген белсенділіктерін көрсетті. Сонымен қатар баланың ұсақ қол моторикасы дамыды. Бала қол мен көзді тепе-теңдікте ұстауды үйренді. Жыл соңында еркін сөйлеу белсенділігі артуда. Әдістің негізінде педагогтар уақытты қағаз жазумен жоғалтпай, барлық назары балада болады және балалар жас ерекшелігіне қарай топтастырылып ойнатылады.

Атап айтқанда: (3 -4 жас аралығы) 2 ші кішкентайлар тобында - қарапайым бейнелер жасап, түсінгенін , жасаған бейнесі туралы шағын әңгіме айтып беру.

(4-5 жас аралығы) Ортаңғы топ Легоның көмегімен жер, су, әуе көліктерінің жасалу жолдарымен және аспан денелерімен, математикалық өлшемдермен танысады. Білім



көкжиегі кеңейеді.

(5-6 жас аралығы) Ересек топ. Бұл жастағы балалармен бірге жасалынған бейнені өмірмен байланыстырамыз, қалай жұмыс істейтінін түсіндіре отырып талқылаймыз. Ең маңыздысы – жасаған затты тәжірибе жүзінде қолдануды көрсетеміз. Осылайша бала ойнап отырып жаңа ақпаратпен танысады. Легоның артықшылығы осында.

Жыл соңында балабақша педагогтармен тәжірибе алмасу мақсатында семинар болып, сол семинарда балабақшамызда эксперименталды топтың атқарып жатқан жұмыстары жайлы маңызды ақпаратпен бөлістік.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Филиппов С.А. Робототехника для детей и родителей С-Пб, «Наука», 2011
2. Копосов Д.Г Первый шаг в робототехнику; 2012
3. Глушкова О.В. «С конструктором Лего в увлекательный мир математики», 2017
4. Интернет –ресурсы, «Какие преимущества обучения с LEGO?»

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН МНЕМОТЕХНИКА АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған. Баланың сөйлеу әрекетін дамыту, ең алдымен оқыту үрдісінде тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын игеруге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу икемділігі мен дағдылары сөйлеу әрекетінің оқу, тыңдау, айту жазумен байланысты болады. Сондықтан қатысымдық икемділік пен дағды сөйлеу қарым-қатынастың түрткісіне мақсат-міндеттеріне орай жүргізіліп, екінші жағынан әлеуметтік нормалар, яғни тіл мәдениетінің негізінде ұйымдастыру болып табылады.

Мнемотехника грек тілінен аударғанда-«есте сақтау өнері». Бұл әдіс арқылы балалардың ақпараттарды ұғымды түрде есте сақтауы қамтамасыз етіледі, есте ұзақ уақыт сақтайды, табиғаттың нысандарының ерекшеліктері туралы білімдерін молайтады, әңгімелердің құрылымын есте сақтауға жол ашып, сөйлеу тілдерін дамытады.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі балалармен мнемотехниканы қолдану өте тиімді. Мақсатты ойынның дамуы, қабылдау іс-әрекетінің, көңілдің дамуы, ал ең алдымен психикалық жүйенің дамуы, тілдік толық дамуына сол әсер етеді. Оқытудың негізгі – шығармашылық танудың дамуы.

Мнемотехника – ақпаратты қабылдау мен оны есте сақтаудың әдістемелік жүйесі. Мнемотехника немесе мнемоника жатталуы керек ақпараттың орнын ойша реттеу, және ассоциация арқылы оларды бір-бірімен жалғау. Ақпараттарды орналастыру мен оларды байланыстыру үшін адамның ойлану (айрықша ойлану), қиялдау, назар салу қабілеттері қолданылады.

Мнемотехниканың құнды қасиеттерінің бірі онымен танысқаннан кейін оны бірден қолданып кете берсеңіз болады. Оның негізгі ілімін үйренсеңіз қатты ұзын емес сандар немесе сөздер тізбегін жаттай алу қабілетіне ие боласыз. Алайда, бұл қабілет кейде жаңа бастап келе жатқандарға кесірін тигізіп жатады. Мнемотехниканың тек бастапқы қадамдарын игерсе де оның барлық егжей-тегжейлерін үйренген адамдай сезінеді. Алайда, қабілеттерінің ең керекті шақтарында қолдана алмай қалады. Себебі, жаңадан бастап келе жатқан көп дамға мнемотехниканың қолданыс тәжірибесі жетпейді. Ассоциациялау әдістерін білетін сияқты, бірақ ақпараттарды жаттай алмайды. Ондай жағдайлар болмас үшін жаттау тәсілдерін қолдануды тұрақты түрде жаттықтырып, әдет дәрежесіне дейін жеткізу керек. Мнемотехникамен айналысуды бастағаннан кейін қысқа уақыт ішінде заттарды байқағыштық, айналысып жатқан жұмысыңызға зейін қою сияқты қасиеттеріңіз күшейіп, бірақ балалардың жадының аса жақсармауы да ықтимал.

Адам негізінен өзіне байланысты және өзінде бар ақпаратқа байланысты заттарды тезірек жаттайды. Сол үшін, әр түрлі фактілерді бір жерге жинап, байланыстыру қажет. Ол байланыстар әр түрлі болуы мүмкін, ең бастысы олар сол адамға қатысты болуы керек. Мүмкін ол күлкілі оқиға болар, анегдот, тіпті ешқашан орындалмайтын ойдан шығарылған қиял болуы мүмкін. Ең бастысы – бұл байланыстар жаттаушы адам үшін жалпы фоннан ерекшеленіп тұруы. бірегей болуы тиіс.

Жаттаудың бір түрі болып мнемотехникада ассоциациялау әдісі есептеледі. Кейде бұл әдісті ассоциациялар тізбегінің әдісі, ассоциациялар байланысының әдісі немесе жаттаудың тізбекті әдісі деп те атайды. Бұл әдіс көбіне сөздер, сандар және мерзімдер тізбегін жаттау үшін қолданылады. Мнемотехника әдісін қолдана білу орындар әдісі сияқты басқа да әдістерді қолдана білу қабілетін тудырады.

Мнемотехника әдісін ассоциацияларды қалай құрамыз? Егер заттардың арасында байланыс болмаса, оны ойлап табу керек. Ол байланыс кез-келген түрде болуы мүмкін: ертегілік, фантастикалық, абсурдтік немесе күлкілі. Байланысыңыз неғұрлым ерекше болса, ол заттар тезірек жатталады.

Ассоциация неғұрлым ерекше болса, соғұрлым өзіңізге жаттау оңайрақ болады. Ассоциация әдісі арқылы жадыңызды жаттықтыру үшін сөз жаттау тапсырмаларын орындау қажет.


Мнемотехниканы пайдалану - тиімді жұмыс, сөздік қорды байыту мен балаларды белсенді ету бағытында. Бірақ үнемі тек қана аталмыш техниканы қолдана беруге болмайды.

Мнемотехниканы сөйлеу тілі дамымаған балаларға арналған сабақтарда жиі қолданғанның ұтымдылығы жоғары. Қажетті оқиғаны немесе құбылысты жадымызда сақтау үшін қолданылады. Ол есте сақталмайтын заттарды есте сақтау үшін керек. Мнемотехникалар абсолютті түрде осы ақпараттарды рет-ретімен нақты айтқыза алады. Мнемоника ақпаратты бір рет айтқаннан әр элементті сақтауға мүмкіндік береді. Мнемотехника – арнайы мнемониканың әдістерін тәжірибе жүзінде қолдану болып табылады. Әдетте, оның мынадай түрлері бар: есте сақтауға арналған ақпараттың мағыналы сөз тіркестерін есте сақтау; рифма; ұзын терминдер мен түрлі сөздерді үндес сөздері арқылы есте сақтау; ашық дәстүрлі емес (сурет, сөздер арқылы) есте сақтау үшін арналған ақпаратпен байланыстыру. Тәсілдерге жеке тоқталған болсақ, бірінші- көру жады. Түрлі сыртқы қабылдау құрылыстарының есін қосу. Есте сақтау үшін өлең жолдары, жүйелік реттік сияқты пайдаланады. Мнемоника- есте сақтау өнері, ал мнемотехника- ақпаратты есте сақтау үшін жеңіл еткен және жадының көлемін ассоциация (байланыс) арқылы үлкейтілетін, арнайы амалдар мен тәсілдердің жиынтығы. Ол абстракты объект пен факторларды есте сақтау үшін, визуалды, аудиолды және кинестикалық түрінде сақтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мнемотехника жолдарын біздің балабақшада қолданып, балалардың сөйлеу тілін дамытып, ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Мнемокесте: «Такпак»

Көктемде,көктемде.
Күн нұрын төккенде.
Қар еріп ақты су.
Жоғары тартты бу.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР-ның 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы 9.01.2004ж
2. Абдуллина Г. Арнайы мекемелерге көмек. «Бастауыш мектеп» журналы, 2005жыл, №4. Б. 12-16.
3. Басова А.Г., Егоров С.Ф. История сурдопедагогике-Москва: Зенит, 1994 год. С. 184.
4. Психодиагностика и коррекция детей с нарушениями и отклонениями развития. Сост. и общая редакция В.М. Астапова, Ю.В. Микадзе. – СПб.: Питер, 2002.
5. Елубаева Қ. К. Дайындық сыныбы оқушыларының сөйлеу қабілетін дамыту сабағына әдістемелік нұсқаулар.-Алматы: Санат, 2003ж. Б. 190
6. Е.Сағындықов. Тіл кемістігі бар балалармен жұмыс. – Алматы: Рауан, 1999. Б. 184.

7. С.Тайжанов, С.І.Қасымбекова. Сөйлеу тілі дамымаған баланың әрекеттері.-Алматы, 2004 жыл. Б.214.
8. Өмірбекова Қ., Серікбаев Қ. Логопедия.- Алматы: Мектеп, 1996 жыл. Б.162.
9. Латыпов Д.Н. Сөйлеу тілін дамытудың негіздері. «Қазіргі таңдағы ғылым білім» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Шымкент, 2005, Б. 62-64.
10. Асанов Ж. Жеке тұлғаның қалыптасуы мәселесі. – Алматы: Педагогика, 1999 жыл. Б.186

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Агытаева К.Ж.

Қарағанды қаласы, «Толағай» бөбекжайы КМҚК

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі-орыс тілі және ағылшын тілі-әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отырғаны рас, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты педагогтардың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білудің міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үрдісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алу оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында тәрбиеші алдында тәрбиеленушілерге білім мен тәрбие берудің үлкен жауапкершілігі тұр. Әрбір баланы тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл педагог керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер педагогтарды қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Жаңа заман педагогы күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуы тиіс. Оны талабына сай болу үшін қазіргі заман педагогы жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңарту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторларының бірі педагогтың кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, педагогика-психологиялық білім мен дағды ғана емес, педагогтың жеке тұлғалық потенциялы, кәсіби құндылықтары да жатады. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға жол ашты десекте болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденісте деп ауыз толтырып айта аламыз. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысу керек. Оның өзіне сүйеніш, қолбағыс нәрсе есебінде қолдану керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүдесіне

сай болу керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыпты толық қамтитын, оны тәрбиеленушіге жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс амалдарын, құралдарын еркін меңгерген тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын артырып дарындылығын дамыту іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну заман талабы. Ал оның негіз балабақшада қаланбақ. Сондықтан да әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тәрбиеленушілердің білім мен тәрбие сапасын арттыру ең басты мәселе.

Қазақстанның мектепке дейінгі мекемелеріндегі мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің теориялық мәселелері отандық ғалымдардың В.Н.Андросова, Б.Б.Баймұратова, Л.А.Давиденко, А.К.Меңжанова, Г.И.Исмагулова, Е.Б.Дайрабаев, А.Қаржаубаев, Т.Ж.Қалдыбаева, О.А.Михалькова, В.Я.Никитин, М.Т.Турскельдина, М.С.Сәтімбекова, Қ.М.Меңдаяқова, Р.К.Аралбаева, Р.М.Жұмағожина, Ж.А.Исмайлова, Т.А.Левченко, А.С.Әмірова, Т.Иманбеков, Ф.М.Жұмабекова, Д.Р.Муталиева, Г.Ж.Меңлібекова, Б.О.Арзанбаева, Н.Храпченкова, А.Е.Манкеш, С.Н.Жиенбаеваның еңбектерінде қарастырылған [4].

Бұл зерттеп отырған мәселенің түрлі аспектілеріне белгілі шамада арналған белгілі ғалым-педагогтардың еңбектеріне біздің жасаған талдауымыз мектепке дейінгі білім берудің дамуына байланысты жеке идеялар үнемі зерттеушілердің назарының орталығында болғанын көрсетті.

Қазақстанның егемендік алып, өзінің ғылым мен техникалық дәрежесінің өсуі, экономикалық-әлеуметтік, саяси саладағы өркендеуі бүгінгі таңда білім беру мазмұнының уақыт талабына сай өзгеруіне әкеліп соқтырды.

XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жалпы және орта 12-жылдық білім беру жүйесінің енгізілуі уақыт талабы болып отыр. 12 жылдық білім беру жүйесі бойынша мектепке дейінгі балалардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне келер болсақ, баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу мектепке дейінгі балалардың 12 жылдық мектепте оқуының дайындық деңгейін ескере отырып, дұрыс бағытта жұмыс жасай білу маңызды [5].

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі.

Қазіргі мектепке дейінгі мекемелердің балаларды мектепке даярлау мәселесіне талдау жасау бізге келесі міндеттерді:

- қазіргі мектепке дейінгі мекемелердің жүйесінің қызметінің түрлерін, жұмыстарының ерекшеліктерін анықтауға;

- мектеп жасына дейінгі балаларды жаңа педагогикалық технологиялар негізінде мектепке даярлау жүйесін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеуге – мүмкіндік береді.

Осы міндеттерді жүзеге асыру балаларды мектепке даярлауды тиімді ұйымдастыруға жол ашады, себебі соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түрлері көбейіп, олардағы оқу-тәрбие үдерісін басқарудың икемді, көпфункционалды жүйесі құрылып отыр. Міне сондықтан да, осы өзгерістерді балаларды мектепке даярлауда ескеру қажет.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына», «Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу, оқыту мазмұнын жаңарту тұжырымдамасына» (1991 ж.) және «Қазақ балабақшаларындағы үзіліссіз тәрбие тұжырымдамасына» (1993 ж.) сәйкес және Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес кеңес дәуіріндегі идеология мен басты ұйымдастыру жүйесіне балама түрде мектепке дейінгі білім берудің жаңа жүйесін құру жүзеге асырылуда. Аталған құжаттарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қарашадағы №1762 «Балаларды міндетті мектепалды даярлау мәселелері» туралы қаулысына сәйкес тәуелсіз қоғам азаматын тәрбиелеп өсіру міндеттері, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптері, білім беру жүйелерінің құрылымы нақты айқындалып, көрсетілген. Бұл жерде алдыңғы кезекке баланың тұлғалық дамуы қойылып: оқу-тәртіптілік тәрбие моделінің орнына тәрбиенің тұлғалық-бағдарлық моделі орын алып отыр.

Қазіргі таңда «мектепке дейінгі тәрбие» ұғымының «мектепке дейінгі білім беру» ұғымына өту кезеңіне куә болып отырмыз. Бұл жерде «мектепке дейінгі білім беру» ұғымын «балалардың тұлғасын дамытудың мүмкіншіліктерінің кеңеюі, баланың өзін-өзі дамыту және өмір жолын компетентті таңдау деп қараған жөн, білім беру баланың ұғынуы мен ақпараттық тануының парадигмасынан әлеуметтік-мәдени белсенді даму парадигмасына, мәдени-тарихи парадигмасына түгел дерлік ауысуда» [8].

Мұндай жаңа көзқарас балаларды мектепке даярлау үдерісінде, білім беруді де, үлкендер мен балалардың өзара қатынасының формаларында, балалардың өзара қатынасында қайта қарауын талап етеді. Білім беруді, оның вариативтілігін анықтау мектепке дейінгі білім беру теоретиктері мен практиктерінің қазіргі таңдағы үлкен көкейкесті мәселесі болып отыр. Тағы бір өзекті мәселе балабақшада балаларды мектепке даярлау, олардың қазіргі жағдайдағы іс-әрекетке қабілеттілігі, себебі балабақшаның мәртебесі әлеуметтік-экономикалық жағдайға тәуелді. Егер бұрынғы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі жас кезеңінің құндылығы ұғымы артқа шегеріліп отырса, ал қазір заттар мен құбылыстардың мұндай ұқсастығы әлеуметтік тапсырыс пен ата-

аналардың тапсырысы бойынша, нарық жағдайының бағдарлауымен және балабақшада қосымша мамандарды қамтумен айқындалып отыр [9].

Бұл өз кезегінде мемлекеттік емес және жеке азаматтарға, акционерлерге, ведомстволық және басқа да мекемелерге қарайтын «элиталық» мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің пайда болуын түсіндіреді. Бірақ та, бұл мекемелердің де басты мақсат-міндеттері баланың жеке басын жан-жақты дамыту мен мектепке даярлау ісі болып табылады.

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 ж. Жолдауында аталып көрсетілген «Балапан» бағдарламасы аясында Елбасының берілген тапсырмасын орындау мақсатында халықты балабақшамен қамтамасыз етудің қысқа мерзімді шаралары жүргізілді: 1) 2009-2015 жылдарға мемлекеттік және жекеменшік инвестиция есебінен мектепке дейінгі ұйымдардың объектілерін енгізу кестесі құрылды; 2) мемлекеттік органдар орналасқан балабақшалар ғимараттарын босату бойынша, оларды коммуналдық меншікке беру шаралары жүргізілді; 3) мектепке дейінгі ұйымдарды ашу үшін басқа да ғимараттар мен орындарды пайдалану қарастырылды.

12 жылдық білім беруге көшу Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне шығу көрсеткіштерінің бір адымы болып табылады. 12 жылдық жалпы орта білім беру мектептеріне көшу тұжырымдамасы мектепке дейінгі және мектепалды білім беру стандарттарын қайта қарауды талап етуде. Елімізде мектепке дейінгі білім берудің жаңа тәсілдері тәжірибелі жинақталған. Идея бірнеше жыл бұрын жетілген және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелердің» 2001 жылғы құжатында нақтылы түрде көрсетілген. Бірақ, бүгінгі таңда елеулі өзгерістердің қажеттілігін уақыттың өзі талап етуде, білімге негізделген тәсілден қазіргі заман талабына сай қоғамның қажеттіліктеріне көзделген құзіреттілікке бағытталып ауысуды талап етеді. Қазақстанның үлкен басымшылығы - мектепке дейінгі тәрбиенің ХХ ғасырдың екінші жартысында мемлекеттік білім беру жүйесінің бір бөлігі болуында.

Сонымен, жоғарыда талдап көрсетілген мәліметтер қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму және жаңару үстінде екенін айдан анық көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасындағы балабақшалардың білім беру жүйесінің дамып жатқандығын көрсете отырып, осы аталған жүйенің тек айтылып қана қоймай, сонымен қатар практикалық түрде жүзеге асырылып жатыр дегіміз келеді.

Қазіргі заман талабына сай тәрбие саласына енгізілген жаңа бағыттағы тың үдерістерді тәрбиеші меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде орынды қолдана отырып, өз білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Егемен Қазақстан, 7 ақпан 2008 ж., №36, 1-4 бб.

2. Таубаева Г.З. Мектепалды дайындығында оқу-тәрбие үдерісінде балалар әдебиетін пайдалану.

3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. Алматы: Білім, 2004.

4. Румянцева Л.Е. Совершенствование подготовки детей к обучению в школе на основе инновационных педагогических технологий. П.ғ.к. ғылыми атағын алуға дайындалған дисс. автореф. Қарағанды, 2001.

5. Абылқасымова А.Е. Школьное образование Республики Казахстан: опыт и необходимость реформирования // 12-летнее образование. 2004. № 2-3. С.4-6.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Касымбекова Б. А.

Қарағанды қаласы, №7 «Жұлдыз» балабақшасы

Қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату.

Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда мектепке дейінгі ересек жаста, бала тәжірибесі мен әлеуметтік жағдайлар негізінде сөйлеу іс-әрекетін, мемлекеттік тілді меңгеруге, сурет, иллюстрациялар бойынша, өз тәжірибесінен сұлбалар бойынша әңгімелеуді, әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын айта білуін ұйымдастыруға, шығармашылық (ертегілер құрастыру, сөздік ойындар), танымдық, сөйлеу, іс-әрекеттерді біріктіруді, тәрбиешімен баланың өзара іс-әрекетінің түрлі үлгілерін қолдануға талаптар қояды.

Осы талаптарды орындау барысында Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын өз тәжірибеме қолдандым.

Даму- мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып сапалық өзгерістерге айналуы.

Дамыта оқыту – оқыту мазмұны, әдістері, тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды айтады.

Сапа – адамның болмысы, елесінің, таным процесінің шексіздікке дейін дамуын айтады.

Дамыта оқыту – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр бала өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Дамыта оқыту барысында балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдауымен шектеліп қалмай, тәрбиеші бос уақытында сол баламен шағын зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Дамыта оқыту баланың ойлау, сезіну қабілетін дамытады.

Профессор Д.Б.Эльконин пікірі бойынша «дамыта оқыту жүйесімен білім алған балалардың дүниеге деген көзқарастары терең және көріп білудің жаңа тәсілін игергендері көзге түседі, яғни дүние және адам тану үрдісі баланың сол үрдісінен толық шұғылдану және қызығу таныту жағдаятында пайда болады».

Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалын балаларға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру.

Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру;

Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу;

Баланың сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті үш бөліктен тұрады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы

2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

3. Шешудің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі Д.Б. Эльконин, В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Жоғары қиындықта оқыту-принципі. Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екендігіне көз жеткізеді. Бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қарай жетелейді.

Мысалы: Суретті көрсетіп мынау не?

Түсі, түрі т.б. сұрақтар қойғаннан гөрі «топтастыру» әдісін қолдану.

Қар ериді күн жылынады (көктем)

Адамдар жеңіл киінеді

талдар бүршік атады

құстар жылы жақтан ұшып келеді.

Яғни, ол туралы не айта алатынын сұрау.

Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайдалануды қажет ететіндей етіп беріледі. Балада ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Жауаптардың бірнеше вариантта болуы мүмкін екендігін қарастырылады. Мысалы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінде ертегі кейіпкерлері жайлы не айта аласың?- деген сұрақтар қойып, балалардың пікірлерін тыңдаймын.

Дамыта оқыту барысында жаңа материалды талдауға зор көңіл бөлінеді. Өйткені талданбаған шығарма бала жүрегіне жетпейді. Талдау – бірлескен ізденіс. Әсіресе оқу барысында материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы бала жүрегіне жетіп, талдау арқылы ар, ұят, қайырымдылық, әдептілік т.б. сияқты тамаша адамгершілік қасиеттері балалар бойына жұғысты болады.

Ойлауға үйрететін тәсілдердің бірі – салыстыру әдісі. Объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау. Баланың қиялы дамиды. Салыстыру арқылы байқалмай, көрінбей қалатын белгілерін анықтауға үйренеді. Байқампаздығы артады.

Мысалы: **Көктем Жаз**

1. күн ыстық. 2. жаңбыр жауады. 3. Құстар ән салады.

Дамыта оқытудың мектеп жасына дейінгі балалар үшін тағы бір тиімді тәсілдерінің бірі – Раунд-Робин әдісі.

Раунд-Робин-өткен тақырыпты немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы. Яғни әрбір бала өткен немесе жаңа тақырып туралы не біледі, бір сөйлем немесе сөз тіркесі бірінің-бірі айтқанын қайталамай түгел айтып шығуы тиіс.

Дамыта оқыту жүйесінде тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуын басты назарда ұстаймын. Баланы кішкентай деп қарамай оның пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу оның дамуына зор әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жаңа технологияларды сабақта қолдану»Ұ.Төлепова «Бастауыш мектеп» №5, 2013 жыл
2. «Отбасы және балабақша» журналдары2012 жыл, 2013 жыл
3. «Отбасы және балабақша» журналы№4, 2012 жыл
4. Дамыта оқыту технологиясы.Бисенбаева Әлия.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Кайрбекова З. С.,Ныгманова А. Б.

Қарағанды қаласы, № 7 «Жұлдыз» балабақшасы

Инновация «жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс» деген ұғымдарды білдіреді. Инновация - құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Жалпы білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға еңгізу проблемасы. Соған сәйкес инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы

тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс [1, 7 б].

Осының барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, тәрбиеші жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Осы педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Жағдайларды біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға. Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда педагог-тәрбиешілер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр [2, 4 б].

Иновация өздігінен пайда болмайды. Ол- ғылыми әдістердің, жекелеген тәрбиешілер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы түрде дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді. Педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиешілердің рөлі арта түсуде. Оқыту процесінің көптүрлілігіне қарамастан — дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа жетекші педагогикалық қызметті іске асыру тәрбиеші еңісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Тәрбиешінің кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан тәрбиешілерден арнайы психологиялық — педагогикалық дайындық талап етіледі. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады. Тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығының екінші құрамды бөлігі: психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесін педагогикалық қызметтің практикасына өндіру. Педагогика мен психология бойынша ғылыми зерттеудің нәтижелері уақтылы хабардар ету мүмкіндігі болмағандықтан балабақша қызметкерлеріне белгісіз болып қалады. Педагогикалық зерттеудің нәтижелерін практикаға енгізу үшін практикалық қызметкерлердің алынған нәтижелермен арнайы танысады, оны іске асырудың орындылығын, сол арқылы осы негізде ғылыми зерттеу нәтижесін практикада қолдануға деген қажеттілікті анықталатындығы В. Е. Грурман, В. В. Краевский, П. И. Керташева, М. Н. Скаткин және басқа ғалымдар арнайы еңбектерінде атап айтылған. Мамандар тарапынан жедел әдістемелік көмек көрсету арқылы бұл ғылыми іске асыру әдістері мен тәсілдерін игеруге болады. Біріншіден, педагогикалық жаңалықтың немесе түбірлі педагогикалық идеяның, технологияның авторы, оның құндылығы мен перспективалығын аңғара бермейді. Екіншіден, қосымша уақыт және т.б. қажет етеді деп ол өзінің идеясын іске асыруға көбіне құлшына кіріспейді. Үшіншіден, жаңалық автордың баяндауында жүйелі ғылыми және әдістемелік негіздеме таба алмауы мүмкін. Төртіншіден, автор инновациясы және оны іске педагогикалық инновацияны бағалауда қолдана алу педагогикалық шығармашылыққа негіз қалайды [3, 6 б].

Балабақша педагогтары мен тәрбиешілер арасында жетістікке жету мотивациясын анықтау мақсатында зерттеу әдістемесі жүргізілген болатын. Осы зерттеуімізде педагогтың кәсіптік әрекетінің табыстылығы, кәсіпке маңызды қасиеттер мен қабілеттеріне, кәсіптік білімдер мен икемділіктерге ие болатын, өз ішкі дүниесін белсенді өзгерте алатын тұлға табыстылығы оның білім беру нарығындағы бәсекелесу қабілетімен байланысты болатындығы анықталды. Осы аспектінің балабақша басшыларына және педагогтардың өзіне деген маңызы өте жоғары болатынын атап кетейік. Осыған орай балабақшада жүргізілген зерттеуімізде Т.Элерстің «Тұлғаның жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме Х.Хекхаузенмен көрсетілген тұлғаның жетістікке жетуге мотивациясының бағыттылығын анықтауға бағытталған. Төмендегі кестеде Т.Элерстің жетістікке жету мотивациясының салыстырмалы талдануы көрсетілген.

Сыналушылар	Жетістікке жету мотивациясының деңгейі		
	төменгі	орташа	жоғары
Еңбек ету өтілі			
1.7 - 15жыл Педагог тәрбиешілер	0%	5%	95%
2. 3 - 6жыл Педагог тәрбиешілер	0%	15%	85%
3. 0 - 3жыл Жас мамандар	1%	16%	83%

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей жетістікке жету мотивациясының деңгейі балабақшадағы 7-15 жыл тәжірибесі бар педагог-тәрбиешілерде 95% пайызы жоғары деңгейдегі көрсеткішті көрсетті. Ал 3-6 жыл тәжірибесі бар педагог-тәрбиешілер 85% пайызы жоғары деңгейді көрсетті. Жетістікке жету мотивациясының деңгейі жас мамандарда 83% пайызы жоғары деңгейді көрсетті. Сөйтіп 3 топ сыналушылары жетістікке жету мотивациясының жоғары деңгейлері оларда өзінің субъективті ерекшелігінің бар болуын көрсетеді. Зерттеу нәтижесіне қорытынды талдау: балабақшадағы педагог-тәрбиешілер мен жас мамандардың жетістікке жету мотивациясы жоғары және төменгі деңгейлерде мәнді айырмашылықтары байқалмады. Өздерінің кәсіби жетілуі үшін аянбай еңбектенеді. Сонымен қатар кәсіби іс-әрекетінде психолог пен әлеуметтік педагогтың кәсіптік міндетін біле отырып, іс-әрекетінде осы мамандардың рөлінің маңыздылығын түсінеді. Өмірге басқалардың көзімен қарай біледі. Шыншыл, өмірде қандай болса, әрқашан да өзгермей сол қалпында қарым – қатынасқа түсетін ұстаздар.

Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру әрекетінің жаңа білім беру бағдарламаларымен, әдіс-тәсілдермен танысып, талдау, оларды өз жұмысында қолдану туралы шешім қабылдау, жаңашыл әдіс – тәсілдерді өз еңбегінде қолдану мақсаттарын белгілеу, экспериментальды жұмыстың кезендерін жоспарлау, болашақ, қиыншылықтарды болжау, жаңашыл әдіс – тәсілдерді, идеяларды педагогикалық үрдіске енгізу, инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылап, бағалау, талдау [1, 7 б].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Балабақша меңгеруші және әдіскері. Республикалық әдістемелік журнал №3 2014ж.
2. Отбасы және бала бақша. №1 2014ж.
3. Мектепке дейінгі білім. №3 2014ж.
4. «С.Балаубаев тағылымы» жинағы. 2014ж. 135-б. (ҚарМУ-да басылған)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ – БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

Адам – қашанда еркіндікті, бостандықты аңсайды, тек аңсап қана қоймай, сол үшін әдіс-тәсіл іздейді, күреседі. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы. Негізгісі екеу. Бірі – күрес жолы, екіншісі келісім жолы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек. Ұлттық идеясы - халық мұраты.

Ұлттық идея – ең алдымен туған жер, отанға деген сүйіспеншілік негізінде ұлттық менталитет, ықылым заманнан бері келе жатқан ұлттық құндылықтар арқылы топтастырылған этностық сезім. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Мәңгілік ел — ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді... Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ — мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы — Мәңгілік ел», - деді. [1,1-3б.б]

«Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізілген абзал. Оның ішіне рухани-адамгершілік қасиеттері мен отаншылдық сезімнің ұдайы дамып отыру бағытындағы іс-әрекеттер кіріктірілуі тиіс. Балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет. Қазіргі кездегі күрделі мәселенің бірі болып отырған ана тілі де бала үшін асыл қасиет екенін ұқтыру баршамыздың міндетіміз.

Елбасы айтқан ана тіліміз Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналуы үшін бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның нақты нәтижесінен қорытынды шығаруымыз қажет. Әсіресе балабақшадағы өткізілетін танымдық, тәрбиелік шаралар тек ана тілінде өткізіліп, ана тілінде жүзеге асуы үшін айқын басымдықты мемлекеттік тілге беруіміз керек. Мектеп жасына дейінгі балаларды ана тілінде еркін сөйлетуге бағытталған танымдық шараларға ойлау, көру көрнекілігін жиі қолданған дұрыс. Әсіресе қазақ тіліндегі басты қасиеттер мен құндылықтарды сәбилердің өздеріне айтқызып, олардың сәби жүрегінен шыққан пікірімен де санасып отыру қажет. Бала тілі бал, түрлі пікірлер айтады, қиялын жеткізеді. Қазақ тілінің ерекшелігіне өздерінше пікірін білдіреді. Ал тәрбиеші оны дамытып баланы жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындыру қажет. Ана тіліміз баршамыздың рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп отыру, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда қателікке бой алдырмау қажет. Барынша ана тіліміздің тазалығын сақтаудың жолын бойларына сіңіре беру қажет. Мақал-мәтел, өлеңдер, жаңылтпаштар, нақыл сөздерді жаттатып қана қоймай мағынасына терең бойлауға баулу басты міндетіміз. Күнделікті балалармен нақыл сөздерді жаттату міндетті ісіміз болуы қажет. Ойын бөлмесі мен жатар орындарында мағыналы сөздер, ғұламалардың айтқан сөздерін көрнекілік ретінде іліп қою, ұлттық құндылықтарға байланысты суреттер салғызу, оқиғаның мағынасын ашқызу барлығы бала бойындағы ұлттық тәрбиені дамытудың құралы болады. Міне, осы орайда біздің топта да бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Ең бірінші біз балаларды өз қазақ тілінде дұрыс, таза сөйлей білуге үйретуді жөн көрдік. Өйткені әр ұлттың дамып өсуі үшін ана тілінің маңызы зор.

Ана тілін дамыту жұмыстарын қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті негізінде ұйымдастырудың тиімді тәсіл деп шештік. Өйткені ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы: ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар,

жаңылтпаштар, тәрбие әліппесі өнер көзі. Осының бәрі жас жеткіншектердің тілін дамытып, адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Балалардың патриоттық, азаматтық сезімдерін қалыптастыруда айналаны қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған оқу қызметтері үлкен рөл атқарады. Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларды қазақ халқының ежелгі тұрмыс – тіршілігімен таныстырамыз. Ол үшін топта киіз үй орнатылған, ол ұлттық заттармен жабдықталған. Осы заттарды балалардың көздерімен көріп, қолға ұстап, қолдану әдістерімен танысады. Бұл ұйымдастырылған оқу қызметтер біздің балаларға өте қолайлы. Балаларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде ұлттық ойындардың орыны ерекше, өйткені ойын мектеп жасына дейінгі балаларды жетілдіруде қолданылатын негізгі іс – әрекет. Осы тұрғыда «Ойын әлемі» сабағында, серуен кезінде қазақтың ұлттық ойындарын үйретеміз. Олар: «Тақия тастамақ», «Арқан тартыс», «Алтын сақа», «Бәйге», т.б. Сонымен қатар ұлттық мейрамдардың тәрбиелік маңызы зор. Бұл мейрамдарда балалар ұлттық киімдер киіп, өзін нағыз қазақ ұлтының азаматы сезінеді, ұлттық ыдыстармен, тағамдармен жақын танысады. Мейрамдарға ата-әжелер келіп, бата-тілек айтады. Балаларды өз ұлтын, халқын құрметтеуге, адамгершілікке, татулыққа, инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеуде имандылық тәрбиесінің тигізер пайдасы зор.

Осы бағытта өздігінен білім алуда «Иманды ұл, инабатты қыз» атты тақырып бойынша жұмыс жасап, мына тақырыптар бойынша тәрбие жұмыстарын жүргіземін «Әдептілік әдемілік», «Адамдық – асыл мұра», «Ақ дастархан», «Бабалар өмірі ұрпақтарға өнеге», «Тиым сөздер» т.б. тақырыптардың атынан -ақ көрінгендей мұнда көзделген мәселе баланы сәбилік шағынан бастап тазалық, әдептілік, ізеттілік, жомарттылық, мейірімділік рухына бейімдеп, Отаны – Қазақстанға, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке баулу, ұлттық сананы, ұлттық психологияны қалыптастыру, ұлтжандылыққа, басқа халықтарға бауырластыққа, достыққа тәрбиелеу. Жас бүлдіршіндерді халықтың қол өнерімен таныстыру, олардың өз халқының тарихын, елін, жерін құрметтеу ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеудің бір құралы десекте болады. Міне, осылай сурет, аппликация ұйымдастырылған оқу қызметтерінде халықтың қол өнерімен, қолдан жасалған шеберлік құрал – жабдықтармен таныстыруға көп мән беремін. Ою – өрнектің аталуын түсіндіріп, өз жұмыстарында ою – өрнек элементтерін қолдана білуге үйретемін. Балалардың бойында өз өлкемізге, қаламызға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруда «Менің сүйікті қалам» атты сурет көрмесін ұйымдастырдық.

Сонымен қатар бүлдіршіндерді жан – жақты қабілетті азамат етіп өсіруге ұлттық салт – дәстүріміздің білім танымдық рөлі орасан зор. Осы бағытта түрлі тәжірибе жұмыстарын жүргізе отырып, ата – аналардың қатысуымен «Ұлттық дәстүрлер» сайысын өткіздік. Сонымен қатар бірлікке тәрбиелеу, бір-бірінің ынтымақтастықта жұмыс істету, берекелі орта қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар Мәңгілік ел идеясындағы басты құндылық екенін ескеріп отыру қажет. Тәрбие мен білімді тәрбиеші ретінде тәжірибемен ұштастырып отыру да өзі нәтижесін береді. Әр мағыналы іске балаларды үнемі қатыстырып, көшбасшылыққа ұмтылудың іргетасын балабақшадан бастау Елбасымыз көрсеткен Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың басты құралы екенін ұмытпағанымыз абзал. Тарихи оқиғалар, әсіресе отаншылдыққа бағытталған ізгілікті істердің мазмұнын үнемі тәжірибемен ұштастыра отырып бала бойына сіңіру қазіргі қоғамдағы өзекті мәселе. Бала әр нәрсеге қызығушылықпен қарайды. Осыған байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын шараларды жиі

өткізу

қажет.

Мәңгілік ел идеясы ең алдымен болашақ ұрпақ үшін екенін ескерсек, еліміздің мәңгілік болуы жолында халқымыздың гүлденуі басты орында. Оған ең алдымен ұрпақтың құнды тәрбиесі мен сапалы білімі жол ашады. Сондықтан да танымдық шаралардың барлығы осыған бағытталуы қажет. Төл тарихымыздың ақтандақ тұстарын балабақша тәрбиеленушілеріне жасына сай түсіндіріп, бойына сіңіріп отыру қажет. Бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттап отыру қажет. Тарихи тұлғалар жайында айту, электронды құралдар арқылы көрсету, тарихи оқиғаға байланысты ойларын айтқызу, қиялын шарықтату отаншылдыққа

баулудың мағыналы жолы. Тарихи тұлғаларға еліктеуге, хакім Абай айтқандай «болмаса да ұқсап бағуға» тырысуға бағыттау өзі нәтижесін береді. Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шаралар өткізгенде барынша нақты іс-әрекеттер жасау керек. Ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрекеттерді жиі қайталап отыру қажет. Балаларды бір-біріне сұрақ қойдыртып, диалогқа шақыру, ынтымақтастық орта қалыптастыру олардың келешек білім алуына даярлануына ықпал етеді. Әсіресе кері байланыс міндетті түрде болуы қажет. «Не үйрендің?», «қайсысы саған қызықты болды?», «сеніңше қалай болуы керек?» т.б. сұрақтар жиі қойылуы шарт. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Өзіне не қажет екенін пайымдайды.

Қорыта келгенде Елбасымыз айтқандай Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда педагогтар қауымының атқарар ісі көп, оны парыз деп білуіміз керек. Алдымызда ұлттық құндылықты бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз шарт.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына жолдауынан. 17 қаңтар 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар. 2014 жыл. 1–3 б.б.

2. Менің Қазақстаным Астанабаспасы 2001. Авторлары: Н.И.Рахымжанова, Р.М.Баттал, А.У.Сужикова

ФОРМИРОВАНИЕ ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ ЗОРКОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Ялынская А.Е.

Средняя общеобразовательная школа № 58

Проблема формирования орфографического навыка в начальной школе является одной из наиболее трудных задач. Связано это со сложностью самой орфографической системы русского языка и с тем, что учащиеся не видят орфограмму, не умеют применять на практике правила правописания [1, стр.45].

Письмо – это вид речи, с помощью которого человек выражает свои мысли. Необходимо, чтобы при письме общение между пишущим и читающим было наиболее точным. В устной речи точности высказывания способствуют интонация, паузы, мимика, жесты. В письменной речи решению этой задачи во многом способствует орфография. В начальной школе возможно добиться от ученика понимания роли правописания как средства передачи мысли при письме и показать ему значение орфографических правил для наиболее точного оформления этой мысли.

Орфографическая зоркость - это умение замечать орфограммы, то есть те случаи при письме, где при едином произношении возможен выбор написания. Необходимо учитывать факторы формирования орфографической зоркости.

Зрительный фактор срабатывает при запоминании непроверяемых написаний. Ученые-психологи доказали, что стоит ребенку один раз неправильно написать слово, как он запомнит его и зрительно, и рука зафиксирует неверный графический образ слова. Отложится в памяти так крепко, что затем надо будет раз сто написать это слово, чтобы ликвидировать ошибку.

Слуховой фактор. Пишущий человек, как известно, всегда отправляется от слышимого. Поэтому он должен хорошо слушать и слышать то, что говорит учитель или, что он сам себе проговаривает. Поэтому учитель должен развивать фонематический слух.

Руководительный фактор. Любого орфографического навыка можно достичь только при помощи упражнений, т.е. при ритмичном движении пишущей руки. Вот почему на уроке необходимо как можно больше писать. Сама рука, двигаясь по строке, создает графический образ того или иного слова, «запоминает», а потом пишет его уже автоматически.

Проговаривание. Большую роль в формировании орфографического навыка играет, орфографическое проговаривание. Проговаривание так как надо писать.

Орфографическая зоркость развивается постепенно, в процессе разнообразных занятий, при чтении, при письме диктантов, при списывании, если оно осложнено соответствующими заданиями. Для успешного развития орфографической зоркости очень важна установка самих учащихся на работу.

На уроках русской грамоты в 1 «Г» классе используются следующие упражнения:

Графический диктант.

У Жучки были щенки.

Щенков было трое.

Дети взяли одного.

Жучка скулила.

Зрительный диктант.

У куста аист.

Вот мой дом.

Во дворе играют дети.

Алеша дал курам корм.

Была зима. У дома сугробы.

Запиши слова под диктовку.

Никита, Нина, Иван;

дом, ива, куст;

сосны, дети, реки;

лиса, кот, волк;

зима, окно, двор.

Составь схему предложений

Картинные диктанты.

Картинки: машина, сырок, линейка, лыжи, лоси.

Записать первые слоги.

Картинки: рыба, сахар, конь, лук.

Записать слово, которое подходит по схеме.

Выборочные диктанты.

Записать слоги, которые начинаются с буквы Л:

Ну, ла, со, ли, му, лу.

Записать слоги, где есть буква У:

Ты, су, ла, ко, му.

Записать слова, которые заканчиваются на слоги:

На, то, ло, ко.

Допиши слово: со, лу, ма, ос, ко.

Написать слова: мама, мало, мыло, рука.

Написать имена: Нина, Анна [2,стр.32].

Тем самым тренируется в детях орфографическая зоркость, делает их грамотность более правильной, четкой, понятной. А так же изученные приёмы разнообразят уроки русской грамоты, формируют орфографическую зоркость у учащихся. Разнообразные «орфографические разминки» для учащихся, обеспечивают формирование грамотного письма[3,стр.21].

В практической работе используются следующие приемы и виды упражнений, которые способствуют формированию орфографической зоркости у младших школьников.

Списывание.

Письмо с проговариванием.

Комментированное письмо.

Орфографические минутки (обязательно на каждом уроке, в начале или в конце).

Скоростное письмо.

Письмо с пропуском орфограмм.

Звуковой анализ слова.

Письмо с простукиванием.

Использование словарей.

Запоминалки.

Работа над ошибками.

Кроме основных упражнений, которые рекомендует методика для работы над обучением орфограмм, можно на уроках также использовать занимательные упражнения, кроссворды, ребусы и игры, содержащие орфографические задачи [4, стр.13].

Таким образом, необходимым условием формирования полноценного и прочного орфографического навыка является развитие орфографической зоркости, которая заключается в умении обнаруживать, видеть, замечать орфограммы и квалифицировать их на основе опознавательных признаков.

Для успешного развития орфографической зоркости младших школьников необходимы следующие условия: моделирование орфографических понятий, и действий как средство усвоения опознавательных признаков орфограмм, целенаправленное и систематическое применение специальных упражнений, развивающих умение находить орфограммы и определять их тип.

Библиографический список

1. Алгазина Н.Н. «Формирование орфографических навыков» М.1987.7 с
2. Бекмухамедова Х.А., Сиемова А.С. «Русский язык. Дидактический материал». А., «Атамара» 2001.
3. Бельская «Практический материал по русскому языку.4 класс» М.с134.
4. Еркебекова «Интерактивные методы обучения на уроках русского языка» Журнал «Преподавание русского языка в школах Казахстана» март-апрель 2005.

ПРИМЕНЕНИЕ ПРОБЛЕМНЫХ СИТУАЦИЙ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА В ДОУ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Сакилбаева Д.К.

КГКП я/с «Карлыгаш»

Современное общество предъявляет высокие требования к коммуникативной деятельности личности. Обществу нужны творческие люди, которые могут нестандартно мыслить, грамотно выражать свои мысли, находить решения в любых жизненных ситуациях. Поэтому необходимо развивать умение ребенка «сомневаться». Дети дошкольники любят общаться со взрослыми, стремясь быть похожими на них. Существует множество способов предоставить детям возможность самостоятельно открыть причину происходящего, докопаться до истины, понять принцип, логику решения поставленной задачи и действовать в соответствии с предложенной ситуацией. Один из них – создание проблемных ситуаций. Сегодня наши дети говорят не на одном языке, а учатся говорить уже на нескольких

языках.[Электронный ресурс]. Поэтому хотелось бы сегодня поговорить о применении проблемных ситуаций на уроках русского языка в ДООУ с казахским языком обучения.

Задача учителя русского языка в дошкольных организациях с казахским языком обучения - это определение направления работы с детьми, для которых русский язык является неродным языком, в частности по направлениям:

- формирование правильного звукопроизношения.
- формирование фонематического восприятия.
- формирование грамматического строя.
- развитие связной речи в целом.
- работа над слоговой структурой речи.
- формирование правильного ударения в словах.

Так что же такое проблема?

Проблема— это реальное затруднение на пути к достижению и выполнению какой-либо деятельности. **Проблемная ситуация**— это состояние умственного затруднения детей, вызванное недостаточностью ранее усвоенных ими знаний и способов деятельности для решения познавательной задачи или учебной проблемы. Иными словами, проблемная ситуация — это такая ситуация, при которой ребенок хочет решить трудные для него задачи, но ему не хватает данных, и он должен сам их искать.[2,с. 65.] Развитию мыслительной деятельности у ребенка способствуют проблемные ситуации.

Какие задачи решаются при постановке проблемных ситуаций это:

- 1.Обучение направлено на *самостоятельный поиск новых знаний и способов действия.*
- 2.Педагог подводит дошкольников к противоречию и предлагает им *самим найти способ его решения.*
- 3.Педагог создает *проблемную ситуацию*, направляет детей на её решение, организует *поиск решения.*
- 4.Воспитанники усваивают знания в готовом виде без раскрытия путей доказательства их истинности.
- 5.Организация занятий с использованием *проблемных ситуаций* под руководством педагога и *самостоятельная деятельность* детей по их разрешению.

Используя проблемные ситуации на своих занятиях по русскому языку учитель должен учитывать возраст и психологическое состояние ребенка, который находится в иной языковой среде, и принимать во внимание особенности культуры другого языка.

Проблемные ситуации могут возникать как сами, так и создаваться с помощью взрослого. В процессе общения с детьми учитель может предложить вспомнить различные жизненные происшествия, случаи. Приведенные ситуации могут стать источником развития у детей логического мышления, фантазии. Можно предложить придумать разные варианты выхода из данной проблемной ситуации, обсудить причины ее возникновения и возможные последствия. Главное, чтобы дети свободно выражали свои мнения, аргументировали их.

Приемы, методы и средства создания проблемной ситуации: подвести детей к противоречию и предложить им самим найти способ его разрешения;

изложение различных точек зрения на один и тот же вопрос;

побуждение делать детей сравнения, обобщения, выводы из ситуации, сопоставление фактов;

постановка конкретных вопросов (*на обобщение, обоснование, конкретизацию, логику рассуждения*);

Например:

1. Тема «**Обувь**» Какую обувь выбрать в дождливую погоду, чтобы не промочить ноги?
2. Тема «**Профессии**» Ребята, давайте представим с вами, что мы попали на планету, где исчезли все врачи. Что станет с жителями этой планеты?

- А теперь представьте, если б не стало учителей?

поваров?, строителей, парикмахеров? Значит все профессии нужны, все профессии важны.

3. Тема «**Птицы**». Что будет с птицами, если они не улетят в дальние страны? Что будет, если птицы улетевшие осенью в теплые края, весной к нам не вернуться? У всех птиц есть крылья, чтобы летать высоко и далеко, и у курицы есть крылья; почему же она не улетает?

4. Тема «**Живая и неживая природа**» . Почему вода относится к неживой природе, ведь она движется в реке, течет?.

5. Тема «**Дикие животные**». Почему осенью заяц серый, а зимой белый?

Что будет, если белки, мыши и другие звери не заготовят на зиму запасы? Что было бы, если зайцы, не меняли окрас шерсти?

6. Тема «**Зима**». «Почему варежки мокрые?»

- Какое время года на улице? (зима)

- Мы видели на прогулке воду?

- Зимой мы можем увидеть на улице воду?

- Почему промокли наши варежки, и, откуда взялась вода, если на улице снег?

7. Тема «**Овощи**».К нам в гости пришел Ежик. Он принес в корзинке овощи. Ежик просит приготовить ему салат. Посмотрите на овощи и отберите те , которые нужны для составления салата.

Или же

а) Что будет если вовремя не убрать урожай?

б) Что будет если мало употреблять в пищу фруктов и овощей?

8. Тема «**Транспорт**» . Если не следить за порядком на улице, что будет у нас под ногами, вокруг нас? Легко ли было человеку если бы ему не помогали машины?

9. Тема «**Деревья**». А каким бы мир был без деревьев? Почему некоторые деревья стоят зеленые весь год, а некоторые сбрасывают листья осенью?

10. Тема «**Электроприборы**». Как помочь маме быстро выполнить **работу**? Что будет если не выключить утюг?

Для чего необходимо создавать и решать с детьми проблемные ситуации?

Чтобы развить в детях самостоятельность в нахождении решения возникших проблем, научить мыслить, анализировать и сопоставлять различные факты и способы решения, для усвоения новых знаний. Создавая проблемные ситуации, мы побуждаем детей выдвигать гипотезы, делать выводы и, что очень важно, приучаем не бояться допускать ошибки, не читаем нравоучений. Ведь это порождает робость. Как считает А.М. Матюшкин, боязнь допустить ошибку сковывает инициативу ребенка в постановке и решении интеллектуальных проблем. «Боясь ошибиться, он не будет сам решать поставленную проблему - он будет стремиться получить помощь от всезнающего взрослого. Он будет решать только легкие проблемы», что неизбежно приведет к задержке интеллектуального развития». [1, с.88]

Конечно, данный метод не идеален и у него есть свои недостатки:

1. Не всегда легко сформулировать учебную проблему

2. Не весь учебный материал можно построить в виде проблем

3. Не экономично – требует больших затрат времени.

Использованная литература:

1.Матюшкин А.М. "Проблемные ситуации в мышлении и обучении"

2.Понамарева Е. В., Пыльненькая Е. А., Гончарова Н. Г., Булыгина И. В. Проблемная ситуация как условие развития познавательной мотивации дошкольника // Вопросы дошкольной педагогики. - 2017.- №3. - С. 64-68.

3.Ссылка на сайт: <https://podrastu.ru/doshkolnoe-obuchenie/problemnye-situacii.html>

4.Ссылка на сайт: <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2014/10/31/primery-problemnykh-situatsiy-v-obrazovatelnoy-deyatelnosti>

СЛОВАРНО-ОРФОГРАФИЧЕСКАЯ РАБОТА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Кудинова А.А.

Средняя общеобразовательная школа № 58

Проблема формирования орфографической зоркости в современной школе приобретает всё большую актуальность. Как известно, грамотность выпускников школ снижается, несмотря на то, что учащиеся учат правила, а учителя используют разнообразные методы и приемы. И каждый педагог знает, с каким трудом даётся изучение словарных слов, как быстро дети устают от монотонного повторения, как неохотно заглядывают на последнюю страницу учебника в словарь.

Известно, что в русском языке немало слов, написание которых не подчиняется правилам проверки. Необходимо развивать у школьников все виды памяти: слуховую, зрительную, эмоциональную, тактильную. Актуальной остаётся задача сделать интересным, познавательным процесс изучения словарных слов, а также снизить тревожность детей перед написанием словарного диктанта[1, с.69].

Навыки написания словарных слов, с одной стороны, во многом зависят от словарных возможностей детей, их активного словарного запаса, с другой, изучение таких слов и проведение словарно-орфографических упражнений должно способствовать активизации словаря младших школьников.

В начальной школе программой по русскому языку предусмотрено обязательное изучение слов, правописание которых правилами не проверяется. Одной из главных задач, стоящих перед учителем, является задача научить ребёнка писать эти слова без ошибок. Сделать процесс усвоения трудных слов более эффективным – задача сложная, требующая от современного учителя большой творческой работы.

Недостаточно, чтобы ученик познакомился с грамматическим явлением как таковым. Важно добиться, чтобы значения закрепились, чтобы ученик мог их «переносить» на другие встречающиеся ему явления языка. В результате системы упражнений над словарным словом учащиеся овладевают значениями настолько, что у них вырабатываются навыки и умения быстро и точно применять полученные знания о слове на практике. При помощи упражнений не только закрепляются, но и уточняются знания детей, формируются навыки самостоятельной работы, укрепляются навыки мыслительной деятельности. Детям непрерывно приходится заниматься анализом, сравнением, составлять словосочетания и предложения, абстрагировать и обобщать. Посредством упражнений знания систематизируются и автоматизируются. Какой должна быть словарно-орфографическая работа, и что она из себя представляет? Словарно-орфографическая работа – это совокупность целенаправленных систематически проводимых упражнений направленных на усвоения учащимися лексических, грамматических, произносительных и орфографических норм литературного языка[2, с.109].

Итак, чтобы добиться грамотного письма, чтобы работа учителя со словарными словами была эффективной, нужно использовать разнообразные методы, приемы, способы, которые являлись бы более эффективными для прочного запоминания грамотного написания словарных слов. То есть нужен новый подход к словарно-орфографической работе на уроках русского языка.

